MonteNegro | News portal

Latest news and articles

Күн сайынғы шығарылым · 07.10.2026 — 07.10.2026 · №2

Сайттан оқыңыз

Жаңалықтар

Қазақстан Ауғанстан бойынша консультациялардың Мәскеу форматының отырысына қатысты



Қазақстан Республикасы Президентінің Ауғанстан бойынша Арнаулы өкілі Еркін Тұқымов Мәскеуде арнайы өкілдер мен жоғары лауазымды тұлғалар деңгейінде Ауғанстан бойынша консультациялардың Мәскеу форматының 8-ші отырысына қатысты. Қатысушылар Ауғанстандағы саяси және экономикалық ахуалды, өңірлік қауіпсіздік, терроризмге және есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелерін, сондай-ақ Қабылмен өзара іс-қимылдың алдағы перспективаларын талқылады. Е.Тұқымов Қазақстанның сауда-экономикалық ынтымақтастықтың оң динамикасын және сауданы, өндірістік кооперацияны және көлік байланыстылығын одан әрі кеңейтуге мүдделілігін атап өтті. Сондай-ақ Ауғанстанға гуманитарлық қолдауды жалғастырудың маңызды...

Жалғасы 3-бетте (Жаңалықтар)

Осы санда

Жаңалықтар	200
Құжаттар	117
Оқиғалар	72

Жаңалықтар

Хабарлама

06.10.2026

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «Ашық НҚА» порталында «Медициналық көмек көрсету кезінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде пайдаланылатын Қазақстан Республикасында тіркелген және әскери-медициналық...

Жалғасы 3-бетте (Жаңалықтар)

Жаңалықтар

Қазақстан кәсіпорындарында кәсіптік тәуекелдерді бағалаудың жаңа тәсілдері сынақтан өтті

06.10.2026

Республикалық еңбекті қорғау ғылыми-зерттеу институты Қарулы Күштерінің «Жасыл экономикаға көшу аясындағы еңбек жағдайлары және кәсіптік тәуекелдер: жіктеу, санаттар және топтастыру критерийлері» ғылыми-техникалық бағдарламасының негізгі...

Жалғасы 3-бетте (Жаңалықтар)

Жаңалықтар

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі басқа қызметке ауысуына байланысты өз еркімен атқаратын лауазымынан босатылды

06.10.2026

Әбдішев Батырбек Қадырбекұлы 1977 жылы 19 маусымда Ақтөбе облысында дүниеге келген. 1999 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары шекаралық командалық училищесін бітірген. Мемлекеттік наградалармен «Жауынгерл...

Жалғасы 3-бетте (Жаңалықтар)

Жаңалықтар

Астанада Республика күніне орай жаңа Оқушылар сарайы ашылады

06.10.2026

Астананың Сарыарқа ауданында 750 орынға арналған жаңа Оқушылар сарайының құрылысы аяқталуға жақын. Нысан Ақан Сері және С189 көшелерінің қиылысына жақын орналасқан. Орталықты Республика күніне орай ашу жоспарланып отыр,...

Жалғасы 3-бетте (Жаңалықтар)

Жаңалықтар

Қазақстан Digital Silk Road: Қазақстан технологияларды, инфрақұрылымды және капиталды жаһандық нарықтарға шығу үшін біріктіреді

07.10.2026

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев «Астана» халықаралық қаржы орталығы, «Қазақтелеком» АҚ, Баладжи Шринивасанның Network School жобасы және...

Жалғасы 3-бетте (Жаңалықтар)

Жаңалықтар

Астанада есірткінің алдын алуға арналған қалалық байқау өтіп жатыр

06.10.2026

Астанада есірткінің алдын алу мәселесіне арналған «Есірткіге қарсы жаңа көзқарас» қалалық байқауы өтіп жатыр. Байқауға есірткінің алдын алу тақырыбын заманауи және креативті тәсілмен ашатын жұмыс қабылданады, деп хабарла...

Жалғасы 4-бетте (Жаңалықтар)

Жаңалықтар

Астанада сатып алушыларды алдаған автосалон директоры сотталды

06.10.2026

Автосалон директоры бір жыл бойы клиенттермен Қытайдан автокөліктерді сатып алу және жеткізу бойынша брондау шарттарын жасасқан. Сатып алушылардан алынған ақшалай қаражатты жеке мақсаттарына пайдаланған. Автокөліктерді ж...

Жалғасы 5-бетте (Жаңалықтар)

Жаңалықтар

Қазақстан мен Үндістан стратегиялық серіктестікті нығайтуға ниетті

06.10.2026

Астана, 2026 жылғы 6 қазан — Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Арман Исағалиев Қазақстан Республикасындағы Үндістан Республикасының Елшісі Сайлас Тангалмен кездесу өткізді. Тараптар екіжақты қаты...

Жалғасы 5-бетте (Жаңалықтар)

Жаңалықтар

Қарағанды облысы ТЖД бастығы тағайындалды

06.10.2026

Бүгін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министрі Ерболат Садырбаев Қарағанды облысының Төтенше жағдайлар департаментінің жеке құрамына жаңа басшыны таныстырды. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министр...

Жалғасы 5-бетте (Жаңалықтар)

Жаңалықтар

Темірбек Жүргенов атындағы академияның жас режиссерлері Канада мен Ресейдегі кинофестивальдерде үш жүлде иеленді

06.10.2026

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының білім алушылары Канада мен Ресейде өткен халықаралық кинофестивальдерде үш жүлдеге ие болды. Оттава қаласында өткен Loon Film Festival фестивалінде үшінші курс с...

Жалғасы 5-бетте (Жаңалықтар)

Жаңалықтар

Брокердің лицензиясын қалай тексеруге болады?

06.10.2026

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ақша қаражатын инвестициялаудан бұрын брокерлік ұйымда тиісті лицензияның болуын тексеруге кеңес береді. Лицензия қаржы ұйымының белгілі бір қызмет түр...

Жалғасы 5-бетте (Жаңалықтар)

Жаңалықтар

Қазақстан Ауғанстан бойынша консультациялардың Мәскеу форматының отырысына қатысты

06.10.2026

Қазақстан Республикасы Президентінің Ауғанстан бойынша Арнаулы өкілі Еркін Тұқымов Мәскеуде арнайы өкілдер мен жоғары лауазымды тұлғалар деңгейінде Ауғанстан бойынша консультациялардың Мәскеу форматының 8-ші отырысына қатысты. Қатысушылар Ауғанстандағы саяси және экономикалық ахуалды, өңірлік қауіпсіздік, терроризмге және есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелерін, сондай-ақ Қабылмен өзара іс-қимылдың алдағы перспективаларын талқылады. Е.Тұқымов Қазақстанның сауда-экономикалық ынтымақтастықтың оң динамикасын және сауданы, өндірістік кооперацияны және көлік байланыстылығын одан әрі кеңейтуге мүдделілігін атап өтті. Сондай-ақ Ауғанстанға гуманитарлық қолдауды жалғастырудың маңыздылығын аталып өтті. Ағымдағы жылғы маусымда Ауғанстанға шамамен 319 тонна гуманитарлық көмек, оның ішінде 161 мың бірлік дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар жіберілді. Есірткі трафигіне қарсы іс-қимыл саласындағы жалғасып жатқан практикалық өзара іс-қимыл, оның ішінде ауғандық кинолог мамандарды даярлау және қызметтік иттерді беру бойынша ынтымақтастыққа назар аударылды. Ауған және Пәкістан тараптары арасындағы сақталып отырған келіспеушіліктерге байланысты қатысушылар қорытынды бірлескен мәлімдемені келісе алмады. Сонымен бірге тараптар Мәскеу форматының Ауғанстандағы бейбітшілік, қауіпсіздік және даму мәселелері бойынша өңірлік диалог пен ынтымақтастықты үйлестіру алаңы ретіндегі қажеттілігін растады. 2026 жылғы қаңтар—шілде айларында Ауғанстанмен тауар айналымы 581,1 млн АҚШ долларын құрап, 2,4 есе өсті. Өңірлік көлік дәліздерін дамытуға және қазақстандық бизнестің инфрақұрылымдық жобаларға қатысуына ерекше назар аударылды.

Хабарлама

06.10.2026

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «Ашық НҚА» порталында «Медициналық көмек көрсету кезінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде пайдаланылатын Қазақстан Республикасында тіркелген және әскери-медициналық мекемелердің (ұйымдардың) дәрілік формулярына енгізілмеген дәрілік заттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрі бұйрығының жобасын жариялады. НҚА жобасы төменде көрсетілген сілтеме бойынша қолжетімді: https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=15919820

Қазақстан кәсіпорындарында кәсіптік тәуекелдерді бағалаудың жаңа тәсілдері сынақтан өтті

06.10.2026

Республикалық еңбекті қорғау ғылыми-зерттеу институты «Жасыл экономикаға көшу аясындағы еңбек жағдайлары және кәсіптік тәуекелдер: жіктеу, санаттар және топтастыру критерийлері» ғылыми-техникалық бағдарламасының негізгі кезеңінің қорытындысын шығарды. Бағдарламаның басты міндеті — еңбек жағдайларын бағалау тәсілдерін жетілдіру және зиянды, қауіпті факторлардың бар-жоғын тіркеумен шектелмей, нақты жұмыс орындарындағы кәсіптік тәуекелдерді уақтылы анықтап, оларды азайту шараларын қабылдауға мүмкіндік беретін жүйеге көшу. Не әзірленді Зерттеулер қорытындысы бойынша жұмыс орындарын кәсіптік тәуекел дәрежесіне қарай саралауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларының жіктемесі қалыптастырылды. Сондай-ақ зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің санаттары мен оларды тиісті санаттарға жатқызу критерийлері айқындалды. Бағдарлама аясында төрт әдістеме әзірленді. Олар тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде еңбек жағдайларын жіктеуді, зиянды және қауіпті жағдайларда жұмыс істейтін қызметкерлердің санаттарын анықтауды, ашық ауада, жер астында және биікте жұмыс істеу кезіндегі кәсіптік тәуекелдерді бағалауды, сондай-ақ кеңейтілген практика мейірбикелерінің еңбек жағдайлары мен кәсіби ортасын бағалауды қамтиды. Бұдан бөлек, өндірістік орта және еңбек процесі факторларын ескере отырып, еңбек жағдайларын бағалау мен жіктеу бойынша оқу модулі әзірленді. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы аясында кәсіптік тәуекелдерді басқару бөлігінде еңбек заңнамасын жетілдіру жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалды. Цифрлық құралдар және кәсіпорындарда сынақтан өткізу «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік» АБЖ(АИС) -да төрт цифрлық анықтама мен құрал әзірленді. Оның ішінде зиянды және қауіпті өндірістік факторлар жіктеуіші, кәсіптік тәуекелдерді бағалау бойынша электрондық есеп және түзету іс-шараларының электрондық жоспары бар. Әзірленген тәсілдер 9 кәсіпорында пилоттық сынақтан өтті. Нәтижесінде 8 енгізу актісі алынды. Зерттеулер тау-кен, құрылыс және өңдеу өнеркәсібінің ерекшеліктері ескеріле отырып жүргізілді. Бұл әзірленген тәсілдердің қолданылу мүмкіндігін тікелей өндірістік жағдайда тексеруге мүмкіндік берді. Бағдарламаның ғылыми нәтижелері Web of Science және Scopus халықаралық базаларында индекстелетін басылымдардағы 5 жарияланым және ҚР ҒЖБССҚК (КОКНВО РК) ұсынған журналдардағы 18 жарияланым жарияланды. Сонымен қатар 6 авторлық куәлік алынды. Бұл жұмыскерлер мен жұмыс берушілерге не береді Жаңа тәсілдердің практикалық мақсаты — еңбек жағдайларын негізінен есепке алудан тәуекелдердің алдын алуға көшу. Жұмыс беруші нақты жұмыс орнындағы қауіптерді дәлірек анықтауға, тәуекел деңгейін бағалауға және қажетті профилактикалық іс-шараларды жоспарлауға арналған құралдарға ие болады. Жұмыскерлер үшін мұндай тәсіл ең алдымен еңбек қауіпсіздігін арттыруға, жарақат немесе кәсіптік ауруға әкелуі мүмкін факторларды уақтылы анықтауға және жағымсыз салдарлар туындағанға дейін шара қабылдауға бағытталған. Ғылыми-техникалық бағдарламаның нәтижелері кәсіптік тәуекелдерді басқару жүйесін одан әрі жетілдірудің және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық және әдістемелік базаны өзектендірудің негізін қалыптастырады. Жүргізілген жұмыс 2030 жылға дейінгі Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасының және Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасының басымдықтарына сәйкес келеді.



Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі басқа қызметке ауысуына байланысты өз еркімен атқаратын лауазымынан босатылды

06.10.2026

Әбдішев Батырбек Қадырбекұлы 1977 жылы 19 маусымда Ақтөбе облысында дүниеге келген. 1999 жылы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғары шекаралық командалық училищесін бітірген. Мемлекеттік наградалармен «Жауынгерлік ерігі үшін» медалімен және II дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталған. 1995-2024 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында қызмет атқарды. 2024 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі болып тағайындалды. Төтенше жағдайлар жүйесінде қызмет еткен кезеңінде Батырбек Әбдішев азаматтық қорғаныс жүйесін дамытуға, соның ішінде ТЖМ мемлекеттік қызметтерін цифрландыруды жетілдіруге, Төтенше жағдайлар министрлігінің IT жүйелері мен платформаларын «Smart Data Ukimet» аналитикалық платформасымен біріктіруге, ТЖМ мен оның комитеттері және бағынышты ұйымдарының қызметін қайта жобалау мен цифрландыруға елеулі үлес қосты.

Астанада Республика күніне орай жаңа Оқушылар сарайы ашылады

06.10.2026

Астананың Сарыарқа ауданында 750 орынға арналған жаңа Оқушылар сарайының құрылысы аяқталуға жақын. Нысан Ақан Сері және С189 көшелерінің қиылысына жақын орналасқан. Орталықты Республика күніне орай ашу жоспарланып отыр, деп хабарлайды қалалық әкімдіктің ресми сайты. Оқушылар сарайы балаларға қосымша білім беру, спортпен айналысу және шығармашылық тұрғыда дамуына арналған орын болады. Мұнда жалпы дене дайындығы, хореография, үстел теннисі және нейрофитнес бойынша сабақтар ұйымдастырылады. Сондай-ақ шахмат кабинеті мен сауықтыру кешені қарастырылған. Бір орталықта біріктірілген түрлі бағыттар оқушыларға әртүрлі қызмет түрлерінде өздерін сынап көруге және қызығушылығы мен қабілетіне қарай үйірмелерді таңдауға мүмкіндік береді. Мұнда дене белсенділігімен қатар, балалардың зияткерлік және шығармашылық дамуына да жағдай жасалады. Оқу уақытынан тыс кезеңде мазмұнды демалыс ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінген. Оқушылар спортпен және шығармашылықпен айналысып, қабілеттерін дамытып, қатарластарымен араласып, жаңа қызығушылықтарын таба алады. Оқушылар сарайының ашылуы аудан тұрғындары үшін тұрғылықты жеріне жақын маңда қосымша білім алуға мүмкіндік береді.Нысан пайдалануға берілгеннен кейін Сарыарқа ауданының әлеуметтік инфрақұрылымын толықтырып, елорданың балалары мен жасөспірімдерінің дамуы мен бос уақытын тиімді өткізуіне қосымша мүмкіндіктер жасайды.

Digital Silk Road: Қазақстан технологияларды, инфрақұрылымды және капиталды жаһандық нарықтарға шығу үшін біріктіреді

07.10.2026

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев «Астана» халықаралық қаржы орталығы, «Қазақтелеком» АҚ, Баладжи Шринивасанның Network School жобасы және Шервин Пишевардың Sofreh Capital, Edison және Alpha компанияларымен бірлескен стратегиялық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меморандум Қазақстанда есептеу қуаттарын, халықаралық капиталды, инженерлік құзыреттер мен өнеркәсіптік базаны біріктіретін экожүйе қалыптастыруды көздейді. Серіктестіктің мақсаты - қазақстандық және халықаралық командаларға технологиялар әзірлеуге, өндіріс іске қосуға және жаһандық нарыққа бағытталған компаниялар құруға мүмкіндік беретін жағдай жасау. Меморандумға қол қою алдында Шервин Пишевар AI & Digital Bridge 2026 халықаралық форумында мәлімдеме жасады. THE NEW ECONOMY: POWERED BY AI сессиясында сөз сөйлеген инвестор Қазақстанда кеңселер ашып, компаниясын осында көшіру және елдің дамуына инвестиция салу ниеті туралы айтты. Қазақстанның артықшылықтары ретінде ол инженерлік кадрларды, инновацияларға мемлекеттік қолдауды, өнеркәсіптік және ресурстық базаны атап өтті. Ал Higgsfield жетістігін Қазақстанның

технологиялық әлеуетінің халықаралық деңгейде мойындалуының мысалы ретінде келтірді. Серіктестік Қазақстанның Network School жобасымен басталған ынтымақтастығын жалғастырады. Баладжи Шринивасанның Network School жобасы Қазақстанда жұмысын бастады. Бастаманың іске қосылуымен бірге елге оның командасы мен халықаралық технологиялық қауымдастықтың 240-тан астам өкілі келді. Меморандумның негізгі инфрақұрылымдық бағыты - Digital Silk Road «Цифрлық Жібек жолы» жобасы. Шервин Пишевар негізін қалаған Sofreh Capital инвестициялық холдингі Digital Silk Road бірлескен кәсіпорнының негізін қалаушы серіктестерінің бірі болады. Министрлікпен және қазақстандық серіктестермен бірлесіп, Sofreh Capital жобаны құрылымдау, халықаралық капитал мен технологиялық серіктестерді тарту бойынша жетекші рөл атқарады. Сондай-ақ Digital Silk Road жобасын дата-орталықтарды, ғарыштық есептеу инфрақұрылымын, спутниктер мен Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісін біріктіретін жасанды интеллект инфрақұрылымы саласындағы интеграцияланған компания ретінде дамытуға ықпал етеді. Меморандум Қазақстанда жаңа технологиялық салаларды дамытуға және қазірдің өзінде іске асырылып жатқан инфрақұрылымдық жобаларды бірыңғай экожүйеге біріктіруге негіз қалыптастырады. Бұл есептеу қуаттары мен дата-орталықтар, телекоммуникациялық және ғарыштық инфрақұрылым, робототехника және Physical AI, жаңа энергетикалық шешімдер, стратегиялық маңызды материалдар және халықаралық технологиялық капиталды тарту бағыттарын қамтиды. Бұл бағыттар Қазақстанда жаһандық нарыққа арналған өнімдер мен технологияларды жасауға қабілетті жаңа экономиканың элементтері ретінде қарастырылады.

«Қазақстанның технологиялық державалардың біріне айналуы үшін қажетті ресурстары, құзыреттері және ауқымды жобалары бар. Осы мақсатта Мемлекет басшысы қаржылық, инфрақұрылымдық және кадрлық ресурстарды мақсатты түрде бөле отырып, жаңа экономиканы дамытуды жалпыұлттық басымдық ретінде айқындады. Бүгінде біз «Дата-орталықтар алқабы», Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісі сияқты ірі жобаларды ілгерілетіп, ғарыш саласын дамытып, жаңа технологиялық өндірістерге негіз қалыптастырып жатырмыз. Негізгі бағыттардың бірі - ЖИ-токендер экономикасы. Бұл модельде біздің энергетикалық ресурстарымыз есептеу қуатына, ал есептеу қуаты әлемдік нарыққа арналған жасанды интеллект қызметтеріне айналады. Біз ЖИ-токендерді болашақтағы «интеллектке қол жеткізу валютасы» ретінде қарастырамыз. Қазақстан өзінің энергетикалық әлеуеті негізінде жоғары қосылған құн қалыптастыра отырып, осы жаңа цифрлық ресурстың ірі өндірушісі әрі экспорттаушысы бола алады. Тағы бір стратегиялық бағыт - Physical AI, яғни нақты әлемде роботтарды, жабдықтар мен автономды жүйелерді басқаратын жасанды интеллект. Тау-кен өнеркәсібі, металлургия және басқа да өндірістер бізге бәсекелестік артықшылық береді. Бұл - өнеркәсіптік деректер мен нақты өндірістік алаңдар. Олардың негізінде біз жетекші технологиялық компаниялармен бірлесіп, салалық ЖИ-модельдерін жасап, бұл шешімдерді жаһандық нарыққа шығара аламыз. Жаңа мүмкіндіктер ғарыш технологиялары мен коммерциялық ұшырулар, жартылай өткізгіштер мен батареяларға арналған критикалық минералдарды өңдеу, криптоиндустрия, пилотсыз көлік және төмен биіктіктер экономикасы бағыттарында да ашылып отыр. Алатау қаласы мен IT-таланттардың халықаралық экожүйесі кәсіпкерлерді, инженерлер мен капиталды тартатын орталықтарға айналып, осы салалардың дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Осы бағыттарды біріктіре отырып, біз Digital Silk Road - «Цифрлық Жібек жолын» қалыптастыра аламыз. Ол арқылы Қазақстан әлемдік нарықтарға есептеу қуатын, технологиялар мен интеллектуалдық өнімдерді ұсынады. Бұл стратегияны іске асыру құралы негізгі жобаларды біріктіріп, ірі капитал тарта алатын және әлемдік технологиялық көшбасшылармен бірлескен кәсіпорындар құратын халықаралық технологиялық ЖИ-холдинг болуы мүмкін. Біздің мақсатымыз - осы негізде капиталдандыру көлемі 100 млрд доллардан асатын, Қазақстанның технологиялық позициясын нығайтып, елдің ұзақ мерзімді әл-ауқатының жаңа көздерін қалыптастыратын жаһандық бизнес құру», - деді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев. Қазақстанның өнеркәсіптік базасы елді осындай технологияларды әзірлеу, сынақтан өткізу және масштабтау алаңы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ынтымақтастық аясында пилоттық жобаларды, сынақ алаңдарын, роботтарды құрастыру және компоненттер өндіру мүмкіндіктерін пысықтау көзделеді. Басқа болашағы зор бағыттардың қатарында ғарыш технологиялары, шағын ядролық энергетика, кванттық есептеулер және жаңа материалдар бар. Серіктестіктің қаржылық бағыты Қазақстанда жұмыс істейтін немесе өз бизнесін осында орналастыратын компанияларға инвестиция салу үшін АХҚО юрисдикциясында венчурлық қор құру мүмкіндігін пысықтауды көздейді. Ұлттық даму институттарының ықтимал қатысуын олар белгіленген рәсімдерге сәйкес дербес айқындайтын болады. Сонымен қатар, Edison-ды қоса алғанда, венчурлық студиялар, сондай-ақ жаңа компанияларды іске қосу және дамыту үшін Alpha платформасының қазақстандық бөлімшесін құру жоспарланып отыр. «Қазақстан капитал тартуға ғана емес, халықаралық технологиялық компаниялар мен инвесторлардың мұнда ұзақ мерзімді жобаларды жүзеге асыруына мүмкіндік беретін жағдай жасауға да мүдделі. АХҚО бұл үшін қажетті құқықтық және қаржылық инфрақұрылымды ұсынады. Біздің міндетіміз - халықаралық капитал мен Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері арасындағы байланыстырушы буынға айналу», - деп атап өтті АХҚО өкілдері. Ынтымақтастықтың бұл бөлігінде «Қазақтелеком» АҚ - ұлттық байланыс операторы және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры тобының компаниясы негізгі рөл атқарады. Компания Қазақстанның магистральдық талшықты-оптикалық инфрақұрылымы мен дата-орталықтар желісіне иелік етеді және оларды басқарады. Сондай-ақ қазақстандық тараптан Digital Silk Way аясындағы Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісінің құрылысына қатысады. «Біз дата-орталықтар алқабын және қуаты жүздеген мегаватт болатын жасанды интеллект инфрақұрылымын құрып жатырмыз. «Қазақтелекомның» Транскаспий ТОБЖ-ны қоса алғанда, кең ауқымды байланыс инфрақұрылымы бар. Алайда Қазақстанның мүмкіндіктері бұдан әлдеқайда кең. Егер осының бәрін бір жүйеге біріктіріп, ауқымды венчурлық инвестициялар мен мықты технологиялық сараптаманы тартсақ, болашақтың мүлде жаңа көрінісі қалыптасуы мүмкін. Болашақта Қазақстаннан ғарышқа дата-орталықтар ұшыру туралы да айтуға болады. Бірақ бұл үшін жүйелі түрде, кезең-кезеңімен әрекет ету маңызды», - деді «Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасы Бағдат Мусин. Ынтымақтастықтың тағы бір бағыты - ЖИ-индустриясы мен озық технологиялар үшін сенімді жеткізу тізбектерін дамыту. Тараптар автоматтандыру, робототехника және Physical AI, ғарыш саласы, кванттық есептеулер, энергетика және критикалық материалдар секторына инвестиция тартуға ықпал етуді көздейді. Жаңа бағыттарға мамандар даярлау Network School жүзеге асырылады деп жоспарланып отыр. Бұл тәсілдің негізінде технологиялық компанияларға қажетті практикалық құзыреттер, қазақстандық университеттермен және зерттеу ұйымдарымен өзара іс-қимыл, сондай-ақ әзірлемелерді коммерцияландыруға қолдау көрсету жатыр. «Шервин Пишевар Uber, Airbnb, Slack, Instacart және DoorDash компанияларын қоса алғанда, ондаған «единорог» компанияға инвестиция салған. Ол Digital Silk Road бірлескен кәсіпорнын, сондай-ақ Орталық Азия өңіріндегі басқа да компанияларды дамытуға қолдау көрсету үшін Қазақстанда Sofreh Capital компаниясын құрып жатыр. Біз онымен және Қазақстан Үкіметімен бірлесіп, қажетті мамандарды Қазақстаннан және әлемнің басқа елдерінен тартуға және даярлауға атсалысамыз», - деді Network School (ns.com) негізін қалаушы Баладжи Шринивасан. Ынтымақтастық аясында серіктестер кәсіпкерлерге компанияларды тікелей Қазақстанда іске қосуға мүмкіндік беретін инфрақұрылым құруды да жоспарлап отыр. Шервин Пишевар Баладжи Шринивасанмен бірлесіп, елге 10 мыңға дейін жаңа кәсіпкер тартуға және оларға компания құру үшін қажетті инфрақұрылым ұсынуға ниетті екенін мәлімдеді. «Қазақстанда жасанды интеллект дәуірінің көшбасшыларының біріне айналу үшін қажеттінің бәрі бар: әлемдік деңгейдегі адами капитал, жоғары білімді кадрлар, бай табиғи ресурстар, сондай-ақ жаһандық ауқымдағы жобаларды жасауға мүмкіндік беретін көшбасшылық, амбиция, дамуға деген ұмтылыс пен мәдениет. Серіктестерімізбен бірге біз Digital Silk Road жобасын іске қосамыз. Бұл - жасанды интеллект үшін есептеу қуатын, энергетикалық және телекоммуникациялық инфрақұрылымды біріктіріп, дата-орталықтарды, ғарыштық дата-орталықтарды, спутниктер мен Транскаспий талшықты-оптикалық желісін байланыстыратын Еуразиядағы жетекші ЖИ-инфрақұрылымдық компанияны құру жөніндегі бірлескен жоба. Біз Қазақстанда автоматтандыру, робототехника, physical intelligence, атом энергетикасы, ғарыш, кванттық есептеулер және стратегиялық маңызды материалдар сияқты бағыттарда озық технологияларды дамытамыз. Жаңа экономиканың тігінен интеграцияланған инфрақұрылымын қалыптастыруды жоспарлап отырмыз: Жердегі және орбитадағы ЖИ-дата-орталықтар, ғарыштық ұшырулар мен спутниктер өндірісі, сондай-ақ шағын модульдік және микроядролық реакторлардан бастап кванттық есептеулерге дейінгі болашақтың энергетикалық және есептеу технологиялары. Біз сондай-ақ жаһандық компаниялардың дәл осы жерде, Қазақстанда құрылып, дамуына мүмкіндік беру үшін қазақстандық венчурлық қор мен венчурлық студияларды іске қосамыз. Ал Баладжи Шринивасан және Network School-мен бірге Қазақстанға 10 мың кәсіпкер тартуды және оларға келесі Higgsfield - дәл осы жерде құрылған жасанды интеллект саласындағы әлемдік деңгейдегі технологиялық компанияны құру үшін қажетті барлық мүмкіндіктерді ұсынуды көздейміз. Қазақстан үшін енді аспан да шек емес. Алда - жұлдыздар», - деді Шервин Пишевар. Қол қойылғаннан кейін 100 күн ішінде тараптар ынтымақтастықты іске асыру жоспарын келісуді көздеп отыр. Меморандум рамалық сипатқа ие. Нақты жобалар, инвестиция көлемі және тараптардың қатысу шарттары жеке келісімдер арқылы айқындалатын болады.



Астанада есірткінің алдын алуға арналған қалалық байқау өтіп жатыр

06.10.2026

Астанада есірткінің алдын алу мәселесіне арналған «Есірткіге қарсы жаңа көзқарас» қалалық байқауы өтіп жатыр. Байқауға есірткінің алдын алу тақырыбын заманауи және креативті тәсілмен ашатын жұмыс қабылданады, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты. Байқауға 14 жастан бастап Астана қаласының кез келген тұрғыны қатыса алады. Қатысушылар жеке немесе шығармашылық

топ құрамында бақ сынай алады. Кәсіби тәжірибенің болуы талап етілмейді. Байқау екі номинация бойынша өткізіледі.«Үздік әлеуметтік идея/жоба» номинациясында есірткіні тұтынудың алдын алуға бағытталған әлеуметтік идея, акция, жоба немесе цифрлық шешім ұсынуға болады. «Үздік креативті медиаконтент» номинациясына Reels, TikTok, Shorts форматындағы бейнероликтер, әлеуметтік плакаттар, баннерлер, инфографика және анимациялық жұмыс қабылданады. Бұл номинацияда жасанды интеллект құралдарын пайдалануға да болады. Әр номинация бойынша жеңімпаздарға: • 1-орын — 100 мың теңге; • 2-орын — 50 мың теңге; • 3-орын — естелік сыйлық табысталады. Жұмыстарды қабылдау 22 қыркүйекте басталып, 20 қазанда Астана уақыты бойынша сағат 23:59-да аяқталады.Байқауға қатысу үшін үміткер номинацияны таңдап, өтінімді толтырып, өз жұмысын дайындауы қажет. Дайын материалдар sotskz@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі. Электрондық хаттың тақырыбында «БАЙҚАУҒА ӨТІНІМ: ҚАТЫСУШЫНЫҢ АТЫ-ЖӨНІ» деген белгі көрсетілуі тиіс.Байқауға қатысу және оның шарттары бойынша қосымша ақпаратты +7 707 746 4760 телефон нөмірі арқылы алуға болады.

Астанада сатып алушыларды алдаған автосалон директоры сотталды

06.10.2026

Автосалон директоры бір жыл бойы клиенттермен Қытайдан автокөліктерді сатып алу және жеткізу бойынша брондау шарттарын жасасқан. Сатып алушылардан алынған ақшалай қаражатты жеке мақсаттарына пайдаланған. Автокөліктерді жеткізу жөніндегі міндеттемелерін орындап жатқандай көрініс жасау мақсатында жәбірленушілерге банктік аударымдар жасалғаны туралы жалған құжаттарды ұсынған. Сотталушының әрекеттерінен 6 адам зардап шегіп, оларға жалпы сомасы 128 млн теңгеден аса материалдық залал келтірілген. Мемлекеттік айыптаушы оның кінәсін толық дәлелдеді. Сот үкімімен оған 6 жыл 8 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Материалдық залалды өндіру туралы азаматтық талап қоюлар қанағаттандырылды. Үкім заңды күшіне енді. Астана қаласының прокуратурасы

Қазақстан мен Үндістан стратегиялық серіктестікті нығайтуға ниетті

06.10.2026

Астана, 2026 жылғы 6 қазан — Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Арман Исағалиев Қазақстан Республикасындағы Үндістан Республикасының Елшісі Сайлас Тангалмен кездесу өткізді. Тараптар екіжақты қатынастардың тұрақты серпінін және саяси, сауда-экономикалық және инвестициялық салалардағы өзара іс-қимылдың өсуін атап өтті. Нью-Делиде өткен XVIII БРИКС саммиті аясында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Үндістан Премьер-министрі Нарендра Модидің жуырдағы кездесуінің қорытындылары жоғары бағаланды. Аталған кездесу екіжақты ынтымақтастыққа жаңа серпін бергені атап өтілді. Тараптар энергетика, цифрландыру, жоғары технологиялар және креативті индустриялар салаларында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асырудың маңыздылығын атап өтті. Қазақстан мен Үндістанның көпжақты алаңдардағы, оның ішінде АӨСШК аясындағы өзара іс-қимылын нығайтуға ерекше назар аударылды. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар Қазақстан-Үндістан стратегиялық серіктестігін нығайту бойынша жұмысты жалғастыруға дайын екендерін растады.



Қарағанды облысы ТЖД бастығы тағайындалды

06.10.2026

Бүгін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министрі Ерболат Садырбаев Қарағанды облысының Төтенше жағдайлар департаментінің жеке құрамына жаңа басшыны таныстырды. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығымен Манарбек Қайыргелдіұлы Шапағатов Қарағанды облысының Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы болып тағайындалды. Манарбек Шапағатов азаматтық қорғау органдарында 1992 жылдан бастап қызмет атқарады. 1995 жылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы өрт-техникалық училищесін, ал 2005 жылы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Көкшетау техникалық институтын тәмамдаған. Қызмет жылдары мемлекеттік өрт бақылау және қадағалау, өртке қарсы қызмет салаларында түрлі лауазымдарда еңбек еткен. Степногорск қаласының Төтенше жағдайлар басқармасының бастығы, Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары қызметтерін атқарған. 2022 жылғы шілде айынан 2026 жылғы қазан айына дейін Абай облысының Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы қызметін атқарды.

Темірбек Жүргенов атындағы академияның жас режиссерлері Канада мен Ресейдегі кинофестивальдерде үш жүлде иеленді

06.10.2026

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының білім алушылары Канада мен Ресейде өткен халықаралық кинофестивальдерде үш жүлдеге ие болды. Оттава қаласында өткен Loon Film Festival фестивалінде үшінші курс студенті Ерхат Ерсайынов «Потерянный остров» фильмімен үшінші орын алды. Табиғат, бейбітшілік және жануарларды қорғау тақырыбындағы көркем, деректі, анимациялық және эксперименттік фильмдерді қамтитын фестиваль жас кинематографистерді қолдау мақсатында ұйымдастырылады. Академияның студенттері тағы екі жүлдені Мәскеуде өткен IV «Восхождение» халықаралық студенттік фестивалінде иеленді. Байқауға ТМД-ның жеті елінен 50 фильм ұсынылды. «Анимация режиссурасы» білім беру бағдарламасының түлегі Бауыржан Адаев «Пуповина» фильмімен «Анимациялық фильмнің үздік режиссурасы» аталымында жеңімпаз атанды. Ал «Көркем фильм режиссурасы» бағытының төртінші курс студенті Мырза Махамбеттің «Май» картинасы «Актерлік шеберліктегі алғашқы қадамдары үшін» қазылар алқасының арнайы жүлдесіне ие болды. IV «Восхождение» халықаралық студенттік фестивалі С.А. Герасимов атындағы Бүкілресейлік мемлекеттік кинематография университетінде ұйымдастырылған «Кино білімі: ТМД елдерінің ортақ білім беру жобалары» форумы аясында өтті. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

Брокердің лицензиясын қалай тексеруге болады?

06.10.2026

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ақша қаражатын инвестициялаудан бұрын брокерлік ұйымда тиісті лицензияның болуын тексеруге кеңес береді. Лицензия қаржы ұйымының белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыру құқығын растайды және оның қызметін өзіне берілген өкілеттіктер шегінде уәкілетті органның реттейтінін және қадағалайтынын білдіреді. Қолма-қол ақшаны брокерге бермес бұрын ұйымның брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға жарамды лицензиясының бар екеніне көз жеткізу маңызды. Банктердің, микроқаржы ұйымдарының, сақтандыру ұйымдарының, брокерлердің және қаржы нарығына басқа да қатысушыларының қызметін реттеуді және қадағалауды өз құзыреті шегінде Агенттік жүзеге асырады. Брокердің лицензиясын қайдан тексеруге болады? Брокерлік ұйым қызметінің заңдылығын тексеру үшін Агенттіктің сайтында орналастырылған қаржы нарығына лицензияланған қатысушылардың ресми тізілімін пайдалану ұсынылады. Тізілімде ұйымның лицензиялары мен мәртебесі туралы ақпаратты қоса алғанда, Қазақстанда брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру құқығы бар ұйымдар туралы мәліметтерді тексеруге болады. Нені тексеру қажет? Инвестициялаудан бұрын мыналарға: - ұйымның тиісті қызмет түрін жүзеге асыруға қолданыстағы лицензиясының бар екеніне; - ұйым атауының тізілімде көрсетілген мәліметтермен толық сәйкес келетініне; - лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе одан айыру туралы мәліметтердің жоқ екеніне; - ұйымның тарату немесе қызметін тоқтату процесінде емес екеніне; - брокер ұсынатын қызметтердің лицензияда көрсетілген қызмет түріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Жарнамада «халықаралық лицензияның» болуы, шетелде тіркелуі немесе «лицензия алу процесінде» болуы туралы тұжырымды пайдаланатын компанияларға ерекше назар аударған жөн. Басқа мемлекеттің реттеушісі берген лицензияның өзі компанияға Қазақстанда лицензияланатын қызметті жүзеге асыру құқығын бермейді. Мұндай жағдайларда ұйымның Қазақстан Республикасының аумағында тиісті қызметті жүзеге асыру құқығының болуын тексеру қажет. Егер ұйым қаржы нарығының лицензияланған қатысушыларының ресми тізілімінде болмаса не ол туралы мәліметтер тізілімдегі ақпаратпен сәйкес келмесе, Агенттік мән-жайлар анықталғанға дейін ақша қаражатын беруден және дербес немесе төлем деректерін беруден қалыс қалуды ұсынады. Сондай-ақ кепілдік берілген кіріс, қысқа мерзім ішінде тым жоғары кіріс табу, тәуекелсіз инвестициялар және салынған қаражатты кепілдікпен қайтару уәде етілетін ұсыныстарға қатысты сақтық танытқан жөн. Мұндай уәделер азаматтардың ақшасын тарту үшін алаяқтық схемаларда пайдаланылуы мүмкін. Алаяқтыққа қатысты күдік туындаған кезде не істеу керек? Егер ұйым қызметті тиісті лицензиясыз жүзеге асыра алады не алаяқтық схеманы пайдалана алады деген белгілер болса, мыналар: - ұйыммен өзара іс-қимылды тоқтату және оған ақша қаражатын аудармау; - хат-хабарларды, сайттар мен жарнамалық материалдарды, шарттарды, чектерді, скриншоттарды сақтау; - құқық қорғау органдарына жүгіну; - қажет болған жағдайда Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне жолданым жіберу ұсынылады. Лицензияны тексеру бірнеше минут алады және инвестициялық компанияға немесе брокерге ақша қаражатын берер алдында жасалуға тиіс алғашқы қадамдардың бірі болып табылады. Көптеген пайдалы материалдар Fingramota.kz сайтында қолжетімді. Сыртқы коммуникациялар басқармасы press@finreg.kz



Қазақстанда 41 млн тоннадан астам жемшөп дайындалды

07.10.2026

Облыстар әкімдіктерінің мәліметтеріне сәйкес, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер 41 млн тоннадан астам жемшөп дайындады. Бұл алдағы қысқы қора-жай кезеңіне жоспарланған көлемнің 103,6%-ын құрайды. Атап айтқанда, 26,7 млн тонна шөп әзірленді, бұл жоспардың 104,1%-ы. Сондай-ақ 2,4 млн тонна пішендеме (102,5%), 2,8 млн тонна сүрлем (99,4%), 4,8 млн тонна сабан (102%) және 4,6 млн тонна құнарландырылған жем (80,6%) дайындалды. Жемшөптің негізгі түрлері бойынша жоспарлы көрсеткіштердің артығымен орындалуы қосымша қор қалыптастыруға және алдағы қысқы қора-жай кезеңінде мал шаруашылығы кәсіпорындарының ауа райының қолайсыз жағдайларына төтеп беруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар шаруашылықтарда өткен жылғы қыстық кезеңнен қалған жемшөп қоры бар. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қосымша жемшөп ресурстарымен қамту мақсатында «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» акционерлік қоғамы алдағы қысқы кезеңге астықтың жемдік қорын әзірледі. Қажет болған жағдайда ол резервтік ресурс ретінде пайдаланылады. Ауыл шаруашылығы министрлігі өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп, жемшөп дайындау науқанының қорытынды

кезеңіне мониторинг жүргізуді жалғастыруда. Барлық ңс-шаралар жемшөптің қажетті қорын уақтылы қалыптастыруға, мал шаруашылығы кәсіпорындарын жеткілікті жемшөп базасымен қамтамасыз етуге және алдағы қысқы қора-жай кезеңінің тұрақты өтуіне бағытталған.

Еңбек адамы. Қанат Ақшалов: ғылым мен жерге арналған жарты ғасырлық ғұмыр

06.10.2026

Қанат Ақшаловтың аграрлық ғылымға сіңірген еңбегіне жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Оның бүкіл кәсіби жолы А. И. Бараев атындағы Астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығымен тығыз байланысты. Осы қара шаңырақта ол қатардағы маманнан ғалымға, ғылымды ұйымдастырушы білікті маманға дейінгі жолдан өтті. Бүгінде оның есімі кәсіби ортаға жақсы таныс. Жылдар бойы жинақтаған мол тәжірибесі ғылыми ортада да, ауыл шаруашылығы өндірісінде де жоғары бағаланып келеді. Қанат Ақшалов еңбегінің басты ерекшелігі — ғылымның нақты нәтижеге бағытталуы. Оның зерттеулері егін шаруашылығының өзекті мәселелерін шешуге арналған. Атап айтқанда, өсімдік шаруашылығының тиімділігін арттыру, жер ресурстарын ұтымды пайдалану, технологияларды Солтүстік Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайына бейімдеу бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді.Ғалымның ғылыми қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі — жаздық бидай, арпа, сұлы және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру технологияларын жетілдіру. Ол әсіресе парсыз егіншілік жүйесін дамытуға, топырақ құнарлылығын сақтауға және қуаң дала жағдайында ылғалды тиімді пайдалануға ерекше мән береді.Бұл бағыт Солтүстік өңірлер үшін айрықша маңызды. Себебі мұнда алынатын нәтиже ең алдымен технологияның қаншалықты дұрыс таңдалғанына, топырақтағы ылғалдың сақталуына және нақты жердің табиғи ерекшеліктерінің ескерілуіне байланысты. Сондықтан Қанат Әшкейұлы ғылымға ең алдымен нақты нәтиже тұрғысынан қарайды. Ғылыми әзірлеме өндіріс үшін түсінікті, аграршыларға қажет және ауыл шаруашылығына нақты пайда әкелуі тиіс деген ұстанымды басшылыққа алады.Оның жетекшілігімен ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруға, жерді ұтымды пайдалануға және өсімдік шаруашылығын қазіргі климаттық өзгерістерге бейімдеуге бағытталған зерттеулер жүргізілуде. Бұл жұмыстың маңызды бөлігі — ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен тікелей байланыс орнату. Өйткені жердің жайын күнделікті көріп, оның қиындықтарын өз көзімен сезініп жүрген диқан мен шаруаның тәжірибесі тиімді шешім қабылдауда аса құнды.Қанат Ақшаловтың кәсіби беделі еліміздің ғылыми ортасымен ғана шектелмейді. Ол шетелдік ғалымдармен және сала мамандарымен тығыз жұмыс байланысын қалыптастырып, халықаралық тәжірибе алмасуға белсенді қатысып келеді. Сонымен қатар қазақстандық егіншілік ғылымының жетістіктері мен отандық тәсілдерді халықаралық ғылыми ортада таныстырып жүр. Ағылшын және неміс тілдерін меңгеруі оған халықаралық ғылыми пікір алмасуға еркін қатысуға, заманауи зерттеулермен танысуға және шетелдік әріптестерімен перспективалы технологияларды талқылауға мүмкіндік береді.Ол үшін халықаралық ынтымақтастық — озық тәжірибені үйренудің ғана жолы емес. Бұл — қазақстандық аграрлық ғылымның жетістіктерін әлемдік деңгейде таныстыруға, жаңа шешімдер іздеуге және заманауи ғылыми тәсілдерді еліміздің табиғи әрі өндірістік жағдайына бейімдеуге мүмкіндік беретін маңызды алаң.Ғалымның кәсіби қызметінде жас мамандармен жұмыс істеуге де айрықша орын берілген. Жарты ғасырдан астам еңбек жолында Қанат Әшкейұлы мол тәжірибе жинақтады. Сол тәжірибені кейінгі буынға жеткізуді ол өз кәсібінің маңызды міндеттерінің бірі деп санайды. Жас зерттеушілерді қолдау, олардың бастамаларына жол ашу, ғылымдағы сабақтастықты сақтау — оның кәсіби ұстанымының табиғи жалғасы.Сонымен қатар ол дәстүр жаңа идеяларға негіз болуы керек деп есептейді. Аға буын ғалымдарының тәжірибесі заманауи технологиялармен және жас ұрпақтың тың ізденісімен ұштасқанда ғана аграрлық ғылым жаңа белестерге көтеріліп, заман талабына жауап бере алады.Қанат Ақшаловтың белсенді өмірлік ұстанымы тек кәсіби қызметінен ғана көрінбейді. Оның өмірінде спорттың да орны ерекше. Тәртіп, төзімділік, алдына мақсат қоя білу және сол мақсатқа жүйелі түрде ұмтылу — спортта ғана емес, кәсіби қызметте де қажет қасиеттер. Белсенді өмір салты оған дене дайындығын сақтап, сергек жүруге, ішкі қуаты мен жұмыс қарқынын қалыпта ұстауға мүмкіндік береді.Қанат үшін алға ұмтылу — жай ұран емес, өмір салты. Мамандыққа келгеніне елу жылдан астам уақыт ішінде оның еңбек жолында мыңдаған жұмыс күні, ғылыми міндет, зерттеу, кездесу мен шешім жатыр. Солардың әрқайсысының ар жағында бір ғана басты құндылық бар — өзі таңдаған іске деген адалдық.Бүгінде ғалым, ғылымды ұйымдастырушы, тәлімгер әрі өмірге белсенді көзқарасымен ерекшеленетін азамат. Оның кәсіби өмірбаяны бір маманның білімі, тәжірибесі мен күнделікті маңдай тері тұтас бір саланың дамуына қалай үлес қоса алатынын көрсетеді.Оның еңбек жолы — жерге және ғылымға адал қызмет етудің жарқын үлгісі. Бұл жолда «жеткілікті» деген ұғым жоқ. Алда — жаңа міндеттер, жаңа буын ғалымдары және Қазақстан ауыл шаруашылығын одан әрі қуатты, тұрақты әрі тиімді етуге деген үздіксіз ұмтылыс бар.Міне, жарты ғасырдан астам уақытқа созылған еңбек адамының адал қызметінің басты мәні осында.

Астанада Құрылтайдың қоғамдық диалогты дамытудағы рөлі талқыланды

06.10.2026

Астанадағы Достық үйінде Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары этномәдени бірлестіктердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері және жастармен кездесті. Кездесуге депутаттар Сергей Пономарев, Евгений Больгерт және Шерзод Пулатов қатысты. Олар Құрылтай жұмысының негізгі бағыттары, заңнамалық бастамалар мен депутаттық қызметтің басымдықтары жөнінде айтып берді. Жиында ел бірлігін нығайту, қоғамдық келісімді сақтау және мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты дамыту мәселелері кеңінен талқыланды. Ашық пікір алмасу барысында этномәдени бірлестіктердің өкілдері мен жастар депутаттарға өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ұсыныстарын ортаға салды. Сондай-ақ қоғамдағы өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі



ЕАЭО мен БАӘ арасындағы экономикалық әріптестік туралы келісім күшіне енді

06.10.2026

2026 жылғы 6 қазанда Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы экономикалық әріптестік туралы келісім күшіне енді (бұдан әрі — Келісім). Анықтама ретінде: Келісімге 2025 жылы 27 маусымда Санкт-Петербург қаласында қол қойылды.Келісім Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 8 шілдедегі № 338-VIII ҚРЗ Заңыменратиф икацияланды. Келісімнің негізгі мақсаты — тауарноменклатурасының 85%-дан астамына қатысты импорттық кедендік баждарды өзара алып тастау және азайту, сондай-ақ тараптар арасындағы сауданы жеңілдету болып табылады. Әмірлік нарығының ашылуы қазақстандық экспорттаушыларға БАӘ-ге ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп өнімдерінің мынандай санаттарын бажсыз жеткізуге мүмкіндік қамтамасыз етеді: қой еті, кептірілген бұршақ көкөністері, тауық еті, ІҚМ еті, басқа да азық-түлік өнімдері, қант қосылған минералды су, бидай ұны, кондитерлік өнімдер, өнеркәсіп тауарлары үшін: мұнай және мұнай өнімдері, тазартылған мыс, ыстықтай илектелген жалпақ прокат, суықтай илектелген жалпақ прокат, шыбықтар, крандар, клапандар, клапандар, МТС бөлшектері, сорғылар және т.б. Импорттық кедендік баждардың күшін жою мен төмендетуден басқа, Келісімде кедендік ынтымақтастық, сауданы қорғау шаралары, тауарлардың шығу тегін айқындау, СТҚ, СФС, зияткерлік меншік туралы ережелер, сондай-ақ құқықтық және институционалдық мәселелер бойынша тиісті тараулар және салалық ынтымақтастықты дамыту, шағын және орта бизнестің, электронды сауданың және т.б. салалардағы уағдаластықтар қарастырылған. Сауданың толық форматты преференциялық режимін қалыптастыру, келісім аясындағы мәселелердің кең ауқымын реттеу өзара сауданың әлеуетін іске асыруға және Қазақстанның БАӘ-мен сауда-экономикалық қатынастарын сапалы жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді. Толығырақ мәтіні https://eec.eaeunion.org сайтында қолжетімді.

Астанада «ASTAUFEST» халықаралық гастрономиялық фестивалі өтіп жатыр

06.10.2026

Астанада VII «ASTAUFEST» халықаралық гастрономиялық фестивалі өтіп жатыр. Үш күнге созылатын байқауға Қазақстан өңірлерінен және алыс-жақын шетелдерден 30-дан астам білім беру ұйымының 200-ден астам өкілі қатысып, өзара үздік атану үшін бақ сынайды, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты. Астана қаласындағы «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің» ұйымдастыруымен дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан іс-шараның негізгі мақсаты — елорданың гастрономиялық әлеуетін таныту, мейрамхана индустриясын дамыту және насихаттау, сондай-ақ қонақжайлылық мәдениетін қалыптастыру. Фестиваль қазақтың ұлттық тағамдарын дәріптеуге, ұлттық аспаздық дәстүрлерді кеңінен танытуға және оларды заманауи гастрономиямен ұштастыруға бағытталған. Бұл ретте іс-шара отандық аспаз өнерінің дамуына және тәжірибе алмасуға жаңа мүмкіндіктер береді. Байқауға Қытай, Франция, Түркия, Кипр, Швейцария, Өзбекстан, Қырғызстан және Ресей елдерінен келген 13 халықаралық сарапшы төрелік етеді. Бұл қатысушыларға өздерінің кәсіби шеберлігін халықаралық деңгейде бағалап, шетелдік мамандармен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

2026 жылдың 9 айында теміржол арқылы астық тасымалдау көлемі 12%-ға өсті

07.10.2026

2026 жылғы қаңтар—қыркүйек айларында Қазақстанның теміржол желісі арқылы 10,8 млн тонна астық тасымалданды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12%-ға (9,61 млн тонна) көп. Экспорттық тасымал көлемі 8,4 млн тоннаны құрап, 14%-ға артты. Оң динамика Орталық Азия елдеріне бағытталған тасымалдарда байқалады. Ағымдағы жылдың тоғыз айында бұл елдерге теміржол көлігімен 5,5 млн тонна астық тасымалданды, 2025 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 33%-ға жоғары. Негізгі көлем Өзбекстанға — 4,11 млн тонна (+44%) және Тәжікстанға — 1,18 млн тонна (+16%) тиесілі. Қырғызстанға 184 мың тонна, Түрікменстанға 30 мың тонна астық жөнелтілді. Экспорттың басқа бағыттарында да тасымал көлемінің өсімі байқалады. Қытайға 750 мың тонна астық тасымалданды, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 54%-ға көп. Ауғанстанға 762 мың тонна жөнелтілді, 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,3 есе жоғары. Жаңа егін жинау маусымының басталуымен астық тиеу көлемінің өсуі жалғасуда. 2026 жылғы қыркүйекте астық тиеу көлемі 1,45 млн тоннаны құрап, рекордтық көрсеткішке жетті және 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7%-ға артты. Жаңа өнімді тұрақты әрі уақтылы тасымалдауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі астықты теміржол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және үйлестіру жөніндегі Астық штабын құрды. Штаб тасымалдау процесіне қатысушылардың барлығының қызметін үйлестіріп, теміржол инфрақұрылымы мен жылжымалы құрамның

дайындығын бақылайды, сондай-ақ туындаған мәселелерді жедел шешу үшін қажетті шараларды қабылдайды. Жаңа өнімді тасымалдау үшін қажетті жылжымалы құрам дайындалды. Қазіргі уақытта 16,9 мың астық тасығыш, 17,8 мың жабық вагон және 2 мыңнан астам локомотив бар. Қолда бар жылжымалы құрам астықты толық көлемде тасымалдауды қамтамасыз етуге жеткілікті. Қажет болған жағдайда тасымалдау көлемін ұлғайту үшін қосымша мүмкіндіктер қарастырылған.



Қазақстанның трансшекаралық хабтары сауда мен логистиканың жаңа орталықтарына айналуда

06.10.2026

Қазақстанда трансшекаралық сауда-логистикалық хабтарды құру жұмысы біртіндеп жобалау кезеңінен нақты нәтижелерге көшуде. Бүгінде әңгіме тек шекара маңындағы инфрақұрылымды қалыптастыру туралы емес, сонымен қатар өндірістік нысандар салу, инвестиция тарту, жаңа логистикалық қуаттарды іске қосу және алғашқы жүк ағындарын қалыптастыру туралы болып отыр. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Қазақстанның Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Қытай және Каспий өңірі елдерімен сауда байланыстарын нығайтуға тиіс бес негізгі хаб бойынша жұмыстынуда. Оларды дамыту бизнес үшін логистиканы жеңілдетіп, шикізаттық емес экспорт көлемін 30%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді деп күтілуде. Бұл бағыттағы динамика шығыс бағытында айқын көрінеді. «Қорғас — Шығыс қақпасы» АЭА-да жобалар саны 2022 жылдан бері 14-тен 69-ға дейін өсті, ал тартылған инвестициялар көлемі 340 млрд теңгеден 652,8 млрд теңгеге дейін артты. Қазіргі уақытта мұнда 75 млрд теңгеге 40 жоба іске асырылып жатыр. Олар 864 жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Тек 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында инвестиция көлемі 9,3 млрд теңгені құрайтын және 230 жұмыс орнын ашатын тағы 9 жаңа қатысушы тіркелді. Осы кезеңде өндірілген өнім көлемі 12,7 млрд теңгеге жетіп, 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 74%-ға артты. «Қорғас» инфрақұрылымының өзі де өзгеріп келеді. АЭА аумағында жылына 540 мың контейнер қабылдай алатын құрғақ порт және ауданы 25 мың шаршы метр болатын «А» санатындағы қойма кешені жұмыс істеп тұр. Тағы екі ірі логистикалық жоба жобалау кезеңінде. 2028 жылға дейін мұнда 577,7 млрд теңгеге 28 жобаны іске асырып, шамамен 2,8 мың жұмыс орнын құру жоспарланып отыр. Ірі бастамалардың қатарында құны 330 млрд теңгені құрайтын «Қазақстан-Қытай халықаралық индустриялық қаласы» индустриялық паркі және құны 250 млрд теңге болатын халықаралық жүк-жолаушылар әуежайы бар. Қазақстанның оңтүстігінде де жобалар практикалық іске асыру кезеңіне өтуде. «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығында ауданы 100 гектар аумақты қоршау жұмыстары аяқталып, ішкі жолдар мен инженерлік инфрақұрылым салынуда. Сыртқы құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды, қазір іске қосу-баптау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ішкі инженерлік инфрақұрылымның 55%-ы дайын, жұмыстарды 2026 жылғы желтоқсанда аяқтау жоспарланған. Сонымен қатар әкімдік сегіз өндірістік ғимараттың құрылысын толық аяқтады. Орталық аумағында іске асырылатын инвестициялық жобалар пулы 89,4 млрд теңге көлемінде қалыптастырылды.

Құны 75,3 млрд теңге болатын ірі жобалардың бірі — индустриялық парк бойынша құрылыс жұмыстары басталып кетті. Жамбыл облысында Индустриялық сауда-логистикалық кешен жобасы 2026 жылғы сәуірде арнайы экономикалық аймақ мәртебесіне ие болды. Кешенді орналастыру үшін ауданы 165 гектар жер учаскесі белгіленіп, инженерлік желілерге қосу бағдарламасы әзірленді. Биыл бірінші кезектегі қосалқы станцияның құрылысы басталды. Осы мақсатқа қарастырылған 12 млрд теңгенің шамамен 4 млрд теңгесі 2026 жылы бөлінді, қалған қаражатты келесі жылы бағыттау жоспарланып отыр. Сонымен қатар кешеннің аумағы мен инфрақұрылымын дайындау жұмыстары жалғасуда. Батыс бағытында да белсенді даму жүріп жатыр. Батыс Қазақстан облысындағы «Еуразия» трансшекаралық сауда орталығы 281 гектар аумақты алып жатыр. Мұнда газбен, электр желілерімен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерімен қоса, сыртқы инженерлік инфрақұрылымның бір бөлігі тартылып болды. Индустриялық аймақта асфальтбетон өндіру, автомобиль шиналарын қайта өңдеу, газобетон бұйымдарын шығару және газтурбиналық электр станциясын салу жобалары іске асырылуда. Сонымен қатар инвестиция тартуға және өндірісті оқшаулауға қосымша жағдай жасауға тиіс «Еуразия» АЭА-сын құру мәселесі пысықталуда. Каспий бағытында да өзіндік оң динамика қалыптасып отыр. Ақтау портында Ақтау халықаралық контейнерлік хабының практикалық жұмысы басталды: 2026 жылғы 14 шілдеде алғашқы контейнерлік пойыз қабылданды. Бүгінде 233 контейнер немесе 444 ДФЭ қабылданды. Жоба кезең-кезеңімен іске асырылып жатыр. Перспективада бұл порттың контейнерлік жүктерді өткізу қуатын қазіргі 70 мың ДФЭ-ден жылына 240 мың ДФЭ-ге дейін арттыруға мүмкіндік береді. Каспий көлік торабындағы тағы бір ірі нысан — ЕРСАЙ индустриялық портының контейнерлік терминалы. Оның құрылыс дайындығы шамамен 85%-ды құрайды. Ұзындығы 10 шақырым болатын портішілік теміржол жолдарының құрылысы аяқталды, қазір контейнерлік алаң мен кран асты жолдарын салу жұмыстары аяқталуға жақын. Терминалды 2026 жылғы 1 қазанда пайдалануға беру жоспарланған. Жоба толық қуатына шыққаннан кейін жылына 120 мың ДФЭ-ге дейін өңдеп, жыл сайын 300 кемеге дейін қабылдай алады. Жобаға тартылған жеке инвестициялар көлемі 15 млрд теңгеден асады. Осылайша, бес трансшекаралық хаб біртіндеп Қазақстан бизнесін көршілес елдердің ірі нарықтарымен байланыстыратын бірыңғай инфрақұрылымдық жүйені қалыптастырып келеді. Кейбір нысандарда өндірістік кәсіпорындар жұмыс істеп тұр, кей жерлерде алғашқы контейнерлік пойыздар қабылдануда, ал бірқатар аумақта инженерлік инфрақұрылымды аяқтап, жаңа нысандардың құрылысын бастау жұмыстары жүргізілуде. Келесі кезең — жобаларды толық қуатына шығару, инвесторлар пулын кеңейту және Қазақстан шекарасы арқылы өтетін сауда мен транзит көлемін одан әрі ұлғайту.

Қазақстанда теміржол желісін жөндеу жұмыстары жалғасуда

06.10.2026

Елімізде 2026 жылдың 8 айында 1 056 шақырым теміржол жолы жөнделді. Жалпы, ағымдағы жылы 1 577 шақырым теміржол желісін жөндеу жоспарланған. Бірқатар учаскелерде жұмыстар жалғасуда. Іс-шаралар Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында көлік саласын дамыту бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Бағдарлама теміржол инфрақұрылымын кезең-кезеңімен жаңартуға, теміржол желісінің сенімділігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған. Бағдарлама аясында Бейнеу — Маңғыстау және Павлодар — Семей учаскелеріндегі жұмыстар аяқталды. Сондай-ақ Көкпекті — Қарағайлы, Атасу — Қаражал, Жамбыл — Жаңатас және Қарабұлақ — Текелі аз қарқынды учаскелерінде 83 шақырым теміржол жолы сауықтырылды. 2026 жылдың соңына дейін Семей — Аягөз және Мақат — Бейнеу — Маңғыстау учаскелеріндегі жұмыстарды аяқтау жоспарланған. Өзенкі — Қандыағаш, Астана — Алматы, Астана — Тобыл, Көкшетау — Қостанай, Арыс — Шеңгелді бағыттарында және теміржол желісінің басқа да учаскелерінде жөндеу жұмыстары жалғасуда. Жалпы, 2023—2029 жылдар аралығында елімізде 11 мың шақырым теміржол желісін жөндеу жоспарланған. Бағдарламаны іске асырудың алғашқы үш жылында, яғни 2023—2025 жылдары, жоспарланған 4 353 шақырым көрсеткішінен жоғары, яғни 4 448 шақырым жол жаңартылды. Осылайша, жоспар 95 шақырымға артығымен орындалды. Жүргізіліп жатқан жұмыстар теміржол желісінің техникалық жағдайын жақсартуға оң әсерін тигізуде. Атап айтқанда, жалпы ұзындығы 1,9 мың шақырым учаскелерде жолаушылар пойыздарының қозғалыс жылдамдығы артты. Жөндеу жұмыстары жүргізілген учаскелерде жолдың балдық бағалануы «жақсы» және «өте жақсы» санаттарына сәйкес келеді. Теміржол инфрақұрылымын кезең-кезеңімен жаңарту желінің сенімділігі мен өткізу қабілетін арттыруға, жүк және жолаушылар пойыздарының қозғалысы жағдайларын жақсартуға, сондай-ақ Қазақстанның көлік-логистикалық әлеуетін одан әрі дамыту үшін қосымша мүмкіндіктер жасауға жол ашады.

Ақтау қаласына жұмыс сапары

06.10.2026

Ақтау қаласына жұмыс сапары аясында Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі Ә. Қуантыров Министрліктің аумақтық бөлімшелері мен бірқатар кәсіпорындарды аралады. Экология департаменті Маңғыстау облысы бойынша Экология департаментінің ұжымымен кездесуде қоршаған ортаның жай-күйін бақылау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экологиялық заңнама талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мәселелері қаралды. «Қазақ Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институты» КеАҚ ҒЗИ қызметкерлерімен кездесуде Министр Каспий теңізінің қазақстандық секторы мен оның жағалау аймағының гидрологиялық, метеорологиялық және экологиялық жағдайларын, сондай-ақ биологиялық ресурстарының жай-күйін зерделеу және бағалау бойынша жүргізілетін ғылыми зерттеулердің дәлдігі мен шынайылығына ерекше назар аударды. Бұл зерттеулер Каспийдің экологиялық жүйесі мен биологиялық алуантүрлілігін сақтау және қалпына келтіру жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеуге бағытталған. Маңғыстау эксперименттік ботаникалық бағы Маңғыстау эксперименттік ботаникалық бағында Ә. Қуантыров Батыс Қазақстанның шөлді аймағының экстремалды табиғи жағдайларында қалыптастырылған бірегей өсімдіктер коллекциялық қорын сақтау және дамыту бойынша жүргізіліп жатқан ғылыми жұмыстармен, сондай-ақ Қазақстанның Каспий маңының аридті жағдайларында өсімдіктерді жерсіндіру жұмыстарымен танысты. Кездесуге қатысушылар мен шетелдік қонақтар ботаникалық бақ аумағында Әзербайжанның Қызыл кітабына енгізілген сәндік өсімдік — Ленкоран альбициясының (Albizia julibrissin), немесе жібек акациясының көшеттерін отырғызды. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы Инспекцияда биоалуантүрлілікті сақтау, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау, ғылыми зерттеулер жүргізу және тұрақты мониторинг мәселелері талқыланды. Жұмыс сапары барысында ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне қатысты бірқатар өзекті мәселелер де көтерілді. Олардың қатарында қаржыландыру, штат санын ұлғайту, материалдық-техникалық базаны жаңарту және мониторинг жүйесін жетілдіру мәселелері бар. «Қошқар-Ата» жобасы Министрге «Қошқар-Ата» қалдық қоймасының радиациялық қауіпті екі учаскесін рекультивациялау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар таныстырылды. Маңғыстау облысының табиғи ресурстар басқармасының басшысы Ә. Балмановаңың баяндамасына сәйкес, 2025 жылы 640 гектар аумақта биологиялық рекультивациялау (жасыл белдеу құру) жұмыстары басталды. Жоспарға сәйкес 770 000 сексеуіл көшеті отырғызылды. Жобаны 2025—2027 жылдары іске асыру нәтижесінде «Қошқар-Ата» қалдық қоймасының санитариялық-қорғау аймағы толығымен жасыл белдеумен қамтамасыз етіледі. Өндірістік нысандар Сондай-ақ Ә. Қуантыров бірқатар өндірістік нысандарды, атап айтқанда «ҚазАзот» АҚ-ны аралады. Кәсіпорын аммиак пен аммиак селитрасын өндіру саласында қызмет атқарады және тұрақты

әрі қауіпсіз өндірісті қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның ішкі нарығын қолжетімді және сапалы азотты тыңайтқыштармен қамтамасыз етеді. Кәсіпорын өнімі жақын және алыс шетелдерге де экспортталады. Өндірістік қызметті жүзеге асыру кезінде қолданыстағы экологиялық нормаларды сақтау қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға мүмкіндік беретін басым бағыттардың бірі болып табылады. Өңдеу өнеркәсібін дамыту Жұмыс сапары барысында Министр өңірдегі өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған нысандарды да аралады. «Zero Waste Ақтау» ЖШС — Ақтау қаласы мен Маңғыстау облысының аумағынан қатты тұрмыстық қалдықтарды ұйымдасқан түрде жинаумен және тасымалдаумен айналысатын кәсіпорын. Кәсіпорында 136 адам жұмыс істейді. «Жасыл даму» АҚ қаражаты есебінен 800 млн теңге көлемінде қаржыландыру жүзеге асырылып, нәтижесінде қоқыс тасымалдау техникасының паркі барлық экологиялық және санитариялық талаптарға сәйкес келетін 25 техникамен жаңартылды. «Жасыл даму» АҚ-ның кәдеге жарату төлемдері есебінен жеңілдетілген қаржыландыру аясында «Пакетная фабрика» ЖШС жылына 3 мың тонна қағаз қалдықтарын және жылына 3 мың тонна пластикті қайта өңдеу жобаларын іске асыруда. Бұл циркулярлық экономика қағидаттарына сәйкес келеді және өңірдегі ҚТҚ-ны қайта өңдеу көлемін арттыруға ықпал ететін болады. Кәсіпорындардың жұмысымен танысқан Ә. Қуантыров қолданыстағы заңнама талаптарын мүлтіксіз сақтау және қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған технологияларды қолдану қажеттігіне назар аударды.



Қазақстан сақтандыру секторының 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жай-күйі туралы

06.10.2026

2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру секторында 25 сақтандыру ұйымы бар, оның 10-ы өмірді сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асырады. 2026 жылғы тамыздың қорытындысы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтері негізінен бағалы қағаздарға инвестициялар көлемінің ұлғаюы есебінен 1,2%-ға 4,6 трлн теңгеге дейін (2026 жылдың басынан бастап 17,1%-ға өсу) ұлғайды. 2026 жылғы 1 қыркүйекте активтер құрылымында ең көп үлес бағалы қағаздарға — 72,4% (3,3 трлн теңге), екінші деңгейдегі банктердегі ақшалай қаражат пен салымдарға — 6,2% (282,3 млрд теңге), сақтандыру дебиторлық берешегіне — 4,9% (223,8 млрд теңге) тиесілі. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері 2026 жылғы тамызда негізінен сақтандыру резервтерінің 3,9%-ға өсуі нәтижесінде (2026 жылдың басынан бастап 25,8%-ға өсу) 1,4%-ға 3,4 трлн теңгеге дейін (2026 жылдың басынан бастап 23,1%-ға өсу) ұлғайды. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншікті капиталы 2026 жылғы тамызда 0,5%-ға 1,1 трлн теңгеге дейін (2026 жылдың басынан бастап 1,7%-ға өсу) ұлғайды. 2026 жылғы тамызда таза пайда/залал көрсеткіші 8 ай ішінде үшінші рет теріс аймақта болды. Сақтандыру секторының тамыз айындағы залалы 1,5 млрд теңгені құрады (2026 жылдың басынан бастап таза пайда — 87,5 млрд теңге). 2026 жылдың басынан бастап жеке және заңды тұлғалар бойынша жасалған сақтандыру шарттарының саны 11,8 млн шартты құрады, бұл банктік қарыздармен байланысты сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру агенттері үшін комиссиялық сыйақыны сақтандыру сыйлықақысының 10%-ынан аспайтын деңгейде шектеудің енгізілуіне байланысты, жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша жасалған шарттар санының 77,5%-ға азаюы салдарынан өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 31,7%-ға аз. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары 2026 жылғы тамызда 192,7 млрд теңгені құрады, бұл 2025 жылғы тамызға қарағанда 31,7%-ға көп. Жыл басынан бастап сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 241,3 млрд теңгені құрады, бұл 2025 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 11,8%-ға көп. Міндетті сақтандыру бойынша 2026 жылғы тамызда 27,9 млрд теңге сомаға сақтандыру сыйлықақылары жиналды, 2026 жылдың басынан бастап — 204,5 млрд теңге, бұл 2025 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 13,5%-ға артық. Өсу негізінен қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша сыйлықақылардың 11,8%-ға және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша сыйлықақылардың 17,8%-ға ұлғаюына байланысты болды. Ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2026 жылғы тамызда 131,5 млрд теңгені құрады, 2026 жылдың басынан бастап — 673,9 млрд теңге, бұл 2025 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 24,3%-ға көп. Өсу негізінен зейнетақы аннуитеттік сақтандыру бойынша жиналған сыйлықақылар көлемінің 105,9%-ға ұлғаюына байланысты болды. Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары ағымдағы жылғы тамызда 33,3 млрд теңгені, 2026 жылдың басынан бастап — 362,9 млрд теңгені құрады, бұл 2025 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 6,4%-ға аз. Төмендеу негізінен өзге де қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы бойынша жиналған сыйлықақылардың 24,8%-ға азаюына байланысты. Сақтандыру төлемдері 2026 жылғы тамызда 51,5 млрд теңгені құрады, 2026 жылдың басынан бастап — 363,5 млрд теңге, бұл 2025 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 28,9%-ға артық. Сыртқы коммуникациялар басқармасы press@finreg.kz

Елордада туристік полицияға арналған English club ашылды

07.10.2026

Астанада туристік полиция қызметкерлерінің тілдік дайындығын арттыру мақсатында құрылған English club өз жұмысын бастады. Іс-шара ҚР ІІМ Басқару академиясының базасында өтіп, оған құқық қорғау органдарының өкілдері, дипломатиялық қауымдастық мүшелері және туристік полиция қызметкерлері қатысты. English club-тың ашылуына Астана қаласы полиция департаменті бастығының орынбасары Арман Атанов қатысты. Жыл сайын көптеген шетелдік қонақты қабылдайтын заманауи қалада туристік полицияның жұмысы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етумен ғана шектелмейді. Қызметкер туристке жедел көмек көрсетіп қана қоймай, оған бағытты, төтенше жағдай кезіндегі іс-қимыл тәртібін түсіндіріп, құжаттарын жоғалтқан жағдайда немесе медициналық көмек қажет болған кезде қолдау көрсете білуі маңызды. Жаңа English club қызметкерлердің практикалық дайындығына бағытталған. Клуб аясында полицейлер ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын жетілдіріп, Астанаға келген шетелдік туристер кездесуі мүмкін нақты жағдайларды пысықтайды. Іс-шараға "Астана" дипломатиялық клубының президенті Қайырболат Сахметов, сондай-ақ ҚР ІІМ Басқару академиясының бастығы, заң ғылымдарының докторы, профессор Жанат Дильбарханова қатысты. Астана қаласының полиция департаменті атап өткендей, туристік полицияны дамыту — елорда тұрғындары мен қонақтары үшін қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыруға бағытталған кешенді жұмыстың бір бөлігі. Шетелдік қонақ үшін полиция қызметкеріне алғашқы жүгінуі қала туралы алғашқы тікелей әсерлерінің біріне айналуы мүмкін. Сондықтан бұл қарым-қатынас кәсіби, түсінікті әрі ізгі ниетке негізделген болуы маңызды.

Кедендік құнды бақылау: қандай жағдайларда құжаттар мен мәліметтерді тексеру жүргізіледі

06.10.2026

Кедендік бақылаудың негізгі бағыттарының бірі тауарлардың кедендік құнын бақылау болып табылады, өйткені кедендік құн кедендік баждарды, салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді есептеу үшін негіз болып табылады. Бұл ретте кедендік құн бойынша құжаттар мен мәліметтерді тексеру әрбір тауарға арналған декларация бойынша жүргізілмейді. Бақылау қосымша тексеруді талап ететін жеткізілімдерді анықтауға және сонымен бірге сыртқы экономикалық қызметке адал қатысушыларға әкімшілік жүктемені азайтуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Кедендік құн бойынша құжаттар мен мәліметтерді тексеру кедендік құнды анық емес декларациялаудың ықтимал белгілері болған кезде тағайындалады. Атап айтқанда, ұсынылған құжаттар арасындағы анықталған сәйкессіздіктер, мәлімделген құнның бірдей немесе біртекті тауарлардың құнынан елеулі ауытқуы, кедендік құнның жекелеген құрамдас бөліктерін құжаттамалық растаудың болмауы, сондай-ақ кеден заңнамасының талаптарын сақтамау мүмкіндігін куәландыратын өзге де мән-жайлар тексеру жүргізу үшін негіз болады. Кедендік құн құрылымын қалыптастырудың толықтығына ерекше назар аударылады. Кеден органдары тауарлардың кедендік құнын айқындау кезінде заңнамаға сәйкес есепке алынуға жататын тасымалдауға, сақтандыруға арналған шығыстарды, лицензиялық төлемдерді және өзге де есептеулерді кедендік құнға енгізудің дұрыстығын тексереді. Сонымен қатар, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында кедендік әкімшілендіруді оңайлату тетіктері көзделген. Мәселен, кедендік құн бойынша құжаттар мен мәліметтерді тексеру, егер бұрын ұқсас жеткізілім бойынша кеден органы әкелінетін тауарлармен мәміле құнының әдісі бойынша мәлімделген кедендік құнның анықтығын растаған болса, сол сыртқы сауда шарты шеңберінде әкелінетін бірдей тауарларға қатысты жүргізілмеуі мүмкін (1-әдіс). Осы тетікті қолдану үшін заңнамада белгіленген шарттар бір мезгілде сақталуы тиіс. Атап айтқанда, тауарлар бұрын ресімделген жеткізілім сияқты, сол сыртқы сауда шарты бойынша әкелінуі тиіс, ал мәлімделген кедендік құн сол әдіспен — әкелінетін тауарлармен мәміле құны бойынша айқындалуы тиіс. Бұдан басқа, тауардың бағасын, коммерциялық сату шарттарын, жеткізу шарттарын және тараптар арасындағы есеп айырысу тәртібін қоса алғанда, кедендік құнды қалыптастыруға әсер ететін мәміленің елеулі шарттары өзгеріссіз қалуға тиіс. Сондай-ақ, кедендік құнның шамасына әсер етуі не мәлімделген мәліметтердің анықтығына күмән тудыруы мүмкін жаңа мән-жайлардың болмауы міндетті шарт болып табылады. Тауарға арналған декларацияда кеден органы кедендік құнын растаған бұрын ресімделген жеткізу туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс. Бұл кеден органына ағымдағы жеткізілім деректерін бұрын тексерілген ақпаратпен салыстыруға және қосымша тексеру ісшараларын қолданбау туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Егер тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде кеден заңнамасының ықтимал бұзылу белгілері анықталса немесе мәлімделген деректердің анық еместігі туралы куәландыратын мәліметтер пайда болса, кеден органы аталған шарттарды сақтаған кезде де тексеру жүргізуге құқылы екенін ескеру қажет. Осылайша, тексеруден босату шартты емес және тәуекел факторлары болмаған жағдайда ғана қолданылады. Бұл тәсіл сыртқы экономикалық қызметке адал қатысушылардың кедендік ресімдеуді жеделдетуін қамтамасыз ете отырып, бақылау іс-шараларын тәуекел белгілері бар жеткізілімдерге шоғырландыруға мүмкіндік береді. Осылайша, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану тиімді кедендік бақылау мен сыртқы экономикалық қызметті жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасау арасындағы баланстың қамтамасыз етеді, сондай-ақ кедендік әкімшілендірудің ашықтығы мен болжамдылығын арттыруға ықпал етеді.



Қазақстан мен Испанияның Конституциялық соттары ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады

06.10.2026

Самарқандта Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты Төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов Испания Конституциялық Сотының судьясы, Ибероамерикалық Конституциялық Әділет конференциясының Төрағасы Энрике Арнальдо Алькубильямен кездесті.Тараптар тәжірибе және құқықтық ұстанымдар алмасуды, бірлескен сараптамалық іс-шаралар өткізуді, сондай-ақ екі конституциялық бақылау органы арасындағы кәсіби байланыстарды нығайтуды қоса алғанда, екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту перспективаларын талқылады.

ХАБАРЛАНДЫРУ! Түркістан облысының білім басқармасы аудандық және қалалық білім бөлімдеріне қарасты білім беру ұйымдарының бос директор лауазымын жариялайды!

06.10.2026

ХАБАРЛАНДЫРУ! Түркістан облысының білім басқармасы аудандық және қалалық білім бөлімдеріне қарасты білім беру ұйымдарының бос директор лауазымын жариялайды! № Аудан атауы Мекеме атауы Орналасқан жері Лауазым атауы Лауазымдық жалақы мөлшері (еңбек өтіліне қарай) 1 Түркістан облысының білім басқармасы «Түркістан жоғары көпсалалы, қолөнер колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын Түркістан қаласы, 1 мөлтек ауданы № 24 В Директор 224415тг — 264869тг дейін Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының басшысы (директоры) 244. Лауазымдық міндеттері: Қазақстан Республикасының заңнамасына және білім беру ұйымының жарғысына сәйкес оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметті басқарады; мемлекеттік стандарт талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді; оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процестерінің кестелерін, ішкі тәртіп қағидаларын бекітеді, психологиялық қызметтің жұмыс жоспары және құрамын бекітеді; білім беру ұйымы қызметкерлерінің басқару құрылымын, штаттық кестесін, лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді; білім алушылардың контингентін қалыптастырады, олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында жұмыс істеу үшін жағдайларды, қоғамдық тамақтануды, медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруды және олардың жұмысын бақылауды, психологиялық қызметтің жұмысын және білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді; білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымдары қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз етеді; оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен білім беру ұйымдары қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасайды; ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру, оның ішінде кедергісіз орта құру үшін жағдайлар жасайды; қаржы-шаруашылық қызметіне, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражатты мақсатсыз пайдалануға жауапты болады; жұмыс берушілермен және әлеуметтік серіктестермен жұмысты ұйлестіреді; қолда бар мүліктер мен құралдарға билік жүргізеді, оқу-материалдық базаның есебін, сақталуын және толықтырылуын, санитариялық-гигиеналық режим ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді; қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйіне, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражатты мақсатсыз пайдалануға бақылауды жүзеге асырады және жауапты болады; материалдық-техникалық базаны қайта жарақтандыруды және қайта ұйымдастыруды ұйымдастырады. Педагогикалық кеңестің жұмысын басқарады; білім беру ұйымының білім беру қызметінің саласын қолдау және кеңейту мақсатында білім берудің инновациялық технологияларын енгізуді және тартуды қамтамасыз етеді; кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, педагогикалық және тәрбие процесінің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді, педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды; үздіксіз кәсіптік оқыту бойынша білім беру ұйымдарымен бірлескен жұмыс бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады; жұртшылықпен байланысты қамтамасыз етеді, ата-аналармен (оларды алмастыратын адамдармен) жұмысты ұйлестіреді.; жоғары тұрған, қоғамдық және өзге де ұйымдарда білім беру ұйымының атынан өкілдік етеді; әлеуметтік әріптестік пен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту бойынша шараларды жүзеге асырады; уәкілетті органға (құрылтайшыға) оқу, ғылыми және қаржылық қызмет нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті ұсынады; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (мекемелері) басшыларының біліктілігін беру (растау), арттыру кезінде қойылатын тиімділік көрсеткіштеріне сәйкес келеді; білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне дұрыс және уақытылы әкімшілік деректерді ұсынуды қамтамасыз етеді. 245. Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдары, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары, білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты; педагогика және психология негіздері; қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері; педагогикалық этиканың нормалары; басқарудың инновациялық әдістері; экономика негіздері, Қаржы-шаруашылық қызмет мәселелері; құқық негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары; компьютерлік сауаттылық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздері. 246. Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білім немесе тиісті бейіні бойынша өзге де жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) кәсіптік білім; білім беру саласындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде бес жыл, оның ішінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы (мекеме) басшысының орынбасары немесе басшысы лауазымындағы өтілі кемінде екі жыл; оқу орнының кадрлар даярлау бейініне сәйкес келетін бір немесе бірнеше біліктілік бойынша орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріндегі басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде бес жыл; бейіні бойынша әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшысы (басшының орынбасары) лауазымында кемінде 2 жыл өтілі бар; педагогтің бірінші немесе жоғары біліктілік санатының, педагог - сарапшының немесе педагог - зерттеушінің немесе педагог - шебердің біліктілік санатының болуы (оқытушылық қызметті жүзеге асыру кезінде); немесе «үшінші біліктілік санатты басшысының орынбасары» немесе «екінші біліктілік санатты басшысының орынбасары» біліктілік санатының немесе білім беру ұйымы «бірінші біліктілік санатты басшысының орынбасары» не «басшы-ұйымдастырушы» немесе «басшы-менеджер» немесе «басшы-көшбасшы» біліктілік санатының болуы. Конкурс өткізу мерзімі: Көрсетілетін қызметті берушілер құжаттарды қабылдауды хабарландыру жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Конкурс өткізілетін орын: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа қала мөлтекауданы, Басқармалар үйі, Түркістан облысының білім басқармасы. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру мерзімі: Көрсетілетін қызметті берушілер құжаттарды қабылдауды хабарландыру жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Ақпарат алу үшін: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа қала мөлтекауданы, Басқармалар үйі, Түркістан облысының білім басқармасы. Анықтама сымтетігі: 8 (72533) 5-94-37, электронды почта turkistan.obl.aadb@gmail.com Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне береді: 1) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығы Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау және лауазымнан босату қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттама сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 3) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ және фото; 4) білімі туралы құжаттың көшірмесі қосымшасымен бірге; 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі; 6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулығы туралы анықтама; 7) психикалық мінез-құлық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама; 8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама; 9) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес сертификаттаудан өткені туралы сертификат; 10) мемлекеттік тілді орта деңгейден (B1) төмен емес білуі туралы (ҚАЗТЕСТ немесе QAZAQ RESMI TEST) сертификат; 11) түйіндеме; 12) біліктілік санатын беру (растау) туралы куәлік және бұйрық. Бірінші басшы лауазымына кандидат құжаттарды конкурсқа қатысуға жібергенге дейін заңнаманы білуге арналған сертификаттаудан және мемлекеттік тілді орта деңгейден (B1) төмен емес деңгейде білуге арналған тестілеуден (ҚАЗТЕСТ) өз бетінше өтеді. Конкурстық комиссия жұмысының ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына депутаттық корпус, үкіметтік емес ұйымдары, қоғамдық бірлестіктері, кәсіподақтар, ардагерлер кеңесі өкілдерінің арасынан байқаушы шақырылады. Байқаушы кандидаттарға сұрақтар қоймайды, конкурстық комиссияның жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасамайды, кандидаттардың жеке деректеріне, конкурстық рәсімдерге қатысты мәліметтерді жарияламайды, техникалық жазба құралдарын пайдаланбайды.

Біріккен Араб Әмірліктері іздеуде жүрген үш адамды Қазақстанға ұстап берді

06.10.2026

Бұған дейін хабарланғандай, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары Асхат Жұмағали бастаған Бас прокуратура делегациясы Біріккен Араб Әмірліктерінде өткен Қылмыстың алдын алу мен қылмыстық сот төрелігі жөніндегі БҰҰ-ның 15-ші Конгресінің жұмысына қатысты. Сапар барысында БАӘ Әділет министрі және Бас прокурорымен кездесулер өткізіліп, қылмысқа қарсы күрес пен іздеуде жүрген адамдарды экстрадициялау саласындағы өзара іс-қимылды нығайту мәселелері талқыланды. Қол жеткізілген аталған уағдаластықты іске асыру шеңберінде Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі мен Ішкі істер министрлігінің Интерпол Ұлттық Орталық Бюросымен бірлесіп, Қазақстанның Біріккен Араб Әмірліктеріндегі

Елшілігінің қолдауымен қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін аталған елден Қазақстанның үш азаматын экстрадициялады. Олардың біреуі 2019–2020 жылдары сыбайласымен бірге Астанада халықаралық орталық салуға арналған жер учаскесін алуға жәрдемдесуге уәде беріп, алдау жолымен жәбірленушінің жалпы сомасы 368 мың АҚШ доллары қаражатын иемденген. Тағы бір фигурант денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, тонау мен бұзақылық жасағаны үшін іздеуде болған. Ол 2021 жылы Алматы қаласында адамдар тобы болып жәбірленушіге шабуыл жасап, оның денсаулығына ауыр зиян келтірген және жалпы сомасы 100 мың теңгеден асатын жеке мүлкін ашық түрде иемденген. Үшінші күдікті осы жылғы жазда Астана қаласында Қытай азаматының 24 200 АҚШ долларын ұрлады деген күдікке ілінген, бұл аса ірі мөлшерге жатады. Аталған тұлғалар қылмыс жасағаннан кейін қылмыстық құдалау органдарынан жасырынған, осыған байланысты халықаралық іздеуге жарияланған. Кейіннен олардың Біріккен Араб Әмірліктерінің аумағында жүргені анықталып, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының сұрау салуы бойынша елге экстрадицияланды. Қазіргі уақытта барлық күдіктілер тергеу изоляторына қамалды, сотқа дейінгі тергеп-тексеру қайта басталды. Бас прокуратураның баспасөз қызметі



БҚО-да Бітік және Жалпақтал су қоймаларын салу жобалары мемлекеттік сараптамадан оң қорытынды алды

07.10.2026

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Қазсушар» РМК Батыс Қазақстан филиалы директорының міндетін атқарушы Данияр Халин мен Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы басшысының орынбасары Қанат Өтегалиев облыстағы вегетация кезеңінің қорытындысын шығарды. 2026 жылғы вегетация кезеңінде филиал су тұтынушылармен 307 келісімшарт жасасты. Оның ішінде 205 келісімшарт бойынша 10,7 мың гектар егістік алқаптарға, лимандар мен жайылымдарға 41,4 млн текше метр су беру көзделген. Ал тірек гидротехникалық құрылыстар арқылы суару үшін 102 келісімшарт жасалды. Бұл ретте берілген су көлемі 10,1 млн текше метрді, суарылған жер көлемі 2 092,7 гектарды құрады. «Филиал Киров су қоймасын реконструкциялау және Мамаев гидроторабына күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтады. Жәнібек магистральдық каналын және Жайықбай каналын реконструкциялау жұмыстары басталды. Бітік және Жалпақтал су қоймаларын салу жобалары бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Дөңгелек және Пятимар су қоймаларын реконструкциялау жобалары мемлекеттік сараптамадан өтуде», – деді «Қазсушар» РМК Батыс Қазақстан филиалы директорының міндетін атқарушы Данияр Халин. Жыл басынан бері облыста жалпы ұзындығы 145 шақырым болатын каналдарға механикалық тазалау жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ 11 гидротехникалық нысанда жөндеу жұмыстары аяқталды. «Судың қара нарығына» қарсы күрес аясында су ресурстарын заңсыз пайдаланудың 14 фактісі анықталды. Құқық бұзушыларға жалпы сомасы 2,5 млн теңге айыппұл салынды. 2026 жылға арналған су үнемдеу технологияларын енгізу жоспары 100% орындалды. Алдын ала мәлімет бойынша, қазіргі уақытта облыста заманауи суару жүйелері қолданылатын суармалы жерлердің көлемі 12,8 мың гектарды құрайды. Бұл облыстағы суармалы жерлердің жалпы көлемінің 97%-ына тең.

Хабарлама

06.10.2026

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «Ашық НҚА» порталында «Әскерге шақыруды кейінге қалдыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын және «Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 605 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрі бұйрығының жобасын жариялады. НҚА жобасы төменде көрсетілген сілтеме бойынша қолжетімді: https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=15922637

Қазақстан мен Оман әуе қатынасын дамыту үшін құқықтық негізді нығайтты

06.10.2026

2026 жылғы 6 қазанда Астана қаласында Оман Сұлтаны Хайсам бен Тарик Әл Саидтің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапары аясында мемлекеттер басшыларының қатысуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы әуе қатынасы туралы келісіммен алмасу рәсімі өтті. Қазақстан тарапынан Келісімге Қазақстан Республикасы Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, Оман тарапынан Оман Сұлтандығының Сыртқы істер министрі Бадр бин Хамад Әл-Бусаиди қол қойды. Келісім азаматтық авиация саласындағы ынтымақтастықтың шарттық-құқықтық негізін нығайтып, Қазақстан мен Оман арасындағы әуе қатынасын одан әрі дамыту үшін қосымша мүмкіндіктер береді. Келісімді іске асыру Қазақстан мен Оман арасындағы сауда-экономикалық және іскерлік байланыстарды одан әрі дамытуға, инвестициялар тартуға, сондай-ақ туристік және мәдени ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді.



Астанада «Медиа есірткіге қарсы» байқауы өтіп жатыр

06.10.2026

Астанада интернеттегі қауіпсіздік, есірткінің алдын алу және жастарды цифрлық қауіптерден қорғау мәселелерін ақпараттандыруға бағытталған «Медиа есірткіге қарсы» байқауы өтіп жатыр, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты. Байқауға бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет-басылымдардың журналистері, блогерлер, цифрлық контент авторлары, редакциялар, медиа-командалар және шығармашылық бірлестіктер қатыса алады. Қатысу жеке немесе командалық түрде жүзеге асырылады.Байқау екі номинация бойынша өткізіледі. «Үздік сюжет» номинациясына мақала, сұхбат, журналистік зерттеу, репортаж, авторлық баған, теле- және радиосюжет, подкаст және басқа да журналистік материалдар қабылданады. «Үздік әлеуметтік бейнероликтер» номинациясына Reels, TikTok, Shorts форматындағы әлеуметтік және анимациялық бейнероликтер ұсынылады. Бейнероликтің ұзақтығы 3 минуттан аспауы тиіс. Материалдарда интернет арқылы есірткі тарату, интернет-алаяқтық пен цифрлық қауіптер, әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік, балалар мен жастарды цифрлық ортада қорғау, кибербуллинг, дербес деректерді қорғау, медиасауаттылық және интернеттегі жауапты мінез-құлық мәселелері қамтылуы мүмкін. Әр номинация бойынша жеңімпаздарға: • 1-орын – 100 мың теңге; • 2-орын – 50 мың теңге; • 3-орын – бағалы сыйлық беріледі. Қалған қатысушыларға атаулы электрондық сертификаттар табысталады.Өтінімдер 22 қыркүйектен 20 қазанға дейін қабылданады. Құжаттарды қабылдау 20 қазан күні Астана уақыты бойынша сағат 23:59-да аяқталады. Байқауға қатысу үшін талаптарға сәйкес материал дайындап, өтінімді толтыру қажет. Дайын жұмысты немесе материалға сілтемені sotskz@mail.ru электрондық поштасына жіберу керек. Электрондық хаттың тақырыбында «БАЙҚАУҒА ӨТІНІМ: ҚАТЫСУШЫНЫҢ АТЫ-ЖӨНІ» деген белгі көрсетілуі тиіс.Байқау бойынша қосымша ақпаратты +7 707 746 4760 телефон нөмірі немесе sotskz@mail.ru электрондық поштасы арқылы алуға болады.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру: Үкімет тарапынан Аралды қалпына келтіру және Каспийді сақтау жөніндегі жұмыс күшейтілді

07.10.2026

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауындағы тапсырмаларды орындау шеңберінде Үкімет Солтүстік Аралды қалпына келтіру және Каспий теңізінің су ресурстарын сақтау бойынша шараларды жүзеге асыруда. Жұмыстар су деңгейін көтеру, биоалуантүрлілікті қалпына келтіру, ғылыми зерттеулер жүргізу, сондай-ақ Арал табанының шөлейттенуіне қарсы шараларды қамтиды. Солтүстік Аралдағы су көлемі 23,4 млрд м дейін артты 20 жылдан астам уақытта Солтүстік Аралдың аумағы 36%-ға ұлғайып, су көлемі екі есеге жуық артып, 23,4 млрд м жетті, ал судың минералдану деңгейі екі есе төмендеді. Сырдария өзені арқылы жыл сайын кемінде 2 млрд м су жіберіледі. Келесі кезең Көкарал бөгетін реконструкциялауды көздейді Дүниежүзілік банкпен бірлесіп әзірленген жоба аясында су деңгейін Балтық жүйесі бойынша 44 метрге дейін көтеру жоспарлануда. Алдағы 5-6 жыл ішінде Солтүстік Аралдың аумағын 3,9 мың км дейін, ал су көлемін 34 млрд м дейін ұлғайту көзделіп отыр. Аралдың құрғаған түбіндегі орман мелиорациялық жұмыстардың ауданы 1,1 млн гектарға жетті Теңіздің құрғаған түбіне 3,4 мың тонна сексеуіл тұқымы мен галофитті өсімдіктер егілді, 56,2 млн сексеуіл көшеті отырғызылды. Орман мелиорациялық жұмыстардың жалпы көлемі 1,1 млн гектарға жетті. Көшет материалын өсіру үшін жылына 3 млн көшет өндіруге қауқарлы, аумағы 33 гектар орман тәлімбағының құрылысы аяқталды. Қазақстан Каспийді сақтау бойынша мемлекетаралық ынтымақтастықты күшейтуде Қазақстан Каспий маңы мемлекеттерімен бірлескен тәсілдерді ілгерілетіп, ғылыми ынтымақтастықты дамытып, бейінді ғылыми-зерттеу институтын құруды жоспарлауда. Теңіз деңгейін тұрақтандыру, биоалуантүрлілікті сақтау, ластанудың алдын алу және мониторинг жүйесін жетілдіру шаралары басты назарда. Каспий теңізінің тайыздану салдарын бағалау үшін ғылыми деректер мен цифрлық құралдар қолданылады Жоғары деңгейдегі диалог аясында «Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі жағдайында орнықтылықты арттыру» жобасы іске қосылды. Сонымен қатар БҰҰ Даму бағдарламасымен және халықаралық серіктестермен бірлесіп теңіз және жағалау ресурстарын басқару, пластик қалдықтармен ластануын азайту және биоалуантүрлілікті, оның ішінде Каспий итбалығын сақтау бағыттарында жобалар әзірленуде. Қазақстан трансшекаралық су ресурстары бойынша ынтымақтастықты күшейтуде Қазақстан барлық көршілес мемлекеттермен трансшекаралық су ресурстары саласындағы құқықтық базаны қалыптастыруды аяқтады. Былтыр он жылға созылған келіссөздердің қорытындысы бойынша Өзбекстанмен трансшекаралық су нысандарын бірлесіп басқару туралы келісімге қол қойылды. Сырдария өзеніндегі су қоймаларының жұмыс режимдерін келісу Солтүстік Аралға, тіпті суы аз кезеңдерде де, судың тұрақты келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Арал бойынша жұмыстар теңізді қалпына келтіруге және шөлейттенуге қарсы күреске, Каспий бойынша ғылыми мониторинг жүргізуге, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және экожүйені сақтауға бағытталған.

Ядролық реактордың ішіндегі су неге қайнамайды?

06.10.2026

Азбергенов Мәди, «Балқаш» жобасы энергетика тобының жетекші инженері Қазақстанда атом энергетикасы туралы сөз соңғы уақытта жиі айтылып жүр. Технологиялар, болашақ атом электр

станцияларының қауіпсіздігі, мамандар даярлау және электр энергиясын өндіру процесінің өзі қалай ұйымдастырылғаны талқылануда. Сонымен бірге, мамандар үшін қарапайым әрі базалық болып көрінетін көптеген процестер халықтың басым бөлігі үшін әлі де түсініксіз болып қала береді. Осындай сұрақтардың бірі өте қарапайым естіледі: егер ядролық реактордың ішіндегі су 330 градусқа жуық температураға дейін қызса, ол неге қайнамайды? Жауабы қысыммен байланысты. Біз судың 100 Цельсий градусында қайнауына үйренгенбіз, бірақ бұл тек атмосфералық қысымда ғана дұрыс. Қысым жоғарылаған сайын судың қайнау температурасы да артады. Дәл осы қағида қарапайым скороваркада (қысымды қазанда) қолданылады: оның ішіндегі қысым атмосфералық қысымнан жоғары, сондықтан су толықтай буға айналмай, 100 градустан жоғары температураға дейін қыза алады. ВВЭР типті реакторларда бұл қағиданың принципиалды маңызы бар. Мысалы, ВВЭР-1200 реакторлық қондырғысында бірінші контурдағы қысым шамамен 16,2 МПа құрайды, ал жылу тасымалдағыштың температурасы 328,8 Цельсий градусына дейін жетуі мүмкін. Мұндай параметрлерде су сұйық күйде қалады, өйткені берілген қысымдағы судың қайнау температурасы оның жұмыс температурасынан жоғары. Мұнда бұл сумен не болатынын түсініп алу маңызды. Бірінші контурдағы су жылу тасымалдағыш рөлін атқарады: реактордың белсенді аймағы арқылы өтіп, ол ядролық отыннан жылуды алып кетеді. Қызған су бу генераторына түседі, содан кейін жылуды берген соң қайтадан реакторға оралады. Айналым сорғылардың көмегімен жабық контур бойымен жүзеге асырылады. Ал егер реактордағы су қайнамаса, онда турбинаны айналдырып, соңында электр энергиясын өндіруге мүмкіндік беретін бу қайдан алынады? Бу екінші контурда түзіледі. Бу генераторында бірінші контурдың ыстық суы арнайы түтіктердің ішімен өтіп, олардың металл қабырғалары арқылы екінші контурдағы суға жылу береді. Бұл ретте екі ағын бір-бірімен араласпайды. Екінші контурдағы қысым төменірек, сондықтан су төменгі температурада қайнап, буға айналады. Бұл бу турбинаға бағытталып, оны айналысқа келтіреді, ал турбина электр генераторын іске қосады. Осылайша, реактор мен электр энергиясы арасында түрленулердің тұтас тізбегі бар: ядролық отын жылу бөледі, бірінші контурдағы су оны белсенді аймақтан алып кетеді, бу генераторында бұл жылу екінші контурдың суына беріледі, түзілген бу турбинаны айналдырады, ал генератор электр энергиясын өндіреді. Бірінші контурда жоғары қысымды ұстап тұруға қысым компенсаторы көмектеседі. Ол жылу тасымалдағыштың температурасы мен көлемі өзгерген кезде қысымды реттеп отырады. Бұл үшін электр жылытқыштары мен су бүрку жүйесі қолданылады. Демек, ядролық реактордың судың жай ғана «атом энергиясынан қайнайтын» орны ретіндегі әдеттегі идеясы толығымен дұрыс емес екені белгілі болды. Реакторда, керісінше, ядролық отыннан жылуды тиімді алып кету үшін бірінші контурдағы су сұйық күйде қалуы тиіс. Ал судың буға айналуы басқа контурда, яғни жылуды турбинаға беру кезеңінде жүреді. Айтуға қарапайым болып көрінетін мұндай сұрақтар атом станциясының жұмысы қалай ұйымдастырылғанын түсінуге көмектеседі. «Реактор», «жылу тасымалдағыш», «бу генераторы» және «турбина» сөздерінің артында әрбір элемент өз міндетін атқаратын жүйелі құрылым тұр. Ал процестің негізі — күнделікті өмірге мүлдем ұқсамайтын температуралар мен қысымдарда жұмыс істейтін қарапайым физика заңдары.



Қазақстан банк секторының 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жай-күйі туралы

06.10.2026

2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында екінші деңгейдегі 23 банк, оның ішінде 10 еншілес банк, сондай-ақ 100% мемлекет қатысатын 1 банк бар. Банк секторының активтері ағымдағы жылғы тамызда негізінен несие портфелінің 2,8%-ға 46,3 трлн теңгеге дейін ұлғаюы есебінен 0,1%-ға ұлғайып (2026 жылдың басынан бері 6,9%-ға өсті), 75,7 трлн теңгені құрады. Екінші деңгейдегі банктердің өтімділігі жоғары активтері 23,2 трлн теңгені немесе активтердің 30,6%-ын құрады, бұл банктерге өз міндеттемелеріне толық көлемде қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Экономикаға екінші деңгейдегі банктер берген кредиттер портфелі 2026 жылғы тамызда бизнеске берілген кредиттердің өсуі есебінен 1,7% ға ұлғайып, 42,8 трлн теңгені құрады (2026 жылдың басынан бері 6,5%-ға өсті). Ұлттық валютадағы кредиттер 1,3%-ға 38,4 трлн теңгеге дейін ұлғайды, шетел валютасындағы кредиттер 4,5%-ға 4,4 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Нәтижесінде теңгемен берілген кредиттердің үлес салмағы 2026 жылғы 1 қыркүйекте 89,7%-ды құрап, 0,3 п.т.-ға азайды. Екінші деңгейдегі банктердің жаңа кредиттер беру көлемі 2026 жылғы тамызда 3,8 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылғы тамыз айына қарағанда 9,6%-ға көп. Бизнес субъектілеріне кредиттер портфелі 2026 жылғы тамызда бизнес субъектілерінің барлық санаттары бойынша қарыздар портфельдерінің өсуі есебінен 2,3%-ға 16,4 трлн теңгеге дейін ұлғайды (2026 жылдың басынан бері 5,9%-ға ұлғайды). ШОБ субъектілеріне қарыздар портфелі 2,6%-ға 7,9 трлн теңгеге дейін (2026 жылдың басынан бері 15,9%-ға өсті), ірі бизнеске — 2,7%-ға 5,1 трлн теңгеге дейін (2026 жылдың басынан бері 7,9%-ға азайды), дара кәсіпкерлерге — 1,1%-ға 3,4 трлн теңгеге дейін (2026 жылдың басынан бері 8,7%-ға өсті) ұлғайды. 2026 жылғы тамызда көлік пен жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларды қоспағанда, экономиканың барлық негізгі салаларында қарыздар портфелінің өсуі байқалады (тиісінше 0,7%-ға және 1,8%-ға азайды). Өнеркәсіпте кредиттер портфелі 2,8%-ға 5 436 млрд теңгеге дейін, саудада — 2,2%-ға 4 205 млрд теңгеге дейін, ауыл шаруашылығында — 3,2%-ға 530 млрд теңгеге дейін, құрылыста — 5,4%-ға 948 млрд теңгеге дейін, байланыс және ақпарат саласында — 4,3%-ға 306 млрд теңгеге дейін, өзге де қызметтерде — 2,8%-ға 3 011 млрд теңгеге дейін ұлғайды. 2026 жылғы тамызда бизнес субъектілеріне 2,1 трлн теңге сомасына жаңа қарыздар берілді, бұл негізінен ШОБ субъектілеріне жаңа қарыздар беруді 47,3%-ға және ірі бизнеске жаңа қарыздар беруді 21,0%-ға ұлғайту нәтижесінде 2025 жылғы тамызбен салыстырғанда 26,2%-ға артық. Халыққа берілген кредиттер портфелі 2026 жылғы тамызда 1,2%-ға 26,5 трлн теңгеге дейін ұлғайды (2026 жылдың басынан бері 6,9%-ға өсті), оның ішінде тұтынушылық қарыздар 1,2%-ға 17,6 трлн теңгеге дейін (2026 жылдың басынан бері 5,9%-ға өсті), ипотекалық қарыздар — 1,6%-ға 7,8 трлн теңгеге дейін ұлғайды (2026 жылдың басынан бері 11,5%-ға өсті). 2026 жылғы тамызда бизнес субъектілеріне ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі негізінен ШОБ субъектілеріне берілген кредиттер бойынша мөлшерлеменің 19,7%-ға дейін 0,5 п.т.-ға азаюы есебінен 0,2 п.т.-ға 21,3%-ға дейін азайды. Халыққа ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі ипотекалық қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің 10,7%-ға дейін 0,3п.т.-ға ұлғаюы аясында 20,6%-ға дейін 0,3 п.т.-ға ұлғайды. 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша банк секторында 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың деңгейі (NPL90+) 1,9 трлн теңгені құрап, 0,1 п.т.-ға 4,0%-ға дейін азайды. Халыққа берілген кредиттер портфеліндегі мерзімі өткен берешегі бар қарыздар деңгейі 2026 жылғы 1 қыркүйекте 4,6%-ды немесе 1,2 трлн теңгені құрады. Бизнес субъектілеріне берілген кредиттер портфеліндегі NPL90+ қарыздарының деңгейі өткен айдың деңгейінде сақталып, 3,9%-ды немесе 636 млрд теңгені құрады. 90 күннен астам мерзімі өткен кредиттерді провизиялармен жабу деңгейі 60,3%-ды (01.08.2026ж. — 60,4%) құрады. Банк секторының міндеттемелері 2026 жылғы тамызда жеке тұлғалар салымдарының 0,4%-ға ұлғаюы есебінен 0,2%-ға 64,4 трлн теңгеге дейін ұлғайды (2026 жылдың басынан бері 7,0%-ға өсті). Банк секторы міндеттемелерінің құрылымындағы негізгі үлесті - 79,2%-ды немесе 51,0 трлн теңгені құрайтын клиенттердің салымдары алады. Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттері 2026 жылғы тамызда шетел валютадағы депозиттердің азаюы есебінен 1,5%-ға 50,2 трлн теңгеге дейін азайды (2026 жылдың басынан бері 4,5%-ға өсті). Заңды тұлғалардың депозиттері 3,9%-ға 21,6 трлн теңгеге дейін азайды, жеке тұлғалардың депозиттері 0,1%-ға 28,5 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Ұлттық валютадағы депозиттер өткен аймен салыстырғанда 0,5%-ға 41,0 трлн теңгеге дейін азайды. Шетел валютасындағы депозиттер теңгенің АҚШ долларына қатысты 2,4%-ға нығаюы аясында қайта бағалау нәтижесінде бір айда 5,6%-ға 9,2 трлн теңгеге дейін азайды. Нәтижесінде 2026 жылғы 1 қыркүйекте долларлану деңгейі 18,3%-ға дейін азайды (2026 жылғы шілдеде — 19,1%). Банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2026 жылғы тамызда 2026 жылғы шілдедегі 15,9%-дан 15,7%-ға дейін төмендеді, жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 0,1 п.т.-ға азайып, 14,6%-ды құрады. 2026 жылғы тамызда банктердің меншікті капиталы резервтік капитал мен қайта бағалау резервтерінің азаюы есебінен 0,7%-ға 11,3 трлн теңгеге дейін азайды (2026 жылдың басынан бері 6,8%-ға өсті). 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша негізгі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (к1) 19,5%-ды, меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (к2) 20,2%-ды құрады, бұл белгіленгеннормативтерден едәуір асып түседі және банк секторындағы әлеуетті тәуекелдерді жабуды қамтамасыз етеді. 2026 жылдың басынан бері банктердің таза пайдасы 1 610 млрд теңгені құрады, бұл 2025 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда 13,6%-ға аз. Банк активтерінің рентабельділігі (ROA) 2026 жылғы 1 қыркүйекте 3,5%-ды (2026 жылғы 1 тамызда — 3,5%), капиталдың рентабельділігі (ROE) — 22,9%-ды (2026 жылғы 1 тамызда — 23,2%) құрады.

Сыртқы коммуникациялар басқармасы
press@finreg.kz

Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жай-күйі туралы

06.10.2026

2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 50,2 трлн теңгені құрады, ол 2026 жылғы тамызда негізінен «Kaspi.kz» АҚ-тың (+16,0%) және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың (+8,5%) KASE индексінің өкілдік тізіміне кіретін акциялар бағасының өсуі есебінен 5,3%-ға ұлғайды (2026 жылдың басынан бастап 28,8%-ға өсті). 2026 жылғы тамызда акциялармен сауда-саттық көлемі 24,3 млрд теңгені құрады, бір айда негізінен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Kaspi.kz» АҚ, «KEGOC» АҚ, Freedom Holding Corp., «Кселл» АҚ және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акцияларымен сауда-саттық көлемінің өсуі есебінен 22,6%-ға ұлғайды. 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (бұдан әрі — KASE) сауда тізімдерінде 72 қазақстандық эмитенттің 85 атауының акциялары болды, оның ішінде 2 эмитенттің 2 атауының акциялары «Листингтік емес бағалы қағаздар» секторында айналысқа жіберілді. 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша KASE индексі 4,0%-ға 8 121,46 тармаққа дейін ұлғайды (2026 жылдың басынан бастап 15,5%-ға өсті). 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша «KASE Global» секторында 71 шетелдік эмитенттің 52 атаудағы акциялары, 3 ADR және 25 ETF болды. «KASE Global» секторындағы сауда-саттық көлемі 2026 жылғы тамызда 32,2 млрд теңгені құрап, бір айда негізінен ProShares Trust, Space Exploration Technologies Corp., SPDR Gold Trust, NVIDIA Corp., VANECK ETF TRUST, SALESFORCE.COM Inc, Moderna, Micron Technology, Inc. акцияларымен сауда-саттық көлемінің өсуі есебінен 20,6%-ға ұлғайды. KASE-де саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 2026 жылғы тамызда 0,6%-ға азайып, 16,7 трлн теңгені құрады (2026 жылдың басынан бастап 2,7%-ға өсті).

KASE-дегі корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі алдыңғы аймен салыстырғанда негізінен бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемінің төмендеуі есебінен 2026 жылғы тамызда 76,0%-ға 312,4 млрд теңгеге дейін азайды. 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша KASE сауда тізімдерінде 174 эмитенттің 808 корпоративтік облигациялар шығарылымы болды. KASE-де саудаланатын мемлекеттік борыш 2026 жылғы тамызда 0,8%-ға ұлғайып, 36,7 трлн теңгені құрады (2026 жылдың басынан бастап 15,1%-ға өсті). 2026 жылғы тамыз айының қорытындысы бойынша KASE-де мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттықтың жиынтық көлемі 16,4%-ға ұлғайып, 1,2 трлн теңгені құрады. МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 7,7%-ға 0,9 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Оның ішінде өтеуге кірістілігі 14,00 — 18,30% болатын 10 облигациялар шығарылымын орналастырып, ҚР Қаржы министрлігі 780,3 млрд теңге тартты, он алты облыстың және Шымкент қаласының әкімдіктері мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде 114,7 млрд теңге тартты. Ұжымдық инвестициялау нарығында 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 55 инвестициялық пай қоры, оның ішінде 24 аралық, 27 жабық, 2 ашық және 2 биржалық пай қоры жұмыс істеді. Инвестициялық пай қорлары активтерінің көлемі 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 302,5 млрд теңгені құрады, ол 2026 жылғы тамызда негізінен бағалы қағаздар портфелін теріс қайта бағалау есебінен 3,7%-ға азайды. 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша бағалы қағаздар портфелі 251,8 млрд теңгені немесе инвестициялық пай қорларының жиынтық активтерінің 83,3%-ын құрады. 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша бағалы қағаздар нарығының институционалдық құрылымына 44 брокер мен дилер, 11 кастодиан-банк, 22 инвестициялық портфельді басқарушы, 6 трансфер-агент, сондай-ақ 3 инфрақұрылымдық ұйым: KASE, KASE Клиринг орталығы және Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі кірді. 2026 жылғы тамызда Орталық депозитарийдің номиналды ұстау жүйесіндегі шоттардың саны 1,8%-ға 5 850,1 мың шотқа дейін ұлғайды, оның ішінде: - депоненттер клиенттерінің қосалқы шоттарының саны 700,6 мың қосалқы шотқа дейін 0,2%-ға ұлғайды (2026 жылдың басынан бастап 0,3%-ға өсті); - брокерлер ашқан және жинақталған омнибус-шоттар арқылы есепке алынатын дербес шоттардың саны 5 149,5 мың шотқа дейін 2,0%-ға ұлғайды (2026 жылдың басынан бері 18,0%-ға ұлғайды). Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың жиынтық активтері 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша негізінен «кері РЕПО» операцияларының, сондай-ақ ақша қаражаты мен олардың баламаларының өсуі есебінен 1,8%-ға 657,3 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2026 жылдың басынан бастап 9,5%-ға өсті). Міндеттемелер негізінен жекелеген қатысушылардың алынған қарыздар бойынша міндеттемелерінің азаюы есебінен 0,5%-ға 174,3 млрд теңгеге дейін азайды (2026 жылдың басынан бері 19,5%-ға өсті). Меншікті капитал негізінен есепті кезеңдегі бөлінбеген пайданың ұлғаюы нәтижесінде 2,6%-ға 483,0 млрд теңгеге дейін ұлғайды (жылдың басынан бастап 6,3%-ға өсті). Сыртқы коммуникациялар басқармасы press@finreg.kz

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы Дмитрий Малахов азаматтарды кезекті жеке қабылдауды офлайн және онлайн форматтарда өткізді

07.10.2026

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы Дмитрий Малахов азаматтарды кезекті жеке қабылдауды офлайн және онлайн форматтарда өткізді. Іс-шара «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында өтіп, оның негізгі мақсаты мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және оларға деген сенімді нығайту болып табылады. Қабылдау барысында азаматтардың өтініштері бойынша жан-жақты түсіндірмелер беріліп, судьялардың тәуелсіздігінің конституциялық қағидатының негізгі аспектілері түсіндірілді. Бұл ретте Кеңестің өз құзыреті шеңберінде ғана әрекет ететініне, сот төрелігін жүзеге асыру процесіне араласпайтынына және қызметтік тексерулер жүргізбейтініне ерекше назар аударылды. Азаматтармен жұмыс істеумен қатар, судьялар корпусымен өзара іс-қимылға да ерекше назар аударылды. Судьялық қызметтен өз еркімен немесе басқа жұмысқа ауысуына байланысты кетуге ниет білдірген судьялармен жеке кездесулер өткізу жөніндегі жаңа практика енгізілді. Мұндай кездесулер барысында қабылданған шешімдердің себептері анықталып, конкурстық рәсімдерден өту тәртібі мен судьялардың мансаптық мүмкіндіктері түсіндіріледі. Нәтижесінде соңғы екі жылда аудандық соттардың шамамен 20 судьясы қызметтен кету туралы өтініштерін кері қайтарып алды. Тікелей диалог пен тұрақты кері байланыс Кеңеске келіп түсетін мәселелерді жан-жақты зерделеп қана қоймай, өз қызметін одан әрі жетілдіруді талап ететін проблемалық аспектілерді уақтылы анықтауға мүмкіндік береді.



Оралда мас жүргізуші бір түнде 6 рет жол ережесін бұзған

06.10.2026

БҚО-да бір күнде 6 құқық бұзушылық жасаған мас жүргізуші ұсталды. 3 қазанға қараған түні БҚО ПД патрульдік полиция батальонының қызметкерлері Орал қаласындағы Төле би көшесінде патрульдеу кезінде Hyundai Tucson автокөлігін басқарған жүргізушінің көлік жүргізу мәнеріне күмәнданып, оны тоқтату туралы белгі берген. Алайда жүргізуші полиция қызметкерлерінің заңды талабына бағынбай, жылдамдығын арттырып, қашуға тырысқан. Полиция қызметкерлері дереу тоқтатып, оның жеке басын анықтады. Көлік тізгінінде 37 жастағы жергілікті тұрғын болған. Медициналық куәландыру қорытындысына сәйкес жүргізушінің алкогольдік масаң күйде болғаны анықталды. Аталған жүргізуші бір күнде полиция қызметкерінің заңды талабына бағынбау, жол белгісінің талабын бұзу, бағдаршамның тыйым салынған сигналына екі рет өту, қарсы бағыттағы жолаққа шығу және мас күйінде көлік басқару секілді 6 құқық бұзушылық жасаған. Осылайша полиция қызметкерлері құқық бұзушыны дер кезінде тоқтатып, мас күйінде көлік басқару салдарынан туындауы мүмкін жол-көлік оқиғасының және өзге де ауыр зардаптардың алдын алды. Көлік арнайы тұраққа қойылды. Сот шешімімен кінәлі адамға 18 тәулікке әкімшілік қамаққа алу және 7 жыл 6 ай мерзімге көлік басқару құқығынан айыру жазасы тағайындалды.

Қызылордада медицина саласында бірлесіп орындаушыларға заңсыз аударылған қаржы кері қайтарылды

06.10.2026

Қызылорда облысының прокуратурасы «Әлеуметтік медициналықсақтандыру қоры» КЕАҚ облыстық филиалында Қор қаражатының игерілузаңдылығына талдау жүргізді. Талдау барысында мемлекеттік медициналық ұйымдардың жекемедициналық ұйымдарға — бірлесіп орындаушыларға шартта белгіленген сомадан артық төлем жасағаны анықталды. Атап айтқанда, «Жаңақорған орталық аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК ЖШС-ке 2023 жылы 33,1 млн теңге, 2024 жылы 6,6 млн теңге, ал «Арал орталық аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК 2023 жылы 13,8 млн теңге, 2024 жылы 18,6 млн теңге артық қаражат аударған. Осылайша, бірлесіп орындаушыға жалпы 73 млн теңге негізсіз төлем жасалған. Прокуратураның ұсынысы негізінде заң бұзушылықтар жойылып, жауапты лауазымды тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Сот шешімдерімен 73 млн теңге толық көлемде өндірілді. Мемлекеттік медициналық ұйымдардың бірлесіп орындаушыларғақаражат аудару заңдылығы Қызылорда облысының прокуратурасының бақылауында.

АСҚАРБЕК ЕРТАЕВ JOLTAP ЖОБАСЫН ӨҢІРЛЕРГЕ КЕҢЕЙТУ ТӘЖІРИБЕСІН ЗЕРДЕЛЕДІ

07.10.2026

Министр труда и социальной защиты населения РК Аскарбек Ертаев посетил социальный проект JOLTAP в Астане, где ознакомился с организацией краткосрочного обучения, востребованными направлениями подготовки и механизмами содействия занятости выпускников. Опыт проекта рассматривается в рамках подготовки предложений по его возможному масштабированию в другие регионы страны. В ходе визита министру представили учебные классы и мастерские, а также показали, как проходят практические занятия по рабочим и цифровым направлениям. Аскарбек Ертаев пообщался с участниками проекта и выпускниками, отметив, что ключевым результатом обучения должна становиться возможность человека применить полученные навыки на практике, трудоустроиться или начать самостоятельно получать доход. «Проект JOLTAP демонстрирует хороший результат. За короткий срок человек осваивает востребованные навыки и получает возможность выйти на рынок труда. Здесь обучение связано с потребностями работодателей и дальнейшей занятостью выпускников. Наша задача — изучить этот опыт и сделать такие возможности доступными для жителей всех регионов», — отметил Аскарбек Ертаев. Представители JOLTAP рассказали о подходах к формированию образовательных программ. Курсы разрабатываются с учётом потребностей местного бизнеса и запросов предприятий в кадрах. Обучение является бесплатным, продолжается от 5 до 22 дней и проводится на оборудованных площадках. Значительная часть занятий носит практический характер: около 80% обучения составляет практика на производстве, при этом участникам предоставляются необходимые расходные материалы. За время реализации проекта запущено 30 курсов, в том числе 19 по рабочим и 11 по цифровым направлениям. В 2026 году обучение проводится по 18 специальностям. Среди них — швея, модельер-конструктор, оператор швейного производства, электрогазосварщик, электромонтажник, пекарь, а также направления в сфере графического дизайна, продвижения и применения цифровых инструментов в бизнесе. Руководитель социального проекта JOLTAP, внештатный советник акима Астаны Дана Жунусова отметила, что для выхода на устойчивую занятость человеку нередко требуется комплекс взаимосвязанных навыков. «К примеру, будущей швее важно научиться кроить, моделировать и шить. Если она хочет продавать свои изделия, ей понадобятся и другие знания: как представить товар в социальных сетях, работать с маркетплейсами, вести учёт и разбираться в налогах. Поэтому мы помогаем участникам последовательно проходить нужные курсы и выстраивать свой путь от обучения к работе или собственному делу», — рассказала Дана Жунусова. На сегодняшний день краткосрочное обучение в рамках JOLTAP прошли 22,3 тыс. человек. Согласно данным проекта, 60% выпускников трудоустроились, ещё 23% работают на фрилансе. Более 2 тыс. участников открыли собственное дело и создали новые рабочие места. Среди выпускников проекта — Айгерим Момышева, которая сначала прошла обучение по швейному делу, а затем освоила дополнительные направления. «Я начинала с желания научиться шить, а потом поняла, что мне нужны и другие навыки. Сегодня я сама придумываю и создаю игрушки, продаю их через маркетплейсы. А теперь могу делиться опытом с теми, кто только приходит в проект», — рассказала Айгерим Мошева. В JOLTAP предусмотрено сопровождение участников и после завершения обучения. В частности, для выпускников и других

соискателей создана платформа по поиску работы JUMYSTAP. Сегодня на ней зарегистрировано более 42 тыс. пользователей, в том числе 5,3 тыс. работодателей. На платформе размещено свыше 6,5 тыс. объявлений о вакансиях. Дополнительным элементом проекта стали профессиональные сообщества выпускников, где участники обмениваются опытом, устанавливают профессиональные контакты и находят возможности для совместной работы и выполнения заказов. В ходе посещения министр ознакомился со всей моделью проекта — от определения востребованных навыков и формирования образовательных программ совместно с бизнесом до практической подготовки и дальнейшего сопровождения выпускников. По итогам изучения опыта JOLTAP Министерство труда и социальной защиты населения РК подготовит предложения по возможному масштабированию проекта с учётом особенностей и кадровых потребностей каждого региона. Основной акцент при этом будет сделан на практической востребованности обучения и его связи с реальной занятостью: получение новой профессии или навыка должно создавать для человека конкретную возможность найти работу, повысить доход или реализовать собственный предпринимательский проект.



Елордалық ұстаздар «Құрмет» орденімен марапатталды

06.10.2026

Ұстаздар күні қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әр өңірінен келген педагогтермен кездесіп, білім саласының үздік өкілдеріне мемлекеттік наградалар табыстады, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты. Марапатталғандардың қатарында Астана қаласының екі педагогі бар. Елорда білім саласына ұзақ жылдар бойы еңбегі сіңген Гүлбану Қайсаева мен Ұлжан Рахмедьянова «Құрмет» орденімен марапатталды. Гүлбану Закариянқызы — білім беру саласында 35 жыл еңбек еткен, бүгінде зейнет демалысындағы ардагер ұстаз. Ол саналы ғұмырын жас ұрпаққа сапалы білім мен тағылымды тәрбие беруге арнады. Ал Ұлжан Әшімқызы — Астана қаласы әкімдігінің «№46 балабақша-мектеп-гимназия» кешенінің директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары, неміс тілі пәнінің мұғалімі. Оның жалпы еңбек өтілі — 44 жыл, білім беру саласындағы еңбек өтілі де — 44 жыл. Осы ұжымдағы еңбек жолы 21 жылды құрайды. Мемлекеттік награда — педагогтердің көп жылғы еңбегіне берілген жоғары баға. Бұл марапат елорда ұстаздарының кәсіби білімі мен ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесінің мемлекет тарапынан жоғары бағаланатынын көрсетеді.

Маңғыстау облыстық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының шығып қалған мүшелерінің орнына сайлау өткізу туралы ХАБАРЛАМА

06.10.2026

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі — Сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихаты № 6, № 7, № 14 округтік сайлау комиссияларының шығып қалған мүшелерінің орнына сайлау өтетіні туралы хабарлайды. Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураны ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды. Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және қалыптасушы комиссияларға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2026 жылдың 7-21 қазан (қоса алғанда) аралығында мәслихатқа құжаттарды тапсырады: 1) белгіленген нысан бойынша сайлау комиссиясының құрамына кандидатура туралы электрондық және қағаз форматтағы мәліметтер; 2) округтік сайлау комиссиясының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімі, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме; 3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі; 4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісім беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініші. Округтік сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Округтік сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс. Округтік сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі сол ұйымның қызметкерлері болмауға тиіс. Округтік сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөр басылуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Округтік сайлау комиссиясының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2026 жылдың 7-21 қазан (қоса алғанда) аралығында дүйсенбі - жұма күндері 09:00-18:00 сағат аралығында жүргізіледі, үзіліс сағат 12:30-ден 14:00-ге дейін. Белгіленген мерзімнен кейін түскен құжаттар қаралмайды. Мәслихаттың орналасқан жері: Ақтау қаласы, 14 ш/а, № 1 ғимарат блок 2, каб. № 407, қызметтік телефон (87292), 46-26-03 (1263), электрондық пошта мекенжайы: al.khudaibergenova@mangystau.gov.kz Маңғыстау облыстық мәслихаты № р/н Сайлау округінің нөмірі Сайлау комиссиясының орналасқан жері Сайлау комиссиясындағы бос орындардың саны 1. № 7 Жаңаөзен қаласы 1 2. № 6 Жаңаөзен қаласы 1 3. № 14 Мұнайлы ауданы 1 Маңғыстау облыстық мәслихатының төрағасы Ж. Матаев

Алматы метрополитенінде сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша үшжақты келісім жасалды

06.10.2026

Алматы қаласының сейсмикалық қауіпсіздігін арттыру және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында «Метрополитен» КМК базасында жұмыс кездесуі өтті. Жиынға қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің, «Сейсмологиялық байқау және зерттеулер ұлттық ғылыми орталығы» ЖШС мен «Метрополитен» КМК өкілдері қатысты. Кездесуде қаланың сейсмикалық жағдайы, метро нысандарының қауіпсіздігі, қауіп-қатерлердің алдын алу және төтенше оқиғаларға жедел ден қою мәселелері талқыланды. Сондай-ақ тараптар ақпарат алмасуды жеделдетуді, іс-қимыл алгоритмдерін жетілдіруді және бірлескен іс-шаралар ұйымдастыруды қарастырды. Кездесу қорытындысы бойынша аталған үш ұйым арасында ынтымақтастық туралы үшжақты келісімге қол қойылды. Тараптар бұл құжат өзара іс-қимылды жүйелеп, төтенше жағдайларға дайындық деңгейін арттыратынын, сондай-ақ ықтимал салдарды барынша азайтуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Аталған бастама қала тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді жұмыстардың маңызды бөлігі саналады.



Хабарландыру

06.10.2026

2026 жылдың 1 қазанынан 1 қарашасына (қоса алғанда) дейін ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 30 «Қазақстан Республикасына еттің кейбір түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталардың көлемдерін сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар арасында бөлу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес қайта өңдеушілерге 2027 жылға сиыр етін әкелуге бөлінген 9 240 тонна тарифтік квота көлемін бөлуге қатысу үшін өтінімдер қабылдаудың басталғанын жариялайды. Тарифтік квоталар көлемдерін бөлуге қатысу үшін қажетті құжаттар: - сиыр еті бойынша тарифтік квоталардың қажет етілетін көлемін көрсете отырып, сондай-ақ дайын тауардың әрбір түрі бойынша дайын өнімді өндіру кезінде пайдаланылған шикізат көлемінде сиыр етінің үлесін көрсете отырып жоғырыда көрсетілген Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінім; - кәсіпорынның (дара кәсіпкерлер үшін — өнеркәсіптік өнім өндіріс (дайындау) объектісінің есеп нөмірін тіркеу туралы (растау) анықтамасы) алдыңғы толық жыл үшін құжатты қабылдау туралы статистика органының белгісімен өнімді өндіру және жөнелту туралы статистика органдарына есебінің нотариатта куәландырылған көшірмесі (не салыстырып тексеру үшін құжаттың түпнұсқасын міндетті түрде ұсынған кезде көшірмені). Өтінімдерді мемлекеттік және орыс тілдерінде келесі электрондық мекенжайға жіберуді сұраймыз: office@minagri.gov.kz Қосымша сұрақтар бойынша, сондай-ақ өтінімнің электрондық мекенжайға жіберілгенін растау үшін келесі телефон нөмірлері арқылы хабарласуыңызды сұраймыз: +7 (7172) 555-821, 555-795, 555-869, 555-914, 555-869, 555-763.

ЭЫДҰ: Қазақстан ұлттық статистиканы дамытуда айтарлықтай ілгеріледі

06.10.2026

Қазақстан Республикасы Президентінің Кеңесшісі - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Төрағасы Әсет Ерғалиев Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Бас статистигі, Статистика және деректер директоратының басшысы Стив Макфилимен және Қазақстан бойынша шолу жөніндегі сарапшылар тобының жетекшісі Жюльен Дюпонмен кездесу өткізді.Тараптар ЭЫДҰ биыл аяқтаған Қазақстанның ұлттық статистикалық жүйесіне шолу нәтижелерін және ынтымақтастықтың алдағы бағыттарын талқылады.Шолу барысында Қазақстанның ұлттық статистикалық жүйесінің ЭЫДҰ Кеңесінің тиісті статистикалық практика жөніндегі ұсынымына сәйкестігі бағаланды. Шолу қорытындысы бойынша ЭЫДҰ Қазақстанның айтарлықтай ілгерілегенін атап өтті: қарастырылған бағыттардың басым бөлігі бойынша ресми статистика Ұйымның озық практикаларына толық сәйкестікке жақын.Құқықтық және институционалдық негіздің дамуы, деректер сапасын басқару тетіктері, халықаралық стандарттарды енгізу, статистикалық тіркелімдерді цифрландыру, сондай-ақ әкімшілік және баламалы деректер көздерін пайдалану оң бағаланды. Еңбек нарығы, сыртқы сауда, төлем балансы статистикасы және халықтың әл-ауқатын өлшеу салаларындағы ілгерілеу ерекше атап өтілді.«Шолудың аяқталуы — алға жасалған елеулі қадам. Біз ЭЫДҰ-мен ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге, оның ішінде статистикалық жүйені дамыту саласында ғана емес, реформалардың басқа да бағыттары бойынша жаңа бірлескен бастамаларды іске асыруға мүдделіміз», — деп атап өтті Әсет Ерғалиев.Кездесу барысында Қазақстанның ЭЫДҰ-ның Статистика және статистикалық саясат комитетінің қауымдастырылған мүшесі мәртебесін алуға берген

өтінімі де талқыланды. ЭЫДҰ өкілдері, оның ішінде Комитет пен бейінді жұмыс топтары шеңберінде өзара іс-қимылды жалғастыруға дайын екенін білдірді.Халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын өлшеу мәселелері бойынша ЭЫДҰ-ның WISE орталығымен ынтымақтастық перспективалы бағыт ретінде айқындалды.2026 жылдың соңына дейін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы ЭЫДҰ ұсынымдарын іске асырудың орта мерзімді жоспарын әзірлейді. Жоспарда өзара іс-қимылдың алдағы бағыттары да егжей-тегжейлі айқындалады.

Астанада есірткінің алдын алуға бағытталған волонтерлік жобалар байқауы өтіп жатыр

06.10.2026

Астанада есірткіге тәуелділіктің алдын алуға және жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған «Еріктілер есірткіге қарсы» волонтерлік жобалар мен әлеуметтік бастамалар байқауы өтіп жатыр, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты. Байқауға белсенді волонтерлер, волонтерлік жасақтардың көшбасшылары және есірткіге тәуелділіктің алдын алу, психобелсенді заттардың таралуын азайту бағытында әлеуметтік жобалар ұсынғысы келетін қала тұрғындары қатыса алады. Қатысушылар жеке автор ретінде немесе волонтерлік топ не жасақ құрамында өтінім бере алады. Байқауға 14 жастан бастап Астана қаласының тұрғындары қатысады. 14-18 жас аралығындағы қатысушылар үшін заңды өкілінің жазбаша келісімі қажет. Жоба ұсынысында оның атауы, өзектілігі мен шешілуі тиіс мәселенің негіздемесі, мақсатты аудиториясы, іске асыру тетігі мен кезеңдері көрсетілуі қажет. Сонымен қатар күтілетін нәтиже, өлшенетін көрсеткіштер және жобаны іске асыруға қажетті ресурстар қамтылуы тиіс.Жобаның мақсатты аудиториясы ретінде мектеп оқушылары, студенттер және тәуекел топтары қарастырылуы мүмкін. Нәтижелілікті бағалау үшін жобаның қамту көрсеткіші, өткізілген дәрістер саны, жойылған граффити-сілтемелер секілді нақты көрсеткіштер ұсынылуы керек. Байқаудың жүлде қоры: • 1-орын — 150 мың теңге; • 2-орын — 100 мың теңге; • 3-орын — 50 мың теңге. Қалған қатысушыларға атаулы электрондық сертификаттар беріледі.Өтінімдер 22 қыркүйектен 20 қазанға дейін қабылданады. Құжаттарды қабылдау 20 қазан күні Астана уақыты бойынша сағат 23:59-да аяқталады. Байқауға қатысу үшін жоба ұсынысын А4 форматында, көлемі 7 бетке дейін, Arial 12 қарпімен, 1,15 жоларалық интервалмен дайындау қажет. Жоба Word немесе PDF форматында өтініммен және қажетті құжаттардың көшірмелерімен бірге sotskz@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі. Электрондық хаттың тақырыбында «ВОЛОНТЕРЛІК БАЙҚАУҒА ӨТІНІМ: ҚАТЫСУШЫНЫҢ АТЫ-ЖӨНІ (немесе ЖАСАҚ/ТОП АТАУЫ)» деген белгі көрсетілуі тиіс. Байқау туралы қосымша ақпаратты +7 707 746 4760 телефон нөмірі немесе sotskz@mail.ru электрондық поштасы арқылы алуға болады.



Жасанды интеллектінің ОЭК-ке тигізетін экономикалық әсері жылына шамамен 23 млрд теңгені құрайды

06.10.2026

Отын-энергетика кешенінде жасанды интеллект негізінде шешімдерді енгізудің экономикалық әсері шамамен 23 млрд теңгені құрайды. Бұл туралы энергетика министрі Ерлан Аққенженов туындаған проблемаларға ден қоюдан оларды болжауға көшуге мүмкіндік беретін цифрлық технологияларды енгізу тәсілдерін ұсына отырып хабарлады. Digital Qazaqstan стратегиясы шеңберінде Министрлік үш негізгі бағыт бойынша 20 іс-шараны жүзеге асыруда. Олар — цифрлық телнұсқа, жасанды интеллект және киберфизикалық қауіпсіздік. Бұл жұмыстар 2029 жылға дейін кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Нәтижесінде нысандардағы апаттылықты 25%-ға төмендету, ал энергия ресурстарының шығындарын 90%-ға дейін қысқарту көзделген. Бүгінде салада 45 жасанды интеллект жобаларынан тұратын портфель қалыптастырылды.
Оның ішінде 34-і енгізу сатысында. Мұнай-газ саласында жасанды интеллект мұнай өнімдерінің айналымын жоспарлауға көмектеседі. Дәлдігі — 85%-ға дейін, экономикалық әсері — жылына 22,5 млрд теңгеге дейін. Энергетика саласында жасанды интеллект өндірістік қауіпсіздікті арттыруға бағытталған. Газ саласында жасанды интеллект тұтынуды болжауға қолданылады. Дәлдігі — 86 %-ға дейін, экономикалық әсері — жылына 300 млн теңге. Өндірістік оқиғаларды 78%-ға дейін төмендету, жылына 370 млн теңге әсер күтіледі. «Үш шешімнің жиынтық экономикалық әсері — жылына шамамен 23 млрд теңгені құрайды», — деді Ерлан Аққенженов. Жыл соңына дейін Энергетика министрлігі уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп жасанды интеллект негізінде шешімдердің басым тізілімін бекітуді жоспарлап отыр. Бұл кәсіпорындарға табысты жобаларды бүкіл салаға кеңейтуге мүмкіндік береді. Цифрлық телнұсқа өндіріс орындары туралы деректерді біріктіруге және қабылданған шешімдердің салдарын алдын-ала бағалауға мүмкіндік береді. «Ембімұнайгаз» кен орнындағы пилоттық жоба қабат, ұңғымалар және өндірістік инфрақұрылым туралы деректерді біріктіреді. Шешімді кеңінен енгізу нәтижесінде мұнай өндіруді қосымша 2,9 млн тоннаға дейін арттыру көзделуде. Энергетика секторында Астана әкімдігімен бірлесіп елорданың энергетикалық кешенінің цифрлық егіздері әзірленуде. Күтілетін нәтиже — отын шығынын 2,5%-дан астамға үнемдеу. Кибер-физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету технологиялық жүйелерді киберқауіптерден қорғауды және нысандарды физикалық қорғауды қамтиды. Биыл Қазақ Ұлттық Университетінің базасында алғашқы салалық ENERFORT 2026 кибероқу-жаттығуы өткізілді. Оған 120-дан астам маман қатысты. Мұндай оқу-жаттығуларды жыл сайын өткізу жоспарланып отыр. Тағы бір бағыт — жабдықтың жай-күйін онлайн-мониторингтеу. Мұндай мониторингке қосылған негізгі жабдықтың үлесін 2026 жылғы 20%-дан 2028 жылы 70%-ға дейін ұлғайту жоспарлануда. Бұл ақауларды алдын ала анықтауға және жөндеуді жоспарлауға мүмкіндік береді. Бір мезгілде энергетикалық ресурстардың өндірістен тұтынуға дейінгі қадағалануы кеңейтілетін болады — 2026 жылғы 20%-дан 2028 жылы 80%-ға дейін. Ол үшін ұңғымадан жанармай құю стансасына дейін мұнай мен мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алуды енгізу көзделеді. @KZgovernment

Жамбыл облысында үш мыңға жуық пәтер салынуда

06.10.2026

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев тұрғын үй саясатын іске асыру, халықты баспанамен қамту және жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскелерін беру мәселелері бойынша кеңес өткізді. Жиында облыс әкімдігі құрылыс басқармасының басшысы Ерлан Орумбаев биыл кезекте тұрған азаматтарды әлеуметтік баспанамен қамтамасыз етуге 20 млрд теңге қарастырылғанын айтты. Жыл соңына дейін 2 035 азаматты тұрғын үймен қамту жоспарланып отыр. Бүгінде облыста бюджет қаражаты есебінен 2 941 пәтерге арналған 66 көпқабатты үйдің құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін оның 35-і, яғни 1 685 пәтер пайдалануға беріледі деп күтілуде. Тараз қаласының 15-шағынауданында қазірдің өзінде 345 пәтерлі 5 үйдің құрылысы аяқталып, тұрғындарға берілді. Сонымен қатар Тараздағы Асқаров көшесі бойындағы жаңа тұрғын алқапта 1 176 пәтерге арналған 30 несиелік үйдің құрылысы басталды. Бұдан бөлек, 1 800 пәтерге арналған тағы 36 үйдің жобасы әзірленді. Әлеуметтік осал топтарға арналған жалдамалы тұрғын үй сатып алуға республикалық бюджеттен 4,9 млрд теңге бөлінген. Қазіргі таңда жоспарланған 350 пәтердің 92-сі сатып алынды. — Облыста бюджет қаражаты есебінен ондаған көпқабатты үй салынып, әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға баспана сатып алынуда. Дегенмен, біз үшін басты көрсеткіш — пайдалануға берілген пәтерлердің саны емес, олардың сапасы. Бюджет қаражатына салынған немесе сатып алынған әрбір пәтер қауіпсіз, жайлы әрі қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі тиіс. Сапа бірінші орында болуы керек, — деді Ербол Қарашөкеев. Облыс әкімдігі энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Нұрсұлтан Исабековтің айтуынша, биыл «Отбасы банк» арқылы 1 636 жалдамалы пәтер бөлуге жолданған. Оның 1 249-ына азаматтардан оң шешім алынған. Жер учаскелерін алуға кезекте тұрған азаматтардың тізімін өзектендіру және жер телімдерін резервке қою жұмыстары туралы облыс әкімдігі жер қатынастары басқармасының басшысы Данияр Өтепов баяндады. Қазіргі таңда өңірде жеке тұрғын үй құрылысына жер телімін алу үшін кезекте тұрған 260 197 азаматтың тізімі жаңартылуда. Ербол Қарашөкеев бұл жұмыстың созбалаңға салынуына сын айтып, Тараз қаласы мен аудан әкімдеріне кезектегі азаматтардың деректерін өзектендіруді және жер учаскелерін резервке қоюды жеделдетуді тапсырды. Сондай-ақ тұрғындарға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген жер учаскелерін беруді жеделдету, белгіленген кезектілік тәртібін қатаң сақтау тапсырылды. Атқарылып жатқан жұмыстардың барысы, туындаған мәселелер мен оларды шешу мерзімдері туралы ақпаратты тұрақты түрде ұсынып отыру міндеттелді. Кеңес қорытындысы бойынша облыс әкімі салынып жатқан тұрғын үй нысандарын уақытылы әрі сапалы аяқтауды, мердігерлермен жұмысты күшейтуді, жалдамалы және несиелік пәтерлерді бөлуді жеделдету міндеті қойылды. Бұдан бөлек, құрылыс құнын қымбаттатып, жұмыстың мерзімін созуға әкелуі мүмкін жобаларға негізсіз өзгерістер енгізуге жол бермеу жөнінде тапсырма берілді.

Лицензияларды қайта ресімдеу туралы

06.10.2026

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасы орынбасарының 2026 жылғы 29 қыркүйектегі № Б-222 бұйрығына сәйкес «Tencor Securities» АҚ-ның (бұрынғы атауы — «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» АҚ) банк операциясын жүргізуге берілген лицензиясы заңды тұлға-лицензиаттың атауының өзгеруіне байланысты қайта ресімделді.



Астанада өңірлерден жеткізілген мың тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімі сатылды

06.10.2026

Елордада 19 қыркүйекте басталған дәстүрлі ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінің маусымы өтіп жатыр. Оған еліміздің өңірлерінен келген шаруалар қатысуда, деп хабарлайды Астана әкімдігінің ресми сайты. Маусым басталғалы жәрмеңкелерге Атырау, Қызылорда, Абай, Маңғыстау, Алматы, Шығыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының өкілдері қатысты. Осы уақыт ішінде жәрмеңкелерге шамамен 150 мың адам келді. Мың тоннадан астам ауыл шаруашылығы және азық-түлік өнімі, оның ішінде ет, сүт өнімдері және басқа да азық-түлік тауарлары сатылды.

Павлодарда "Қауіпсіз үй" жедел-профилактикалық іс-шарасы жалғасуда

06.10.2026

5 қазаннан 5 қарашаға дейін Павлодар облысының аумағында құқық бұзушылықтардың алдын алуға және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған "Қауіпсіз үй" республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Іс-шара аясында Павлодар қаласы полиция басқармасының Оңтүстік полиция бөлімінің қызметкерлері тұрғын үй секторында рейдтік жұмыстар жүргізуде. Учаскелік инспекторлар кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлармен

бірлесіп, жедел қызығушылық тудыратын мекенжайларды, сондай-ақ профилактикалық есепте тұрған тұлғаларды, оның ішінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған азаматтарды тексерді. Рейд барысында полиция қызметкерлері белгіленген шектеулердің сақталуын тексеріп, профилактикалық әңгімелер жүргізіп, азаматтарға заңнама талаптарын түсіндіруде. — Мұндай жұмыстардың негізгі мақсаты — ықтимал құқық бұзушылықтарды дер кезінде анықтап, қайталама құқық бұзушылықтардың алдын алу. Тексеру барысында белгіленген шектеулердің сақталуына назар аударып, профилактикалық әңгімелер жүргіземіз және қажет болған жағдайда тиісті шаралар қабылдаймыз, — деді Павлодар қаласы полиция басқармасы Оңтүстік полиция бөлімінің учаскелік инспекторы Асхат Абенов.

Қаржы министрлігі мемлекеттік қаржы саласының біртұтас цифрлы экожүйесін қалыптастырып жатыр

06.10.2026

ҚР Қаржы министрлігі кірісті қалыптастыру, бюджетті жоспарлау, мемлекеттік сатып алу және қазынашылық орындау процестерін бірыңғай цифрлы контурға біріктіруді көздейтін мемлекеттік қаржы жүйесінің цифрлы трансформациясын жалғастырып келеді. Қазір цифрландырудың нәтижесінде айтарлықтай экономикалық серпін байқалып отыр. Мәселен, бюджетке қосымша 410 млрд теңге түсіп, сондай-ақ бюджетті жоспарлау кезінде фискалды деректерді қолдану жыл сайын 200 млрд теңгеге дейін қаражатты үнемдеуге мүмкіндік берді. Ал 2027-2029 жылдарға арналған бюджетті қалыптастыру кезінде шамамен 1,5 трлн теңгеге дейін орынсыз шығыстардың алдын алынды. Бұған қоса платформалық жұмыспен қамтуды дамыту жалғасып жатыр. Арнайы салық режиміне 38 цифрлы платформа қосылып, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар 804,8 мың адамға жетті. 600 мыңнан астам азамат ресми экономикалық айналымға жұмылдырылды.

Сонымен бірге салық есебі мен есептеулерді автоматтандыруды көздейтін «сервис түріндегі салық» қағидасы іске асырылып келеді. Оның негізгі мақсаты — «батырманы бір-ақ басу» негізіндегі есеп форматына көшу. ЖИ қолданыс аясын кеңейтуге ерекше мән берілген. Айталық, қосымша 672 тәуекел айқындалып, бұл бақылаудың дәлдігін арттырып, кәсібін адал түрде жүргізетін жандарға әкімшілік жүктемені азайтуға жол ашады. 2029 жылға қарай ШОБ салық міндеттемелерінің кемінде 80% ЖИ көмегімен алдын ала толтыруды жолға қойып, салықты уақтылы әрі адал төлейтін азаматтарды тексеруді 50% азайту жоспарланған. Бұл ретте цифрлы трансформация мемлекеттік қаржы саласын басқарудың ашықтығы мен тиімділігін нығайтып, әкімшілік жүктемені азайтуға, сондай-ақ бизнес пен азаматтарға арналған озық сервистерді дамытуға бағытталғанын айта кетейік.



Қазақстан мен Сауд Арабиясы Іскерлік кеңес арқылы өзара іс-қимылды күшейтуде

06.10.2026

Рияд, 2026 жылғы 5 қазан — Қазақстан Республикасының Сауд Арабиясы Корольдігіндегі Елшісі Мадияр Меңілбеков Қазақстан-Сауд Арабиясы Іскерлік кеңесінің тең төрағасы Ахмед Әл-Дахилмен кездесу өткізді. Тараптар сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты дамытудың өзекті мәселелерін, сондай-ақ екі елдің іскер топтары арасындағы өзара іс-қимылдың перспективалық бағыттарын талқылады. Кездесу барысында Іскерлік кеңестің екі елдің бизнес өкілдері арасында тікелей байланыстар орнату, бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруға жәрдемдесу және өзара сауда көлемін ұлғайту үшін негізгі алаң ретіндегі қызметінің тиімділігін одан әрі арттыруға ерекше назар аударылды. Тараптар екіжақты әріптестікті дамыту үшін жоғары әлеует бар екенін атап өтіп, Іскерлік кеңестің қызметін жандандыру жөнінде уағдаласты. Сонымен қатар, сауд тарапына 2026 жылғы 22 қазанда Шымкент қаласында өтетін «KGIR-2026» Қазақстандық инвестициялық дөңгелек үстеліне қатысуға шақыру табыстады.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ: ТҰМАУ МЕН ЖРВИ-ДЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУҒА БОЛАДЫ

06.10.2026

Күздің келуімен балалар мектептер мен балабақшалардағы ұжымдарға қайта оралса, ересектер жабық үй-жайлар мен қоғамдық орындарда көбірек уақыт өткізеді. Осыған байланысты ҚР Денсаулық сақтау министрлігі маусымдық респираторлық инфекцияларды жұқтыру және олардың таралу қаупін азайтуға көмектесетін қарапайым профилактикалық шараларды сақтаудың маңыздылығын еске салады. Тұмау профилактикасының негізгі шараларының бірі — вакцинациялау. Вакцинациялауды сырқаттанушылықтың маусымдық өсуі басталғанға дейін алған жөн. Қыркүйек—қазан айлары оңтайлы кезең болып саналады, өйткені ағзаға иммундық жауап қалыптастыру үшін уақыт қажет. ЖРВИ маусымында, әсіресе қоғамдық орындарға барғаннан кейін қолды жуу маңызды. Сондай-ақ үй-жайларды тұрақты түрде желдетіп, жиі қолданылатын беттер мен заттарды тазалап отыру қажет. Ұйқы мен демалыс режимін сақтау да ұсынылады. Ересектерге тәулігіне 7—8 сағат ұйықтаған жөн. Қалыпты дене белсенділігін сақтау, күн сайын таза ауада шамамен 30 минут серуендеу пайдалы. Тамақтану рационы әртүрлі болуы және оның құрамында көкөністер, жемістер, көкөніс шөптері, ет, балық, жұмыртқа және бұршақ тұқымдастар болуы тиіс. Қантты, майлы және қуырылған тағамдарды шамадан тыс тұтынуды шектеу ұсынылады. Министрлік азаматтардың тұмау мен ЖРВИ-дің алдын алу мақсатында дәрілік заттар мен биологиялық белсенді қоспаларды (ББҚ) өз бетінше қабылдауға болмайтынына да назар аударады. ББҚ дәрілік заттарға жатпайды және вакцинациялауды, толыққанды тамақтануды немесе медициналық көмекті алмастырмайды. Кез келген дәрілік заттарды, дәрумендер мен басқа да қоспаларды қолданар алдында медицина маманымен кеңесу ұсынылады. ЖРВИ белгілері пайда болған кезде мүмкіндігінше айналадағы адамдармен қарым-қатынасты шектеп, қол гигиенасын және респираторлық этикетті сақтау ұсынылады. Дене қызуы жоғарылаған, жағдайы нашарлаған немесе симптомдар айқын байқалған жағдайда медициналық көмекке жүгіну қажет.

Қазақстан табиғатының рекордтарын білесіз бе?

06.10.2026

Қазақстан табиғаты таңғалдырудан жалықпайды Еліміздегі ең ірі ұлттық парк қайсы? Әлемдегі ең солтүстікте ұялайтын қоқиқаздар колониясы қай жерде? Каспий теңізіндегі жалғыз сүтқоректі қандай? Ал Қазақстандағы ең жас қорықты білесіз бе? Бұл сұрақтардың жауабының бәрі — біздің табиғатымызда Бір ғасырлық тарихы бар қорықтан миллион гектарға жуық халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқапқа дейін — Қазақстанда әлемдік және ұлттық деңгейде ерекшеленетін табиғи аумақтар аз емес Карусельді парақтап, Қазақстанның жабайы табиғат рекордтарымен танысыңыз. Ал сіз үшін қай дерек күтпеген жаңалық болды? Табиғатты таныған сайын, оны қорғаудың маңызын тереңірек түсінеміз



Алматы облысында жылыту маусымы қарсаңында өрттің алдын алу жұмыстары күшейтілді

06.10.2026

Алматы облысының Төтенше жағдайлар департаменті 2026—2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық аясында тұрғын үй секторындағы өрттің және иіс газынан уланудың алдын алу жұмыстарын жүргізуде. Негізгі мақсаты өрт қауіпсіздігі талаптарын тұрғындарға түсіндіруге және әлеуметтік осал топтарға жататын отбасылардың үйлерін қамтуға аударылған. Жыл басынан бері облыста 627 өрт тіркелді. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өрт саны 12,8%-ға азайды. Өрт салдарынан қаза тапқандар саны 13-тен 8 адамға дейін төмендеді, яғни 38,5%-ға қысқарды. Қызметкерлер қазір елді мекендердегі тұрғын үйлерді күн сайын аралап, тұрғындарға өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндіріп жатыр. Бүгінге дейін мыңнан астам үй араланып, бес мыңнан астам адам қамтылды. Профилактикалық жұмысқа жергілікті атқарушы органдар, мүдделі қызметтер мен үкіметтік емес ұйымдар да қатысуда. Аралау кезінде көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға, зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдарға ерекше назар аударылады. Иіс газынан уланудың алдын алу мақсатында 2025—2026 жылдары әлеуметтік осал топтарға жататын тұрғындардың үйлеріне 1024 датчик орнатылды. Бұл құрылғылар үй ішіндегі иіс газының қауіпті мөлшерін дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Департамент тұрғындарға жылыту маусымында пештер мен мұржалардың жай-күйін қадағалауды, жылыту құрылғыларын қараусыз қалдырмауды және электр желілеріне шамадан тыс жүктеме түсірмеуді ескертеді. Пеш жағылатын үйлерде мұржаны уақытылы тазалап, жарықтар мен ақауларды жою қажет. Иіс газының датчигі орнатылған жағдайда оның жұмысқа жарамдылығын жүйелі түрде тексерген жөн.

Қазақстанның Елдік климаттық инвестициялық платформасын құру жөніндегі жоба бойынша келісімге қол қойылды

06.10.2026

Қазақстан мен Жасыл климаттық қор (ЖКҚ) GCF Readiness III бағдарламасының жаңа кезеңінің шеңберінде Қазақстанның Елдік климаттық инвестициялық платформасын (QCIP — Qazaqstan Climate Investment Platform) құру жөніндегі жобаны іске асыру туралы келісімге қол қойды. Жобаның құны 1 млн АҚШ долларынан асады. Келісімге ЖКҚ-ның Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдерімен өңірлік диалог аясында қол қойылды. Келісімге қол қою рәсіміне «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» (IGTIC) Басқармасының Төрағасы Сәкен Қалқаманов пен ЖКҚ-ның Шығыс Еуропа, Орталық Азия және Таяу Шығыс бойынша өңірлік директоры Томас Эрикссон қатысты. Іс-шараға Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Нұркен Шәрбиев қатысты. Жаңа платформа климаттық инвестицияларды үйлестірудің және жобаларды кейіннен ЖКҚ, Қазақстанның Даму Банкі және басқа да халықаралық және ұлттық қаржы серіктестерінен қаржыландыру тарту үшін дайындаудың ұлттық тетігіне айналады. Оның негізгі міндеті — жекелеген технологиялық және жобалық бастамалардан климаттық қаржыландыруды тартуға дайын құрылымдалған инвестициялық жобаларға көшуді қамтамасыз ету. QCIP сондай-ақ климаттық күн тәртібін мемлекеттік басқару жүйесіне интеграциялауды күшейтуге бағытталады. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің төрағалығымен құрылатын Платформаның басқару комитеті оның экологиялық және климаттық тұтастығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ тарифтік саясат, қаржы, жоспарлау және экономикалық реттеу мәселелеріне жауапты мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды үйлестіреді. Елдік климаттық инвестициялық платформаның хатшылығы «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығының» базасында орналастырылады. Орталық Платформаның жұмысын операциялық тұрғыдан сүйемелдеуді және мемлекеттік органдар, жоба бастамашылары, қаржы институттары мен халықаралық серіктестер арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз етеді. QCIP-ті құру Қазақстанның климаттық қаржыландырудың ұлттық жүйесін дамытудың келесі кезеңі болады.

Платформа, инвестиция тартуға дайын климаттық жобалар портфелін қалыптастырып, ұлттық климаттық басымдықтарды, технологиялық шешімдер мен жобалық бастамаларды әлеуетті қаржыландыру көздерімен байланыстырады.

Бұл ретте QCIP жеке бастама ретінде емес, Қазақстанның жаңартылған Ұлттық айқындалатын үлесін және оны іске асыру жоспарын жүзеге асырудың практикалық тетігі ретінде қалыптастырылады.

GCF Readiness бағдарламасының жаңа кезеңі институционалдық тетіктерді одан әрі нығайтуға, жобалар портфелін дамытуға және климаттық инвестицияларды ауқымдауға жағдай жасауға бағытталған. GCF Readiness III жөніндегі келісімге қол қою және QCIP-ті құру Қазақстанның климаттық инвестицияларды дайындау және тарту ісінде неғұрлым жүйелі тәсілге көшуіне негіз қалыптастырады.

Платформа халықаралық қаржы институттарымен өзара іс-қимылды нығайтуға және ұлттық климаттық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған инвестиция тартуға дайын климаттық жобалардың неғұрлым орнықты портфелін қалыптастыруға мүмкіндік береді.


Райымбек ауданында жастардың қатысуымен экологиялық акциясы өтті

06.10.2026

Райымбек ауданында жастардың қатысуымен экологиялық акциясы өтті

2026 жылғы 6 қазанда Райымбек ауданының Сарыжаз ауылында республикалық «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Жасыл аула» экологиялық акциясы ұйымдастырылды. Іс-шараға жастар, студенттер, мемлекеттік мекеме қызметкерлері және аудан тұрғындарынан құралған 100-ге жуық адам қатысты. Акция барысында қатысушылар аумақты тұрмыстық қалдықтардан тазарту, шөп шабу және абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Жастардың белсенді қатысуы туған өлкенің тазалығын сақтауға және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға бағытталды. Сонымен қатар жастар арасында тазалықты сақтау, қоршаған ортаны қорғау және әр адамның өз ауласын таза ұстауының маңыздылығы жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қатысушыларға тазалық пен тәртіптің әр адамның өзінен басталатыны айтылды. Аталған акция жастардың қоғамдық белсенділігін арттырып, қоршаған ортаның тазалығына деген жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етті. Іс-шара барысында жас ұрпаққа туған жердің тазалығы мен көркейуі әр азаматтың ортақ жауапкершілігі екені түсіндіріліп, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ерекше мән берілді.

#ТазаҚазақстан
#Жастар
#ҰлттықҚұндылық
#Отансүйгіштік
#ТуғанЖер
#ТарихиМұра
#ТазаҚазақстан
#Жастар
#ҰлттықҚұндылық
#Отансүйгіштік
#ТуғанЖер
#ТарихиМұра



Қолөнер, театр, музыка және IT: Астанада Aqtobe Creative Days өтеді

06.10.2026

Елордада 10-11 қазан күндері Aqtobe Creative Days өтеді. Ақтөбе облысы қолөнер, дизайн, театр, музыка, әдебиет және технология бағыттарындағы жобаларын Астана тұрғындары мен қонақтарына ұсынады. Іс-шара Creative Aimaq республикалық жобасы аясында өтеді, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты. Бағдарламада Aqtobe Design авторлық топтамаларының көрсетілімі, «Алақай» қуыршақ театрының қойылымы, Ақтөбе туралы анимациялық фильм, композитор Серік Закарияның шығармашылық кеші, сондай-ақ SherTer және «Жеребе life» жобаларының концерттік бағдарламалары бар. Екі күн бойы қолөнер бұйымдары, IT жобалар мен кітап өнімдері ұсынылатын көрме аймақтары жұмыс істейді. Келушілер зергерлік өнер, киіз басу, тері өңдеу және дәстүрлі қолөнер бағыттарындағы шеберлік сабақтарына қатыса алады. Aqtobe Creative Days Ақтөбе облысының заманауи креативті жобаларын бір алаңда таныстырып, өңір шеберлері мен авторларының еңбегін елордалық аудиторияға ұсынады.Өтетін орны: Qazaq Creative Hub, Астана қаласы, Жошы хан көшесі, 16/2.

"Цифрлық учаскелік инспектор": Астанада учаскелік полиция қызметі цифрлық форматқа көшуде

06.10.2026

Астанада учаскелік полиция инспекторларының жұмысын жеңілдетіп, қызмет тиімділігін арттыруға бағытталған "Цифрлық учаскелік инспектор" жүйесі жұмыс істейді. Цифрлық шешім учаскелік инспекторлардың күнделікті қызметіне қажетті негізгі ақпарат пен құралдарды бір жүйеге біріктіреді. Платформа арқылы қызмет көрсетілетін аумақ пен оның тұрғындары туралы мәліметтер, интерактивті карта, профилактикалық есепте тұрған тұлғалар туралы ақпарат және статистикалық деректер қолжетімді. Жүйеде жасанды интеллект негізіндегі жергілікті көмекші де қарастырылған. Ол қызметкерлерге ресми құжаттар мен нормативтік материалдар негізінде қажетті ақпаратты жедел табуға және тиісті ұсынымдар алуға мүмкіндік береді. Бұл ретте деректер интернетке жіберілмей, ішкі цифрлық ортада өңделеді. "Цифрлық учаскелік инспектор" жүйесі учаскелік полиция қызметкерлерінің күнделікті жұмыс жүктемесін азайтып, қажетті мәліметтерді іздеуге кететін уақытты қысқартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жүйе учаскелердегі ахуалды бақылауды, профилактикалық жұмысты жоспарлауды және қызмет нәтижелерін бағалауды тиімді әрі ашық жүргізуге жағдай жасайды. Цифрлық технологияларды енгізу полиция қызметін заманауи форматқа көшіруге, азаматтармен өзара іс-қимылды күшейтуге және "Заң мен тәртіп" қағидатын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам.

Астанада «Студенттік қалқан» театр фестиваль-байқауы өтті

06.10.2026

Елордадағы «Жастар» сарайында «Студенттік қалқан» студенттік театр фестиваль-байқауы өтті. Оған Астананың жоғары оқу орындарынан 250-ден астам студент қатысты, деп хабарлайды қала әкімдігінің ресми сайты. Байқау жастардың діни экстремизм мен терроризм идеяларына теріс ұстаным қалыптастыруға, құқықтық тәрбие беруге және азаматтық жауапкершілікті нығайтуға бағытталды. «Заң мен тәртіп қағидаты, сондай-ақ экстремизм мен терроризмнің алдын алу — қазіргі қоғам үшін, әсіресе жастар үшін өзекті тақырыптар. Бүгінде бұл қағидатты дамыту үшін ерекше форматты — студенттердің шығармашылығын таңдадық. Елордалық жоғары оқу орындарының студенттік театрларында өнер көрсететін жастар театр қойылымдары мен мобилографиялық роликтер арқылы қоғам үшін маңызды құндылықтар туралы өз ойларын жеткізді. Жобамыз көрермендерге ұнайды деп үміттенемін», — деді Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев. Фестиваль аясында үздік театрландырылған қойылым мен үздік мобилография бойынша байқаулар өтті.«Мен Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университетінің екінші курсында оқимын. Біз экстремизмнің алдын алу тақырыбында мобиролик жасадық. Сонымен қатар қолдау көрсету тобы ретінде сахнаға шыққан жігіттерге жанкүйер болдық», — деді Парасат есімді студент.



ҚАЗАҚСТАН КӘСІПОРЫНДАРЫНДА КӘСІПТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ СЫНАҚТАН ӨТТІ

06.10.2026

Республикалық еңбекті қорғау ғылыми-зерттеу институты «Жасыл экономикаға көшу аясындағы еңбек жағдайлары және кәсіптік тәуекелдер: жіктеу, санаттар және топтастыру критерийлері» ғылыми-техникалық бағдарламасының негізгі кезеңінің қорытындысын шығарды. Бағдарламаның басты міндеті — еңбек жағдайларын бағалау тәсілдерін жетілдіру және зиянды, қауіпті факторлардың бар-жоғын тіркеумен шектелмей, нақты жұмыс орындарындағы кәсіптік тәуекелдерді уақтылы анықтап, оларды азайту шараларын қабылдауға мүмкіндік беретін жүйеге көшу. Не әзірленді Зерттеулер қорытындысы бойынша жұмыс орындарын кәсіптік тәуекел дәрежесіне қарай саралауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларының жіктемесі қалыптастырылды.

Сондай-ақ зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің санаттары мен оларды тиісті санаттарға жатқызу критерийлері айқындалды. Бағдарлама аясында төрт әдістеме әзірленді. Олар тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде еңбек жағдайларын жіктеуді, зиянды және қауіпті жағдайларда жұмыс істейтін қызметкерлердің санаттарын анықтауды, ашық ауада, жер астында және биікте жұмыс істеу кезіндегі кәсіптік тәуекелдерді бағалауды, сондай-ақ кеңейтілген практика мейірбикелерінің еңбек жағдайлары мен кәсіби ортасын бағалауды қамтиды. Бұдан бөлек, өндірістік орта және еңбек процесі факторларын ескере отырып, еңбек жағдайларын бағалау мен жіктеу бойынша оқу модулі әзірленді. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы аясында кәсіптік тәуекелдерді басқару бөлігінде еңбек заңнамасын жетілдіру жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалды. Цифрлық құралдар және кәсіпорындарда сынақтан өткізу «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік» АБЖ(АИС) -да төрт цифрлық анықтама мен құрал әзірленді. Оның ішінде зиянды және қауіпті өндірістік факторлар жіктеуіші, кәсіптік тәуекелдерді бағалау бойынша электрондық есеп және түзету іс-шараларының электрондық жоспары бар. Әзірленген тәсілдер 9 кәсіпорында пилоттық сынақтан өтті. Нәтижесінде 8 енгізу актісі алынды. Зерттеулер тау-кен, құрылыс және өңдеу өнеркәсібінің ерекшеліктері ескеріле отырып жүргізілді. Бұл әзірленген тәсілдердің қолданылу мүмкіндігін тікелей өндірістік жағдайда тексеруге мүмкіндік берді. Бағдарламаның ғылыми нәтижелері Web of Science және Scopus халықаралық базаларында индекстелетін басылымдардағы 5 жарияланым және ҚР ҒЖБССҚК (КОКНВО РК) ұсынған журналдардағы 18 жарияланым жарияланды. Сонымен қатар 6 авторлық куәлік алынды. Бұл жұмыскерлер мен жұмыс берушілерге не береді Жаңа тәсілдердің практикалық мақсаты — еңбек жағдайларын негізінен есепке алудан тәуекелдердің алдын алуға көшу. Жұмыс беруші нақты жұмыс орнындағы қауіптерді дәлірек анықтауға, тәуекел деңгейін бағалауға және қажетті профилактикалық іс-шараларды жоспарлауға арналған құралдарға ие болады. Жұмыскерлер үшін мұндай тәсіл ең алдымен еңбек қауіпсіздігін арттыруға, жарақат немесе кәсіптік ауруға әкелуі мүмкін факторларды уақтылы анықтауға және жағымсыз салдарлар туындағанға дейін шара қабылдауға бағытталған. Ғылыми-техникалық бағдарламаның нәтижелері кәсіптік тәуекелдерді басқару жүйесін одан әрі жетілдірудің және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық және әдістемелік базаны өзектендірудің негізін қалыптастырады.

Жүргізілген жұмыс 2030 жылға дейінгі Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасының және Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасының басымдықтарына сәйкес келеді.

ШҚО құтқарушылары балықшыларды сақ болуға шақырады

07.10.2026

Жыл басынан бері Шығыс Қазақстан облысында балық аулау кезінде алты адам қаза болды. Қайғылы оқиғалар Шемонаиха, Тарбағатай, Күршім аудандары мен Өскемен қаласында тіркелген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің мамандары мәлімдеді. Күзгі балық аулау маусымында құтқарушылар тұрғындарды судағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға шақырады. Мамандардың айтуынша, жолға шығар алдында ауа райы болжамын біліп, су айдынының жағдайын ескеру қажет. Қатты жел соғып, күн райы бұзылғанда қайықпен суға шығуға болмайды. Қайықтың жарамдылығын тексеріп, құтқару жабдықтары мен байланыс құралдарын дайындау да маңызды. Әр адам құтқару кеудешесін киіп, бекіткіштерін тағуы тиіс. Оны қайыққа салып қою жеткіліксіз. Бұдан бөлек, жүзу құралына шамадан тыс жүк тиеуге тыйым салынады. Қазір облыста ТЖД қызметкерлері полиция, жергілікті атқарушы органдар және еріктілермен бірлесіп рейдтер өткізіп жүр. Балықшыларға сақтық шараларын түсіндіріп, жадынамалар таратады. Ескертулер бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде де жарияланады. Брифингте шағын көлемді кемелерді пайдалану талаптары да сөз болды. Мамандар бұл талаптарды бұзғандарға және тыйым салынған жерлерде балық аулағандарға әкімшілік жауапкершілік қарастырылғанын еске салды. Құтқарушылардың күзде күн райы күрт құбылып, суық суға түскен адам тез тоңып қалуы мүмкін екенін айтады. Сондықтан балық аулауға барарда ау мен қармақты сайлап қана қоймай, су айдынының қауіпсіз екеніне де көз жеткізу керек деп отыр. Дереккөз: ШҚО ӨКҚ

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты: сот актілерімен келіспеу конституциялық бақылауға негіз болып табылмайды

07.10.2026

Конституциялық Сот тергеу судьясының өкілеттіктерін айқындайтын Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 55-бабының Конституцияға сәйкестігін тексеру туралы өтінішті қарады.Өтініш субъектісінің пікірінше, арыз дау айтылып отырған норма Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелгенге дейінгі кезеңде сот арқылы қорғалу мүмкіндігін жоққа шығарады.Конституциялық Сот арыз иесінің шағымын қараусыз қайтаруға сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталмауы негіз болғанын анықтады. Соттар осы сатыда қылмыстық-процестік заңнамада көзделген сот бақылауының нысанасы жоқ деген тұжырымға келген.Сот әркімнің сот арқылы қорғалу құқығы заңда белгіленген тәртіппен және нысандарда іске асырылатынын атап өтті. Конституция сот арқылы қорғаудың нақты түрлері мен нысандарын айқындамайды, оларды белгілеуді заң шығарушының құзыретіне жатқызады.Сонымен бірге өтініш субъектісінің дәлелдері соттардың қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолдануының дұрыстығын бағалауға бағытталған және іс жүзінде қабылданған сот актілерімен келіспейтінін білдіреді. Сот шешімдерінің заңдылығы мен негізділігін тексеру Конституциялық Соттың құзыретіне кірмейді.Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Сот өтінішті конституциялық іс жүргізуге қабылдау үшін құқықтық негіздер жоқ деген қорытындыға келді.



Мәскеуде Қазақстанның инвестициялық әлеуеті таныстырылды

06.10.2026

Мәскеуде Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері туралы бизнес-семинар барысында ҚР-ның РФ-дағы Елшісі Дәурен Абаев Ресеймен сауда-инвестициялық ынтымақтастықтың оң динамикасын атап өтті. Ағымдағы жылдың 7 айында өзара тауар айналымы $15,9 млрд. құраған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 6,5%-ға артық. Соңғы 20 жылда ресейлік инвесторлар Қазақстанға шамамен - $31 млрд., қазақстандықтар Ресейге $9,2 млрд. салған. Іскер топтар мен банк секторының өкілдері алдында сөйлеген сөзінде Д.Абаев Қазақстанда инвесторларды қолдаудың кешенді жүйесі құрылғанын: жобаларды үш деңгейлі сүйемелдеу, Инвестициялық штаб, Инвестициялық омбудсмен институты және «Астана» халықаралық қаржы орталығы жұмыс істейтінін атап өтті. Қолданыстағы заңнама аясында инвесторларға мемлекеттік қолдау шаралары - салықтық жеңілдіктер, кедендік баждардан босату, заттай гранттар беру түріндегі преференциялар ұсынылады. Елші Қазақстанның жаңа Салық кодексінің қолданылуы және ресейлік компаниялардың елдегі жұмысының артықшылықтары туралы айтып берді. Сөзін қорытындылай келе, Д.Абаев бизнес қауымдастығы мен банк секторының өкілдерін Қазақстандағы өзара тиімді жобаларға қатысуға шақырды.

Қазақстан мен ЭЫДҰ ынтымақтастық мәселелерін талқылады

06.10.2026

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі Әлібек Қуантыров пен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Жаһандық қатынастар және ынтымақтастық жөніндегі директораты Еуразия бөлімінің басшысы Уильям Томпсон Азиядағы орнықты инфрақұрылым бағдарламасы (SIPA) аясындағы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен перспективаларын талқылады. Кездесу барысында тараптар климаттық саясат, декарбонизация, шығарындылар саудасы жүйесін дамыту, көміртекке баға белгілеу, сондай-ақ трансшекаралық көміртекті реттеу тетігі мәселелерін қарастырды. «Біз ЭЫДҰ-мен ынтымақтастықты климат, қоршаған ортаны қорғау, орнықты даму және жасыл экономика салаларында мемлекеттік саясаттың заманауи стандарттарын енгізуге арналған маңызды алаң ретінде жоғары бағалаймыз. Біз үшін Ұйымның климаттың өзгеруіне бейімделу, орнықты инфрақұрылымды дамыту және экологиялық реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша сараптамалық қолдауы ерекше маңызды», — деп атап өтті Ә. Қуантыров. Министр сондай-ақ Қазақстан мен ЭЫДҰ арасындағы 2027—2030 жылдарға арналған Іс-қимыл жоспарының жобасы шеңберінде циркулярлық экономика саласындағы ынтымақтастықты дамытуды, атап айтқанда, ҚТҚ-ны қайта өңдеу жобаларын іске асыру, экологиялық туризмді дамыту, қоғамдық тыңдаулар және Каспий теңізінің таяздануы мәселелері бойынша өзара іс-қимылды күшейтуді ұсынды. «Су, энергетика және жер ресурстарының өзара байланысы» (Nexus) жобасына ерекше назар аударылды. Оны іске асыру Қазақстан Республикасының 2024—2030 жылдарға арналған «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасының мақсаттарына қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Тараптар сондай-ақ Транскаспий халықаралық көлік бағытын (Орта дәлізді) дамыту аясында инфрақұрылымның климаттық және экологиялық орнықтылығы мәселелерін талқылады. Дәліздің экологиялық және климаттық орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан жағалаудағы 50 нүктеде теңіз суының сапасы мен гидрохимиялық көрсеткіштерге тұрақты мониторинг жүргізеді. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар ЭЫДҰ-мен сындарлы әрі нәтижелі ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға үміт білдірді.

Деректерден шешімдерге: Қазақстан халықаралық әріптестермен ұлттық статистиканың болашағын талқылады

06.10.2026

6 қазанда Астанада «Ұлттық статистикалық жүйелерді дамыту: халықаралық стандарттар және технологиялық сын-қатерлер» атты панельдік сессия өтті. Мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдар мен сарапшылық қоғамдастықтың өкілдері заманауи ұлттық деректер экожүйесін дамыту, халықаралық стандарттар, сондай-ақ ресми статистикада жаңа дереккөздер мен технологияларды практикалық қолдану мәселелерін талқылады.Іс-шарада Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Төрағасының орынбасары Олжас Төлеуов құттықтау сөз сөйледі. Ол сапалы әрі уақтылы деректер мемлекеттік басқарудың негізгі ресурстарының біріне айналып келе жатқанын, ал статистиканың басты міндеті ақпарат өндірумен ғана шектелмей, оның мемлекет, бизнес және қоғам үшін практикалық құндылығын қамтамасыз ету екенін атап өтті.Өз сөзінде Олжас Төлеуов статистикалық жүйені одан әрі трансформациялаудың үш басым бағытын атап өтті: деректер сапасын және статистикаға деген сенімді арттыру, қолда бар ақпаратты тиімді пайдалану, сондай-ақ жаңа технологиялар мен дереккөздерді енгізу.Сессияның негізгі тақырыптарының бірі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Қазақстанның ұлттық статистикалық жүйесіне жүргізген шолуының нәтижелері болды. ЭЫДҰ-ның бас статистигі және Статистика және деректер директоратының директоры Стив МакФили жүргізілген бағалаудың негізгі қорытындыларын таныстырып, Қазақстанның статистикалық жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсынымдарын ұсынды.СЖРА Ұлттық статистика бюросының басшысы Мақсат Тұрлыбаев статистикалық өндірісті дамытудың практикалық бағыттары және жаңа дереккөздерді пайдалану туралы баяндады.Халықаралық тәжірибені Азия даму банкінің Қазақстандағы өкілдігінің елдік директоры Утсав Кумар, Корея Республикасы Деректер және статистика министрлігі Статистика қызметі бюросының бас директоры Янг Чжэ Ву және Positium компаниясының бас атқарушы директоры (CEO) Гертту Пилсас таныстырды.Панельдік сессия мемлекеттік органдар, халықаралық әріптестер мен сарапшылар арасында кәсіби пікір алмасу алаңына айналып, халықаралық тәсілдерді Қазақстанның ұлттық статистикалық жүйесін одан әрі трансформациялау басымдықтарымен салыстыруға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті жария тыңдаулар өткізілетіндігін мәлімдейді.

06.10.2026

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті алдағы уақытта ішкі рейстерде әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету қызметі бойынша бағаның көтерілетіні туралы «Орал халықаралық әуежайы» ЖШС хабарламасын қарау кезінде жария тыңдаулар өткізілетіндігін мәлімдейді. Жария тыңдаулар ZOOM арқылы онлайн режимінде 2026 жылғы 16 қазанда сағат 15-00-де өткізіледі (конференция идентификаторы: 828 4749 4627, кіру коды: 748313). Жария тыңдауларға тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және өзге мүдделі тұлғалар шақырылады. Байланыс телефондар: +7 7172 57-23-18; +7 701 767 50 56.

Солтүстік Қазақстан облысында коммуналдық кәсіпорынға ағынды суларды заңсыз ағызып жібергені үшін 174 млн теңге айыппұл салынды

06.10.2026

Облыстың мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасы жүргізген талдау шеңберінде Петропавл қ. коммуналдық кәсіпорынның ағынды суларды заңсыз ағызып жіберу түрінде экологиялық заңнаманың бұзушылықтарын анықтады. Осыған байланысты, облыстың Экология департаменті (бұдан әрі - Департамент) прокуратураның талабы негізінде тексеру жүргізді, оның барысында рұқсат беру құжаттамасында көзделмеген ағынды суларды ағызуды жүзеге асыруда көрсетілген өрескел бұзушылықтар анықталды. Департамент

тексеру нәтижелері бойынша Коммуналдық кәсіпорынға анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама беріп, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғады. 2026 жылғы 14 тамыздағы сот қаулысымен коммуналдық кәсіпорын ӘҚБтК-нің 328-б. 1-б. бойынша 174 млн теңге мөлшерінде айыппұл салумен әкімшілік жауаптылыққа тартылды. Сот актісі заңды күшіне енді. Экологиялық заңнам бұзушылықтадын анықтау және жолын кесу жұмыстары жалғасуда. Қадағалау органы жеке және заңды тұлғаларға экологиялық заңнаманың талаптарын және оларды бұзғаны үшін заңда көзделген жауапкершілікті сақтау қажеттігін еске салады. Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы.

Алматыда Қазақстан қолжазбатанушылар қауымдастығының VIII отырысы өтті

06.10.2026

ҚР Ұлттық кітапханасында Құрбанғали Халидұлының қолжазба мұрасын сақтау, зерттеу және ғылыми айналымға енгізу мәселелеріне арналған Қазақстан қолжазбатанушылар қауымдастығының VIII отырысы өтті. Жиынға шығыстанушылар, түркітанушылар, тарихшылар, филологтар, ғылыми орталықтар мен жоғары оқу орындарының мамандары қатысты. Қатысушылар қолжазбаларды зерттеу, транскрипциялау, аудару және еңбектерді ғылыми басылымға дайындау мәселелерін талқылады. Отырыс барысында «Тауарих-и хамса-и шарқи» («Шығыстың бес елінің тарихы») бес томдық еңбегінің III-V томдары, «Құрбанғали Халидұлы: дерек, тарих, таным» ғылыми жинағы және шығарманың жинақталған нұсқасы таныстырылды. Жиын соңында мамандар ұлттық жазба мұраны зерттеу мен сақтауға қатысты алдағы жұмыстың бағыттарын талқылады. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі



11 мың қылмысқа аз: ІІМ азаматтарды күнделікті қауіп-қатерден қорғауды күшейтуде

06.10.2026

ІІМ-де алқа отырысы өтіп, онда 2026 жылдың тоғыз айындағы жедел-қызметтік жұмыстың қорытындылары шығарылып, алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттер айқындалды. ІІМ құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу бағытындағы жұмысты жүйелі түрде күшейтіп келеді. Тоғыз айда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда қылмыс саны 15%-ға азайып, 11 мыңнан астам қылмысқа төмендеді. Алдын алу шараларын күшейту және әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын дер кезінде кесу неғұрлым ауыр қылмыстар мен олардың салдарының алдын алуға, "Заң мен Тәртіп" қағидатын нығайтуға мүмкіндік береді. Министр жалпы көрсеткіштердің артында нақты адамдардың тағдыры мен олардың қауіпсіздігі тұрғанын атап өтті. Қол жеткізілген нәтижелер барлық бөліністерден бұдан да жоғары жинақылық пен табандылықты талап етеді. Алқа отырысында ведомство басшысы аумақтық бөліністер мен қызметтердің жұмысындағы кемшіліктерді қатаң атап көрсетті. Басшыларға жол берілген олқылықтарды жою, қойылған міндеттердің орындалуын бақылауды күшейту тапсырылды. Негізгі бағыттардың бірі — Президенттің "Таза Қазақстан" бастамасын іске асыру. Тоғыз айда 321 мыңнан астам құқық бұзушылықтың жолы кесілді. Олардың қатарында қоғамдық орындарды ластау және абаттандыру ережелерін бұзу фактілері бар. Полицияның әрекет етуі нәтижесінде 1318 стихиялық қоқыс орны жойылды. Тұрмыстық және құрылыс қалдықтарын заңсыз шығару фактілерінің жолын кесу жұмыстары жалғасуда. - Мемлекет басшысы атап өткендей, "Таза Қазақстанның" мәні көшелердің тазалығымен ғана шектелмейді. Бұл - мінез-құлық мәдениеті, өзара құрмет және заңды сақтау. Қоғамдық орындарды ластауға, вандализмге және мүлікті бүлдіруге қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесу жұмыстарын күшейтуді тапсырамын, - деді Ержан Саденов. Вандализмге, заңсыз жазулар мен граффитиге қарсы шаралар күшейтілді. Жыл басынан бері 12 мыңнан астам граффити өшіріліп, шамамен 5,8 мың әкімшілік іс қозғалды. Волонтерлермен бірлесіп 13 мыңға жуық профилактикалық іс-шара өткізілді. Министр мұндай құқық бұзушылықтардың жолын тұрақты түрде кесуді және ғимараттарға заңсыз жазу салғаны үшін жауапкершілікті күшейту жөніндегі түзетулерді әзірлеу жұмыстарын жеделдетуді тапсырды. Отбасылық-тұрмыстық салада зардап шеккендерді қорғау және қайталама зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары күшейтілді. Тоғыз айда 90 мыңнан астам отбасылық жанжал шығарушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 18,4%-ға көп. Олардың 25 мыңы әкімшілік қамауға алынды. 73 мыңнан астам қорғау нұсқамасы шығарылды. Нұсқамаларды және сот белгілеген шектеулерді бұзғаны үшін 20,5 мың адам жауапкершілікке тартылды. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында дағдарыс орталықтарына балалары бар 4,5 мың әйел орналастырылды. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша жүгінулер саны 1,2 мыңға азайды. Осы саладағы қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 10,4%-ға, оның ішінде адам өлтіру фактілері 11%-ға төмендеді. Министр бөліністердің жұмысын зорлық-зомбылықты ерте кезеңде алдын алуға бағыттауды, қорғау шараларының сақталуын бақылауды және қайталама жағдайлар қаупі бар отбасылармен жеке жұмысты қамтамасыз етуді тапсырды. Тұрғындардың тыныштығын бұзатын түнгі жарыстардың, қауіпті дрифт пен шудың жолын кесу жұмыстары жалғасуда. Жыл басынан бері жол жүрісі қағидалары мен қоғамдық тәртіпті бұзумен қатар жүрген 386 дрифт фактісінің жолы кесілді. 59 адам әкімшілік қамауға алынды. 142 автокөлік арнайы тұрақтарға қойылды. Жалпы жолдарда 11,9 млн жол қозғалысы ережесін бұзу фактісінің жолы кесілді. Оның ішінде көлікті мас күйде басқарудың 19 мыңнан астам фактісі және көлік жүргізу кезінде телефон пайдаланудың 247 мыңнан астам жағдайы анықталды. 2,4 мың жүргізуші көлік құралын басқару құқығынан айырылды. Жол-көлік оқиғаларының саны 5%-ға, жарақат алғандар саны 7%-ға, қаза тапқандар саны 16%-ға төмендеді. Ведомство басшысы көлік тәртібіне бақылауды күшейтуді және әкімдіктермен бірлесіп қауіпті жол учаскелерінің қауіпсіздігін арттыруды тапсырды. Полиция тікелей эфир кезінде стримерлердің құқыққа қайшы әрекеттері бойынша да шаралар қабылдауда. Әкімшілік жауапкершілікке блогерлер мен стримерлерді қоса алғанда, 150-ден астам желі пайдаланушысы тартылды. Олардың 58-і әкімшілік қамауға алынды. Құқық бұзушылық фактілері мен қабылданған шаралар осындай жағдайлардың алдын алу және қоғамда құқыққа қайшы әрекеттерге төзбеушілік қалыптастыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бағыты бойынша жыл басынан бері 44 қылмыстық іс тіркелді, оның ішінде үшеуі трансұлттық сипатта. Қылмыстық орта өкілдерінің 238-і қылмыстық жауапкершілікке тартылуда. - Бүгінде қылмыстық топтар бизнестің атын жамылып әрекет етеді, алаяқтық схемалар мен қаржы пирамидаларын құрады. Ұйымдастырушыларды анықтап, қылмыстық кірістерді заңдастыруға және криминалдың экономикаға ықпалына жол бермеу қажет, - деп тапсырды министр. Азаматтардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін есірткі қылмысына қарсы күреске ерекше назар аударылды. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда тоғыз есірткі зертханасы артық жойылды. Заңсыз айналымға 31 тоннадан астам есірткінің түсуіне жол берілмеді. Бұл 20%-ға көп. Сонымен қатар ІІМ Ұлттық ұлан қолбасшылығына әскери тәртіпті күшейтіп, қызмет атқару қауіпсіздігін қамтамасыз ету тапсырылды. Әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығын сақтау басым бағыт ретінде белгіленді. Министр заманауи талаптарды ескере отырып, дайындық пен жаттығулар жүйесін қайта қарауды және олардың сапасына басты назар аударуды талап етті. Жеке құрам арасында заңдылықтың сақталуына да ерекше міндеттер қойылды. Басшылар жеке құрамды бақылауды, қызметтік әдеп нормаларының сақталуын, қызметкерлердің күнделікті өмірдегі және әлеуметтік желілердегі мінез-құлқын қадағалауды күшейтуге міндетті. Тәлімгерлік пен кәсіби даярлықты нығайту тапсырылды. Қарамағындағы қызметкерлердің тәртібі үшін әрбір басшы жеке жауапты болады. Сондай-ақ киберқылмыс пен экстремизмге қарсы іс-қимыл, құқық бұзушылықтардың алдын алу, көші-қонды бақылау, тергеу жұмыстары мен қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін жетілдіру бойынша нақты тапсырмалар берілді. Отырысты қорытындылай келе, Ішкі істер министрі басты басымдықты - қауіп-қатерлердің алдын алу және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету екенін атап өтті. Адамдар үйінде, көшеде және қоғамдық орындарда өздерін қауіпсіз сезінуі тиіс.

Қазақстанда санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды цифрландыру жаңа деңгейге шықты

06.10.2026


Қазақстанда 2025 жылғы тамыздан бастап халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы негізгі деректер мен процестерді біріктірген «Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау» ақпараттық жүйесі (СЭҚ АЖ) енгізілді. Жүйе жаңа реттеушілік саясат қағидаттарын ескере отырып әзірленді және 200 мыңнан астам бақылаудағы объектілер бойынша жұмысты бірыңғай цифрлық контурға көшіруге мүмкіндік берді. СЭҚ АЖ шеңберінде бақылау объектілері, рұқсат беру құжаттары, зертханалық зерттеулер, әкімшілік шаралар және декреттелген топтарға жататын халықтың медициналық қарап-тексерулеріне қатысты мәліметтер біріктірілді. Аумақтық бөлімшелер деңгейінде әрбір объектінің цифрлық паспорты қалыптастырылды. Оны өзекті ақпаратпен толықтыру тоғыз мемлекеттік деректер базасы мен ақпараттық жүйелермен интеграциялау арқылы қамтамасыз етілді. Бұл объект туралы өзекті ақпаратты нақты уақыт режимінде алуға және санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды жүзеге асыру барысында қолмен орындалатын рәсімдердің санын едәуір қысқартуға мүмкіндік берді. Негізгі бағыттардың бірі тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу болды. Кіріктірілген алгоритмдер объектілерді қызмет түрлері бойынша бөлді және тәуекел деңгейіне қарай жоспарлы тексерулер жоспарына енгізілуі тиіс объектілердің тізімін қалыптастырды. Осылайша, объектілерді іріктеу қолмен емес, деректер мен белгіленген өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылды. Жүйе сондай-ақ қажетті рұқсат беру құжаттары жоқ немесе белгіленген есептілікті ұсынбайтын жұмыс істеп тұрған объектілерді анықтауға мүмкіндік берді. Медициналық кітапшаларды бақылау үшін жеке цифрлық контур қалыптастырылды. «Жеке медициналық кітапша» модулінің деректері негізінде объектілер бойынша мерзімі өткен жеке медициналық кітапшалардың тізілімі қалыптастырылды. Комитет деңгейінде жүйе аумақтық бөлімшелердің қызметін үйлестіру, мониторингтеу және бағалау құралдарын ұсынды. Нәтижесінде нақты объектіден бастап Комитет деңгейіне дейінгі санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудың бірыңғай цифрлық вертикалі қалыптасты. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында СЭҚ АЖ арқылы өндірістік бақылау бойынша 13 562 есеп қабылданып, 4 777 бұзушылық анықталды. Тәуекелдерді автоматтандырылған талдау нәтижесінде 470 объект тексерулер жоспарына енгізілді. Жүйені енгізу санитариялық-эпидемиологиялық қызметті цифрлық трансформациялаудың негізгі кезеңдерінің бірі болып, үлкен көлемдегі ақпаратты негізінен қолмен өңдеуден деректерді автоматтандырылған талдауға және оларды басқарушылық шешімдер қабылдау үшін

пайдалануға көшуге негіз қалады.

«Digital Qazaqstan»: Жетісуда облыс орталығының тіршілігін басқару орталығын құру жоспарлануда

06.10.2026

Жетісу облысында «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық стратегиясы аясында Талдықорған қаласының инфрақұрылымын қадағалауды орталықтандыру және қалалық қызметтердің жұмысын үйлестіру үшін Қаланың тыныс-тіршілігін басқару орталығын құру жоспарланып отыр. Сондай-ақ жалпыұлттық стратегияға сәйкес мемлекеттік басқару, әлеуметтік саланы цифрлық трансформациялау және цифрлық инфрақұрылымды дамыту бағытында жобалар іске асырылуда, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі. Облыстық цифрлық технологиялар басқармасының мәліметіне қарағанда, мемлекеттік басқару саласында халықпен өзара іс-қимыл жасау және деректер негізінде шешім қабылдаудың цифрлық құралдары енгізілген. «Қызмет-109» бірыңғай байланыс орталығы, облыстық ахуал орталығы жұмыс істейді. Цифрлық экономика үшін кадрлық және инновациялық база қалыптастырылуда. - «Jetisu Digital» IT Hub базасында Samsung Innovation Campus бағдарламасы бойынша 300-ден астам адам оқытылып, әртүрлі салалардағы 10 стартап-жобаға сүйемелдеуде. Жуырда Талдықорған қаласында Tomorrow School кампусы ашылды. Алғашқы қабылдауға 600-ден астам өтінім түсіп, 70-тен астам адам оқуға қабылданды, 28 қыркүйекте оқудың екінші легі басталды, - деді облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Айдын Темірбаев. Цифрландыру денсаулық сақтау саласындағы медициналық процестерге де тікелей енгізілуде. Ауруханалардың бәрі PACS жүйесімен интеграцияланған, «Жетісу», «ДамуМед», «Көмек 103» медициналық ақпараттық жүйелері жұмыс істейді. Облыстың 3 медициналық ұйымында КТ-ны талдау және инсультті ерте анықтау бағытындағы CEREBRA AI жүйесі енгізілді. 32 қабылдау бөлмесі бейнебақылаумен толықтай қамтамасыз етіліп, «Смарт-жетон», «Суық тізбек» жүйесі және телемедицина кешендері енгізілді. Қауіпсіздік және Smart City бағытында зияткерлік бейнемониторинг жүйелері кеңейтілуде. Облыс жолдарында 579 камерасы бар 137 аппараттық-бағдарламалық кешен жұмыс істейді, ал биыл «Target-ЕҮЕ» жүйесі кеңейтілген. Оған қоса цифрлық инфрақұрылымды дамыту жұмысы жалғасуда. Оосы мақсатта 2026—2027 жылдары талшықты-оптикалық байланыс желілерін салу арқылы 160 ауылдық елді мекенді Интернетке қосу жоспарлануда. Атап өтсек, бүгінде облыстың 356 елді мекенінің 348-інде немесе 97,7% Интернет бар. Осылайша, Жетісу облысында «Digital Qazaqstan» стратегиясын іске асыру жұмыстары мемлекеттік басқару, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, IT-мамандар даярлау және цифрлық инфрақұрылымды дамыту сияқты негізгі бағыттарды қамтып отыр. Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі. Иллюстрация ЖИ көмегімен жасалды



Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жұмыс қорытындылары туралы

06.10.2026

2026 жылғы тамызда Агенттік қаржы ұйымдары мен коллекторлық агенттіктердің қызметіне байланысты жеке және заңды тұлғалардың 14,7 мың жолданымын қарады, бұл өткен айға қарағанда 3,1%-ға аз. Олардың ішінде жолданымдардың ең көп үлесі банк секторына — 47,7%, микроқаржы ұйымдарына — 37,8%, коллекторлық агенттіктерге — 8,1% тиесілі. Қаралған жолданымдардың негізгі үлесі қарыздар бойынша берешекті реттеуге — 41%, заңнаманы түсіндіруге — 18% және түрлі мәселелер бойынша консультацияларға — 12% тиесілі болды. 2026 жылғы тамызда Агенттік заңнамада анықталған бұзушылықтар бойынша қаржы нарығының субъектілеріне 4 қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шарасын (ҚДҰШ), 4 жазбаша нұсқаманы қолданды және әкімшілік құқық бұзушылық туралы 11 хаттама бойынша жалпы сомасы 5,6 млн теңгеге 11 әкімшілік айыппұл салды, оның ішінде: - банктерге — 1 ҚДҰШ; - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға — 1 ҚДҰШ; - микроқаржы ұйымдарына — 2 жазбаша нұсқама, 2 әкімшілік айыппұл; - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына — 2 ҚДҰШ және 9 әкімшілік айыппұл; - коллекторлық ұйымдарға — 2 жазбаша нұсқама. Агенттік үш бағыт бойынша жалғыз тұрғын үйді сақтауға және борыш жүктемесін төмендетуге бағытталған Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) іске асырады. 2004 - 2020 жылдар кезеңінде ипотекалық қарыз алған қарыз алушылардың жалғыз тұрғын үйін сақтауға бағытталған Бағдарламаның бірінші бөлігі шеңберінде 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша банктер 215 млрд теңге сомасына 33,3 мың қарызды қайта қаржыландырды. Бағдарламаның 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін берілген валюталық ипотекалық қарыздарды айырбастауға/қайта қаржыландыруға бағытталған екінші бағыты шеңберінде банктер 16,2 мың валюталық ипотекалық қарызды 114,4 млрд теңге сомасына айырбастауды/қайта қаржыландыруды жүргізді. Бағдарламаның екінші бөлігін іске асыру 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталды. Бағдарламаның үшінші бағыты шеңберінде 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша банктер халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын 10,6 мың қарыз алушыға 101,2 млрд теңге сомасында қосымша қаржылық қолдау шараларын көрсетті. Қолдау шаралары қарыз алушының берешегін азайту, өтеудің жеңілдікті кестелерін белгілеу, сондай-ақ банктің балансында тұрған жалғыз баспананы қарыз алушының меншігіне қайтару түрінде көрсетіледі. Сыртқы коммуникациялар басқармасы press@finreg.kz

2026 жылдың 4 тоқсанына Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалов ауылдық округі әкімімен жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

07.10.2026

Мемлекеттік органның атауы Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның тегі, аты, жөні Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты Мемлекеттік органның орналасқан жері Байланыс телефоны «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалов ауылдық округ әкімінің аппараты» КММ Қалиақпаров Азамат Қайыртайұлы Ауылдық округ әкімі дүйсенбі 10.00-13.00 жұма 10.00-13.00 Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалов ауылы Гагарин көшесі, 26 8(71536) 70014

Қазақстанның ресми статистикасының сапасы ЭЫДҰ тарапынан жоғары бағаланды

07.10.2026

Астанада «Ұлттық статистикалық жүйелерді дамыту: халықаралық стандарттар және технологиялық сын-қатерлер» тақырыбында панельдік сессия өтті. Іс-шараны ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы Азия даму банкінің қолдауымен ұйымдастырды.Ауқымды шараға Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Статистика және деректер дирекциясының директоры, бас статистигі Стив Макфили, ЭЫДҰ Жаһандық қатынастар бөлімінің басшысы Жюльен Дюпон, Азия даму банкінің Қазақстандағы өкілдігінің елдік директоры Утсав Кумар, Корея Республикасы Деректер және статистика министрлігінің Статистика қызметі бюросының бас директоры Янг Чжэ Ву, Эстонияның «Positium» компаниясының бас директоры Гертту Пилсас, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, халықаралық және жергілікті ұйымдардың басшылары қатысты.Қатысушылар ресми статистиканың халықаралық стандарттарын, деректердің жаңа көздерін, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні қолдану мәселелерін талқылады. Сонымен қатар Қазақстан мен басқа елдердің заманауи статистикалық жүйелерін дамыту тәжірибесі де сөз болды.ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының орынбасары Олжас Төлеуов өз сөзінде Қазақстанда статистиканы одан әрі жаңғырту үшін қажетті негіз қалыптасқанын атап өтті. Соңғы жылдары деректерді жинау мен өңдеудің цифрлық мүмкіндіктері кеңейіп, мемлекеттік органдармен және бизнеспен ақпарат алмасу жақсарды, деректердің жаңа көздері енгізілді. «Біздің келесі мақсатымыз — түрлі дереккөздерден алынған ақпарат өзара үйлестірілген, сапа жүйелі түрде бағаланатын, ал заманауи технологиялар қажетті нәтижелерді жедел алуға мүмкіндік беретін заманауи статистикалық жүйені одан әрі дамыту», — деді Олжас Төлеуов. Дәл осы жүйені одан әрі дамыту және халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету панельдік сессияның негізгі тақырыптарының бірі болды. Іс-шараның маңызды бөлігі 2023-2025 жылдар аралығында ЭЫДҰ сарапшылары жүргізген Қазақстанның ұлттық статистикалық жүйесіне жүргізілген тереңдетілген шолу нәтижелерінің таныстырылымы болды.ЭЫДҰ сарапшылары шолу қорытындысында Қазақстанның ресми статистикасының даму деңгейінің жоғары екенін атап өтті. Көптеген бағыттар бойынша статистика сапаның негізгі өлшемдері, атап айтқанда деректердің дәлдігі мен анықтығы, үйлесімділігі, халықаралық стандарттарға сәйкестігі, қамтылуы, өзектілігі, уақтылылығы және қолжетімділігі тұрғысынан озық тәжірибелерге іс жүзінде толық сәйкес келеді.Сондай-ақ Қазақстанның статистикалық тіркелімдерді дамыту, әкімшілік және баламалы деректерді пайдалану, респонденттерге түсетін жүктемені азайту бағытындағы жұмысы жоғары бағаланды. Қазақстан ТМД елдері арасында ЭЫДҰ-ның Сапалы статистикалық практика жөніндегі ұсынымына ресми түрде қосылған алғашқы ел болды. «Біз үшін бұл — еліміздің бүкіл статистикалық жүйесіне жүргізілген маңызды сыртқы бағалау. Бүгінде көптеген бағыттар бойынша Қазақстан ЭЫДҰ елдерінің үздік тәжірибелері мен саясаттарымен толық үйлесуге жақын. Сонымен қатар ЭЫДҰ бағалауын біз соңғы нәтиже ретінде қарастырмаймыз. Бұл таңдалған бағыттың дұрыс екенін көрсететін және реформалардың келесі кезеңіне бағдар беретін маңызды көрсеткіш», — деді ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының басшысы Мақсат Тұрлыбаев. Алдағы жұмыстың негізгі қағидаттарының бірі — деректерді бір рет жинау. Егер қажетті ақпарат мемлекеттік жүйелерде бар болса, оны бизнес пен азаматтардан қайта сұратудың қажеті жоқ. Бұл есептілік жүктемесін азайтып, қажетті көрсеткіштерді жедел алуға мүмкіндік береді.Ұлттық статистика бюросы ақпараттың жаңа көздерін пайдалануды қазірдің өзінде қолға алды. Мысалы, фискалдық деректер операторларының ақпараты инфляцияны есептеу үшін, ал мобильді позициялау деректері туризм мен көші-қонды талдау үшін қолданылады.Жасанды интеллект те Бюро жұмысына кезең-кезеңімен енгізілуде. Қазіргі уақытта пайдаланушыларға қолдау көрсету үшін чат-боттар іске қосылды. Алдағы уақытта жасанды интеллектіні статистикалық нысандарды толтыруға жәрдемдесу, деректерді тексеру, қателер мен ауытқуларды анықтау, ақпаратты өңдеу және талдамалық материалдар дайындау бағыттарында қолдану жоспарлануда.Ұлттық статистика бюросы статистикалық ақпаратты пайдаланушылар үшін барынша қолайлы ету бағытында жұмыс жүргізуде. Деректер stat.gov.kz, ашық деректер, дашбордтар, «Талдау» ақпараттық-талдау жүйесі, Smart Data Ukimet және API арқылы қолжетімді. Технологиялардың дамуы ресми статистикаға қойылатын басты талапты өзгертпейді —

деректер халықаралық деңгейде сапа және салыстырмалылық қағидаттарына сәйкес болуы тиіс. Бюро ЭЫДҰ-ның жоғары талаптары мен стандарттарына толық сәйкестікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмысты жалғастырады.Алдағы кезеңде Қазақстан жаңа дереккөздер мен заманауи технологияларды ескере отырып, ұлттық статистикалық жүйені одан әрі дамытуды жоспарлап отыр. Мемлекеттік және өзге де қолжетімді дереккөздерден алынатын ақпаратты пайдалану кеңейтіліп, респонденттерге түсетін жүктеме азайтылады, сондай-ақ бірқатар процестер автоматтандырылады.



Жетісуда жыл соңына дейін ветеринариялық пункттерге деген қажеттілік толық өтеледі: облыс құрылғаннан бері 67 нысан салынды

07.10.2026

Жетісу облысында ветеринариялық қызметтің материалдық-техникалық базасы нығайтылып, инфрақұрылымы дамып, ветеринариялық пункттер мен станциялар желісі кеңейіп келеді. Облыс құрылғаннан бері 66 ветеринариялық пункт пен ветеринариялық станция салынды. Ал биыл тағы 16 ветеринариялық пункт пен 4 ветеринариялық станцияның құрылысы жүргізілуде. Осылайша, жыл соңына дейін өңірдегі ветеринариялық пункттерге деген қажеттілік толық өтеледі, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі. Облыстық ветеринария басқармасының мәліметінше, маңызды бағыттардың бірі — ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру. Бүгінде өңірдің дерекқорында 2,8 млн-нан астам мал басы тіркелген. Сонымен қатар қазан айының басындағы жағдай бойынша төлдің 872 мыңнан астамы бірдейлендіріліп, дерекқорға енгізілді. Мал басын нақты есепке алу профилактикалық іс-шараларды жоспарлауға, олардың жүргізілуін бақылауға және аурулардың таралу қаупі туындаған жағдайда жедел шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Ветеринариялық қызметтің тағы бір маңызды бағыты — вакцинациялау. Биыл аса қауіпті жұқпалы аурулардың 4 түрі бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізу жоспарланып, оған 11,8 мыңнан астам доза вакцина қарастырылған. Тоғыз айлық жоспардың орындалуы 90%-ды құрады. Осы жұмыс аясында мамандар вакцинациялау, диагностикалық және зертханалық зерттеулер жүргізіп, ветеринариялық анықтамалар береді. Сонымен қатар халық арасында жануарларды вакцинациялау мен бірдейлендірудің, ветеринариялық талаптарды сақтаудың маңыздылығы түсіндіріледі. Аталған жұмыстардың негізгілері - сала инфрақұрылымын дамыту және материалдық-техникалық базасын нығайту. — Өңір басшысының қолдауының арқасында облыс құрылғаннан бері Жетісуда 66 ветеринариялық пункт пен ветеринариялық станция салынды. Биыл тағы 16 ветеринариялық пункт, 4 ветеринариялық станция және 10 мал қорымының құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін облыстағы ветеринариялық пункттерге деген қажеттілік толық өтеледі. Сонымен қатар ветеринариялық ұйымдарға 83 бірлік арнайы автокөлік, 217 компьютер, 238 планшет және басқа да қажетті жабдықтар берілді. Жалпы, ветеринариялық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға, мамандардың еңбек жағдайын жақсартуға бағытталған ауқымды жұмыстар жүргізілді, — деді Жетісу облысының ветеринария басқармасының басшысы Нұрлан Жамаубаев. Инфрақұрылымды дамытудың нақты нәтижесінің бір көрінісі Ескелді ауданында байқалады. Соңғы жылдары Қарабұлақ, Жалғызағаш, Төлеңгіт, Сырымбет ауылдарында жаңа ветеринариялық пункттер салынып, пайдалануға берілді. Сонымен қатар аудандық ветеринариялық станцияға күрделі жөндеу жүргізілді. Бұдан бөлек, Жалғызағаш, Ақын Сара ауылдарында малды топтастыруға арналған қоршау (раскол) орнатылды. Жалпы облыс бойынша малды топтастыру, вакцинациялау және қараусыз малды уақытша ұстау мақсатында 16 қоршаудың құрылысы аяқталды. Аудандық ветеринариялық станцияның директоры Фарнуш Намысбаевтың айтуынша, ветеринария — ауыл шаруашылығының маңызды бағыттарының бірі. — Жануарлардың саулығын сақтау, сондай-ақ олардан алынатын шикізат пен өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бұл бағыттағы жұмыс аудан тұрғындарының денсаулығын сақтау және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ерекше маңызға ие. Біздің аудандық дерекқорда ауыл шаруашылығы жануарларының 46 мыңға жуық басы тіркелген. Бекітілген жоспарға сәйкес вакцинациялау бойынша профилактикалық іс-шаралар, диагностикалық және зертханалық зерттеулер жүргізіліп, жануарлар бірдейлендіріліп, ветеринариялық анықтамалар беріледі, — деді ол. Жалпы қазіргі таңда Ескелді ауданының барлық ауылдық округі ветеринариялық пункттермен толық қамтамасыз етілген. Мамандарға жаңа автокөліктер беріліп, пункттер жиһазбен және қажетті құрал-жабдықтармен, сондай-ақ вакциналар мен биологиялық препараттарды сақтау және тасымалдауға арналған термоконтейнерлермен жабдықталған. Бұл туралы мал шаруашылығымен айналысатын Төлеңгіт ауылының тұрғыны Бақыт Түкібаев пікірін білдірді. Ол жаңа ветеринариялық пункттің ашылуы ауыл өміріндегі елеулі өзгерістердің бірі болғанын айтады. — Соңғы уақытта ауылымызда бірқатар оң өзгерістер орын алып, жаңа ветеринариялық пункт салынды. Қазір тұрғындарға қызмет көрсетіп жүрген ветеринар дәрігерлердің жұмысына көңіліміз толады. Малдарға қажетті дәрі-дәрмектер уақытылы жеткізіліп, қажетті ветеринариялық іс-шаралар тұрақты түрде жүргізіледі. Көктемгі және күзгі кезеңдерде жануарларды түрлі ауруларға қарсы вакцинациялау жұмыстары да ұйымдастырылады, — дейді ауыл тұрғыны. Ол инфрақұрылымның дамуы ауыл тұрғындарының күнделікті өміріне оң әсерін тигізіп отырғанын тілге тиек етті. — Ауылымызда жаңа нысандардың салынып, қажетті инфрақұрылым мен қызметтердің жолға қойылып жатқаны қуантады. Өйткені ауылдың дамуы мен абаттандырылуы — барлығымыз үшін де игілік. Бүгінде ауылдағы тіршілік өз ырғағымен жалғасып, мал шаруашылығы да біртіндеп дамып келеді. Әрине, мал басы өссе, шаруашылық дамыса бұл тұрғындардың әл-ауқатына да оң әсер ететіні сөзсіз, — дейді ауыл тұрғыны. Өңірдегі ветеринариялық қызметті кадрмен қамтуға да ерекше көңіл бөлінген. Облыста мамандықтың мәртебесін арттыруға, тәжірибелі мамандарды сақтап қалуға және жас кадрларды тартуға бағытталған шаралар тұрақты түрде жүзеге асырылуда. Осылайша, облыс басшылығының тікелей қолдауының арқасында Жетісу облысының ветеринариялық қызметі жүйелі түрде дамып келеді. Мал басы бірдейлендіріліп, вакцинациялау жұмыстары жүргізілуде, мамандардың еңбек жағдайы жақсаруда, заманауи ветеринариялық нысандар салынуда, автокөлік паркі жаңартылып, цифрлық технологиялар енгізілуде. Бұл ретте өңірдегі эпизоотиялық ахуал тұрақты және бақылауда. Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі. Фотограф: Қанат Өмірәлинов

Асқарбек Ертаев JOLTAP жобасын өңірлерге кеңейту тәжірибесін зерделеді

06.10.2026

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев Астана қаласындағы JOLTAP әлеуметтік жобасының жұмысымен танысып, қысқа мерзімді оқытудың ұйымдастырылуын, сұранысқа ие даярлау бағыттарын және түлектерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу тетіктерін зерделеді. Жоба тәжірибесі оны еліміздің басқа өңірлеріне масштабтау ықтималдығына ұсыныстар әзірлеу аясында қарастырылуда. Сапар барысында министрге сыныптар мен шеберханалар көрсетіліп, жұмыскерн және цифрлық бағыттар бойынша практикалық сабақтардың қалай өтетіні таныстырылды. Асқарбек Ертаев жоба қатысушыларымен және түлектермен әңгімелесіп, оқытудың басты нәтижесі адамға алған дағдыларын іс жүзінде қолдануға, жұмысқа орналасуға немесе өз бетінше табыс табуға мүмкіндік беруі тиіс екенін атап өтті. «JOLTAP жобасы жақсы нәтижесін көрсетіп отыр. Қысқа мерзім ішінде адам сұранысқа ие дағдыларды меңгеріп, еңбек нарығына шығуға мүмкіндік алады. Оқыту жұмыс берушілердің қажеттілігі мен түлектерді кейінгі жұмыспен қамтуға байланысты ұйымдастырылған. Біздің міндетіміз — осы тәжірибені зерделеп, мұндай мүмкіндіктерді еліміздің барлық өңірінің тұрғындарына қолжетімді ету», — деді Асқарбек Ертаев. JOLTAP өкілдері оқу бағдарламаларын қалыптастыру тәсілдері жайында айтты. Курстар жергілікті бизнестің қажеттіліктері мен кәсіпорындардың кадрларға деген сұранысын ескере отырып әзірленеді. Оқу тегін, 5 күннен 22 күнге дейін жалғасады және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген алаңдарда өткізіледі. Сабақтардың басым бөлігі практикалық сипатқа ие: оқытудың шамамен 80%-ы өндірістегі жұмыстарға бағытталған. Бұл ретте қатысушылар қажетті материалдармен қамтылады. Жоба іске қосылғалы бері 30 курс ұйымдастырылған. Оның 19-ы жұмысшы, 11-і цифрлық бағытқа арналған. Биыл оқыту 18 мамандық бойынша жүргізілуде. Олардың қатарында тігінші, модельер-конструктор, тігін өндірісінің операторы, электргазбен дәнекерлеуші, электрмонтаждаушы, наубайшы мамандықтары, сондай-ақ графикалық дизайн, өнімді ілгерілету және бизнесте цифрлық құралдарды қолдану бағыттары бар. JOLTAP әлеуметтік жобасының жетекшісі, Астана қаласы әкімінің штаттан тыс кеңесшісі Дана Жүнісова тұрақты жұмыспен қамтылу үшін адамға көбіне өзара байланысты бірнеше дағдыны кешенді түрде меңгеру қажет екенін атап өтті. «Болашақ тігіншіге пішу, модельдеу және тігу дағдыларын меңгеру маңызды. Ал өз бұйымдарын сатқысы келсе, оған тауарды әлеуметтік желілерде таныстыру, маркетплейстермен жұмыс істеу, есеп жүргізу және салық мәселелерін түсіну сияқты қосымша білім қажет болады. Сондықтан біз қатысушыларға қажетті курстарды кезең-кезеңімен өтіп, оқу орнынан жұмысқа немесе өз кәсібін бастауға дейінгі жеке бағытын қалыптастыруға көмектесеміз», — деді Дана Жүнісова. Бүгінде JOLTAP жобасы аясында 22,3 мың адам қысқа мерзімді оқудан өтті. Жоба мәліметіне сәйкес, түлектердің 60%-ы жұмысқа орналасқан, тағы 23%-ы фриланс форматында еңбек етеді. 2 мыңнан астам қатысушы өз кәсібін ашып, жаңа жұмыс орындарын құрған. Жоба түлектерінің қатарында алдымен тігін ісі бойынша білім алып, кейін қосымша бағыттарды меңгерген Айгерім Момышева да бар. «Бастапқыда тігін тігуді үйренсем деген ниетпен келдім. Кейін маған басқа да дағдылар қажет екенін түсіндім. Қазір өзім ойыншықтардың дизайнын ойластырып, жасап, оларды маркетплейстер арқылы сатамын. Енді жобаға жаңадан келгендерге өз тәжірибеммен бөлісе аламын», — деді Айгерім Момышева. JOLTAP жобасында оқыту аяқталғаннан кейін де қатысушыларды сүйемелдеу қарастырылған. Атап айтқанда, түлектер мен басқа да жұмыс іздеушілер үшін жұмыс іздеуге арналған JUMYSTAP платформасы құрылды. Қазір онда 42 мыңнан астам пайдаланушы тіркелген, оның ішінде 5,3 мың жұмыс беруші бар. Платформада жалпы 6,5 мыңнан астам бос жұмыс орны туралы хабарландыру орналастырылған. Сонымен қатар жоба түлектерді кәсіби қауымдастықтарға біріктіреді. Қатысушылар мұнда тәжірибелерімен бөлісіп, жаңа кәсіби байланыстар орнатады, бірлескен жобалар мен тапсырыстарды бірге орындауға мүмкіндік алады. Сапар барысында министр жобаның толық моделін — сұранысқа ие дағдыларды

айқындау мен бизнес өкілдерімен бірлесіп оқу бағдарламаларын әзірлеуден бастап, практикалық даярлық пен түлектерді оқудан кейін сүйемелдеуге дейінгі кезеңдерін қарастырды. JOLTAP тәжірибесін зерделеу нәтижесінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әр өңірдің ерекшеліктері мен кадрларға деген қажеттілігін ескере отырып, жобаны ықтимал масштабтау жөнінде ұсыныстар әзірлейді. Бұл ретте негізгі назар оқытудың еңбек нарығындағы нақты сұранысқа сәйкестігіне және оның жұмыспен қамтумен байланысына аударылады. Жаңа кәсіпті немесе дағдыны меңгеру адамға жұмыс табуға, табысын арттыруға немесе өз кәсібін дамытуға нақты мүмкіндік беруі тиіс.

Комитетте тарифтік реттеудің өзекті мәселелері талқыланды

06.10.2026

2026 жылғы 6 қазанда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті кезекті ай сайынғы қоғамдық қабылдауды онлайн форматта өткізді. Кездесу барысында Комитеттің салалық басқармаларының өкілдері электр және жылу энергетикасы, газбен жабдықтау және теміржол көлігі салаларындағы ағымдағы жұмыстар туралы айтып, тарифтер мен бағаларды қалыптастыру, инвестициялық бағдарламаларды іске асыру және тұтынушылардың мүдделерін қорғауға қатысты мәселелер бойынша түсініктемелер берді. Жылумен жабдықтау саласында алдағы жылыту маусымына дайындық, тозған инфрақұрылымды жаңғырту және табиғи монополия субъектілерінің шығындарының негізділігін бақылау мәселелеріне ерекше назар аударылды. Қаражаттың мақсатсыз пайдаланылуы немесе бекітілген іс-шаралардың орындалмауы анықталған жағдайда заңнамада көзделген шаралар, оның ішінде уақытша өтемдік тариф тетігі қолданылады. Электр энергетикасы саласында қатысушыларға электр энергиясының түпкілікті бағасын қалыптастыру тәртібі түсіндірілді. Бағаларды өзгерту мәселелері халықтың, қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа да мүдделі тұлғалардың қатысуымен ашық түрде қаралатыны атап өтілді. Комитет электр энергиясы бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу бойынша жұмыс жүргізуде. Сондай-ақ тауарлық газға баға белгілеу мәселелері қаралды. Комитет өкілдері бөлшек бағаның көтерме бағадан, тасымалдау тарифінен және газды өткізуге байланысты шығыстардан қалыптасатынын түсіндірді. Бағаның барлық құрамдас бөліктері мемлекет тарапынан реттеледі, сонымен қатар тұтынушылардың әлеуметтік осал санаттары үшін жекелеген қолдау шаралары көзделген. Теміржол саласы бойынша қатысушыларға қабылданған тарифтік шешімдер, қаралып жатқан нарық субъектілерінің өтінімдері, сондай-ақ магистральдық теміржол желісі қызметтеріне тарифтік әдіснаманы жетілдіру жөніндегі жұмыстар туралы ақпарат ұсынылды. Қоғамдық қабылдауларды өткізу тарифтік реттеудің ашықтығын арттыруға, қабылданатын шешімдерді түсіндіруге және тұтынушылармен тікелей кері байланысты қамтамасыз етуге бағытталған.



«Ұлттық қор — балаларға» бағдарламасы аясында қазақстандықтарға 76,11 млн АҚШ доллары аударылды

06.10.2026

2024 жылғы 1 ақпаннан 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін «Ұлттық қор — балаларға» бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтарды (НЖ) пайдалану бойынша жалпы сомасы шамамен 76,11 млн АҚШ долларына 365 553 алушыға төлем жасалды. 2026 жылдың басынан 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 170 156 азамат жалпы сомасы 44,84 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі нысаналы жинақтарын алды. Оның ішінде 119 279 қазақстандыққа тұрғын үй жағдайларын жақсартуға 31,00 млн аса АҚШ доллары, ал 50 877 қазақстандыққа білім алуға ақы төлеу үшін 13,83 млн АҚШ доллары аударылды. Барлық қаражат өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін уәкілетті операторларға аударылды. Еске салайық, НЖ алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы. Егер қаражаттың бір бөлігі талап етілмесе, қалдық нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) 10 жыл бойы сақталады. Одан кейін пайдаланылмаған қалдық алушының ерікті зейнетақы жарналары есепке алынатын жеке зейнетақы шотына аударылады. Нысаналы талаптарға қатысушы кәмелетке толмаған балалар және нысаналы жинақтарды кәмелетке толған алушылар бойынша, сондай-ақ нысаналы жинақтарды тұрғын үйге және (немесе) білім алуға пайдалану жөніндегі статистикамен enpf.kz сайтында танысуға болады. kids.enpf.kz сайтында Бағдарламаның шарттарымен танысып, қажетті нұсқаулықтар алып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап алуға болады. БЖЗҚ YouTube-арнасында осы тақырып бойынша бейне нұсқаулықты көруге болады.

Бүгін облыс әкімдігінде егін жинау науқанын аяқтау, жемшөп дайындау және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру мәселелері қаралды

06.10.2026

Биылғы егін жинау науқаны әдеттегіден екі апта ерте басталды. Жұмыс қарқыны өткен жылмен салыстырғанда 23%-ға жоғары. 1,55 млн га алқаптың 1,15 млн гектары немесе 74%-ы жиналды. Бұл ретте егін алқабының көлемі 7%-ға, яғни 102,5 мың гектарға ұлғайды. Дәнді дақылдар алқаптарын жинау жұмыстары аяқталды: 773,4 мың га немесе 98% жиналды. Орташа өнімділік 9,1 ц/га құрап, 707 мың тонна астық бастырылды. Қалған қарақұмық алқаптарын Успен, Шарбақты және Тереңкөл аудандарында жинап алу қажет. Картоптың 97%-ы, көкөністің 99%-ы жиналды, бақша және жемшөп дақылдарын жинау жұмыстары аяқталды. Майлы дақылдардың 292,2 мың га алқабы немесе 43%-ы жиналды. Өнімділігі 10 ц/га құрады. Сонымен қатар 2027 жылғы егіс науқанына дайындық жұмыстары жүргізілуде: 189,9 мың га егіс алқабы өңделіп, 212,3 мың га күзгі жер жырту жұмыстары жүргізілді. Егін жинау жұмыстарына 2 286 трактор, 2 367 комбайн, 2 668 автокөлік және 1 275 трактор тіркемесі жұмылдырылды. Жыл басынан бері шаруашылықтар 37 млрд теңгеге 1 222 бірлік ауыл шаруашылығы техникасын сатып алды. Оның ішінде 21,9 млрд теңгеге 575 техника лизинг арқылы алынды. Егін жинау науқанына 31,7 мың тонна дизель отыны бөлінді, бұл қажеттілікті толық қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, астықты кептіруге 2 080 тонна дизель отыны қарастырылған, қажетті көлемге өтінімдер толық берілді. Өсімдік шаруашылығын қолдауға 9,4 млрд теңге субсидия бағытталды. «Кең дала 2» бағдарламасы бойынша 30,1 млрд теңгеге 339 несие берілді. «Азық-түлік корпорациясы» 6,4 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу үшін 455,7 млн теңгеге алты форвардтық келісімшарт жасасты. Жемшөп дайындау жұмыстары да бақылауда. Бүгінгі таңда 1,32 млн тонна шөп дайындалып, оның 921,4 мың тоннасы сақтау орындарына жеткізілді. Өткен жылдан қалған қор: 112,7 мың тонна пішендеме, 242,1 мың тонна сүрлем және 326,5 мың тонна сабанды құрайды. Ауа райының күрт суытуына байланысты өңір басшысы Асайын Байханов егін жинау жұмыстарын аяқтауды және 2027 жылғы өнімге қажетті тұқым қорын қалыптастыруды күнделікті бақылауға алуды тапсырды. 10 қарашаға дейін күзгі дала жұмыстарына бөлінген арзандатылған дизель отынын толық алып, мақсатты пайдалануды қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ «Кең дала 2» бағдарламасы бойынша алынған несиелердің қайтарылуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау тапсырылды. Мерзімі - ағымдағы жылдың 25 желтоқсанына дейін. Сонымен қатар, азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру шаралары қаралды. Павлодар облысында 21 тауар түрі бойынша баға республикалық орташа деңгейден төмен. Тағы 13 азық-түлік түрі бойынша өңір баға деңгейі ең төмен бес облыстың қатарына кіреді. Негізгі құралдардың бірі - тұрақтандыру қоры. Қазіргі уақытта онда 13 түрлі 7,7 мың тонна өнім бар және жалпы құны 2 млрд теңгені құрайды. Жыл басынан бері 227 серіктес дүкен арқылы 883,8 млн теңгеге 3 088,1 тонна өнім сатылды. Айналым схемасы аясында «Ирвема» ЖК-не 13 түрлі тауарды сауда үстемесі төмендетілген бағамен өткізу үшін 190 млн теңге бағытталды. Тағы бір тетік - «Әлеуметтік әмиян» пилоттық жобасы. «Техноснаб ПВ» ЖШС-мен 180 млн теңгеге қарыз беру туралы келісімшарт әзірленуде. Жеңілдетілген бағамен өнім «Ваш» сауда желісінде атаулы әлеуметтік көмек алушыларға сатылады. «Jailau» базарында күн сайын өнімдер төмендетілген бағамен сатылуда. Қалалар мен аудандарда апта сайынғы жәрмеңкелер жалғасуда. Жыл басынан бері 408 жәрмеңке өткізілді. Делдалдық схемаларды терген-тексеру жөніндегі комиссия 31 отырыс өткізді. 81 бұзушылық анықталып, 1,5 млн теңгеге 105 әкімшілік хаттама толтырылды. Талқылау қорытындысы бойынша облыс әкімі баға мониторингін және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген 15%-дық сауда үстемесінің сақталуын бақылауды күшейтуді, сондай-ақ тұрақтандыру қорының өнімдерін белсенді пайдалануды тапсырды. Ауыл шаруашылығы басқармасына, қалалар мен аудандардың әкімдеріне және «Павлодар» ӘКК» АҚ-на ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өнімдерін делдалдарсыз тікелей өткізу арқылы апта сайынғы жәрмеңкелерді өткізуді жалғастыру тапсырылды. Павлодар облысы әкімінің баспасөз қызметі Суреттерді түсірген Валерий Бугаев

Павлодар облысының дене шынықтыру және спорт басқармасына жаңа басшы тағайындалды

06.10.2026

Облыс әкімінің өкімімен Серік Халелов Павлодар облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы болып тағайындалды. Серік Абдоллаұлы Халелов 1974 жылы туған, екі жоғары білімі бар. Еңбек жолын 1991 жылы бастаған. 1993-2007 жылдары Шығыс Қазақстан облысының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жаттықтырушы-оқытушы болып жұмыс істеді. 2007-2012 жылдары олимпиадалық резервті даярлау орталығын басқарды. 2012-2013 жылдары облыстық туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарды. 2013-2025 жылдары Өскемен және Астана қалаларындағы мемлекеттік органдардың дене шынықтыру және спорт саласындағы ведомстволық бағыныстағы ұйымдарында басшылық және атқарушы лауазымдарда еңбек етті. 2026 жылдың мамыр айынан осы лауазымға тағайындалғанға дейін Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру істері комитетіне қарасты «Астана» олимпиадалық даярлау орталығында спорт әдіскері қызметін атқарды. Павлодар облысы әкімінің баспасөз қызметіСуреттерді түсірген Валерий Бугаев



Digital Qazaqstan: цифрлық технологияларды қолданудың арқасында аукциондардан түсетін кіріс 7 есе артты

06.10.2026

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев Digital Qazaqstan жалпыұлттық стратегиясын іске асыру аясында геология, өнеркәсіп және құрылыс салаларын цифрлық тұрғыда трансформациялау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Аталған бағыттар бойынша 2028 жылға дейін қол жеткізілуге тиіс көрсеткіштер айқындалды, деп хабарлайды

ведомствоның баспасөз қызметі. Геологиялық барлау жұмыстарына тартылатын жеке инвестиция көлемін 30%-ға арттыру көзделіп отыр. Өнеркәсіп саласында еңбек өнімділігінің жыл сайын 7%-ға өсуін қамтамасыз ету, роботтандыру ісін дамыту, кемінде 5 отандық интегратор және 3 құзырет орталығын құру жоспарланған. Құрылыс саласындағы техникалық тұрғыда күрделі жаңа нысандардың 100%-ында BIM технологиясын қолдануға кезең-кезеңімен қол жеткізу қарастырылған. «Геология саласын цифрландырудың негізгі кезеңі аяқталды. Геологиялық ақпарат цифрлық форматқа көшіріліп, көпшілікке қолжетімді етілді. Мемлекеттік қызмет Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай порталы арқылы көрсетіледі. Цифрлық аукцион тетігін енгізу және геологиялық деректердің қолжетімділігін арттыру аукциондардан түсетін кірістің 7 есе өсуін қамтамасыз етті. Келесі міндет — геологиялық деректерді талдау және перспективалы учаскелерді анықтау үшін жасанды интеллектіні қолдану», — деп атап өтті Ерсайын Нағаспаев.

«Құқықтық дәріхана»: нақты нәтижеге бағытталған құқықтық көмек

06.10.2026

06.10.2026 жылы Петропавл қаласында және облыстың 13 аудан орталығында кезекті «Құқықтық дәріхана» акциясы өткізілді. Акция барысында Петропавл қаласы мен облыс аудандарының тұрғындарына еңбек, тұрғын үй, әлеуметтік, жер және өзге де құқықтарын қорғау мәселелері бойынша тегін құқықтық консультациялар беріліп, мемлекеттік органдарға жүгіну және олардың шешімдеріне шағым жасау тәртібі түсіндірілді. Іс-шара барысында азаматтарға заңнама нормаларын түсіндірумен қатар, бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған практикалық көмек көрсетуге ерекше назар аударылды. Мәселен, акция барысында прокурорларға мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға қатысты мәселесі бойынша азамат жүгінді. Өтініш берушіге қабылданған шешімге шағымдану тәртібі түсіндіріліп, ұсынылған құжаттар зерделенді және уәкілетті мемлекеттік органға тиісті өтініш дайындауға практикалық көмек көрсетілді. Қарау нәтижелері бойынша мәселе бақылауға алынып, қажетті шаралар қабылданды. Нәтижесінде азаматтың бұзылған құқығы қалпына келтірілді. Мұндай мысалдар «Құқықтық дәріхана» акциясының тек консультация берумен шектелмей, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға нақты ықпал ететінін көрсетеді. Акция тұрақты негізде өткізіледі және құқықтық көмекті азаматтарға барынша қолжетімді, түсінікті әрі жақын етуге бағытталған. «Құқықтық дәріхана» — әр азаматқа жақын құқықтық көмек, нақты нәтиже. Жалпы, акция барысында 123 азамат қабылданды. Ағымдағы жылдың басынан бері облыс прокуратурасы өткізген «Құқықтық дәріхана» акциялары аясында 3 300-ден астам азамат қабылданды. Облыс прокуратурасы тұрғындарды алдағы уақытта да «Құқықтық дәріхана» акциясы аясында білікті құқықтық көмек алу мүмкіндігін пайдалануға шақырады әр сейсенбі сайын Петропавл қаласындағы «Рахмет» сауда үйінде, сондай-ақ облыстың аудан орталықтарында (сауда-ойын-сауық орталықтарында, халыққа қызмет көрсету орталықтарында, мәдениет үйлерінде, аудандық ауруханаларда және басқа да орындарда) өткізіледі. Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы.

Атырауда прокурорлар 6,5 мың жер пайдаланушының құқығын қорғады

06.10.2026

Прокурорлардың араласуымен жер салығы дұрыс есептелмеу мәселесіне тап болған жер учаскелерінің көптеген иелерінің құқығы қалпына келтірілді. Салық коэффициенттерін есептеу кезінде Атырау қаласының Алмалы ауылдық округіндегі бірнеше аумақ - Береке ауылы және оның учаскелерімен бірге бақшашылық серіктестіктердің ескерілмегені анықталды. Осының салдарынан адамдардың нақты қанша төлеуі тиіс екені белгісіз болды, сомалар дәл болмай шықты. Ең көп зардап шеккендер - ірі массивтердегі бақшашылар: «Энергетик-5», «Геофизик», «Аграрник», «Автомобилист-сельхозработник», «УС-99», «Авиатор» және «Строитель Еңбек». Прокуратураның араласуынан кейін коэффициенттер заңға сәйкес қайта есептелді, олармен бірге жер салығының өзі де қайта есептелді. Енді төлем сомалары толықтай заңды. Осының арқасында шамамен 6,5 мың жер пайдаланушының құқығы қалпына келтірілді. Прокуратурада жер мәселелеріндегі азаматтардың құқықтарының сақталуын бақылауды жалғастыратындарын хабарлады. Атырау облысының прокуратурасы



Қазақстан Су және денсаулық проблемалары жөніндегі хаттаманы іске асыруға кірісті

06.10.2026

Астана қаласында Қазақстандағы су саясаты жөніндегі ұлттық диалог бойынша Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің 9-отырысы өтті. Оған халықаралық сарапшылар, мемлекеттік органдардың және мүдделі ұйымдардың өкілдері қатысты. 2025 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстан Су және денсаулық проблемалары жөніндегі хаттаманы ратификациялады. 2026 жылғы 5 қаңтарда қосылу туралы құжат депозитарийге тапсырылып, Қазақстан Хаттаманың 30-шы Тарапы болды. 2026 жылғы 5 сәуірден бастап Хаттама Қазақстан Республикасы үшін күшіне енді. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Хаттама ережелерін практикалық іске асыруға кірісті. Негізгі басымдықтар — ұлттық нысаналы көрсеткіштерді қалыптастыру, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайту. Халықтың су мен санитарияға тең қолжетімділігіне өзін-өзі бағалау жүргізіліп, ол жүйелі кедергілерді анықтауға және одан әрі жұмыстың басым бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді. Отырыста сондай-ақ климаттың өзгеруі мен төтенше жағдайлар жағдайында сумен жабдықтау жүйелерінің орнықтылығын арттыру, халықты қауіпсіз ауызсумен, санитариямен және гигиена құралдарымен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. Хаттаманы іске асыру Қазақстан халқының санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын нығайтуға және өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

Қысқы мал азығы

06.10.2026

Сарыбастау ауылдық округінде қысқы мал азығын дайындау науқаны сәтті аяқталды. Жергілікті шаруа қожалықтары мен тұрғындар алдағы қыс мезгіліне қажетті азық қорын межеленген жоспарға сәйкес дайындап алды. Науқан барысында өрт қауіпсіздігі ережелері толық сақталып, техникалар үздіксіз жұмыс атқарды. Жиналған шөп пен жем-шөп қоры қысқы кезеңде төрт түлік малды шығынсыз бағып шығуға толық мүмкіндік береді. Еңбектеріңіз берекелі болсын, ағайын!

Көкшетауда ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі 2026 жылдың 3 қазанында "ЦУМ" сауда үйінің аумағында өтті

06.10.2026

Қарттар күніне орай Көкшетау қаласында өткен облыстық ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне 200 тоннадан астам жаңа өнім жеткізілді. Облыстың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қала тұрғындарына өз өнімдерін ұсынып, жәрмеңкеде 50 павильонға орналастырылған 100 сауда орнын қамтыды. Сауда сөрелерінде сатып алушылар арасында ең жоғары сұранысқа ие өнімдер ұсынылды. Атап айтқанда, 50 тоннаға жуық ет өнімдері, 20 тонна сүт өнімдері, сондай-ақ 40 тоннаға жуық көкөніс пен картоп жеткізілді. Сонымен қатар жәрмеңкеден балық, жұмыртқа, ұн, жарма, өсімдік майы, маусымдық өнімдер мен көшеттерді сатып алуға болады. «Жәрмеңкеге облыстың он ауданынан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қатысып отыр. Тұрғындардың ұсынылған өнімдерге белсенді қызығушылық танытып отырғанын көріп отырмыз. Біздің аграршылар үшін мұндай жәрмеңкелер игі дәстүрге айналса, тұрғындар үшін қажетті өнімдерді қолжетімді бағамен сатып алуға мүмкіндік береді», — деп атап өтті Ақмола облысы әкімінің орынбасары Мұрат Балпан. Жәрмеңке қазан айы бойы өтетін Қарттар күніне арналған айлық аясындағы іс-шаралардың бірі болды. Осы кезеңде өңірде аға буын өкілдерін қолдауға бағытталған бірқатар іс-шара өткізу жоспарланған. Саудада тұрақтандыру қорындағы өнімдерге ерекше сұраныс байқалды. Қала тұрғындарына сиыр еті, қант, күріш, бірінші сұрыпты ұн, тұз, күнбағыс майы, макарон өнімдері, сондай-ақ картоп пен сәбіз нарықтағы бағадан 10—15%-ға төмен бағамен ұсынылды. «Жәрмеңке өткен сайын осында келіп, қажетті азық-түліктерімді сатып аламын. Бүгін Зеренді ауданынан әкелінген жылқы етін сатып алдым — еттің балғын екені бірден көрініп тұр, бағасы да қолжетімді. Мұндай жәрмеңкелер қала тұрғындары үшін өте пайдалы. Мұнда сапалы өнімдерді қолжетімді бағамен сатып алуға болады. Жолдасым екеуміз бірге келуге тырысамыз — әрі қажетті заттарымызды аламыз, әрі жақсы көңіл-күймен қайтамыз», — дейді қала тұрғыны Салима Сахаева.



Алматы облысында ұстаздар күніне орай білім саласының үздіктері марапатталды

06.10.2026

6 қазан күні Қонаев қаласының Мәдениет үйінде Ұстаздар күніне арналған салтанатты жиын өтіп, білім беру саласының үздік қызметкерлері марапатталды. Мерекелік шара барысында педагогтердің кәсіби жетістіктері аталып, білім беру саласында жоғары нәтиже көрсеткен мамандарға құрмет көрсетілді. Бүгінде Алматы облысында 34 767 педагог еңбек етеді. Оның 33 306-сы мемлекеттік, 1 461-і жекеменшік білім беру ұйымдарында қызмет атқарады. Биыл 7 292 педагогтің біліктілігін арттыру жоспарланып отыр. Өңір педагогтерінің республикалық деңгейдегі жетістіктері де жоғары. 13 педагог «Үздік педагог» атағына ие болды. Ал жыл басынан бері облыстың 19 педагогі аталған байқаудың республикалық кезеңіне жолдама алды. Биыл республикалық педагогикалық хакатонға Алматы облысынан 6 жас маман қатысып, оның үшеуі жүлделі орын иеленді. Сонымен қатар «Жаңа мектепке — жаңашыл ұстаз» VIII республикалық байқауында Іле ауданының мұғалімі Табыс Шырақ I орын алды. Салтанатты жиында Алматы облыстық білім басқармасының басшысы Қайрат Жұманов ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтап, педагог еңбегінің қоғамдағы маңызына тоқталды. «Ұстаз — ұлт болашағын тәрбиелейтін, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беріп, олардың бойына адамгершілік пен отансүйгіштік қасиеттерді сіңіретін қадірлі мамандық иесі. Ұстаз еңбегінің нәтижесі — шәкіртінің жетістігі, елдің ертеңі мен қоғамның кемел келешегі», — деді Қайрат Жұманов. Мерекелік жиын барысында білім беру саласының мамандарына «Еңбек ардагері» медалі, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» медалі, «Білім беру саласының үздігі» төсбелгісі, сондай-ақ облыс әкімінің және білім басқармасы басшысының Құрмет грамоталары табысталды. Сонымен қатар «Үздік балабақша — 2026», «Үздік ауыл мектебі — 2026», «Үздік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы — 2026», «Үздік сынып жетекші — 2026» және «Жылдың үздік мұғалімі — 2026» номинациялары бойынша жеңімпаздар марапатталды. 2025—2026 оқу жылының қорытындысы бойынша халықаралық және республикалық деңгейдегі шығармашылық-зерттеу жұмыстары, олимпиадалар мен байқауларда жоғары нәтиже көрсеткен аудандық және қалалық білім бөлімдері де жалпы командалық есепте жүлделі орындарға ие болды. Ұстаздар күніне арналған салтанатты жиын білім саласында еңбек етіп жүрген жандарға құрмет көрсетіп, олардың кәсіби жетістіктерін дәріптеуге арналды. Мерекелік жиын концерттік бағдарламамен қорытындыланды.

Алматыда жыл соңына дейін

үш жаңа емхана салынады

06.10.2026

Алматыда жыл соңына дейін Шұғыла және Алтай-1 шағынауандарында, сондай-ақ Алмалы ауданындағы Әйтеке би көшесінде үш жаңа емхананың құрылысын аяқтау жоспарланған. Әрқайсысы бір ауысымда 500 адамға дейін қабылдай алады. Бұл туралы Алматы қаласы Құрылыс басқармасының өкілдері айтты. Жаңа нысандар тұрғындардың медициналық көмекке қолжетімділігін арттырып, қолданыстағы емханаларға түсетін жүктемені азайтады. Наурызбай ауданындағы Шұғыла шағынауданында салынып жатқан емхананың аумағы 12 мың шаршы метрден асады. Медициналық мекеме екі ауысымда жұмыс істеп, күніне мың адамға дейін қабылдайды. Мұнда ересектер және балалар бөлімшесі, әйелдер консультациясы, клиникалық-диагностикалық зертхана, функционалдық диагностика және медициналық оңалту бөлімшелері орналасады. Сондай-ақ, 26 орындық күндізгі стационар мен амбулаториялық хирургия орталығы жұмыс істейді. Тағы бір емхана Алмалы ауданындағы Әйтеке би көшесінде салынып жатыр. Аумағы 8 мың шаршы метрден асатын бес қабатты ғимарат шамамен 30 мың тіркелген тұрғынға қызмет көрсетуге есептелген. Емханада терапия және педиатрия бөлімшелері, жалпы практика дәрігерлері, әйелдер консультациясы, амбулаториялық хирургия орталығы және күндізгі стационар жұмыс істейді. Сонымен қатар тұрғындарға медициналық оңалту, стоматология, офтальмология, оториноларингология және онкология бағыттары бойынша қызмет көрсетіледі. Үшінші емхана Түрксіб ауданындағы Алтай-1 шағынауданында бой көтеріп жатыр. Аумағы шамамен 10 мың шаршы метр болатын нысан екі ауысымда жұмыс істеп, тәулігіне мың науқасқа дейін қабылдай алады. Мұнда жалпы практика дәрігерлері мен тиісті мамандардың кабинеттері орналасқан Отбасылық денсаулық орталығы жұмыс істейді. Бұдан бөлек, Жастар денсаулық орталығы, профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесі, сондай-ақ күндізгі стационар қарастырылған. Үш нысанда да науқастар санын бөлу, жеке кіреберіс, сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған жеделсаты мен пандус болады.

Алматыда креативті индустрия көлемі 672 млрд теңгеге жетті

06.10.2026

[14:08, 06.10.2026] Багила Коллега: 2025 жылдың қорытындысы бойынша Алматыда креативті индустрия саласында 21,5 мың кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Саланың жалпы қосылған құны 672 млрд теңгеге жетіп, бюджетке 49,4 млрд теңге салық түсті. Ал негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 4,5 есе артып, 65 млрд теңге болды. Бұл туралы Алматы қаласы Туризм басқармасының өкілдері хабарлады. Креативті индустрия музыка, кино, дизайн, сән, сәулет, медиа, цифрлық контент және іс-шаралар салаларын қамтиды. Басқарма мәліметінше, саланың экономикалық көрсеткіштерімен қатар, қаладағы мәдени кеңістіктер мен ірі шығармашылық жобалардың саны да артып келеді. 2025 жылы қыркүйекте Алматыда аумағы 10 мың шаршы метрден асатын Almaty Museum of Arts ашылды. Сондай-ақ «Целинный» заманауи мәдениет орталығы жұмысын бастады. Шаһарда халықаралық деңгейдегі концерттер мен фестивальдер де өткізіліп келеді. Креативті индустрия саласындағы алдағы маңызды шаралардың бірі — 11 қарашада Almaty Arena-да өтетін THE ICONIC CREATOR AWARDS 2026. Биыл премия алғаш рет Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанның креативті индустрия өкілдерін бір алаңда тоғыстырады. Алматыда авторлар, артистер, режиссерлер, дизайнерлер, кәсіпкерлер, продюсерлер, сәулетшілер, медиа және digital-индустрия өкілдері бас қосады. Сыйлық музыка, кино және бейнелеу өнерінен бастап сәулет, ойын индустриясы мен креативті технологияға дейін 15 бағытты қамтиды. Барлығы 100 негізгі және тоғыз арнайы марапат табысталады. Креативті индустрия саласындағы ірі халықаралық іс-шараларды өткізу Алматыдағы оқиғалы туризмді дамытудың маңызды бағыттарының бірі ретінде де қарастырылып отыр. Мұндай іс-шаралар қалаға шетелден қатысушылар мен қонақтарды тартып, Орталық Азияның креативті индустрия өкілдері арасында жаңа серіктестік орнатуға жол ашады.[14:08, 06.10.2026] Багила Коллега: В Алматы объем креативной индустрии достиг 672 млрд тенге По итогам 2025 года в Алматы зарегистрировано 21,5 тыс. субъектов предпринимательства в сфере креативных индустрий. Объем валовой добавленной стоимости отрасли достиг 672 млрд тенге, налоговые поступления - 49,4 млрд тенге. Инвестиции в основной капитал выросли в 4,5 раза и составили 65 млрд тенге. Об этом сообщили в управлении туризма Алматы. Креативная индустрия объединяет музыку, кино, дизайн, моду, архитектуру, медиа, цифровой контент и событийную сферу. Вместе с экономическими показателями в городе растет число культурных площадок и крупных событий, отметили в ведомстве. В сентябре 2025 года в Алматы открылся Almaty Museum of Arts площадью более 10 тыс. кв. м, начал работу Центр современной культуры «Целинный». Город также принимает крупные международные концерты и фестивали. Одним из предстоящих событий станет THE ICONIC CREATOR AWARDS 2026, которая пройдет 11 ноября на Almaty Arena. Впервые премия объединит на одной площадке представителей креативных индустрий Казахстана, Кыргызстана и Узбекистана. В Алматы соберутся авторы, артисты, режиссеры, дизайнеры, предприниматели, продюсеры, архитекторы, представители медиа и digital-индустрии. Премия охватит 15 направлений — от музыки, кино и визуального искусства до архитектуры, игровой индустрии и креативных технологий. Предусмотрено 100 основных и девять специальных наград. Проведение крупных международных мероприятий в сфере креативных индустрий также рассматривается как одно из направлений развития событийного туризма Алматы. Такие события привлекают в город участников и гостей из других стран и создают новые возможности для сотрудничества представителей креативного сектора Центральной Азии.



Digital Qazaqstan: цифрлық технологияларды қолданудың арқасында аукциондардан түсетін кіріс 7 есе артты

06.10.2026

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев Digital Qazaqstan жалпыұлттық стратегиясын іске асыру аясында геология, өнеркәсіп және құрылыс салаларын цифрлық тұрғыда трансформациялау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Аталған бағыттар бойынша 2028 жылға дейін қол жеткізілуге тиіс көрсеткіштер айқындалды, деп хабарлайды ведомстволық баспасөз қызметі. Геологиялық барлау жұмыстарына тартылатын жеке инвестиция көлемін 30%-ға арттыру көзделіп отыр. Өнеркәсіп саласында еңбек өнімділігінің жыл сайын 7%-ға өсуін қамтамасыз ету, роботтандыру ісін дамыту, кемінде 5 отандық интегратор және 3 құзырет орталығын құру жоспарланған. Құрылыс саласындағы техникалық тұрғыда күрделі жаңа нысандардың 100%-ында BIM технологиясын қолдануға кезең-кезеңімен қол жеткізу қарастырылған. «Геология саласын цифрландырудың негізгі кезеңі аяқталды. Геологиялық ақпарат цифрлық форматқа көшіріліп, көпшілікке қолжетімді етілді. Мемлекеттік қызмет Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай порталы арқылы көрсетіледі. Цифрлық аукцион тетігін енгізу және геологиялық деректердің қолжетімділігін арттыру аукциондардан түсетін кірістің 7 есе өсуін қамтамасыз етті. Келесі міндет — геологиялық деректерді талдау және перспективалы учаскелерді анықтау үшін жасанды интеллектіні қолдану», — деп атап өтті Ерсайын Нағаспаев.

Олжас Бектенов АШМ-ға бірінші кезекте проактивті форматқа көшірілетін шаруашылықтарды мемлекеттік қолдау шараларын айқындауды тапсырды

06.10.2026

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ауыл шаруашылығын деректер негізінде басқарудың маңыздылығын атап өтті. Бұл өнімділікті арттыруға негіз болады. «Біз әркелкі салалық әкімшілендіруден ауыл шаруашылығын деректер негізінде басқаруға көшуіміз керек. Түптеп келгенде, қандай өнім, қай жерде және қандай көлемде өндіріледі, мемлекет осының бәрін нақты уақыт режимінде түсінуі керек. Ал мемлекеттік қолдау шаралары атаулы түрде, ашық әрі нақты деректерге сүйене отырып ұсынылуы керек. Дәл осы тәсіл өнімділікті арттыруға негіз болуы тиіс», — деп атап өтті Олжас Бектенов. Осыған байланысты Ауыл шаруашылығы министрлігіне тапсырмалар берілді: Бірыңғай ұлттық цифрлық экожүйені әзірлеу жұмысын жеделдету. Онда барлық негізгі процестер мен деректер өзара байланысты болуы тиіс; Бір ай ішінде шаруашылықтардың цифрлық деректерін пайдалана отырып, бірінші кезекте проактивті форматқа көшірілетін мемлекеттік қолдау шараларын айқындау. Сонымен қатар «Қазақстан темір жолы» компаниясы бір ай мерзімде тасымалдау туралы деректерді бірыңғай деректер қоймасына беруді аяқтау және Көлік министрлігімен бірге компанияны цифрландыруды кезең-кезеңімен дамыту жоспарын бекітіп, тасымалдарды басқарудың отандық технологияларына міндетті түрде көшу тапсырылды.

Егістік даласынан фермаға дейін: Digital Qazaqstan аясында АӨК-тің негізгі бағыттары цифрландырылуда

06.10.2026

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан Digital Qazaqstan 2026 стратегиясы аясында агроөнеркәсіп кешенінде цифрландырудың алты бағыты жүзеге асырылуда. Аталған бағыттар негізінде Digital Agro бірыңғай платформасын құру көзделген. Бұл туралы Үкімет отырысында ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров мәлімдеді. Негізгі бағыттар мен жүзеге асыру нәтижелері: Мемлекеттік қолдау: ақылы жеке аналогтер орнына «Мемлекеттік агро» тегін субсидиялау жүйесі жұмыс істейді. Бүгінде жүйеде 209 мыңнан астам пайдаланушы тіркелген. Мал шаруашылығын есепке алу: малдың толық өмірлік циклі мен ветеринариялық іс-шараларды қадағалау АЖС, РЖС ақпараттық жүйелері және «Төрт түлік» мобильді қосымшасы арқылы қамтамасыз етіледі. Өсімдік шаруашылығы: егіс жұмыстарын цифрлық жоспарлау, өнім партияларын есепке алу және өндірушіден элеваторға дейін ғарыштық мониторинг жүргізуге арналған Өсімдік шаруашылығындағы қадағалау ақпараттық жүйесі қалыптастырылуда.
Жер ресурстары: цифрлық карта 100%-ға қалыптастырылды. Агрохимиялық, геоботаникалық және топырақ зерттеулерін 2029 жылға қарай толық қамту жоспарланып отыр. Жерді ұтымды пайдалануға мониторинг жасау «ЖерИнСпектр» жүйесі арқылы жүргізіледі. «Смарт-ферма»: цифрлық технологияларды 650-ден астам кәсіпорын қолданады. Оның ішінде 200 смарт-шаруашылық бар, соның ішінде 112 сүт фермасы және автоматтандырылған бақылау жүйелерімен жабдықталған 30-дан астам бордақылау алаңы жұмыс істейді. Бірыңғай платформа: цифрлық талдау жүргізу және басқарушылық шешімдерді жедел қабылдау үшін «Смарт Дата Агро» деректер жиынтығы қалыптастырылуда.

Қарттарым - асыл қазынам

06.10.2026

2026 жылғы 1 қазанда Талды ауылдық округінде 1 қазан - Қарттар күніне арналған мерекелік іс - шара болып өтті. Іс - шара барысында ауылдың үлкендеріне алғыс хаттар мен сыйлықтар

табысталып, мерекелік көңіл күй сыйланды.

37 жылын ұстаздыққа арнаған педагог «Құрмет» орденімен марапатталды

06.10.2026

Мұғалімдер күніне орай ұйымдастырылған салтанатты іс-шарада Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров Қаракөз Тлеумағамбетоваға «Құрмет» орденін табыстады. Қаракөз Еңсегенқызының білім саласындағы еңбек өтілі — 37 жыл. Оның 15 жылы «Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математика лицей-интернаты» КММ директоры қызметімен байланысты. Осы уақыт ішінде ол дарынды оқушыларға сапалы білім беруге және білім ордасының дамуына елеулі үлес қосты. 1988 жылы Ақтөбе педагогикалық институтын «физика және математика мұғалімі» мамандығы бойынша тәмамдаған Қаракөз Тлеумағамбетова бүгінде «педагог-шебер» біліктілік санатына ие. Ұзақ жылғы еңбегі бұған дейін де бірқатар марапатпен атап өтілген. 2013 жылы «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісіне, 2022 жылы Ы. Алтынсарин төсбелгісіне ие болды. 2023 жылы «Дарын» РҒПО-ның 25 жылдығына арналған төсбелгімен марапатталса, 2024 жылы «Ақтөбе облысының құрметті ұстазы» атағы берілді. «Білім беру саласында қызмет етіп келе жатқаныма 37 жыл болды. Осы жылдардағы еңбегімнің еленіп, жоғары марапатқа ие болғаныма қуаныштымын. Бұл — менімен бірге еңбек етіп жүрген әріптестерімнің де еңбегіне берілген баға деп қабылдаймын. Барша ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтаймын! Ұстаздардың еңбегімен парасатты, білімді, Отанын сүйетін ұрпақ тәрбиеленіп келеді», — деді Қаракөз Тлеумағамбетова. Ұстазға көрсетілген құрмет — білімге, ұрпақ тәрбиесіне және елдің болашағына көрсетілген құрмет.

Еңбек заңнамасының сақталуына жүргізілген тексеру туралы

06.10.2026

Арқалық қаласының прокуратурасымен қаладағы білім беру ұйымдарында еңбек заңнамасының сақталуына тексеру жүргізілді. Тексеру барысында зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкерлердің еңбек құқықтарының жүйелі түрде бұзылғаны анықталды. Ұжымдық шарттарда көзделген өтемақылардың төленбеуіне, сондай-ақ еңбек қатынастарын тоқтатудың тиісті түрде рәсімделмеуіне байланысты 35 құқық бұзушылық фактісі анықталды. Прокурорлық ден қою шараларының нәтижесінде білім беру саласының 35 қызметкеріне жалпы сомасы 5 млн теңгеден астам өтемақы төленіп, осылайша азаматтардың бұзылған еңбек құқықтары қалпына келтірілді. Сонымен қатар, заңда көзделген жауапкершілікке Арқалық қаласының білім беру ұйымдарына бағынысты 11 ұйымның басшысы тартылды. Қала прокуратурасы заңдылықты қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын қорғау бойынша жұмысты жалғастыруда. Еңбек заңнамасының сақталуы, төлемдердің уақтылы және толық жүргізілуі, сондай-ақ бұзушылықтарға жол берген лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі мәселелері тұрақты бақылауда болады. Қостанай облысының прокуратурасы

Сатушының тауар туралы толық және дұрыс ақпарат беруі туралы

06.10.2026

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңның 25-бабына сәйкес сатушы тұтынушыға тауарлар, оның ішінде тауардың мақсаты туралы және тиімді әрі қауіпсіз қолданылу жағдайлары туралы мәліметтерді, сондай-ақ ҚР-ның заңдарына сәйкес тұтынушыға ұсынылуы міндетті болып табылатын не тұтынушы мен сатушы (дайындаушы, орындаушы) арасында жасалған шартта көзделген өзге де мәліметтерді ұсынуға міндетті.Сатушы тауар туралы тиісті ақпаратты дайындаушыдан алмаған жағдайда да жауапкершіліктен босатылмайды. Бұл ретте көрсетілген Заңның 27-бабының 2-тармағына сәйкес сатушы (дайындаушы, орындаушы) тұтынушыға ықтимал тәуекел туралы және тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) қауіпсіз пайдаланудың шарттары туралы хабарлауға міндетті. Бұл ретте, егер тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) қауіпсіз пайдалану, оны сақтау, тасымалдау немесе кәдеге жарату үшін арнаулы ережелерді сақтау қажет болса, онда дайындаушы (орындаушы) оларды тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) қоса берілген құжаттамада, тұтыну ыдысында, жапсырмаларда немесе тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жекелеген түрлері үшін қабылданған өзге де тәсілмен көрсетуге міндетті. Осылайша, сатушы, Сізге тауар туралы толық және дұрыс ақпарат, атап айтқанда материалдың ерекшеліктері туралы ақпарат беруі тиіс.Көрсетілген Заңның 31-бабының негізінде, Сізге залал келсе өтете аласыз. Онда сатушы тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы толық емес, дұрыс емес немесе уақтылы берілмеген ақпарат салдарынан тұтынушының өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды толық көлемде өтеуге міндетті, сондай-ақ талап берілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде тұтынушыға зиянды өтеу туралы жауап беруге не тұтынушының талаптарын қанағаттандыру үшін тиісті шаралар қолдануға тиіс деп жазылған. Осы нормаға сүйене отырып, Сізге шағыммен сатушыға, ол бас тартқан жағдайда тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға немесе тұтынушылық дауды сотқа дейінгі реттеу субъектісіне, сондай-ақ сотқа жүгінуге құқылысыз.Өз құқықтарыңызды қорғап, сауатты тұтынушы болыңыз!ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., И.Журба көшесі №12 ғимарат, 3-қабат, жедел желі телефоны: 8(7242)71-15-30. Инстаграмм: dzppkyzylorda Фейсбук: ДзппҚызылорда

2026 жылы Екібастұз қаласында іске асырылатын инвестициялық жобалар

06.10.2026

№ р/р Кәсіпорынның атауы Жоба атауы ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ПУЛ 1 «Mineral Product International»ЖШС Ферроқорытпа өндіретін зауыт салу 2 «Fonet Er-Tai Mining»ЖШС Катодты мыс өндіретін гидрометаллургиялық зауыт салу 3 "Rail Way Steel"ЖШС Электрометаллургиялық кешен салу 4 "Энерго СпецСтрой"ЖШС Электролиттік алюминий өндіретін зауыт салу 5 «Станция Экибастузская ГРЭС 2»АҚ Екібастұз ГРЭС-2-ні №3, 4 станциялық энергия блоктарын орната отырып, кеңейту және реконструкциялау 6 «Самрук-Энерго»АҚ ГРЭС-3 салу 7 "Argestus"ЖШС Жел электр станциясын салу 8 «Самрук-Энерго»АҚ СНЭ-мен бірлесіп, қуаты 1 ГВт болатын жел электр станциясын салу 9 "Railcast Systems" ЖШС Ұсталық-бандаждау кешенін салу 10 «Алиот-сервис»ЖШС Теміржол жылжымалы құрамын өндіретін өндірістік кешен салу 11 "Деповской сервис"ЖШС Вагон жөндеу депосын салу 12 "KVK-2"ЖШС Вагон өндіретін зауыт салу 13 «Экибастуз - Кирпич»ЖШС Кірпіш зауытын салу 14 "АЗА"ЖШС Асфальт-бетон зауытын салу 15 "Компания Абар"ЖШС Автожанармай құю станциясын, автогаз құю станциясын және дүкен салу 16 "Гелиос"ЖШС Шідерті кентінде автожанармай құю кешенін салу 17 "Компания Дом Сервис"ЖШС СПА кешені, жерасты автотұрағы және тұрғын блогы бар қонақүй-мейрамхана кешенін салу 18 "Мотор Сити Павлодар"ЖШС Автоорталық салу 19 "Аквилон Трейд"ЖШС Теміржол кірме жолы бар логистикалық орталық салу 20 "Greenhous - Qaztomat"ЖШС Сыртқы инженерлік желілерсіз жылыжай кешенін салу. III кезек — №9 және №10 блоктар. 21 "Корн Агро"ЖШС Көкөніс қоймасын салу және нөсер машиналар мен қойма техникасын сатып алу 22 "Санрайз-ЭК"ЖШС Жүк вагондарына ағымдағы ағытып жөндеу жүргізу пунктін салу 23 "Grappa-STROY"ЖШС Темірбетон бұйымдарын өндіретін зауыт салу 24 "Береке"ЖШС 900 га суармалы алқапқа арналған сорғы станциясы мен инженерлік желілерді салу

Павлодарда тұрғын полиция қызметкеріне алғысын білдірді

06.10.2026

Павлодар облысы полиция департаментінің ресми Instagram парақшасына азаматтан ведомство басшылығына және патрульдік полиция қызметкері Айдос Байқадамовтың атына алғыс білдірген хат келіп түсті. Тұрғын Наталия Анисимова полиция қызметкеріне кәсібилігі, жеделдігі және азаматтарға мұқият қарым-қатынасы үшін ризашылығын білдірді. Оның айтуынша, ата-анасы Ақсу қаласына жақын маңдағы тасжолда жол-көлік оқиғасына тап болған. Оқиға орнына №1650 патрульдік экипажы келген. Наталияның сөзінше, Айдос Байқадамов жағдайды жедел бағалап, әрі қарай не істеу керектігін түсіндірген. Сондай-ақ ЖКО болған учаскеде көлік қозғалысын сауатты ұйымдастырып, жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз еткен. — Күйзеліс жағдайында өз жұмысын сенімді әрі кәсіби атқаратын адамды кездестіру өте маңызды, — деп атап өтті өтініш авторы. Полиция қызметкері үшін мұндай алғыс — оның еңбегіне берілген ең құнды бағалардың бірі. Азаматтардың оң пікірі қызметтік міндеттерді атқару кезінде кәсібилік, сабырлылық және адамға деген ізгі қарым-қатынастың маңыздылығын көрсетеді. Павлодар облысының полиция департаменті азаматтарға кері байланыс білдіріп, қызметкерлердің жұмысына жоғары баға бергені үшін алғыс білдіреді.



БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ЖОБАЛАРЫ АШЫҚ ТАЛҚЫЛАУҒА ШЫҒАРЫЛДЫ

07.10.2026

Атырау облысы Құрылыс басқармасының 2026 — 2028 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларының жобалары «Ашық бюджеттер» порталында жарияланды. Жобалар білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, коммуналдық шаруашылық, қоршаған ортаны қорғау, тұрғын үймен қамтамасыз ету және ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту бағыттарын қамтиды. Тұрғындар бюджеттік бағдарламалардың мазмұнымен танысып, ашық талқылауға қатысып, өз ұсыныс-пікірлерін білдіре алады. Толық ақпарат: budget.egov.kz

Катонқарағай аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан тұрғындарының назарына!

07.10.2026

Катонқарағай аудандық мәслихатының кезектен тыс XL сессиясы 2026 жылы 9 қазанда сағат 10.00-де Катонқарағай ауылы, Катонқарағай аудандық әкімшілік ғимаратының мәжіліс залында өтеді. Депутаттарды тіркеу сағат 09.30 дан бастап жүргізіледі. Сессияға ұсынылатын күн тәртібі: Катонқарағай аудандық мәслихатының «2026-2028 жылдарға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті туралы» 2025 жылғы 18 желтоқсандағы №33/358-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы. Катонқарағай аудандық мәслихатының кезектен тыс қырықыншы сессиясының жұмысына үзіліс жариялау туралы. Катонқарағай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 23 желтоқсандағы №34/369-VIII «2026-2028 жылдарға арналған Жамбыл ауылдық округінің бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы. Катонқарағай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 23 желтоқсандағы № 34/371—VIII «2026-2028 жылдарға арналған Коробиха ауылдық округінің бюджеті туралы» шешіміне өзерістер енгізу туралы. Катонқарағай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 23 желтоқсандағы №34/372—VIII «2026-2028 жылдарға арналған Өрел ауылдық округінің бюджеті туралы» шешіміне өзерістер енгізу туралы

Ерікті зейнетақы жарналары — зейнетақы капиталын толықтырудың тиімді жолы

07.10.2026

Ерікті зейнетақы жарнасының ерекшелігі — зейнетақы жинағыңызды өз қалауыңызға қарай толықтыра аласыз. Жарна мөлшері мен оны аудару жиілігін әр адам өзі белгілейді. Ал жинақ бойынша төлемдерді белгіленген зейнеткерлік жасқа жетпей-ақ алуға мүмкіндік бар. Ерікті жарнаны азаматтың өзі де, жұмыс беруші де төлей алады. Жұмыс беруші аударған мұндай жарна қызметкердің табысы болып саналмайды және жеке табыс салығы салынбайды. Жинақтарыңыз туралы ақпаратты enpf.kz сайтындағы жеке кабинеттен және БЖЗҚ/ЕНПФ мобильді қосымшасынан тексере аласыз.



Павлодар облысында полиция Ekin-Patrol жүйесі арқылы жол қозғалысына бақылауды күшейтті

07.10.2026

Павлодар облысында полиция Ekin-Patrol жүйесі арқылы жол қозғалысына бақылауды күшейтті. Павлодар облысында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында автоматты түрде құқық бұзушылықтарды тіркейтін Ekin-Patrol жүйесімен жабдықталған патрульдік автокөліктер пайдаланылуда.

Автоматтандырылған жүйе полиция қызметкерінің тікелей қатысуынсыз жұмыс істейді. Ол жол қозғалысы ережелерінің түрлі бұзушылықтарын тіркеп, көлік құралдарының мемлекеттік нөмірлік белгілерін автоматты түрде таниды. Бұдан кейін анықталған көлік құралдары тиісті дерекқорлар арқылы тексеріліп, берешегі, оған қойылған тыйымдар немесе іздеуде болуы туралы ақпарат нақтыланады. Полицияның мәліметінше, жыл басынан бері облыс аумағында Ekin-Patrol жүйесі орнатылған патрульдік автокөліктердің көмегімен 17 мыңнан астам құқық бұзушылықтың жолы кесілген. Ведомствоның атап өтуінше, аталған шаралар ең алдымен жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Полиция жүргізушілерді жолда барынша мұқият болып, жол қозғалысы ережелерінің талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

Үкімет тарапынан Аралды қалпына келтіру және Каспийді сақтау жөніндегі жұмыс күшейтілді

07.10.2026

Үкімет Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмаларын орындау аясында Солтүстік Аралды қалпына келтіру және Каспий теңізінің су ресурстарын сақтау жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруда. Атап айтқанда, Президент Аралды қалпына келтіру жұмыстарын жалғастыруды, сондай-ақ серіктес елдермен бірлесіп, Каспий теңізін сақтау жөніндегі мемлекетаралық бағдарлама әзірлеуді қолға алуды тапсырды, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Негізгі шаралар су айдындарындағы су деңгейін арттыруға бағытталған шешімдерді әзірлеу және енгізуді, биоалуантүрлілікті сақтау мен қалпына келтіруді қамтиды. Сонымен қатар Каспий теңізінің флорасы мен фаунасына ғылыми зерттеулер жүргізіліп, Арал теңізінің құрғаған табанында шөлейттенуге қарсы іс-шаралар жүзеге асырылуда. Солтүстік Аралдағы су көлемі 23,4 млрд текше метрге жетті Солтүстік Аралдағы су көлемі артып келеді. Бүгінде мұнда 23,4 млрд текше метр су жиналды. Салыстырмалы түрде айтқанда, 2022 жылы бұл көрсеткіш 19 млрд текше метрді, 2023 жылы — 21 млрд текше метрді, 2024 жылы — 22 млрд текше метрді, ал өткен жылдың қорытындысы бойынша 23 млрд текше метрді құраған. Жыл басынан бері теңізге шамамен 1,5 млрд текше метр су жіберілді. Бұл динамика Қазақстанның 20 жылдан астам уақыт бойы жүргізіп келе жатқан жүйелі жұмысының нәтижесі. Осы кезеңде Солтүстік Аралдың аумағы 36%-ға ұлғайып, су көлемі екі есеге жуық артты, ал минералдану деңгейі екі есе төмендеді. Бұл су айдынындағы тірі организмдер мен экожүйенің қалпына келуіне ықпал етті. Қол жеткізілген көрсеткіштерді сақтау мақсатында Су ресурстары және ирригация министрлігі жыл сайын Сырдария өзенінің арнасы арқылы кемінде 2 млрд текше метр су жіберуді қамтамасыз етеді. Үкімет Дүниежүзілік банкпен бірлесіп, Солтүстік Аралды қалпына келтірудің келесі кезеңін әзірледі. Жоба Көкарал бөгетін реконструкциялауды және Балтық жүйесі бойынша су деңгейін 44 метрге дейін көтеруді көздейді. Алдағы 5—6 жыл ішінде су айдынының аумағын 3,9 мың км -ге дейін, ал су көлемін 34 млрд м -ге дейін ұлғайту жоспарлануда. Бір мезгілде Түркістан және Қызылорда облыстарының Арал—Сырдария бассейнінде ирригациялық жүйелерді жаңғырту және автоматтандыру бойынша 160-тан астам жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Бұл су ресурстарын тиімдірек пайдалануға және үнемделген су көлемін Солтүстік Аралға жіберуге мүмкіндік береді. Аралдың құрғаған түбіндегі орман мелиорациялық жұмыстардың ауданы 1,1 млн гектарға жетті Солтүстік Аралдағы су деңгейін көтеру жөніндегі шаралармен қатар, Үкімет теңіздің құрғаған түбінде орман мелиорациясы жұмыстарын жалғастырып жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес мұнда құрылатын сексеуіл алқаптарының аумағы 1—1,5 млн гектарға жеткізілуі тиіс. Бүгінде Арал теңізінің түбіне 3,4 мың тонна сексеуіл тұқымы мен галофитті өсімдіктер егілді, 56,2 млн сексеуіл көшеті отырғызылды. Орман мелиорациялық жұмыстардың жалпы көлемі 1,1 млн гектарға жетті. Өңірде жүргізіліп жатқан жұмыстарды ғылыми тұрғыдан сүйемелдеу мақсатында Қазақ орман шаруашылығы және агроорман мелиорациясы ғылыми-зерттеу институтының филиалы құрылды. Сонымен қатар көшет материалын өсіру үшін жеке база қалыптастырылуда: жылына 3 млн көшет өндіруге қауқарлы, аумағы 33 гектар орман тәлімбағының құрылысы аяқталды. Сонымен қатар Арал теңізінің құрғаған түбінде орман тәлімбағын құру жүргізілуде. Жергілікті құрғақ жағдайда көшеттерді өсіру олардың бейімделуін, тіршілігін және құрылатын орман желектерінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Каспийді сақтау бойынша ғылыми және мемлекетаралық ынтымақтастықты күшейтуде Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде орналасқан Каспий теңізі әлемдегі ең ірі жабық су айдыны болып саналады. Оның ауданы шамамен 390 мың км2, су көлемі — шамамен 76 мың км3, жағалау сызығының ұзындығы — 6,5 мың шақырым. Каспий теңізіне жыл сайын 130 өзен құяды, орта есеппен 290 км3 су әкеледі. Оның басым бөлігі Еділ өзеніне тиесілі — шамамен 80%, Жайықтың үлесі — 3,5%. Басқа ірі өзендердің қатарында Кура, Сулак және Самур бар. Жайық-Каспий бассейні бойынша 2025 жылы Жайық өзенінен Каспий теңізіне 6 км3, ал Қиғаш өзенінен 4,9 км3 су келді. 2026 жылы осы екі өзеннен келген судың жиынтық көлемі шамамен 7,3 км3 болды. Қазақстан Каспий теңізін сақтауға бағытталған бірлескен тәсілдерді дәйекті ілгерілетуде. 2025 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымының кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ-ның Су мәселелерін зерттеу орталығын құру жөнінде бастама көтерді. Осы жұмысты жалғастыру аясында Қазақстан Каспий теңізін сақтау жөніндегі мемлекетаралық бағдарламаны әзірлеуге және бейінді ғылыми-зерттеу институтын құруға дайындық жүргізуде. Сонымен қатар Каспий теңізінің су ресурстарын сақтау жөніндегі жағалаудағы мемлекеттердің қатысуымен мемлекетаралық бағдарламаны әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Халықаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі практикалық шаралар Ақтауда өткен Каспий теңізі жөніндегі жоғары деңгейдегі диалог аясында талқыланды. Оған мемлекеттік органдардың, дипломатиялық корпус пен БҰҰ жүйесінің, халықаралық ұйымдардың, ғылыми қоғамдастық пен сарапшылардың өкілдері қатысты. Басты назар — теңіз деңгейінің төмендеуіне, биоалуантүрлілікті сақтауға, ластануға және теңіз қоқысына қарсы күреске, мониторинг пен деректер алмасу жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ халықаралық қаржыландыруды тартуға аударылды. Диалог аясында Жапония Үкіметінің қолдауымен жүзеге асырылатын «Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі жағдайында орнықтылықты арттыру» жобасы іске қосылды. Жоба Каспийдің тайызданауының салдарын бағалау және азайту үшін ғылыми деректер мен цифрлық құралдарды қолдануды көздейді. Сонымен қатар БҰҰ Даму бағдарламасымен және халықаралық серіктестермен бірлесіп теңіз және жағалау ресурстарын басқару, айналымды экономиканы дамыту, қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру және пластик қалдықтармен ластануды азайтуға бағытталған жобалар кешені әзірленуде. Каспийдің биоалуантүрлілігін, оның ішінде Каспий итбалығын және оның мекен ету ортасын сақтау да жұмыстардың маңызды бағыттарының бірі. Трансшекаралық су ресурстары мәселесі бойынша Қазақстан барлық көршілес мемлекеттермен құқықтық базаны қалыптастыруды аяқтады. Су ресурстарын бірлесіп пайдалану саласындағы тұрақты өзара іс-қимыл мен үйлестіруді қамтамасыз ететін екіжақты комиссиялар құрылып, жұмыс істеп келеді. Былтыр он жылға созылған келіссөздердің қорытындысы бойынша Өзбекстанмен трансшекаралық су нысандарын бірлесіп басқару және ұтымды пайдалану туралы келісімге қол қойылды. Қалыптасқан су дипломатиясы мен Сырдария өзеніндегі су қоймаларының жұмыс режимдері жөніндегі келісім арқасында соңғы жылдары Солтүстік Арал теңізіне, оның ішінде суы аз кезеңдерде де судың тұрақты келуі қамтамасыз етілді.

Ерікті зейнетақы жарналары — зейнетақы капиталын толықтырудың тиімді жолы

07.10.2026

Ерікті зейнетақы жарнасының ерекшелігі — зейнетақы жинағыңызды өз қалауыңызға қарай толықтыра аласыз. Жарна мөлшері мен оны аудару жиілігін әр адам өзі белгілейді. Ал жинақ бойынша төлемдерді белгіленген зейнеткерлік жасқа жетпей-ақ алуға мүмкіндік бар. Ерікті жарнаны азаматтың өзі де, жұмыс беруші де төлей алады. Жұмыс беруші аударған мұндай жарна қызметкердің табысы болып саналмайды және жеке табыс салығы салынбайды. Жинақтарыңыз туралы ақпаратты enpf.kz сайтындағы жеке кабинеттен және БЖЗҚ/ЕНПФ мобильді қосымшасынан тексере аласыз.



«Таза Қазақстан»: тазалық пен қауіпсіздік — әрқайсымыздан басталады!

07.10.2026

Қапал ауылдық округі бойынша профилактикалық іс шаралар өтуде!!!«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Қапал ауылдық округі әкімінің аппараты мамандары полиция қызметкерлерімен бірлесіп, ауыл аумағының тазалығы мен көркейтілуін қамтамасыз ету мақсатында тұрғын үйлерді аралау жұмыстарын жүргізуде. Іс-шара барысында тұрғындарға: аулалар мен іргелес аумақтарды таза ұстау; тұрмыстық қалдықтарды арнайы белгіленген орындарға шығару; қоршаған ортаға ұқыпты қарау; абаттандыру талаптарын сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, Мал ұрлығының және бөтеннің мүлкіне қол сұғу қылмыстарының алдын алу бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізілуде. Іс-шаралар барысында тұрғындарға малды қараусыз жібермеу, қауіпсіз қора-жайларда ұстау, жайылымға бақташының бақылауымен шығару, сондай-ақ малды міндетті түрде сырғалап, чиптеу қажеттілігі түсіндірілуде. Сонымен қатар, күмәнді жағдайлар немесе құқық бұзушылық белгілері байқалған жағдайда, бұл туралы дереу құқық қорғау органдарына хабарлау қажеттігі ескертілді. Сондай-ақ тұрғындарға жеке мүліктің сақталуына

жауапкершілікпен қарау, тұрғын үйлер мен шаруашылық нысандарын сенімді құлыптармен және мүмкіндігінше бейнебақылау жүйелерімен жабдықтау, бағалы заттарды қараусыз қалдырмау жөнінде ұсыныстар берілуде.

Бас жоспарға түзету енгізу жобасы бойынша қорытынды қоғамдық талқылау өтті

07.10.2026

Семей қаласының Бас жоспарына түзету енгізу жобасы бойынша қоғамдық талқылау өтті. Жиынға қала әкімі Әділет Нұрсағатұлы, қоғам белсенділері мен қала тұрғындары қатысты. Қала әкімі Бас жоспарға енгізілетін түзетулердің қаланың алдағы дамуы мен ірі инвестициялық жобаларды іске асыру үшін маңыздылығын атап өтті. «Бас жоспарға енгізілетін түзетулер аясында облыс әкімі Берік Уәлиұлының бастамасымен Семей қаласында жаңа «Smart City» әкімшілік-іскерлік орталығын құру, Павлодар – Алматы айналма магистралін салу, арнайы индустриялық экономикалық аймақты және өзге де ірі инвестициялық жобаларды орналастыру көзделген», – деді қала әкімі. Сонымен қатар жоба аясында Жарқын елді мекенінің аумағын Семей қаласының шекарасынан шығару арқылы қала шекарасын нақтылау ұсынылды. Бұл мәселе аталған елді мекен тұрғындарының өтініштері негізінде қарастырылды. Жобалаушы ұйым – «Град Проект KZ» ЖШС өкілі Таңат Шалұлы Шегебаев Бас жоспарды түзету жобасының негізгі бағыттары мен қала құрылысы шешімдері туралы баяндама жасады. Талқылау барысында тұрғындардың пікірлері мен ұсыныстары тыңдалды. Айта кетейік, Бас жоспарға түзету енгізу жобасын әзірлеу жұмыстары биылғы наурыз айында басталған. Осы уақыт аралығында азаматтардан 250-ден астам өтініш пен ұсыныс түскен. Олардың барлығы қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі мен жобалаушы ұйым тарапынан қаралды. Қоғамдық талқылау аясында дауыс беру өткізіліп, оған қатысқан тұрғындардың басым бөлігі Бас жоспарға түзету енгізуге қарсылық білдірмеді.

Қазақстан мектептері жасанды интеллект пен цифрлық платформалармен қамтамасыз етіледі

07.10.2026

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің барлық мектептері заманауи цифрлық платформалар мен жасанды интеллект технологияларына қолжетімділік алатынын атап өтті. Президенттің айтуынша, бұл технологиялар мұғалімдердің жұмысын жеңілдетіп, күнделікті рутиналық міндеттерді қысқартуға және оқушыларға көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы заманауи технологиялар қала мектептеріне ғана емес, ауыл мектептеріне де толық қолжетімді болуы тиіс екенін айрықша атап өтті. Сонымен қатар жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды, керісінше оның қызметін толықтырып, тиімді көмекші құрал ретінде жұмыс істейді. Жиын барысында жастардың ұстаз мамандығына деген қызығушылығы артып келе жатқаны да атап өтілді. Атап айтқанда, биыл 12 мыңнан астам түлек педагогикалық мамандықтар бойынша грант иегері атанды.



Қазақстанда бірінші сынып оқушыларына арналған оқу бағдарламалары жаңартылды

07.10.2026

Қазақстанда бірінші сынып оқушылары үшін оқу бағдарламалары жаңартылды. Өзгерістер тілдік пәндерге, оқу және жазуға дайындыққа, сондай-ақ қазақ тілінде алғаш рет оқи бастаған балаларды оқыту үдерісіне қатысты енгізілді. Жаңа түзетулерге сәйкес, әліппеге дейінгі кезең 12 сағатқа ұзартылды, «Әліппе» пәніне 84 сағат бөлінді, ал «Ана тілі» пәні екінші жартыжылдықтан бастап оқытылады. Сонымен қатар қазақ тілінде алғаш рет білім алатын балалар үшін арнайы тілдік бейімдеу бағдарламасы енгізіледі. Жаңартылған бағдарламаларды 2028 жылға қарай барлық бірінші сынып оқушылары үшін толық енгізу жоспарланып отыр. Бұл шара математика және тілдік пәндер бойынша білім сапасын арттырады деп күтілуде.

Асхат Шахаров: «Әкімнің басты міндеті — халықтың мәселесін тыңдап қана қоймай, оның шешімін табу»

06.10.2026

Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров ауыл әкімдері мен мемлекеттік қызметке алғаш тағайындалған басшыларға мотивациялық дәріс оқыды. Дәстүрлі кездесуге Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалының біліктілікті арттыру курстарында оқып жатқан аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер мен ауылдық округтердің әкімдері, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік басшы лауазымдарына алғаш тағайындалған басшылар және жергілікті атқарушы органдарының басшылары қатысты. «Тиімді көшбасшылық және халыққа қызмет ету: қазіргі басшының жауапкершілігі» тақырыбындағы кездесуде өңір басшысы мемлекеттік қызметтегі басшының рөлі, халықпен жұмыс, команда қалыптастыру, бастамашылдық, күрделі жағдайда шешім қабылдау және нақты нәтижеге қол жеткізу мәселелеріне тоқталды. Асхат Шахаров мемлекеттік қызметтегі басшының жұмысы тапсырмаларды орындаумен ғана шектелмейтінін атап өтті. Оның негізгі өлшемі — тұрғындардың өміріндегі нақты өзгеріс. Сондықтан әкім халықпен тұрақты байланыста болып, азаматтардың мәселесін тыңдап қана қоймай, оның шешімін соңына дейін жеткізуі керек. «Адамдарды тыңдау, проблемаларын түсіну және олардың қажеттіліктеріне назар аудару маңызды. Халыққа нәтиже керек», – деді облыс әкімі. Бұл ретте ауыл әкімдерінің жауапкершілігіне ерекше мән берілді. Елді мекеннің дамуы, тұрғындардың өмір сапасы және жергілікті мәселелердің шешілуі әкімнің бастамашылдығына, ұйымдастырушылық қабілетіне және қабылдаған шешімдері үшін жауапкершілігіне тікелей байланысты. Әкім басшыларды мәселелерді кейінге қалдырмай, алдын ала бағамдауға, дер кезінде шешім қабылдауға және нақты нәтижеге жұмыс істеуге шақырды. Тиімді басқарудың тағы бір маңызды шарты ретінде кәсіби мамандар қалыптастыру мәселесі айтылды. Басшы міндеттерді дұрыс бөліп, қызметкерлердің әлеуетін ашып, ортақ мақсатқа жұмылдыра білуі қажет. Кездесуде Президент айқындап берген негізгі басымдықтар да сөз болды. Олар – мемлекеттілік және ұлттық бірлікті нығайту, Конституциялық құндылықтар мен қағидаттарды қорғау әрі ілгерілету, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету. Бұл бағыттағы жұмыс «Заң мен Тәртіп», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт», «Күшті Президент – Ықпалды Құрылтай – Есеп беретін Үкімет», «Адал азамат» және «Таза Қазақстан» қағидаттарына негізделеді. Аталған ұстанымдарды жергілікті деңгейде іске асыруда әкімдердің, мемлекеттік қызметшілердің рөлі зор. Мотивациялық дәріс соңында қатысушылар облыс әкімінен өз салалары бойынша толғандырған сұрақтарын қойып, ауылдарының дамуына қатысты жоспарларымен бөлісті.

Шағын құрылғы — маңызды ескерту

06.10.2026

Елестетіп көріңіз: үйдің іші жылы, пеш жағылып тұр, отбасы өз шаруаларымен айналысып жатыр. Ешқандай ерекше жағдай байқалмайды — түтін жоқ, иіс жоқ, бөлмедегі ауаның қауіпті болуы мүмкін екенін білдіретін еш белгі жоқ. Улы газдың қауіптілігі де осында. Оны көру де, сезу де мүмкін емес. Ол пеш немесе мұржа ақаулы болған кезде, сондай-ақ жылыту құрылғыларын пайдалану ережелері бұзылған жағдайда пайда болуы мүмкін. Бұл мәселеге көмір, отын және басқа да қатты отын түрлерімен жылытылатын пештері бар жеке үйлердің тұрғындары ерекше назар аударуы қажет. Қарапайым шешім — үйге улы газ датчигін орнату. Қауіпті концентрация анықталған жағдайда, құрылғы қатты дыбыстық сигнал беріп, қауіп туралы ескертеді. Мұндай датчик әсіресе түнгі уақытта маңызды. Адам ұйықтап жатқан кезде түтінді немесе иісті байқамауы мүмкін, ал құрылғы бөлмедегі ауаны бақылауды жалғастырып, қажет болған жағдайда дыбыстық белгі береді. Жетісу облысының Төтенше жағдайлар департаменті қауіпті жағдай орын алғанын күтпей, алдын ала қамдануға шақырады. Егер үйіңіз пеш арқылы жылытылатын болса, улы газ датчигін дәл қазір орнатуды ойластырған жөн. Қауіпсіздік адам өзі байқай алмайтын қауіпті дер кезінде ескертетін қарапайым шешімнен басталады.



Су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында су тасқынына қарсы комиссияның отырысы өткізілді.

06.10.2026

Комиссия отырысында алдағы су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстары, жауын шашын салдарынан болуы мүмкін су тасқынын алдын алу, су өткізу арналары мен арық-атыздардың жағдайы, сондай-ақ су тасқыны қаупі бар аумақтардағы қауіпсіздік шаралары қаралды. Жауапты мекемелерге су өткізу құрылыстарының дайындығын тексеру, арықтар мен каналдарды тазалау, су басу қаупі бар учаскелерді зерделеу және қажетті техникалық құралдар мен материалдық резервтерді алдын ала дайындау бойынша тиісті тапсырмалар берілді. ІСонымен қатар, төтенше жағдай орын алған жағдайда халықты қауіпсіз жерге эвакуациялау, азаматтарды хабардар ету және авариялық-құтқару қызметтерінің жедел әрекет етуін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударылды. Комиссия мүшелері су тасқынының алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, жауапты органдардың өзара іс-қимылы күшейтілуі қажеттігін атап өтті.

«TAMYR» рухани stand-up жобасы Құрманғазы ауданында жалғасады


06.10.2026

Жоба - ұлттық құндылықтарды дәріптеп, қоғамдағы маңызды мәселелерді заманауи форматта талқылауға бағытталған рухани-ағартушылық алаң. Кеш барысында рух, сана, адам және өмір тақырыптары қозғалып, көрермендерге ой бөлісуге және жаңа көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік беретін еркін пікір алаңы ұсынылады. Өтетін күні: 8 қазан, 2026 жыл Уақыты: 16:00 Мекенжайы: Құрманғазы ауданы, С. Көшекбаев атындағы мәдениет үйі Жобаға қатысу тегін. Толық ақпарат @tamyr_standup парақшасында жарияланады.

Павлодар облысында азаматтық қорғау жүйесін дамыту мәселелері талқыланды

06.10.2026

Павлодар облысына жұмыс сапарымен Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министрі, азаматтық қорғау генерал-майоры Рамиль Фаткулович Камалов келді. Жұмыс сапары барысында ол Павлодар қаласындағы өрт сөндіру бөлімдері мен құтқару станциясының жұмысымен танысып, азаматтық қорғау жүйесінің бірқатар нысандарының құрылыс барысын көрді, атқарылып жатқан жұмыстарды қарап, жобалардың іске асырылу барысын бағалады. Сондай-ақ басшылық пен жауапты лауазымды тұлғалардың қатысуымен жұмыс кеңесі өтті. Жиында бөлімшелердің қызметі, инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ азаматтық қорғау күштері мен құралдарының әзірлігі мәселелері жан-жақты талқыланды. Кеңес қорытындысы бойынша Рамиль Камалов қойылған міндеттердің уақтылы орындалуын, белгіленген мерзімдердің сақталуын және өңірдегі азаматтық қорғау жүйесін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырма берді.



Жоспардан тыс аттестаттауды өткізу туралы хабарландыру

06.10.2026

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ағымдағы жылғы 26 наурыздағы №218 «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерін жоспардан тыс аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (бұдан әрі — бұйрық) сәйкес жоспардан тыс аттестаттау өткізілетінін хабарлаймыз. Мақсаты — қызметкерлерді жоғары тұрған басшылық лауазымдарға ұсыну үшін алдағы тоқсанға кадрлық жоспарлау. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 29 қыркүйектегі №773 бұйрығына сәйкес Полиция департаменті бастығының номенклатурасына жататын лауазымдарды атқаратын және жоспардан тыс аттестаттаудан өтуге ниет білдірген қызметкерлер осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей Полиция департаментінің Жеке құраммен жұмыс жөніндегі басқармасына белгіленген үлгідегі баянат пен «MetaDoc» жүйесі арқылы қалыптастырылған қызметтік тізімді ұсынуы қажет. Жоспардан тыс аттестаттауға мынадай қызметкерлер жіберілмейді: 1) басшылық лауазымдарға қойылатын ең төменгі біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін қызметкерлер (ҚР ІІМ-нің 2020 жылғы 12 маусымдағы №463 бұйрығы). ПД бастығының номенклатурасы бойынша ең төменгі біліктілік талаптары: ПД орталық аппараты — C-SVO-5 санаты; қалалық және аудандық полиция басқармалары мен бөлімдері — C-SVR-6 санаты; «Арлан» арнайы мақсаттағы бөлімшесі — C-SN-4 санаты**; ЖҚАЖ — C-SN-7 санаты***; ПД Кинологиялық орталығы — C-SVO-6 санаты; Патрульдік полиция және айдауыл қызметі бөліністері — C-SSP-5 санаты. 2) қолданыстағы тәртіптік жазасы бар қызметкерлер; 3) өздеріне қатысты қызметтік тексеру немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан қызметкерлер. Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда ПД Жеке құраммен жұмыс жөніндегі басқармасының идеологиялық жұмысты ұйымдастыру тобына 8 (7292) 47-50-88, 47-52-92 телефон нөмірлері арқылы хабарласуға болады. Ескертпе: жоспардан тыс аттестаттау нәтижелері жоспарлы аттестаттауды өткізу мерзімдеріне әсер етпейді. ПД Жеке құраммен жұмыс жөніндегі басқармасы

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА «АШЫҚ МИКРОФОН» АЙДАРЫ АЯСЫНДА КЕЗЕКТІ КЕЗДЕСУ ӨТТІ

06.10.2026

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА «АШЫҚ МИКРОФОН» АЙДАРЫ АЯСЫНДА КЕЗЕКТІ КЕЗДЕСУ ӨТТІ. Бүгін, жыл сайын қазан айының екінші жексенбісінде атап өтілетін Қазақстан Республикасындағы Мүгедектігі бар адамдар күні қарсаңында Ескелді ауданындағы «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігінде Департамент басшысы мен қызметкерлерінің ұйым өкілдерімен кездесуі өтті. Кездесу ашық әрі еркін пікір алмасу форматында өтті Іс-шараға Ескелді ауданындағы «Демеу» мүгедектер ҚБ басшысы А.Ұзақбаев, Департамент басшысы З.Илимжанова, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау бөлімінің басшысы Б.Орманов, МӘС әдіснамасы және бақылау бөлімінің бас маманы Е.Юн және зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы Б.Акимбеков қатысты. Кездесу мүгедектігі бар адамдарды толғандыратын өзекті мәселелерді ашық талқылау, пікір алмасу және Департамент өкілдерінен қызықтырған мәселелер бойынша түсініктемелер алу мақсатында ұйымдастырылды.

Кездесу барысында бірқатар өзекті мәселелер бойынша, оның ішінде абилитациялау және оңалтудың жеке бағдарламасына (ИПР), оңалтудың техникалық құралдарын, атап айтқанда белсенді электрлі кресло-арбаларды алу тәртібіне, сондай-ақ оларды ұсыну шарттарына, әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігіне және қажетті көмекті алу тетіктеріне қатысты сұрақтар қойылды. Мүгедектігі бар адамдарға зейнетақылар мен әлеуметтік төлемдерді тағайындауға, оларды рәсімдеу тәртібіне, қажетті құжаттарға және зейнетақы төлемдерін есептеу ерекшеліктеріне қатысты мәселелер қаралды. Кездесу соңында Департамент басшысы З.Илимжанова Мүгедектігі бар адамдар күні қарсаңында Ескелді ауданындағы «Демеу» қоғамдық бірлестігінің қатысушыларына жаңа жетістіктер мен өз күштеріне деген сенім тіледі. Сондай-ақ әрбір адамға тең мүмкіндіктер жасаудың маңыздылығын атап өтіп, еңбек қызметінде табыс және даму үшін жаңа мүмкіндіктер тіледі.

ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу — басты назарда

06.10.2026

Батыс Қазақстан облысында ЖРВИ мен тұмауға қатысты эпидемиологиялық жағдай санитариялық-эпидемиологиялық бақылауда. 2026 жылғы 5 қазандағы мәлімет бойынша: облыста 95 078 ЖРВИ жағдайы тіркелді; оның 63 500-і — 14 жасқа дейінгі балалар; өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ЖРВИ-мен сырқаттанушылық 21,38%-ға төмендеді; тұмаудың 32 жағдайы зертханалық түрде расталды. Тұмауға қарсы вакцинация — аурудың және оның асқынуларының алдын алудың тиімді шараларының бірі. Биылғы эпидемиологиялық маусымға облысқа 68 000 доза тұмауға қарсы вакцина алу жоспарланған. ЖРВИ мен тұмаудан сақтану үшін: қолды жиі жуыңыз; бөлмелерді тұрақты желдетіңіз; адам көп жиналатын орындарда сақтық шараларын сақтаңыз; ауру белгілері байқалса, үйде қалып, медициналық көмекке жүгініңіз; балаларда ЖРВИ белгілері болса, мектепке немесе балабақшаға жібермеңіз; антибиотиктерді дәрігердің тағайындауынсыз қабылдамаңыз. Өзіңіздің және жақындарыңыздың денсаулығына жауапкершілікпен қарайық!



САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

06.10.2026

Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасы облыстық коммуналдық меншік объектілерін сату жөнінде аукцион өткізеді. Сауда-саттық 2026 жылғы 21 қазанда сағат 10.00-де Мемлекеттік мүлік тізілімінің e-qazyna.kz веб-порталында өткізіледі. Облыстық коммуналдық меншік объектілерін сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату қағидасына сәйкес жүзеге асырылады. Қосымша ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады: 87142575610. Техникалық қолдау телефоны: 87142501887. Тізілімнің веб-порталында жарияланған хабарламаға сілтеме: https://sauda.e-qazyna.kz/ru/list?searchStatus=ApplicationsAccept&auctionNumber=&textRu=&moreFilters=on&moreFilters=off&sellerBin=950440000516&startDateFromInclusive=&startDa teToInclusive=&publishDateFromInclusive=&publishDateToInclusive=&submitFilters=%D0%9D%D0%B0%D0%B9%D1%82%D0%B8

Атырау мұнай өңдеу зауытында жоспардан тыс тексеру экологиялық талаптардың бұзылуын анықтады

06.10.2026

Атырау облысының экология департаменті Атырау мұнай өңдеу зауытында жоспардан тыс тексеру жүргізді. Тексеріс тұрғындардың ауа сапасына қатысты көптеген шағымдарынан туындады. Тексеру барысында бірқатар экологиялық бұзушылықтар анықталды.

Нақтырақ айтқанда, шығарындыларды есептеу жүргізілмеген және ЭЛОУ-АТ-2 (№2 атмосфералық түтік пеші бар электрлік тұзсыздандыру қондырғысы) және ЭЛОУ-АВТ-3 (№3 атмосфералық-вакуумдық түтік пеші бар электрлік тұзсыздандыру қондырғысы) кейбір технологиялық пештері, сондай-ақ кешіктірілген кокстау қондырғысының резервуарлары үшін рұқсат етілген шығарындылар стандарттары анықталмаған. Сонымен қатар, 2026 жылдың 25 тамызында және 2-7 қыркүйегі аралығында күкіртті қалпына келтіру қондырғысында (ҚКҚ) және каталитикалық крекинг қондырғысында (ККҚ) болған төтенше жағдайлар нәтижесінде алау қондырғысына апаттық газ шығарындылары болғаны анықталды. Осы кезеңдерде жағылған газдың жалпы массасы 100 тоннадан асты. Жоспардан тыс тоқтап қалулар мен жөндеу жұмыстары да тіркелді. Төмендегі өндіріс нысандарындағы жеке көздердегі өнеркәсіптік шығарындыларды аспаптық бақылау кезінде көміртегі тотығы, азот оксиді және азот диоксиді бойынша белгіленген шығарындылар нормаларының асып кетуі тіркелді: — ХКӨ (хош иісті көмірсутек өндірісі) құрамына кіретін бензолды қалпына келтіру блогы бар CCR (үздіксіз катализатор регенерациясы) каталитикалық риформинг қондырғылары; — ЖЖЭӘӨ (жылу және электр энергиясын өндіру); — БДГҚ-2 жеңіл бензин изомерлеу қондырғысы (№2 бензин мен дизель отынын гидротазарту қондырғысы), атауы 3211. Тексеру барысында автоматтандырылған шығарындыларды бақылау жүйесін пайдалану және қолайсыз метеорологиялық жағдайлар кезеңінде стационарлық көздерден шығарындыларды азайту шараларын жүзеге асыру талаптарының бұзылуы анықталды. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 759-бабына сәйкес, инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау туралы шешімдер прокурордың келісіміне жатады. 2026 жылдың 1 қазанында прокурор әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау туралы шешімдерді келісілді. Іс материалдары қарау және шешім қабылдау үшін сотқа жолданды. Сонымен қатар, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің бар-жоғын анықтау және тиісті процессуалдық шешім қабылдау үшін тексеру материалдары құқық қорғау органдарына жолданды.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ ОРЫНДАЛДЫ: ШЫМКЕНТТЕ 150 ОРЫНДЫҚ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

06.10.2026

Шымкентте мүгедектігі бар азаматтарға арналған 150 орындық жаңа оңалту орталығы ашылды. Іс-шараға қала әкімі Ғабит Сыздықбеков қатысты. Жаңа әлеуметтік нысан Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, заманауи оңалту орталықтарының желісін дамыту аясында, Бозарық шағынауданында салынды. Құрылысы 2024 жылдың желтоқсанында басталып, мерзімінен бұрын аяқталып отыр. Нысан 5,3 гектар аумақта орналасқан. Ғимараттардың жалпы ауданы шамамен 22 мың шаршы метрді құрайды. Кешен медициналық, оңалту, спорттық, әлеуметтік және тұрғын инфрақұрылымды біріктіретін бес блоктан тұрады. Орталық I және II топтағы мүгедектігі бар азаматтарға жартылай стационарлық форматта арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған. Қала әкімі орталықтың ашылуы Мемлекет басшысының тапсырмасын орындаудың маңызды нәтижесі екенін атап өтіп, оның қала тұрғындарына сапалы оңалту көмегін алуға мүмкіндік беретінін айтты. «Президенттің тапсырмасына сәйкес Шымкентте мүгедектігі бар азаматтар кешенді көмек алып, қолайлы жағдайда оңалтудан өте алатын заманауи орталық ашылды. Мұнда денсаулықты қалпына келтіруге, әлеуметтік бейімделуге және белсенді өмірге оралуға барлық мүмкіндік жасалған», — деді Ғабит Сыздықбеков. Кешен құрамында үш қабатты оңалту корпусы, емдік-сауықтыру бассейні, спорт және акт залдары, екі қабатты стационар, асхана, шеберханалар және басқа да қажет бөлмелер қарастырылған. Оңалту корпусында дәрігерлер мен мамандардың кабинеттері, физиотерапия, механотерапия, массаж, сумен емдеу, логопедиялық және психологиялық көмек көрсетуге арналған бөлмелер орналасқан. Әлеуметтік және еңбекке бейімдеу мақсатында тігін, қыш және слесарлық шеберханалар, шығармашылықпен айналысуға арналған бөлмелер мен кітапхана қарастырылған. Дене оңалтуына да ерекше көңіл бөлінген. Емдік-сауықтыру бассейні бір мезетте — 46 адамға дейін, ал спорт залы 25 адамға

дейін қабылдай алады. Акт залы 150 орынға есептелген, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар пайдаланатын арбаларға арналған 40 орын бар. Қызмет алушылардың уақытша тұруы үшін бір және екі орынды бөлмелерден тұратын екі қабатты стационар жасақталған. Олардың арасында мүгедек арбасын пайдаланатын азаматтарға арнайы бейімделген бөлмелер де бар. Орталық отандық және шетелдік өндірістің заманауи медициналық жабдықтарымен, оның ішінде арнайы техникамен қамтамасыз етілген. Қажет процедуралар аяқталған соң орталық азаматтарды қабылдауды бастайды. Айта кетейік, орталықтың ашылуы Шымкент тұрғындарының оңалту және арнаулы әлеуметтік қызметтерге қолжетімділігін кеңейтіп, мүгедектігі бар азаматтардың денсаулығын қалпына келтіруі мен әлеуметтік бейімделуіне қосымша мүмкіндік береді.



Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті

06.10.2026

2026 жылғы 30 қыркүйекте Федоров ауданы Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтті. Отырыста мынадай мәселелер қаралып, ұсынымдар әзірлегді: 1. «Федоров ауданының Мансап орталығы» КММ арқылы жұмысшы мамандықтарға курстық оқытуды ұйымдастыру. Жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша 9 адам оқығаны, барлық 9 адам жұмысқа орналастырылғаны, олардың біреуі пробация қызметінің есебінде тұрғаны атап өтілді. Электрондық еңбек биржасында 148 адам онлайн-оқытудан өтіп, сертификаттар алды. Мансап орталығы жұмыссыз ретінде есепте тұрған азаматтармен ғана емес, сонымен қатар халықпен және жұмыс берушілермен әңгімелесу үшін ауылдық округтерге баруды қосымша жүзеге асырады. Жұмыссыздар, кәсіпкерлер, халық арасында жұмысты жалғастыру ұсынылды. 2. Жобаларды әлеуметтік мемлекеттік тапсырыс шеңберінде іске асыру сапасы туралы. Қарау барысында 2026 жылы Федоров ауданында 14 жоба іске асырылып жатқаны атап өтілді. Жобалардың жалпы құны 24 473,0 мың теңгені құрайды, конкурстық рәсімдердің қорытындысы бойынша жалпы сомасы 22 596,6 мың теңгеге шарттар жасалды. Қоғамдық маңызы бар 7 жобаны ішкі саясат бөлімі іске асырады. «Жайдарман» жобасы бойынша іс-шаралар толық көлемде өткізілмеге, өнім берушінің міндеттемелері тиісінше орындалмады, мерзімі 15 қазанға дейін ұзартылды. Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жобасы аяқталуға тақалды. Дене шынықтыру және спорт бөлімінің жобасы орындалып жатыр. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жобасы толық көлемде орындалмады, шартты бұзу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Биылғы жылы жекелеген өнім берушілер тарапынан анықталған кемшіліктерді ескере отырып шешім қабылданды: Ішкі саясат бөлімі түсіндіру және оқыту жұмыстарын күшейтсін, осы мақсатта ҮЕҰ облыстық ресурстық орталығының басшысы Д.К. Утебаеваның қатысуымен бюджеттік бағдарламалар әкімшілері үшін семинар-тренинг өткізу жоспарлануда. 3. Мемлекеттік қызметтегі ұзақ уақыттағы бос орындар және ЖОО түлектерін жұмысқа орналастыру туралы. Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметшілердің штат саны – 117 бірлік, іс жүзінде – 104 бірлік, бос жұмыс орындары – 13. 2026 жылы 134 конкурс жарияланды, оның қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметке 9 адам қабылданды. Мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесіндегі негізгі проблемалардың бірі прокторинг жүйесі болып табылады. Айта кету керек, Федоров ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі жоғары оқу орындарының 100-ден астам түлектерін бос лауазымдарға тартуға шақырды. Тоқсан сайын бос орындар жәрмеңкесі өткізіледі, оның қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметке 3 адам қабылданды. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасатын болады. 4. Халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін әлеуметтік объектілерді бейімдеу жөніндегі бағдарламаны орындау бойынша мониторинг қорытындылары. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі қоғамдық ұйымдармен (Қоғамдық кеңес, «Әділет» партиясы және т.б.) бірлесіп, үнемі мониторинг жүргізіп отыратыны, бірақ бағдарлама ішінара орындалатыны атап өтілді. Мониторинг қорытындылары, талаптар, ұсыныстар басшыларға жеткізіледі. Қоғамдық кеңестің мүшесі Б.А. Умертаевқа барлық ұйымдардың басшыларына, кәсіпкерлерге объектілерді бейімдеу бойынша хаттар дайындауды тапсыру жөнінде шешім қабылданды. Федоров ауданы Қоғамдық кеңесінің төрайымы С. Баймурзина

Денисов аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі аудандық сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар бойынша ұсыныстар қабылдау туралы Денисов аудандық мәслихатының ХАБАРЛАМАСЫ

06.10.2026

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес Денисов аудандық мәслихаты Денисов аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №3, №10 округтік сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар бойынша шығарылғандардың орнына ұсыныстардың қабылданғаны туралы хабарлайды. Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сай болуға тиіс. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы. Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адамдар оның жұмысына қатысуға келісім беру туралы өтініштерді қоса береді. Ұсыныстар саяси партиялардан және өзге де қоғамдық бірлестіктерден хабарландыру жарияланғаннан кейін он бес күн мерзімде қабылданады. Саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктер мәслихатқа мынадай құжаттарды ұсынады: 1) сайлау комиссиясының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтер белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматта; 2) тиісті сайлау комиссиясының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің), жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме; 3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін)тіркеу туралы құжаттың көшірмесі; 4) кандидаттардың белгіленген нысан бойынша сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы өтініштері. Сайлау комиссиясының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтер нысандары, кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы өтініштері мәслихаттың https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-denisov/documents/details/1077908?lang=kk сайтында орналастырылған. Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс. Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөрмен куәландырылуы және орындалған күні, орындаушы туралы белгі, тегі, аты-жөні және телефон нөмірі көрсетілуі тиіс. Мәслихаттың орналасқан жері: Денисовка ауылы, Калинин көшесі, 5; анықтама телефоны: 8 (71434) 2-14-36, электрондық поштасының мекен-жайы: den.maslixat@mail.kz

СҚО Есіл ауданында қой мен ешкі блютангының таралуын жою бойынша симуляциялық оқу-жаттығулар өтті

06.10.2026

28-30 қыркүйек аралығында Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданында қой мен ешкі блютангының таралуы кезіндегі іс-шараларды пысықтау бойынша симуляциялық оқу-жаттығулар өткізілді. Оқу-жаттығулар Қазақстан Республикасы ветеринариялық қызметінің 2026 жылға бекітілген симуляциялық жаттығулар жоспарына сәйкес ұйымдастырылды Негізгі мақсаты – ветеринариялық қызметтің жедел ден қоюға, аурудың ықтимал ошағын оқшаулауға және жоюға дайындығын тексеру, сондай-ақ ведомствоаралық өзара іс-қимылды жетілдіру. Практикалық іс-шаралар барысында мамандар ауруға күдікті анықтау, эпизоотологиялық тексеру жүргізу, сынамалар алып, зертханалық зерттеуге жіберу, күмәнді жануарларды оқшаулау, шектеу аймақтарын белгілеу және эпизоотияға қарсы іс-шаралар кешенін жүргізу кезіндегі іс-қимылдар тәртібін пысықтады. Жедел ақпарат алмасуға, басқарушылық шешімдер қабылдауға және ветеринариялық қызметтің төтенше жағдайлар, ішкі істер және санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен өзара іс-қимылына ерекше назар аударылды. Оқу-жаттығуға Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасының, мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар мен ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің аумақтық инспекцияларының мамандары қатысты. Оқу-жаттығу қорытындысы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы ветеринариялық қызметінің аумақтық органдарының блютанг ошағы пайда болған кезде уақтылы ден қоюға және қажетті іс-шараларды өткізуге дайындығы расталды. Өткізілген оқу-жаттығулар мамандардың практикалық дайындығын арттыруға, ден қоюдың қолданыстағы алгоритмдерінің тиімділігін бағалауға және барлық жұмылдырылған қызметтердің өзара іс-қимылын нығайтуға мүмкіндік берді.

Аққұла ауданына МӘС бөлімінің көшпелі отырысы.

06.10.2026

2026 жылғы 6 қазанда бекітілген кестеге сәйкес №3 медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімі куәландыру мақсатында көшпелі отырыс өткізу үшін аққұла ауданына барды. Сондай-ақ, №3 медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімінің басшысы Ж. А. Молжанова Аққұлы аудандық ауруханасының дәрігерлерімен 5 дәрігер санында "медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрі-Премьер-Министр орынбасарының 2023 жылғы 29 маусымдағы №260 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы танысу тақырыбында семинар кеңес өткізді.- әлеуметтік сараптама"

Алматыдағы Медеу ауданының 54 мыңнан астам тұрғыны жаңа инженерлік желімен қамтылады

06.10.2026

Ауданда қазір жалпы ұзындығы шамамен 240 шақырым сумен жабдықтайтын және су бұру желісін салу мен реконструкциялау жұмысы қатар қолға алынды. Бұл жобалар 54 мыңнан астам тұрғынды қамтымақшы. Брифингте аудан әкімі Еркебұлан Оразалин осы туралы айтып берді. Ірі жобалар «Горный Гигант», «Малая Станица», «Атырау» мен «Каменское плато» шағын ауданында іске асады. «Ауданда қазір ұзындығы шамамен 240 шақырым болатын сумен жабдықтау мен су бұру желісін салу мен реконструкциялау жұмысы жүргізіліп жатыр. Мұнда шамамен 170 шақырым инженерлік желі салынады. Олар 18 мыңға жуық тұрғынды қамтығалы отыр», — деді брифингте Еркебұлан Оразалин. Сонымен қатар Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы «Думан», «Бутаковка», «Кимасар», «Шымбұлақ» пен «Ақсартау» шағын ауданында жобаларды қолға алды. Оның ұзындығы шамамен 64 шақырым, қамту аумағы – 36 мыңнан астам тұрғын. Негізгі міндет – тарихи тұрғыдан қажетті инженерлік инфрақұрылымы болмаған аумақтарды орталықтанған коммуникациямен кезең-кезеңімен қамтамасыз етіп, қолданыстағы

желілердің сенімділігін арттыра түсу.

Шымкентте 200 орындық заманауи перинаталдық орталық салынып жатыр

06.10.2026

Шымкентте әйелдер мен жаңа туған нәрестелерге медициналық көмек көрсетуге арналған жаңа ірі орталық бой көтереді. Ақжайық шағын ауданында 200 орындық №2 қалалық перинаталдық орталықтың құрылысы жалғасуда. Жоба Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылуда.Жаңа орталық мамандандырылған акушерлік және неонаталдық көмек көрсету мүмкіндіктерін кеңейтеді. Мұнда түрлі деңгейдегі босанулар қабылданып, ауыр патологиясы бар әйелдерге медициналық көмек көрсетуге және шұғыл босандыруға қажетті жағдай жасалады. Жаңа нысан ауқымды медициналық кешен болады. Үш қабатты ғимарат 12 блоктан тұрады, жалпы аумағы 38 мың шаршы метрді құрайды. Перинаталдық орталық аналар мен жаңа туған нәрестелерге жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге қажетті заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтылады.Жаңа нысанның Шымкент агломерациясының өсіп, дамуын ескере отырып, маңызы ерекше. Орталықтың мүмкіндіктерін қала тұрғындарымен қатар Түркістан облысының іргелес аудандарының тұрғындары да пайдалана алады. Осылайша, мамандандырылған медициналық көмек әйелдер мен жаңа туған нәрестелер үшін қолжетімді бола түседі.Жаңа орталық медицина қызметкерлерінің кәсіби дамуына да қосымша мүмкіндік береді. Оның базасында мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру үшін тиісті жағдайлар қарастырылады. Құрылыс жұмыстары 2026 жылдың сәуір айында басталды. Қазіргі таңда нысанның құрылыс дайындығы 30%-ды құрайды. Жұмыстарды «Integra Construction KZ» ЖШС жүргізуде.Құрылыс жұмыстарын толық аяқтау 2027 жылдың қыркүйек айына жоспарланған. Жаңа перинаталдық орталық пайдалануға берілгеннен кейін Шымкенттің маңызды медициналық инфрақұрылым нысандарының біріне айналып, әйелдер мен жаңа туған нәрестелерге мамандандырылған медициналық көмек көрсету мүмкіндіктерін кеңейтеді.



Облыс әкімі Семейдегі жаңа көпірдің құрылыс барысын тексерді

06.10.2026

Бүгін аймақ басшысы Берік Уәли Семей қаласындағы ескі автогуж көпірінің жанында салынып жатқан жаңа көлік өткелінің құрылыс барысын көрді. Көпір төрт жолақты қозғалысқа есептелген, ұзындығы — 810 метр, ені — 23 метр болады. Нысанның жалпы құны — 47,3 млрд теңге. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының 87 пайызы аяқталған. Жалпы салмағы 9 мың тонна, ұзындығы 810 метрді құрайтын металл аралық құрылымы толық орнатылды. Металл конструкцияның үстіне асфальтбетон жамылғысының астына төселетін «техноэласт» гидрооқшаулағыш материалын төсеу жұмыстары аяқталуға жақын. Сонымен қатар, көпірге кіреберіс Шәкәрім және Тәңірбергенов көшелеріндегі ұзындығы 560 метр құрайтын автомобиль жолдарын қайта жаңғырту қатар жүргізілуде. Жоспарға сәйкес құрылыс жұмыстарын аяқтап, жыл соңына дейін жаңа көпір арқылы көлік қозғалысын іске қосу көзделіп отыр. Жаңа өткел пайдалануға берілгеннен кейін ескі автогуж көпірі жаяу жүргіншілерге арналған кеңістікке айналып, тұрғындардың серуендеуіне және демалуына қолайлы орын болмақ. Облыс әкімі нысандағы құрылыс жұмыстарының сапасын қатаң бақылауда ұстауды және белгіленген мерзімнен кешіктірмей аяқтауды тапсырды.

Жыл соңына дейін Қазақстанда eGov GPT арқылы 150-ге дейін қызметті іске қосу жоспарланып отыр 1-ден 1 слайд. Жыл соңына дейін Қазақстанда eGov GPT арқылы 150-ге дейін қызметті іске қосу жоспарланып отыр

06.10.2026

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бекіткен Digital Qazaqstan стратегиясын жүзеге асыру шеңберінде QazTech платформасы мемлекеттік қызметтердің цифрлық экожүйесінің негізіне айналды. Цифрлық жүйелерді көшіру бойынша биылғы жоспар 92%-ға орындалды, деп хабарлайды ҚР Үкіметінің телеграм арнасы. «Әлеуметтік әмиян» проактивті әлеуметтік қолдау көрсетуді қамтамасыз етіп, 3 млн пайдаланушыны қамтиды. e-Otinish-тегі жасанды интеллект көмегімен 3,2 млн-нан астам өтініш өңделді. eGov GPT арқылы 51 қызмет қолжетімді. Жыл соңына дейін жалпы трафиктің 80%-ын құрайтын ең сұранысқа ие 150 қызмет қамтылады. 2028 жылға қарай жасанды интеллект негізіндегі қызметтердің үлесін 40%-ға жеткізу, ал 2029 жылға қарай қызмет алу уақытын екі есе қысқарту көзделген», — деді Премьер-министрдің орынбасары — жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев Үкімет отырысында. Оның айтуынша, Халыққа қызмет көрсету орталықтарын цифрлық кеңселерге трансформациялау жүргізіліп жатыр. Жаңа халықтың цифрлық кеңселерінде азаматтар қызметтерді eGov GPT цифрлық көмекшісі орнатылған терминалдар арқылы өз бетінше ала алады. Қазір 4 өңірде 5 цифрлық кеңсе ашылды. Тағы 10 өңірде қаржыландыру мәселесі шешілді.

Қазақстан мен Сауд Арабиясы дипломатиялық кадр даярлаудағы ынтымақтастықты күшейтеді

06.10.2026

Рияд, 2026 жылғы 5 қазан — Қазақстанның Сауд Арабиясындағы Елшісі Мадияр Меңілбеков Ханзада Сауд әл-Фейсал атындағы Дипломатиялық зерттеулер институтының Бас директоры доктор Мушабаб бен Айед әл-Кахтанимен кездесті. Кездесу барысында тараптар дипломатиялық кадрларды даярлау, ғылыми-талдау бағытындағы әріптестік және тәжірибе алмасу мәселелерін талқылады. Сонымен қатар екі мемлекеттің сыртқы саяси ведомстволары арасындағы өзара іс-қимылды сапалы жаңа деңгейге көтерудің маңыздылығы атап өтілді. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар екі елдің дипломатиялық институттары арасында жас мамандарға арналған тағылымдамалар мен біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыруды, сондай-ақ бірлескен ғылыми-зерттеу жобалары мен іс-шараларды өткізуді көздейтін екіжақты құжатқа қол қою мүмкіндігін қарастыруға келісті.

Екі аптаға созылған арпалыс: алматылық дәрігерлер 11 баланың анасы мен оның жаңа туған қызын аман алып қалды

06.10.2026

Алматыдағы екі медициналық ұйымның дәрігерлері 11 баланың анасы мен оның күні жетпей туған қызын ажалдан арашалап қалды. Алматы тұрғыны 40 жасында 11-рет ана атанды. Қызының дүниеге келуіне әлі бір жарым айға жуық уақыт бар еді. Алайда үй ауласындағы баспалдақтан абайсызда құлап қалғаннан кейін жағдай күрт өзгерді. Әйелдің іші ауырып, құрсағындағы сәбиінің қимылы да өзгерген. Дәрігерлер бала жолдасының мерзімінен бұрын ажырағанын және геморрагиялық шок болғанын анықтады. Акушер-гинекологтар жүктіліктің 34-аптасында шұғыл кесарь тілігіне жүгінді. Салмағы 1835 грамм қыз бала дүниеге келді. Анасының өмірі үшін №4 қалалық перзентхананың дәрігерлері күресті. Ал шала туған сәбидің өмірі мен денсаулығын Алматы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының мамандары жалғастырып қорғады. Туғанына 15 күн болғанда кішкентай қыз үйіне шығарылды. Бұл отбасы үшін он бірінші сәби. Әйелдің бұған дейін 10 баласы болған. Үлкені - 20 жаста, кішісі бір жастан енді асқан. Он бірінші жүктілігі де алдыңғылары секілді еш асқынусыз өтіп, 34-аптаға жеткен. Бірақ босанардан бірнеше күн бұрын әйел үй ауласындағы баспалдақтан құлап қалған. Көп ұзамай іші ауырып, баланың қимыл-қозғалысы өзгерген. Жедел жәрдем бригадасы оны №4 қалалық перзентханаға жеткізді. «Перзентханаға түскен кезде бала жолдасының толық әрі мерзімінен бұрын ажырағаны, қан кету және II дәрежелі геморрагиялық шок анықталды. Ұрықтың жағдайы да алаңдатарлық еді. Мұндай жағдайда уақыт жоғалтпай, шұғыл әрекет ету қажет болды. Сондықтан дереу кесарь тілігін жасау туралы шешім қабылданды. Салмағы 1835 грамм қыз бала дүниеге келді. Туған кездегі жағдайы ауыр болды: жүрек соғысы өте сирек, Апгар шкаласы бойынша 4/5 балл болды. Сәбиге алғашқы реанимациялық көмек көрсетіліп, ол өкпені жасанды желдету аппаратына қосылды», - деді Алматы №4 перзентхана директорының орынбасары Екатерина Самарцева. Бұл кезде ананың да өмірі үшін дәрігерлер күресті. Отадан кейін әйел сегіз күн бойы акушер-гинекологтар мен реаниматологтардың бақылауында болды. Алғашқы күндер ана мен сәби үшін ең жауапты кезең еді. Нәресте жаңа туған нәрестелер патологиясы бөлімшесінің қарқынды терапия палатасында неонатологтардың тұрақты бақылауында болды. Жағдайы тұрақталған соң, шала туған балаларға арнайы медициналық көмек көрсететін Алматы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығына ауыстырылды. «Бала орталыққа жағдайы ауыр, бірақ тұрақты күйде түсті. Орталық жүйке жүйесінің қызметі төмендегені байқалды. Сәбидің жағдайын жан-жақты бақылап, өмірлік маңызды ағзалары мен жүйелерінің жұмысын тұрақты қадағаладық. Біртіндеп қыздың жағдайы жақсара бастады. Ол белсендірек болып, өздігінен тыныс ала бастады. Қосымша оттегінің де қажеті болмай қалды», - деді Алматы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығы жаңа туған нәрестелер бөлімшесінің меңгерушісі Гүлнұр Жанбергенова. Өмірінің 15-тәулігінде қыздың салмағы да жеткілікті деңгейге жетті. Ол дене қызуын өздігінен тұрақты ұстап, салмағын бірқалыпты қоса бастады. Өмірлік маңызды көрсеткіштері де қалыпты деңгейде сақталды. Анасы шала туған сәбиіне күтім жасау бойынша қажетті білім мен дағдыны меңгерді. Сөйтіп екеуі үйіне шығарылды. Бүгінде кішкентай қыз үйде - анасының қасында, өзінен үлкен он аға мен әпкелерінің ортасында.

Самарқандта түркі әлемі мен Еуразияның конституциялық бақылау органдары арасындағы өзара іс-қимылды дамыту мәселелері талқыланды

06.10.2026

Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты Төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов Самарқандта өткен Түркі әлемінің конституциялық юрисдикциялары конференциясы ұйымының (T RK-AY) отырысына қатысты. Қатысушылар конституциялық сот төрелігінің өзекті мәселелері мен өңіраралық өзара іс-қимылды дамыту перспективаларын, оның ішінде T RK-AY, Азия конституциялық соттары және балама институттар қауымдастығы (AACC) мен Еуразиялық конституциялық бақылау органдары қауымдастығы арасында ынтымақтастық туралы меморандумдар бекіту мәселелерін талқылады.

Алматы-1 вокзалын қайта жаңғырту жұмыстары аяқталу сатысында

06.10.2026

Алматы-1 вокзалында ғимаратты және оған іргелес аумақты жаңарту жұмыстары аяқталуда. Вокзал кеңістігі жолаушылардың қажеттіліктерін ескере отырып өзгеруде — күту аймақтары кеңейіп, қауіпсіз және ыңғайлы жағдайлар жасалуда. Жаңартылған ғимараттың ауданы 17 мың шаршы метрден асады. Ішінде жолаушылар кеңістігін ұйымдастыру қайта қаралып, күту залы кеңейтілді, жаңа эскалаторлар, лифттер мен ақпараттық таблолар орнатылды. Ғимаратта заманауи инженерлік жабдықтар орнатылған. Ерекше қажеттілігі бар жолаушылардың нысанға қолжетімділігін және жолаушыларға баламен саяхаттауға ыңғайлы болуы үшін жағдай жасалуда. Ғимараттың төменгі бөлігінде, коммерциялық нүктелер орналасады. Жолаушылар үшін модульдік қонақ бөлмелері қарастырылған, сонымен қатар теміржол мұражайы ашылады. Вокзал алдындағы аумақ та өзгереді. Тұрақ

аймағының орнына ағаштар мен гүлзарлары бар абаттандырылған аллея жасалады. Мұнда орындықтар мен демалыс орындары пайда болып, ақпараттық тақта орнатылады. Аумақ вокзалдың жолаушылар кеңістігінің жалғасы және ыңғайлы қалалық аймақ болады. Конкорс жаңартылады: құрылғысы күшейтіліп, әйнек элементтері қолданылады. Ғимаратта заманауи материалдар қолданылып, шатыр мен қасбет жаңартылады, ішкі әрлеу жұмыстары жүргізіледі. Нысанда жұмыстар тәулік бойы жүргізілуде. Күндізгі ауысымда 407 адам, түнгі ауысымда 68 адам жұмылдырылуда. Нысанда арнайы техника жұмыс істейді.



2026 жылғы 25 қазанда Қазақстан Республикасының Республика күніне орай

06.10.2026

ХАБАРЛАНДЫРУ 2026 жылғы 25 қазанда Қазақстан Республикасының Республика күніне орай Прапорщиково ауылындағы: «Ляззат» дүкенінде, мекенжайы: Школьная көшесі, 27; «Сабина» дүкенінде, мекенжайы: Е.Устименко көшесі, 63/3 нан және нан-тоқаш өнімдері сауда үстемесінсіз, өндірушінің бағасымен сатылады. Ауылдың барлық тұрғындарын осы мүмкіндікті пайдалануға шақырамыз!

Қазақстанда медициналық-әлеуметтік сараптамадан өту үшін электронды кезек енгізілуде


06.10.2026

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әлеуметтік саладағы мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және оларды азаматтарға ыңғайлы ету жұмыстарын жалғастырып жатыр. Осы мақсатта медициналық-әлеуметтік сараптамадан (МӘС) жүзбе-жүз өту үшін электронды кезек енгізілуде. Жаңа сервис азаматтарға қабылдауға алдын ала жазылып, өзіне ыңғайлы күн мен уақытты таңдауға мүмкіндік береді. Бұл ретте кезекте ұзақ уақыт күтудің қажеті жоқ. Электронды кезек жобасы алдымен Ақмола облысында іске қосылды. Кейін бұл сервис Алматы қаласында да енгізілді. 2026 жылдың 1 қазандағы жағдай бойынша электронды кезекті Ақмола облысында 2 580 адам, ал Алматы қаласында 3 030 адам пайдаланған. Электронды кезекке Әлеуметтік қызметтер порталы (aleumet.egov.kz) арқылы жазылуға болады. Ол үшін бірнеше қарапайым қадамды орындау қажет. Азамат электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы Әлеуметтік қызметтер порталына кіріп, Жеке кабинеттен «Куәландыруға жазылу» қызметін таңдауы керек. Одан кейін өзіне ыңғайлы күн мен уақытты белгілейді. Жүйе азаматтың тұрғылықты жеріне қарай тиісті медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімін автоматты түрде анықтайды. Жазылу сәтті аяқталғаннан кейін азаматтың телефон нөміріне МӘС-тен өтетін күн мен уақыт, бөлімнің мекенжайы және талон нөмірі көрсетілген SMS-хабарлама келеді. Белгіленген қабылдауға үш күн қалғанда жүйе қосымша SMS арқылы еске салады. Қажет болған жағдайда азамат Жеке кабинеті арқылы жазылуын тоқтата алады немесе басқа күн мен уақытқа ауыстырады. Егер азамат белгіленген уақытта келмесе, кезек автоматты түрде жойылады. Бұл туралы да тиісті хабарлама жіберіледі. Электронды кезек жүйесі медициналық-әлеуметтік сараптамадан өтуді жеңілдетіп, азаматтардың күту уақытын қысқартуға және қабылдауды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жоба екі өңірде іске асырылғаннан кейін оның нәтижелері сараланып, электронды кезекті еліміздің барлық өңіріне енгізу мәселесі қаралмақ.

«Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-нің 2026 жылға арналған қайта бекітілетін бюджеттік бағдарламасының жобасын орналастыру туралы баспасөз релизі

06.10.2026

«Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ 2026 жылға арналған қайта бекітілетін бюджеттік бағдарламасының жобасы көпшілік талқылау үшін орналастырылғанын хабарлайды. Әзірлеуші — «Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ. Аталған жоба «Ашық бюджеттер» интернет-порталында 2026 жылғы 6 қазанда орналастырылды. Көпшілік талқылау 2026 жылғы 20 қазанға дейін өткізіледі. Барлық мүдделі тұлғаларды жобамен танысып, «Ашық бюджеттер» интернет-порталында өз ескертулері мен ұсыныстарын қалдыруға шақырамыз. https://budget.egov.kz/budgetprogram/budgetprogram?govAgencyId=8193370&budgetId=4368828&budgetState=



ҚАЗАҚСТАНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК САРАПТАМАДАН ӨТУ ҮШІН ЭЛЕКТРОНДЫ КЕЗЕК ЕНГІЗІЛУДЕ

06.10.2026

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әлеуметтік саладағы мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және оларды азаматтарға ыңғайлы ету жұмыстарын жалғастырып жатыр. Осы мақсатта медициналық-әлеуметтік сараптамадан (МӘС) жүзбе-жүз өту үшін электронды кезек енгізілуде. Жаңа сервис азаматтарға қабылдауға алдын ала жазылып, өзіне ыңғайлы күн мен уақытты таңдауға мүмкіндік береді. Бұл ретте кезекте ұзақ уақыт күтудің қажеті жоқ. Электронды кезек жобасы алдымен Ақмола облысында іске қосылды. Кейін бұл сервис Алматы қаласында да енгізілді. 2026 жылдың 1 қазандағы жағдай бойынша электронды кезекті Ақмола облысында 2 580 адам, ал Алматы қаласында 3 030 адам пайдаланған. Электронды кезекке Әлеуметтік қызметтер порталы (aleumet.egov.kz) арқылы жазылуға болады. Ол үшін бірнеше қарапайым қадамды орындау қажет. Азамат электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы Әлеуметтік қызметтер порталына кіріп, Жеке кабинеттен «Куәландыруға жазылу» қызметін таңдауы керек. Одан кейін өзіне ыңғайлы күн мен уақытты белгілейді. Жүйе азаматтың тұрғылықты жеріне қарай тиісті медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімін автоматты түрде анықтайды. Жазылу сәтті аяқталғаннан кейін азаматтың телефон нөміріне МӘС-тен өтетін күн мен уақыт, бөлімнің мекенжайы және талон нөмірі көрсетілген SMS-хабарлама келеді. Белгіленген қабылдауға үш күн қалғанда жүйе қосымша SMS арқылы еске салады. Қажет болған жағдайда азамат Жеке кабинеті арқылы жазылуын тоқтата алады немесе басқа күн мен уақытқа ауыстырады. Егер азамат белгіленген уақытта келмесе, кезек автоматты түрде жойылады. Бұл туралы да тиісті хабарлама жіберіледі. Электронды кезек жүйесі медициналық-әлеуметтік сараптамадан өтуді жеңілдетіп, азаматтардың күту уақытын қысқартуға және қабылдауды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жоба екі өңірде іске асырылғаннан кейін оның нәтижелері сараланып, электронды кезекті еліміздің барлық өңіріне енгізу мәселесі қаралмақ.

«Атырау облысы Құрманғазы ауданы Дыңғызыл ауылдық округ әкімінің аппараты" мекемесі 2026 жылдың 3-тоқсан қорытындысымен округ әкімі аппаратында көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы

06.10.2026

АҚПАРАТ Мемлекеттік қызметтер — жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі. Ол қызмет алушының өтініші бойынша жекеше түрде олардың құқықтарын, бостандықтары мен қаржылы және қаржылы емес заңдылықтарға сәйкес және тұлғаларға қызмет көрсетуді іске асырады. Мемлекет алдына қойған негізгі міндеттердің бірі - жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей кедергісіз қол жеткізуі және бұл Заңмен бекітілген. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер: 1) көрсетілетін қызметті берушілер арқылы; 2) Мемлекеттік корпорация арқылы 3) «электронды үкіметтің веб-порталы» және жылжымалы желінің абоненттік құрылғысы арқылы көрсетіледі. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығы негізінде Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы Заңына сәйкес, «Дыңғызыл ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 6 мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Атап айтқанда: 1. "Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру" Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәсілдері "Электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі — портал) және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы. Қызмет көсету мерзімі Бірінші кезең: сұралып отырған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау, жер учаскесін таңдау актісін дайындау, сәулет-жоспарлау тапсырмасын, инженерлік желілерге қосылуға техникалық шарттарды және топографияны жасау — 28 (жиырма сегіз) жұмыс күні ішінде. Екінші кезең: жер учаскесін таңдау актісін келісу және көрсетілетін қызметті алушы жер-кадастрлық жұмыстардың қызметтері үшін ақы төлеу кезінде жер-кадастрлық жоспарды қоса бере отырып, жер учаскесіне жер пайдалану құқығын беру туралы шешім шығару, уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасу — 18 (он сегіз) жұмыс күні ішінде. 2. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру. Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері "Электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі — портал) және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 13 /он үш/ жұмыс күні. 3. Жер учаскесін алу үшін кезекке қою Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілі "Электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі — портал) арқылы. Қызмет көрсету мерзімі 20 минут. 4. "Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату" Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілі "Электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі — портал) және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы. Қызмет көрсету мерзімі 5 /бес/ жұмыс күні. 5. "Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту". Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілі 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі — портал).Қызмет көрсету мерзімі 10 /он/ жұмыс күні. 6. Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу. Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәсілі - электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде. Бірінші кезең: сұралып отырған жер учаскесін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау, жер учаскесін алдын ала таңдау (елді мекен шегінде объектілер салуды қоспағанда, объектілер салу үшін жер учаскесін сұраған кезде), жер комиссиясының қорытындысын дайындау. Екінші кезең: жер учаскесіне құқық беру туралы шешім қабылдау және сатып алу-сату шартын немесе уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасу — бекітілген жерге орналастыру жобасы келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде. Дыңғызыл ауылдық округі бойынша 2026 жылдың 3-тоқсан қорытындысымен барлығы мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде "Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру"- 7 қызмет, "Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату"- 2 қызмет, "Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту" 2 - қызмет. Мемлекеттік қызмет туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, мерзімі кешіктіріліп қаралған мемлекеттік қызмет болған жоқ. Ғимараттың көрнекі жерінде мемлекеттік қызметтің стандарттары, регламенттері және мемлекеттік қызметтер

көрсету тәртібі туралы ақпараттар жазылған стенділері орналастырылған.
Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органдарда халықты цифрлық сауаттылыққа үйрету мақсатында, округ ғимаратында арнайы маман бекітіліп, қызмет алушыларға «Электрондық үкімет» веб-порталы, Е-лицензия, Е-өтініш" секілді платформаларда аудан орталығына бармай-ақ «Өз-өзіне қызмет» көрсету үшін арнайы жасақталған. Аталған бұрышта қызметтің бірнеше түрін ала алады. «Өз-өзіне қызмет бұрышы» арқылы «Электрондық үкімет» веб-порталынан барлығы 124 қызмет көрсетілді. Көрсетілген қызметтерді бақылау мақсатында журнал ашылып, әр қызмет тіркеліп отырады. ҚР «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» Заңына сәйкес, заңнаманың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

Заңсыз жұмыс: ШҚО-да жеті шетелдік ел аумағынан шығарылды

06.10.2026

Заңсыз жұмыс: ШҚО-да жеті шетелдік ел аумағынан шығарылды Шығыс Қазақстан облысында «Нелегал-2026» жедел профилактикалық іс-шарасы жалғасуда. Көші-қон қызметінің қызметкерлері шетел азаматтары мен жұмыс берушілердің заңнама талаптарын сақтауын, оның ішінде ел аумағында болу және еңбек қызметін жүзеге асыру заңдылығын тексеруде. Тексерулердің бірінде көршілес мемлекеттің жеті азаматының уәкілетті органның рұқсатынсыз жұмыс істегені және Қазақстан Республикасында уақытша болуға құқық беретін құжаттары болмағаны анықталды. Көші-қон заңнамасын қайталап бұзғаны үшін шетел азаматтары Қазақстан Республикасының аумағынан шығарылды. Оларға Қазақстанға бес жыл мерзімге кіруге тыйым салынды. Шетел азаматтарының еңбегін пайдалану кезінде заңнама талаптарын бұзған жұмыс беруші де әкімшілік жауапкершілікке тартылды. «Көші-қон заңнамасының сақталуына бақылау тұрақты негізде жүргізіледі. Шетел азаматтары мен жұмыс берушілердің белгіленген талаптарды сақтауы маңызды», — деді ШҚО ПД Көші-қон қызметі басқармасының бастығы Ринат Шкибаев. Көші-қон қызметі ескертеді: шетел азаматтары Қазақстанда еңбек қызметін қажетті рұқсат құжаттары болған жағдайда ғана жүзеге асыра алады. ШҚО ПД баспасөз қызметі



Ақтөбе облысында мұғалімдерге құрмет көрсетілді

06.10.2026

Мұғалімдер күні — балаларға білім әлемін танып-білуге күн сайын көмектесіп, алғашқы қадамдарын қолдап, еңбегімен олардың болашақ жолына ықпал етіп жүрген жандарға алғыс айтатын ерекше күн. Бұл күні кәсіби жетістіктері, өз ісіне адалдығы және білім саласына сіңірген көпжылғы еңбегімен өңірдің білім беру жүйесінің дамуына үлес қосып жүрген педагогтерге құрмет көрсетілді. Салтанатты кеш Өнер орталығында өтті. Іс-шараға педагогтер, сала ардагерлері, білім беру ұйымдарының басшылары және кәсіби қауымдастық өкілдері қатысты. Көпшілік үшін бұл мереке әріптестерімен жүздесіп, құттықтаулар қабылдап, өзара жетістіктеріне бірге қуана алатын айрықша мүмкіндік болды. Мұғалімдерді кәсіби мерекесімен облыс әкімі Асхат Шахаров құттықтады. Өз сөзінде ол педагог мамандығының маңыздылығына тоқталып, ұстаздың баланың білім деңгейін қалыптастырумен қатар, оның тұлғалық дамуына да зор ықпал ететінін атап өтті. «Ұстаз — баланың тұлғасы мен құндылықтарын қалыптастыратын тәлімгер. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы сапалы білім беруді қалыптастыру мен өскелең ұрпақты тәрбиелеуде педагогтің рөлін ерекше атап өтеді. Біз үшін білім сапасын арттыру және ұстаз мәртебесін нығайту — негізгі міндеттердің бірі. Бүгінде білім беру жүйесінің алдында үш маңызды басымдық тұр. Олар — конституциялық құндылықтар, жаңа қоғамдық этика және болашаққа ұмтылыс. Бұл бағыттар туралы айтып қана қоймай, оларды тәрбие жұмысына енгізу маңызды. Балаларға Заң мен тәртіпті, бірлік пен еңбекті, жауапкершілікті құрметтеуді үйретіп, адалдықты, білімге, ғылымға, мәдениетке, инновациялар мен заманауи технологияларға қызығушылықты қалыптастыру қажет», — деді Асхат Шахаров. Бүгінде Ақтөбе облысының білім беру жүйесінде 29 мыңға жуық педагог еңбек етеді. Биыл өңірдің білім беру ұйымдарына 400-ден астам жас мұғалім жұмысқа орналасты. Өңір басшысының айтуынша, сала мемлекеттің қомақты қолдауына ие. Алайда бұл мүмкіндіктер ең алдымен оқушылардың жетістіктері мен дамуы арқылы нақты нәтижелерден көрініс табуы тиіс. Марапаттау рәсімі - Мерекелік кештің басты сәттерінің бірі. Білім беру саласындағы қажырлы еңбегі және елдің дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Ақтөбенің бес педагогіне Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес мемлекеттік наградалар табысталды.
«Құрмет» орденімен педагогика саласының ардагері Гүлмараш Мұқашова, облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернатының директоры Қаракөз Тлеумағанбетова және М. Құсайынов атындағы дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған лицей-интернатының география пәні мұғалімі Мирамгүл Нұрбаева наградталды. «Ерен еңбегі үшін» медалімен Ақтөбе қаласындағы Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 IT мектеп-лицейінің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Айгүл Жиенғазина және Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылындағы №2 орта мектептің тарих пәні мұғалімі Әсемхан Жакупова марапатталды. Сондай-ақ кеш барысында білім саласында ұзақ жылдар еңбек еткен және кәсіби тұрғыда жоғары нәтижелерге қол жеткізген ұстаздар да марапаттарға ие болды. Өңірдің білім беру саласының өкілдеріне «Еңбек ардагері», «Ыбырай Алтынсарин», «Білім беру саласының үздігі» төсбелгілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Алғыс хаттары табысталды. Облыстық «Ақтөбе облысының үздік педагогі» және «Ақтөбе облысының құрметті ұстазы» байқауларының жеңімпаздарына да ерекше құрмет көрсетілді. «Ақтөбе облысының үздік педагогі» атағына Ақтөбе жоғары политехникалық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Ғалымжан Ізімов және Ақтөбе қаласындағы №80 орта мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі Жанат Ұлықпанова лайық деп танылған. Жеңімпаздардың әрқайсысына 500 АЕК мөлшерінде ақшалай сыйақы берілді. «Ақтөбе облысының құрметті ұстазы» атағы Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Жайнагүл Әділоваға берілді. Оған 300 АЕК мөлшерінде ақшалай сыйақы табысталды. Өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі жоғары нәтижелері, өңірдегі білім сапасын арттыруға қосқан үлесі үшін білім беру саласының 22 өкілі облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Кештің мерекелік атмосферасын концерттік бағдарлама толықтырды. Сахнадан әндер шырқалып, ұстаз еңбегіне, тәлімгерлікке және ұрпақтар сабақтастығына арналған алғыс сөздер айтылды.

Жаңа ел, жаңа мүмкіндік: Дәуреннің Қазақстандағы жаңа өмірі

06.10.2026

Өзбекстан Республикасы Ташкент қаласының Бостандық ауданында дүниеге келген Дәурен Куканов бүгінде Қазақстанда жаңа өмір бастап, Павлодар қаласында еңбек етіп жүр. Қазақстанға қоныс аударғаннан кейін жаңа ортаға бейімделіп, тұрақты жұмысқа орналасқан. Биыл наурыз айында ҚАЗТЕСТ тапсырып, сауалнамадан сәтті өткен. Дәуреннің Қазақстандағы жаңа өмірі мен алдағы жоспарлары туралы толығырақ бейнематериалда. https://www.instagram.com/reel/DeG1q2diWo3/?stkn=MWUzOTE4YWVsd21rdw==

Абай облысында жастар арасында «Бейбітшілік үшін биле!» атты облыстық көп кезеңді street dance байқауы өтті.

06.10.2026

Шараға 50-ге жуық жас қатысып, өздерінің би шеберлігін, шығармашылық қабілеті мен командалық үйлесімділігін көрсетті.Іс-шара діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, жастар арасында бейбітшілік пен келісім құндылықтарын нығайту, өзара құрмет пен бірлікті дәріптеу бағытында ұйымдастырылды. Өнер мен шығармашылықты ортақ алаңға біріктіру арқылы жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, позитивті құндылықтарды насихаттауға басымдық берілді. Байқау қорытындысы бойынша: I орын — Рымбек Байсеитов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжі (СФЭК); II орын — Мұхтар Омарханұлы Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің «Pulse» командасы; III орын — екі команда арасында бөлінді:— Семей қаласындағы №19 жалпы орта білім беретін мектебінің «Mirror» командасы;— Шәкәрім университетінің «Blaze» командасы.Байқау жастарға өз өнерін танытып қана қоймай, достық, өзара түсіністік, бейбітшілік пен қоғамдық келісім құндылықтарын дәріптеуге мүмкіндік берді.



Астанада АЭС жобалау және қауіпсіздігін бағалау кезіндегі қауіпсіздік мәселелері бойынша АЭХА ұлттық семинары өтуде

06.10.2026

2026 жылғы 5—9 қазан аралығында Астанада Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (АЭХА жобалау және қауіпсіздікті бағалау кезіндегі қауіпсіздік туралы хабардарлықты арттыруға арналған ұлттық семинары өтуде. Іс-шараға Қазақстан тарапынан Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің, «Қазақстан атом электр станциялары» ЖШС-нің, Ядролық физика институтының, Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығының, сондай-ақ Atomic Industry Development Association (AIDA) қауымдастығының өкілдері қатысуда. Іс-шара Қазақстанда АЭС жобасын іске асыруға дайындыққа байланысты мәселелерге арналған. Бес күнге жоспарланған семинар бағдарламасы АЭС жобасына қатысты негізгі кіріспе ережелерді, жобалау кезіндегі қауіпсіздік мәселелерін, сондай-ақ қауіпсіздікті бағалау бойынша практикалық сессияларды қамтиды. АЭХА-ның қауіпсіздік жөніндегі халықаралық тәсілдері мен стандарттарын талқылау АЭС жобасына қойылатын талаптар мен реттеуші органның оның қауіпсіздігін бағалау кезіндегі міндеттері туралы ортақ түсінік қалыптастыруға бағытталған. Семинарды өткізу кәсіби тәжірибе алмасуға және ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікті реттеу саласындағы ұлттық әлеуетті нығайтуға ықпал етеді.

ШҚО-да асфальтқа әдепсіз граффити салған жас жігіт жаза арқалады

06.10.2026

Шемонаиха ауданының Рассыпное ауылында жас жігіт асфальт жабынына граффити салмақ болған. Алайда оның бұл әрекеті көп ұзамай полиция назарына ілікті. Құқық бұзушылықты Шемонаиха аудандық полиция бөлімінің мобильді тобы профилактикалық жұмыс барысында анықтады. Құқық бұзушының жеке басы анықталып, оның 19 жастағы жас жігіт екені белгілі болды. Сотта анықталғандай, ол қара түсті аэрозоль бояумен әдепсіз сипаттағы сурет пен жазу салып, қоғамдық орынның көркін бұзған. Жас жігіт сотта өз кінәсін мойындап, болған жағдайға өкінетінін білдірді. Сот шешімімен құқық бұзушыға айыппұл тағайындалды. Полиция қоғамдық орындардың көркін қасақана бұзу әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғатынын еске салады. "Заң мен тәртіп" қағидаты баршаға ортақ.

ЕҚТА-ға рекреациялық жүктеме: Шығыс Қазақстанның табиғи әлеуетін сақтау

06.10.2026

Шығыс Қазақстанда табиғи экожүйелерді сақтау қажеттілігін ескере отырып, экологиялық туризмді дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Туристік жүктемені реттеу құралдарының бірі — Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті ғылыми ұйымдар мен сарапшылардың қатысуымен әзірленген ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың (ЕҚТА) жол берілетін рекреациялық жүктемесі мен туристік-рекреациялық сыйымдылығын айқындау әдістемесі. Жол берілетін жүктеме қалай айқындалады Әдістеме табиғи жағдайларды ескере отырып, нақты туристік маршруттар, экологиялық соқпақтар, бақылау алаңдары мен рекреациялық аймақтар үшін келушілердің жол берілетін санын айқындауға мүмкіндік береді. Есептеу кезінде: жер бедерінің түрі мен ерекшеліктері; беткейлердің тіктігі; топырақ-өсімдік жамылғысының тұрақтылығы; туристік маршруттың ауданы мен ұзындығы; аумақтың маусымдық ерекшеліктері; туристік инфрақұрылымның болуы және жай-күйі; келушілердің қолайлы жағдайда болуын қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріледі. Жол берілетін рекреациялық жүктеме аумақтың базалық және нақты рекреациялық сыйымдылығын ескере отырып айқындалады. Бұл ретте нақты учаскенің табиғи және инфрақұрылымдық жағдайларын ескеретін төмендету коэффициенттері қолданылады. Табиғи аумақтардың жай-күйін мониторингтеу Жол берілетін жүктемені айқындау экологиялық мониторинг жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Туристік маршруттардың негізгі учаскелерінде табиғи кешеннің жай-күйіне бақылау жүргізіледі. Антропогендік жүктеменің артқаны байқалған жағдайда келушілер санын азайту, бару режимін реттеу және табиғи жамылғыны қалпына келтіру үшін маршруттың жекелеген учаскелерін пайдалануға уақытша шектеу енгізу сияқты тиісті шаралар қолданылуы мүмкін. Шығыс Қазақстандағы экологиялық туризм Шығыс Қазақстан облысында 42 туристік маршрут жұмыс істейді, оның 24-і экологиялық бағыттарға жатады. Маршруттар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, оның ішінде Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Марқакөл және Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорықтарының аумақтары арқылы өтеді. Жол берілетін рекреациялық жүктемені сақтау туристік саланы дамытуды өңірдің табиғи және ландшафтық әлеуетін сақтаумен ұштастыруға мүмкіндік береді. Табиғи және туристік әлеуеті зор Шығыс Қазақстан үшін мұндай тәсіл экологиялық туризмді тұрақты дамытудың маңызды шарты болып табылады.



Жыл соңына дейін Қазақстанда eGov GPT арқылы 150-ге дейін қызметті іске қосу жоспарланып отыр

06.10.2026

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бекіткен Digital Qazaqstan стратегиясын жүзеге асыру шеңберінде QazTech платформасы мемлекеттік қызметтердің цифрлық экожүйесінің негізіне айналды. Цифрлық жүйелерді көшіру бойынша биылғы жоспар 92%-ға орындалды, деп хабарлайды ҚР Үкіметінің телеграм арнасы. «Әлеуметтік әмиян» проактивті әлеуметтік қолдау көрсетуді қамтамасыз етіп, 3 млн пайдаланушыны қамтиды. e-Otinish-тегі жасанды интеллект көмегімен 3,2 млн-нан астам өтініш өңделді. eGov GPT арқылы 51 қызмет қолжетімді. Жыл соңына дейін жалпы трафиктің 80%-ын құрайтын ең сұранысқа ие 150 қызмет қамтылады. 2028 жылға қарай жасанды интеллект негізіндегі қызметтердің үлесін 40%-ға жеткізу, ал 2029 жылға қарай қызмет алу уақытын екі есе қысқарту көзделген», — деді Премьер-министрдің орынбасары — жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев Үкімет отырысында. Оның айтуынша, Халыққа қызмет көрсету орталықтарын цифрлық кеңселерге трансформациялау жүргізіліп жатыр. Жаңа халықтың цифрлық кеңселерінде азаматтар қызметтерді eGov GPT цифрлық көмекшісі орнатылған терминалдар арқылы өз бетінше ала алады. Қазір 4 өңірде 5 цифрлық кеңсе ашылды. Тағы 10 өңірде қаржыландыру мәселесі шешілді.

Ақмола облысы прокурорының орынбасары Бұланды ауданының тұрғындарын жеке қабылдады


06.10.2026

Ақмола облысы прокурорының орынбасары Ерболат Жүсіп жұмыс сапарымен Бұланды ауданына келіп, азаматтарды жеке қабылдады. Қабылдау барысында аудан тұрғындары өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың араласуын талап ететін өзекті мәселелер бойынша жүгінді. Әрбір өтініш бойынша тиісті түсіндірмелер берілді. Қосымша зерделеуді және нақты шаралар қабылдауды талап ететін мәселелер бойынша жауапты органдарға тиісті тапсырмалар берілді. Азаматтар көтерген мәселелердің қаралуы прокуратураның бақылауына алынды. Ақмола облысының прокуратурасы

Жамбылдық спортшылар жазғы Азия ойындарында топ жарды

07.10.2026

Жапонияның Аичи және Нагоя қалаларында өткен XX жазғы Азия ойындарында ел намысын қорғаған жамбылдық спортшылар туған жеріне жеңіспен оралды. 2026 жылдың 19 қыркүйегі мен 4 қазаны аралығында өткен байрақты додаға Қазақстан Республикасының Ұлттық құрамасы сапында Жамбыл облысынан 12 спорт түрінен 35 спортшы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша жамбылдық спортшылар 6 күміс және 1 қола медаль жеңіп алып, ел қоржынына қомақты үлес қосты. Атап айтқанда, дзюдодан Елдос Сметов күміс медаль иеленсе, ушудан Абдурашид Абдуллаев күміс жүлдеге қол жеткізді. Сондай-ақ су добынан Сұлтан Шонжигитов, Ақжан Адай, Нұрасыл Сәтберген және Эдуард Цой күміс медаль жеңіп алды. Ал кураштан Арайлым Шегенова қола жүлдені еншіледі. Жеңіспен оралған спортшыларды туған жерінде салтанатты түрде күтіп алу рәсімдері ұйымдастырылды. Жамбылдықтар халықаралық додада ел намысын абыроймен қорғаған спортшыларға құрмет көрсетіп, олардың жеңістерін зор қуанышпен қарсы алды. Биылғы нәтиже Жамбыл облысы спортшыларының өткен Азия ойындарындағы көрсеткішінен жоғары болды. Атап айтқанда, 2023 жылы Қытай Халық Республикасының Ханчжоу қаласында өткен XIX жазғы Азия ойындарында облыс спортшылары 1 күміс және 3 қола медаль иеленген болатын. Ал биылғы додада жамбылдық спортшылар жалпы 7 медаль жеңіп алды. Жамбылдық спортшылардың бұл жетістігі — олардың қажырлы еңбегі мен табандылығының, бапкерлердің кәсіби шеберлігінің нәтижесі. Азия ойындарында топ жарған саңлақтарымыз ел мерейін асырып, Жамбыл спортының абыройын асқақтатты.



БҚО облыстық бюджеті. 2026 жылғы 1 қазандағы қысқаша шолу

07.10.2026

2026 жылға облыстық бюджеттің шығыстар/түсімдер бойынша жылдық көлемі 519,2 млрд. теңге (2025 жылға — 484,8 млрд.теңге сомасында бекітілді) немесе бюджеттің 7,1% өсуімен бекітілді. Нақтыланған бюджет — 518,1 млрд. теңге 2026 жылға арналған кірістер бойынша облыстық бюджеттің жылдық көлемі 380,1 млрд. теңгеге бекітілді, оның ішінде салықтық түсімдер бойынша - 90,9 млрд.теңге (2025 жылы салықтар - 117,2 млрд. теңге). Нақтыланған бюджет — 381,8 млрд. теңге 2026 жылдың 1 қазанға облыстық бюджеттің шығыстары 319,6 млрд. теңгеге немесе жоспарға 88,3% игерілді. 2026 жылы республикалық бюджет алдындағы борыштық міндеттемелерді өтеудің нақтыланған көлемі - 9,1 млрд.теңге. 1 қазанға 6,6 млрд. теңге өтелді. 2026 жылдың 1қазанына облыстық бюджеттің кірістері бойынша атқарылуы 265,6 млрд. теңге немесе жоспарға 98,3% құрады. Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер түсімдерінің жылдық көлемі 185,9 млрд.теңгеден бекітілді (2025 жылға — 325,8 млрд. теңге), соның ішінде субвенциялар — 173,6 млрд. теңге, ағымдағы нысаналы трансферттері — 4,8 млрд. теңге, нысаналы даму трансферттері — 7,4 млрд. теңге. 1 қазанға 146,0 млрд. теңге түсті. 2026 жылғы қаңтар-қыркүйекте облыстық бюджетке нақты салық түсімі 56,5 млрд. теңгені немесе 88,3% құрады (2025 ж. қаңтар-қыркүйек: 97,4 млрд. теңге). 1 қазанға арналған аудан\қала бюджеттерінен облыстық бюджет кірісіне бюджеттік алып қоюлар 50,6 млрд. теңге сомасында түсті. Республикалық бюджеттен қарыздар түсімі 13,0 млрд. теңге сомасында бекітілді. 1 қазанға — 7,4 млрд. теңге түсті.

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі конкурстық комиссияның құрамына енгізу үшін бағалаушыларды іріктеу туралы жариялайды.

07.10.2026

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі конкурстық комиссияның құрамына енгізу үшін бағалаушыларды іріктеу туралы жариялайды. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы жергілікті атқарушы органдарының «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының бос орындарына конкурстық комиссияның құрамына енгізу үшін келесі бағыттар бойынша бағалаушыларды іріктеу өткізіледі: - қаржы, бюджетті атқару; Бағалаушы ретінде конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер eqyzmet.gov.kz. интернет-порталында тіркелуі тиіс. Бағалаушы — бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда, оның ішінде ғылыми салада кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесі бар конкурстық комиссияның мүшесі, сондай-ақ персоналды басқару жөніндегі мамандар мен басқа да мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері. Іріктеуге қатысуға өтінім беру мерзімі: 2026 жылғы 8 қазанынан 2026 жылғы 9 қазанына дейін.

Ерікті зейнетақы жарналары — зейнетақы капиталын толықтырудың тиімді жолы

07.10.2026

Ерікті зейнетақы жарнасының ерекшелігі — зейнетақы жинағыңызды өз қалауыңызға қарай толықтыра аласыз. Жарна мөлшері мен оны аудару жиілігін әр адам өзі белгілейді. Ал жинақ бойынша төлемдерді белгіленген зейнеткерлік жасқа жетпей-ақ алуға мүмкіндік бар. Ерікті жарнаны азаматтың өзі де, жұмыс беруші де төлей алады. Жұмыс беруші аударған мұндай жарна қызметкердің табысы болып саналмайды және жеке табыс салығы салынбайды. Жинақтарыңыз туралы ақпаратты enpf.kz сайтындағы жеке кабинеттен және БЖЗҚ/ЕНПФ мобильді қосымшасынан тексере аласыз.



Қоңырөлең ауылдық округінің әкімі Серік Қойчибековтің халықпен өткізетін кездесулерінің К Е С Т Е С І

07.10.2026

Қоңырөлең ауылдық округінің әкімі Серік Қойчибековтің халықпен өткізетін кездесулерінің К Е С Т Е С І р/с Ауылы Өтетін орны Кездесудің өту мерзімі Күні Уақыты 1 Ынталы Ынталы ауылы, С.Аманбайұлы атындағы орта мектебі Instagram: konyrolen.auyly.akimshiligi Азаматтардықабылдау 06.10.2026ж сағ.10.00 сағ.11.00 2 Бөрібай би Бөрібай би ауылы, Ә.Бөкейхан атындағы орта мектебі Instagram: konyrolen.auyly.akimshiligi Азаматтарды қабылдау 06.10.2026ж Сағ.15.00 Сағ.16.00 3 Қоңырөлең Қоңырөлең ауылы, Қоңырөлең ауылдық мәдениет Үйі Instagram: konyrolen.auyly.akimshiligi Азаматтарды қабылдау 07.10.2026ж сағ.10.00 сағ.11.00 4 Сарытөбе Сарытөбе ауылы, Сарытөбе ауылдық клубы,

Instagram: konyrolen.auyly.akimshiligi Азаматтарды қабылдау 07.10.2026ж сағ.15.00 сағ.16.00 5 Керімағаш Керімағаш ауылы, Керімағаш-Арасан орта мектебі Instagram: konyrolen.auyly.akimshiligi Азаматтарды қабылдау 08.10.2026ж сағ.10.00 сағ.11.00

ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЦИФРЛАНДЫРУДАН — ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЭКСПОРТЫНА ДЕЙІН

07.10.2026

Соңғы жылдары цифрлық трансформация Қазақстанның дамуындағы маңызды бағыттардың біріне айналды. 2024 жылы Қазақстан БҰҰ-ның Электрондық үкіметті дамыту индексінде 193 мемлекеттің арасында 24-орынға көтерілді. Ал 2019 жылғы рейтингте еліміз 39-орында болған. Отандық IT-қызметтердің экспорты да кеңейіп келеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша оның көлемі 1,142 млрд АҚШ долларына жетіп, 2020 жылғы 33,5 млн АҚШ долларымен салыстырғанда айтарлықтай өсті. IT-қызметтер экспорты алғаш рет 1 млрд АҚШ долларынан асып, Astana Hub резидент-компанияларының экспорты 633 млн АҚШ долларын құрады. Сонымен қатар цифрлық инфрақұрылым да дамып келеді. Бүгінде мемлекеттік қызметтердің 90,4%-ы электрондық форматта көрсетіледі, ал 95,9%-ы смартфон арқылы қолжетімді. Елде интернет инфрақұрылымын кеңейту және 5G қоса алғанда, заманауи байланыс технологияларын енгізу жұмыстары да жалғасуда. Қолма-қол ақшасыз төлемдер саласында да елеулі өзгерістер орын алуда. 2019 жылы төлем карталарын пайдалану арқылы жасалған қолма-қол ақшасыз операциялардың көлемі 13,3 трлн теңгені құраса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 186,3 трлн теңгеге жетті. Яғни шамамен 14 есеге өсті. Осылайша, цифрландыру біртіндеп электрондық мемлекеттік қызметтер аясынан шығып, мемлекеттік басқару, телекоммуникациялар, қаржы секторы, IT-индустрия және технологиялар экспорты сияқты салаларды қамтып отыр. Бұл Қазақстан экономикасының жаңа цифрлық инфрақұрылымын қалыптастыруға мүмкіндік беруде.

Қала әкімі ұстаздарға құрмет көрсетті

07.10.2026

Тараздағы «Бақытты болашақ» оқушылар сарайында Мұғалімдер күніне орай «Ұстаз — ұлттың шамшырағы» атты мерекелік іс-шара өтті. Салтанатты жиынға Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков арнайы қатысып, жылы лебізін білдірді. Бүгінде қалада сапалы, қолжетімді, қауіпсіз және қолайлы білім берумен қамтамасыз ету мақсатында соңғы үш жылда 7 жаңа мектеп, 2 жапсарлас ғимарат пайдалануға берілді. Нәтижесінде оқушы орны 7 580-ге артты. Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолға алынған«Келешек мектептері» ұлттық жобасы бойынша заман талабына сай 4 оқу ошағы ашылып, онда 6 000 аса бала білім алуда. Сонымен қатар, биыл №27 орта мектептің 600 орынды жаңа ғимараты балалар игілігіне берілді. Білім мекемелерін жаңғырту бойынша да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Атап айтқанда соңғы үш жылда 7 мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді. «Орта білім беру нысандарына кешенді жөндеу жұмыстарын жүргізудің 2025-2029 жылдарға арналған жоспары» аясында №54 орта мектеп ғимараты жаңғыртудан өтті. Өткен оқу жылы мектеп оқушылары пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауларында, интеллектуалдық конкурстар мен шығармашылық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетті. Жүлдегерлер саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 16 пайызға өсті. Сондай-ақ екі мектеп Республиканың «100 Үздік олимпиадалық мектеп» қатарына еніп, білім сапасында оң динамика қалыптасты. Шара барысында жас ұрпақты тәрбиелеуде ерекше еңбек сіңіріп, жоғары нәтижелерге қол жеткізген 32 үздік педагогке түрлі дәрежедегі марапаттар табысталды. Мерекелік жиын соңы концерттік бағдарламамен түйінделді.



АУДАН ӘКІМІ ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАДЫ

07.10.2026

Мәртөк ауданының әкімі Нұржан Мақсатов аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдау барысында тұрғындар тұрғын үй алу кезегі, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін алу және басқа да мәселелер бойынша өз өтініштері мен ұсыныстарын жеткізді. Қабылдауға барлығы 11 тұрғын қатысты. Әрбір өтініш мұқият қаралып, жауапты бөлімдерге тиісті тапсырмалар берілді. Көтерілген мәселелерді қолданыстағы заңнама аясында шешу жолдары қарастырылды. Аудан басшысының жұмыс кестесіне сәйкес, алдын-ала жазылу бойынша, әр апта сайын тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды. Алдын-ала жазылуды Мәртөк ауданы әкімі аппаратының кеңсе бөлімі (Мәртөк а., С.Сейфуллин көшесі, 36 тел. 8(71331)-21-9-14) жүргізеді.

АЭС құрылысы

07.10.2026

АЭС құрылысының барлық кезеңі мемлекеттік бақылауда болады. Алаңды таңдаудан бастап станцияны пайдалануға беруге дейін қауіпсіздік талаптарының сақталуы тұрақты түрде қадағаланады. Бұл ықтимал ауытқуларды уақытында анықтап, қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

«Таза Қазақстан»

07.10.2026

"Таза Қазақстан" республикалық экологиялық бағдарламасы шеңберіндеДенисов ауылдық округінде абаттандыру және тазалықты сақтау жұмыстары жалғасуда.Амангелді көшесінде, сондай-ақ орталық саябақтың аумағында құлаған күзгі жапырақтардан тазарту жұмыстары жүргізілді. Жұмыстар тәртіпті сақтауға жәнеауыл тұрғындары үшін жайлы, жақсы күтімді орта құру.Тазалық әрқайсымыздан басталады!



Үкімет тарапынан Аралды қалпына келтіру және Каспийді сақтау жөніндегі жұмыс күшейтілді

07.10.2026

Үкімет Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмаларын орындау аясында Солтүстік Аралды қалпына келтіру және Каспий теңізінің су ресурстарын сақтау жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруда. Атап айтқанда, Президент Аралды қалпына келтіру жұмыстарын жалғастыруды, сондай-ақ серіктес елдермен бірлесіп, Каспий теңізін сақтау жөніндегі мемлекетаралық бағдарлама әзірлеуді қолға алуды тапсырды, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Негізгі шаралар су айдындарындағы су деңгейін арттыруға бағытталған шешімдерді әзірлеу және енгізуді, биоалуантүрлілікті сақтау мен қалпына келтіруді қамтиды. Сонымен қатар Каспий теңізінің флорасы мен фаунасына ғылыми зерттеулер жүргізіліп, Арал теңізінің құрғаған табанында шөлейттенуге қарсы іс-шаралар жүзеге асырылуда. Солтүстік Аралдағы су көлемі 23,4 млрд текше метрге жетті Солтүстік Аралдағы су көлемі артып келеді. Бүгінде мұнда 23,4 млрд текше метр су жиналды. Салыстырмалы түрде айтқанда, 2022 жылы бұл көрсеткіш 19 млрд текше метрді, 2023 жылы — 21 млрд текше метрді, 2024 жылы — 22 млрд текше метрді, ал өткен жылдың қорытындысы бойынша 23 млрд текше метрді құраған. Жыл басынан бері теңізге шамамен 1,5 млрд текше метр су жіберілді. Бұл динамика Қазақстанның 20 жылдан астам уақыт бойы жүргізіп келе жатқан жүйелі жұмысының нәтижесі. Осы кезеңде Солтүстік Аралдың аумағы 36%-ға ұлғайып, су көлемі екі есеге жуық артты, ал минералдану деңгейі екі есе төмендеді. Бұл су айдынындағы тірі организмдер мен экожүйенің қалпына келуіне ықпал етті. Қол жеткізілген көрсеткіштерді сақтау мақсатында Су ресурстары және ирригация министрлігі жыл сайын Сырдария өзенінің арнасы арқылы кемінде 2 млрд текше метр су жіберуді қамтамасыз етеді. Үкімет Дүниежүзілік банкпен бірлесіп, Солтүстік Аралды қалпына келтірудің келесі кезеңін әзірледі. Жоба Көкарал бөгетін реконструкциялауды және Балтық жүйесі бойынша су деңгейін 44 метрге дейін көтеруді көздейді. Алдағы 5—6 жыл ішінде су айдынының аумағын 3,9 мың км -ге дейін, ал су көлемін 34 млрд м -ге дейін ұлғайту жоспарлануда. Бір мезгілде Түркістан және Қызылорда облыстарының Арал — Сырдария бассейнінде ирригациялық жүйелерді жаңғырту және автоматтандыру бойынша 160-тан астам жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Бұл су ресурстарын тиімдірек пайдалануға және үнемделген су көлемін Солтүстік Аралға жіберуге мүмкіндік береді. Аралдың құрғаған түбіндегі орман мелиорациялық жұмыстардың ауданы 1,1 млн гектарға жетті Солтүстік Аралдағы су деңгейін көтеру жөніндегі шаралармен қатар, Үкімет теңіздің құрғаған түбінде орман мелиорациясы жұмыстарын жалғастырып жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес мұнда құрылатын сексеуіл алқаптарының аумағы 1—1,5 млн гектарға жеткізілуі тиіс. Бүгінде Арал теңізінің түбіне 3,4 мың тонна сексеуіл тұқымы мен галофитті өсімдіктер егілді, 56,2 млн сексеуіл көшеті отырғызылды. Орман мелиорациялық жұмыстардың жалпы көлемі 1,1 млн гектарға жетті. Өңірде жүргізіліп жатқан жұмыстарды ғылыми тұрғыдан сүйемелдеу мақсатында Қазақ орман шаруашылығы және агроорман мелиорациясы ғылыми-зерттеу институтының филиалы құрылды. Сонымен қатар көшет материалын өсіру үшін жеке база қалыптастырылуда: жылына 3 млн көшет өндіруге қауқарлы, аумағы 33 гектар орман тәлімбағының құрылысы аяқталды. Сонымен қатар Арал теңізінің құрғаған түбінде орман тәлімбағын құру жүргізілуде. Жергілікті құрғақ жағдайда көшеттерді өсіру олардың бейімделуін, тіршілігін және құрылатын орман желектерінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Каспийді сақтау бойынша ғылыми және мемлекетаралық ынтымақтастықты күшейтуде Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде орналасқан Каспий теңізі әлемдегі ең ірі жабық су айдыны болып саналады. Оның ауданы шамамен 390 мың км2, су көлемі — шамамен 76 мың км3, жағалау сызығының ұзындығы — 6,5 мың шақырым. Каспий теңізіне жыл сайын 130 өзен құяды, орта есеппен 290 км3 су әкеледі. Оның басым бөлігі Еділ өзеніне тиесілі — шамамен 80%, Жайықтың үлесі — 3,5%. Басқа ірі өзендердің қатарында Кура, Сулак және Самур бар. Жайық-Каспий бассейні бойынша 2025 жылы Жайық өзенінен Каспий теңізіне 6 км3, ал Қиғаш өзенінен 4,9 км3 су келді. 2026 жылы осы екі өзеннен келген судың жиынтық көлемі шамамен 7,3 км3 болды. Қазақстан Каспий теңізін сақтауға бағытталған бірлескен тәсілдерді дәйекті ілгерілетуде. 2025 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымының кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ-ның Су мәселелерін зерттеу орталығын құру жөнінде бастама көтерді. Осы жұмысты жалғастыру аясында Қазақстан Каспий теңізін сақтау жөніндегі мемлекетаралық бағдарламаны әзірлеуге және бейінді ғылыми-зерттеу институтын құруға дайындық жүргізуде. Сонымен қатар Каспий теңізінің су ресурстарын сақтау жөніндегі жағалаудағы мемлекеттердің қатысуымен мемлекетаралық бағдарламаны әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Халықаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі практикалық шаралар Ақтауда өткен Каспий теңізі жөніндегі жоғары деңгейдегі диалог аясында талқыланды. Оған мемлекеттік органдардың, дипломатиялық корпус пен БҰҰ жүйесінің, халықаралық ұйымдардың, ғылыми қоғамдастық пен сарапшылардың өкілдері қатысты. Басты назар — теңіз

деңгейінің төмендеуіне, биоалуантүрлілікті сақтауға, ластануға және теңіз қоқысына қарсы күреске, мониторинг пен деректер алмасу жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ халықаралық қаржыландыруды тартуға аударылды. Диалог аясында Жапония Үкіметінің қолдауымен жүзеге асырылатын «Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі жағдайында орнықтылықты арттыру» жобасы іске қосылды. Жоба Каспийдің тайызданауының салдарын бағалау және азайту үшін ғылыми деректер мен цифрлық құралдарды қолдануды көздейді. Сонымен қатар БҰҰ Даму бағдарламасымен және халықаралық серіктестермен бірлесіп теңіз және жағалау ресурстарын басқару, айналымды экономиканы дамыту, қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру және пластик қалдықтармен ластануды азайтуға бағытталған жобалар кешені әзірленуде. Каспийдің биоалуантүрлілігін, оның ішінде Каспий итбалығын және оның мекен ету ортасын сақтау да жұмыстардың маңызды бағыттарының бірі. Трансшекаралық су ресурстары мәселесі бойынша Қазақстан барлық көршілес мемлекеттермен құқықтық базаны қалыптастыруды аяқтады. Су ресурстарын бірлесіп пайдалану саласындағы тұрақты өзара іс-қимыл мен үйлестіруді қамтамасыз ететін екіжақты комиссиялар құрылып, жұмыс істеп келеді. Былтыр он жылға созылған келіссөздердің қорытындысы бойынша Өзбекстанмен трансшекаралық су нысандарын бірлесіп басқару және ұтымды пайдалану туралы келісімге қол қойылды. Қалыптасқан су дипломатиясы мен Сырдария өзеніндегі су қоймаларының жұмыс режимдері жөніндегі келісім арқасында соңғы жылдары Солтүстік Арал теңізіне, оның ішінде суы аз кезеңдерде де судың тұрақты келуі қамтамасыз етілді.

Бас Прокурордың бірінші орынбасары Жандос Өмірәлиев Қытай Халық Республикасынан келген инвесторға Қазақстандағы инвесторлардың құқықтарын қорғау тетіктерін таныстырды

07.10.2026

Бас Прокурордың бірінші орынбасары Жандос Өмірәлиев «AnchorX» компаниясының негізін қалаушы әрі бас директоры Тяньши Ванға (Tianshi Wang) Қазақстандағы инвесторлардың құқықтарын қорғау жүйесін таныстырды. Кездесуде инвесторлардың құқықтарын қорғау және бизнес жүргізу үшін болжамды жағдайлар қалыптастыру Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екені атап өтілді. Сондай-ақ кездесуге Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Бауыржан Ералы және өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Иран Шархан қатысты. Жандос Өмірәлиев инвесторлардың құқықтарын қорғаудағы прокуратура органдарының рөлі, бизнеспен өзара іс-қимылдың қолданыстағы тетіктері, сондай-ақ инвестициялық қызмет үшін заңдылық пен болжамдылықты қамтамасыз ету шаралары туралы айтып берді. Инвестициялық омбудсменнің жұмыс органы ретінде Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитетінің жұмысына, сондай-ақ инвестициялық жобаларды сүйемелдеудің және инвесторлардың өтініштеріне жедел ден қоюдың жаңа құралдарына ерекше назар аударылды. Бұдан бөлек тараптар инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері мен Қазақстан мен ҚХР арасындағы инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі дамыту перспективаларын талқылады. Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті инвесторларға қолдау көрсетуді жалғастырып, олардың өтініштерін жедел қарауды және заңнама шеңберінде құқығын қорғауды қамтамасыз етеді.

Ақөзек ауылының тұрғындарымен кездесу

07.10.2026

Манеев Жандос Оралбекұлы Ақөзек ауылының тұрғындарымен кездесті Шеңгелді ауылдық округінің әкімі Манеев Жандос Оралбекұлы Ақөзек ауылында тұрғындармен кездесу өткізіп, атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы баяндады. Жиын барысында ауыл тұрғындарының мәселесі жан-жақты талқыланды. Округ әкімі Жандос Оралбекұлы Манеев барлық көтерілген мәселелер назарға алынатынын, тиісті сала мамандарымен бірлесіп нақты шаралар қабылданатынын жеткізді. Кездесу барысында айтылған ұсыныс-пікірлер алдағы жоспарға енгізіліп, жүйелі түрде жұмыс жүргізілетін болады.



Қызылшаның алдын алу

07.10.2026

Қызылша — бұл балалардың жұқпалы ауруы, вируспен тудырған. Қызылша жөтелмен, мұрынның ағуымен, тамақ ауруымен, безгегімен және терідегі қызыл дақты бөртпелермен көрінеді. Бөртпе алдымен бетте пайда болады, әсіресе оның көп бөлігі құлақтың артында және шаш сызығының бойында. Келесі бірнеше күн ішінде бөртпе қолға, денеге, содан кейін жамбас, жіліншік және аяққа таралады. Қызылшамен ауыратын науқас шамамен сегіз күн жұқпалы: вирус төрт күнде қоршаған ортаға бөртпе пайда болғанға дейін шығабастайды және бөртпенің алғашқы элементтері пайда болғаннан кейін төрт күннен кейін аяқталады. Қызылшаның себебі жұқтырған баланың немесе ересек адамның мұрны мен тамағында көбейетін вирус. Қызылшамен ауыратын адам жөтелгенде немесе түшкіргенде, жұқтырған тамшылар қоршаған ауаға шашырайды, содан кейін басқа адамдар оларды жұтуы мүмкін. Инфекцияланған тамшылар да беттерге қонып бірнеше сағат бойы белсенді бола алады. Егер сау адам алдымен осы беттерге қолын тигізсе, содан кейін мұрнын немесе көзін ысқыласа, ол да жұқтыруы мүмкін. Жүктілік кезінде проблемалар туындауы мүмкін: егер Сіз жүкті болсаңыз, қызылша ауруын болдырмау үшін Сізге өте абай болуы керек, себебі бұл ауру жүктілікті тоқтатуына әкелуі мүмкін (ұрықтың өліміне), мерзімінен бұрын босану, ұрықтың дамуындағы өрескел ауытқулар немесе туу салмағының төмендігі. Қызылшаның жиілігі қызылша тромбоциттердің қанның ұюына қажетті қан жасушаларының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Қызылша ауыр ағымға ие болуы мүмкін, әсіресе жас балаларда, тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Алдын алудың маңызды әдістерінің бірі — Ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне енгізілген вакцинация. Қызылшаға қарсы вакцинация 1 жаста жасалады (бір доза енгізіледі) және 6 жаста (екінші доза енгізіледі). Егер Сіздің балаңызда қызылшаға қарсы вакцинация болмаса, оның ауырып қалу қаупі науқас адаммен байланыста әлдеқайда жоғары, вакцинацияланған балаларға қарағанда. Ата-аналар! Балаларға қамқорлық жасаңыз, қызылшаға қарсы екпе салдырыңыз, балаңыздың денсаулығы Сіздің қолыңызда екенін ұмытпаңыз!

Аудан әкімінің Мұғалімдер күнімен құттықтауы

07.10.2026

Құрметті ұстаздар және педагогикалық еңбек ардагерлері! Сіздерді шын жүректен Мұғалімдер күнімен құттықтаймын! Ұстаздық — жай ғана мамандық емес, бұл — үлкен жауапкершілікті талап ететін, абыройлы еңбек пен жүрек қалауынан туындайтын ерекше мамандық. Сіздер жас ұрпаққа білім беріп қана қоймай, олардың мінез-құлқын қалыптастырып, бойларына адамгершілік құндылықтарды сіңіріп, өмірден өз жолын табуына бағыт-бағдар бересіздер. Ұстаздар — болашақтың нағыз негізін қалаушылар. Өйткені еліміздің ертеңі көп жағдайда сіздердің қолдарыңызда қалыптасады. Сіздердің еңбектеріңіз шынайы құрмет пен алғысқа лайық. Сабырларыңыз бен даналықтарыңыз, мейірімділіктеріңіз үшін, күн сайын шәкірттеріңізге жүректеріңіздің бір бөлшегін арнап, олардың болашағына үлес қосып келе жатқандарыңыз үшін алғыс білдіремін. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен береке, абырой, шығармашылық шабыт және шәкірттеріңіздің алғысын тілеймін! Еңбектеріңіз әрдайым лайықты бағаланып, әр күндеріңіз шәкірттеріңіздің жетістігіне деген қуаныш пен мақтанышқа толы болсын. Мерекелеріңіз құтты болсын! Мұғалімдер күні құтты болсын! Құрметпен Сандықтау ауданының әкімі Серік Құдабай.

Мүгедек тобын өмірлік мерзімге жіберу тәртібі

07.10.2026

Мүгедектік тобы және (немесе) КЕА дәрежесі қайта куәландыру мерзімінсіз, ал ЖЕА дәрежесі міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында көзделген жасқа толғанға дейін белгіленетін жағдайларОсы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес, жасы он сегізден асқан адамдарға мүгедектік тобы және (немесе) КЕА дәрежесі қайта куәландыру мерзімінсіз және (немесе) ЖЕА дәрежесі міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында көзделген жасқа толғанға дейін мынадай жағдайларда белгіленеді:1) Қалпына келмейтін анатомиялық кемістіктер тізбесіне (бұдан әрі — Қалпына келмейтін анатомиялық кемістіктер тізбесі) сәйкес;2) организм функцияларының тұрақты, қалпына келмейтін өзгерістері мен бұзылулары болған, толық көлемде жүргізілген оңалту іс-шаралары тиімсіз, оперативті емдеу және/немесе органдардың трансплантациясын қоса алғанда, мүгедектік тобы тұрақты болған кезде және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды кемінде төрт жыл, екінші топтағы мүгедектігі бар адамды кемінде бес жыл, үшінші топтағы мүгедектігі бар адамды кемінде алты жыл динамикалық қадағалаған кезде;3) осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында көзделген зейнет жасындағы адамдарға оңалту болжамы қолайсыз болған кезде.



Мүгедектігі бар адамдарға берілген жеке оңалту бағдарламасының орындалуы 2026 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша

07.10.2026

Мүгедектігі бар адамдарға берілген жеке оңалту бағдарламасының орындалуы2026 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша мүгедектігі бар адамдарға берілген жеке оңалту бағдарламасының орындалу көрсеткіші 85,6 пайызды құрады.Жеке оңалту бағдарламасы шеңберінде көрсетілген қызметтер мен берілген техникалық оңалту құралдарының орындалу көрсеткіштері: • Тифлотехникалық құралдар — 92,4% • Міндетті гигиеналық құралдар — 96,4% • Санаторий-курорттық емдеу — 74,0% • Ымдау тілі маманының қызметтері — 98,1% • Сурдологиялық көмек — 87,6% • Протездік-ортопедиялық құралдар — 67,2% • Жеке көмекшінің қызметтері — 94,9% • Кресло-арбалар — 94,4%

Бірыңғай электрондық кезек талондарын еліміз бойынша брондау

07.10.2026

Цифрландыру жылы аясында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы мемлекеттік қызметтерді алу сапасы мен қолайлылығын арттыруға бағытталған цифрлық шешімдерді енгізуді жалғастыруда. Бірыңғай электрондық кезек талондарын брондау бойынша пилоттық жоба 2025 жылдың қыркүйегінде іске қосылып, республика бойынша ХҚКО бөлімдерінде кезең-кезеңімен енгізілді. Қазіргі уақытта пилоттық жобаның кезекті кезеңі басталып, ол қосымша 5 ХҚКО бөлімін қамтиды. Олардың қатарында - Абай облысы Мақаншы

ауданының, Ақмола облысы Шортанды және Жақсы аудандарының, Атырау облысы Исатай ауданының, сондай-ақ Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының бөлімдері бар. Жаңа бөлімдерді есепке алғанда, ҚР бойынша пилоттық жоба қатысушыларының жалпы саны 39 фронт-офисті құрайды. Жаңа жоба шеңберінде азаматтар ХҚКО бөлімдерінде мемлекеттік қызметтерді алу үшін кезекті «ЦОН» мобильді қосымшасы арқылы алдын ала брондауы қажет. Брондау барысында өтініш беруші өзіне қолайлы күн мен уақытты таңдай алады. Қызмет көрсету орталығына келіп, талон алу барысында жүйе өтініш берушінің жеңілдік санатына жататынын автоматты түрде анықтап, оған қызмет көрсетуде басымдық береді. Бұл ретте дайын құжаттарды беру, өзін-өзі қызмет көрсету секторының жұмысы, сондай-ақ құжаттандыру желісі бойынша қызметтер бұрынғы тәртіппен, талонды алдын ала брондаусыз жүзеге асырылады. Бұл ретте, жаңа бөлімдерді қосу арқылы пилоттық жобаны кеңейтудің соңғы кезеңі жүзеге асырылады. Пилоттық жоба жаңа сервистің азаматтар үшін қолайлылығын және оның практикалық тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік корпорация AI & Digital Bridge 2026 форумында 1414 Бірыңғай байланыс орталығының AI-шешімдерін таныстырды

07.10.2026

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы AI & Digital Bridge 2026 халықаралық форумында 1414 Бірыңғай байланыс орталығының жасанды интеллект негізінде әзірленген жаңа шешімдерін көпшілік назарына ұсынды. Солардың бірі - «AI Senim» атты дауыстық AI-ассистенті. Ол азаматтарға 100-ден астам мемлекеттік қызмет бойынша кеңес беріп, қажетті ақпаратты жедел ұсынады. Бүгінде «AI Senim» ай сайын орта есеппен 25–30 мың өтінішті өңдейді. Оның 40%-ына AI-ассистенттің өзі жауап берсе, қалған 60%-ы егжей-тегжейлі кеңес алу үшін операторларға жолданады. «Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі заман талабына сай үздіксіз жетілдіріліп, халық үшін барынша қолайлы болып келеді. Бұдан әрі де осы бағыттағы жұмысты жалғастырып, азаматтарға қызмет көрсету сапасын арттыру үшін инновациялық шешімдерді енгізуді көздеп отырмыз. Атқарылып жатқан шаралар мемлекеттік қызметтерді алу кезінде барынша қолжетімділік пен жайлылықты қамтамасыз етуге зор үлес қосатынына сенімдімін», - дейді «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Басқарма төрағасы Арман Кенжеғалиев. Қазіргі таңда 1414 желісіне келіп түсетін әрбір 20-шы қоңырау AI-ассистенттің қатысуымен өңделеді. Алдағы кезеңде оның ауқымын кеңейтіп, барлық қоңырауды алдымен «AI Senim» қабылдайтындай жүйеге көшіру көзделіп отыр. AI-ассистент азаматтың сөзін танып, сұрағының мәнін анықтайды және тиісті ақпаратты ұсынады. Қазір оның функционалын кеңейту, соның ішінде динамикалық қызметтерді іске қосу бойынша жұмыс жүргізілуде. Болашақта азаматтар тек кеңес алып қана қоймай, дауыстық ассистентпен сөйлесу барысында кейбір мемлекеттік қызметтерді бірден рәсімдей алады. Форум барысында AI-ассистенттің жұмысын бақылауға арналған арнайы платформа да таныстырылды. Оның көмегімен нақты уақыт режимінде келіп түскен сұраныстардың саны, сөйлесу ұзақтығы және өзге де көрсеткіштер қадағаланады. Сонымен қатар мамандар қоңырау жазбасын тыңдап, диалогтың толық мәтінін және AI-ассистент өңдеген сауалдың нәтижесін көре алады. Жаңа платформа арқылы азаматтардың сөйлесу барысындағы көңіл күйі мен тоналдылығын талдауға да мүмкіндік бар.



Ақмолалық оқушылар Президенттік олимпиадада білімдерін сынады

07.10.2026

«Ақмола дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы Степногорск қаласындағы № 4 "Болашақ" облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының базасында XIX Президенттік олимпиаданың бірінші (өңірлік) кезеңін өткізді. Олимпиадаға бұрын республикалық және халықаралық пәндік олимпиадаларға қатыспаған жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндері бойынша жалпы білім беретін ұйымдардың 11-сынып оқушылары қатысты. Олимпиаданың қорытындысы бойынша екінші (іріктеу) кезеңге жолдама алған оқушылар: 1.Қанатбек Талғат — IQanat High School of Burabay мектебінің 11-сынып оқушысы; 2.Жанат Батырхан — Степногорск қаласы, №4 «Болашақ» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының 11-сынып оқушысы; 3.Бауыржан Санжар — IQanat High School of Burabay мектебінің 11-сынып оқушысы; 4.Құсаин Исмади — Степногорск қаласы, №4 «Болашақ» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының 11-сынып оқушысы; 5.Үкібай Тоғжан — Астана қаласының №2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының 11-сынып оқушысы; 6.Сейлхан Диас— «Білім-инновация» лицей-интернатының 11-сынып оқушысы; 7.Дорошенко Карина — Көкшетау қаласының Техникалық мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы; 8.Кузнецов Даниил — Шортанды ауданы, Степной ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 11-сынып оқушысы; 9.Векшин Денис— Степногорск қаласының Шоқан Уәлиханов атындағы №8 жалпы орта білім беретін мектебінің 11-сынып оқушысы; 10.Оразбаев Альтамир— Степногорск қаласы, №4 «Болашақ» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының 11-сынып оқушысы; 11.Гридасова Арина—Степногорск қаласының Абай Құнанбаев атындағы №6 мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы; 12.Климошенко Софья— Көкшетау қаласының №5 «Таңдау» көпсалалы мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы; 13.Расул Дінмұхаммед— Қосшы қаласының мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы; 14.Сәлім Елдана — Зеренді ауданы, Игілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 11-сынып оқушысы; 15.Нұрмұхан Мансұр — Көкшетау қаласының №16 жалпы орта білім беретін мектебінің 11-сынып оқушысы; 16.Абилгазина Дамирра— Есіл қаласының №3 жалпы орта білім беретін мектебінің 11-сынып оқушысы; 17.Мұхамедкәрім Ерсұлтан — Атбасар қаласының №3 мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы; 18.Крискович Кристина— Сандықтау ауданы, Мәдениет ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 11-сынып оқушысы; 19.Жанабай Дамир— Аққөл қаласының Жайық Бектұров атындағы № 3 жалпы орта білім беретін мектебінің 11-сынып оқушысы; 20.Жангирханова Акмаржан — Сандықтау ауданы, Максимовка ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 11-сынып оқушысы. Шын жүректен құттықтаймыз! Екінші (іріктеу) кезеңде сәттілік тілейміз!

Қазақстанда мектеп асханалары мен қосымша білім беру саласы кеңейіп жатыр

07.10.2026

Бүгінгі таңда Қазақстанда 1,4 миллионнан астам бала тегін мектеп тамағымен қамтылған. Оның ішінде барлық бастауыш сынып оқушылары мен әлеуметтік осал санаттағы 230 мың бала бар. Бұл бағдарламаға жыл сайын 210 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінеді. Сонымен қатар қосымша білім беру жүйесі де белсенді дамып келеді: 2025 жылы бұл саламен шамамен 3,5 миллион бала немесе оқушылардың 90 пайызы қамтылды. 2026 жылы бұл көрсеткішті 95 пайызға, ал 2027 жылдан бастап 100 пайызға жеткізу жоспарланып отыр. Инфрақұрылымды дамыту жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. 2019 жылдан бері елімізде 1300-ден астам мектеп салынды. Ал «Келешек мектептері» жобасы аясында 460 мың оқушы орнына арналған жаңа форматтағы 217 мектеп есігін ашты. Қазіргі таңда тағы 101 мектептің құрылысы жалғасуда.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

06.10.2026

Ордабасы ауданында Ұстаздар күніне орай білім саласының қызметкерлері мен ардагер ұстаздарға арналған «Ұстазға құрмет — ұрпаққа өнеге» атты салтанатты іс-шара өтті. Аудандық Мәдениет үйінде өткен мерекелік кешке аудан әкімі Азат Оралбаев, аудандық мәслихат төрағасы Бақдаулет Жұмабеков, аудан прокуроры Жасұлан, кәсіподақ төрағасы Бақыт Сейітжаппарұлы, білім саласының ардагерлері, мектеп директорлары мен ұстаздар, сондай-ақ білім беру саласының үздік қызметкерлері қатысты. Мерекелік шараның шымылдығы ұстаздарға арналған арнайы бейнероликпен ашылды. Онда өңірдің білікті басшылары мен елге танымал тұлғалардың ұстаздар қауымына жолдаған ақжарма тілектері көрсетілді. Кеш барысында «Ұстаздар бейнесі» көрмесі ұйымдастырылып, өнер мектебінің домбырашылары күй орындады. Ұстаздардан құралған хор ұжымы да мерекелік ән шырқап, көрерменге ерекше көңіл күй сыйлады.Салтанатты жиында аудан әкімі Азат Оралбаев білім саласының барша қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, ұстаз еңбегінің қоғамдағы айрықша орнына тоқталды.— Ұстаз — ұлттың болашағын тәрбиелейтін ұлы мамандық иесі. Сіздер шәкіртке білім беріп қана қоймай, оның бойына адамгершілік, отансүйгіштік, жауапкершілік пен еңбекқорлық секілді асыл қасиеттерді сіңіресіздер. Әр баланың жүрегіне жол тауып, оның болашағына бағыт-бағдар беру — үлкен жауапкершілік әрі зор еңбек. Сондықтан ұстазға көрсетілген құрмет — білімге, ұрпаққа, елдің ертеңіне көрсетілген құрмет, — деді аудан әкімі.Аудан басшысы білім саласына көрсетіліп отырған мемлекеттік қолдаудың маңызына да тоқталды.Бүгінде Ордабасы ауданында білім беру нысандарының материалдық-техникалық базасын жаңарту, мектептердің жағдайын жақсарту және оқушылар үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Биыл облыстық бюджет есебінен үш жалпы орта мектеп пайдалануға беріліп, алты мектепте ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар білім ошақтарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға 450 млн теңге бөлінді.Білім беру ұйымдарында оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау, дабыл жүйелері орнатылып, тиісті қауіпсіздік жүйелері полицияның жедел басқару орталығымен интеграцияланды.

Мерекелік жиында аудандық мәслихат төрағасы Бақдаулет Жұмабеков ұстаздар қауымын кәсіби мерекелерімен құттықтап, білім мен тәрбие жолындағы еңбектеріне алғыс білдірді. Өз кезегінде кәсіподақ төрағасы Бақыт Сейітжаппарұлы да ұстаздарға ізгі тілегін жеткізіп, бірқатар педагогтерді марапаттады.Мерекелік шараның ең маңызды бөлігінің бірі — білім саласында еселі еңбек етіп жүрген ұстаздарды марапаттау рәсімі болды. Бірқатар педагогтерге Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгі, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі, сондай-ақ Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттар табысталды.Ұстаздық жолды өмірінің мәніне айналдырған ардагерлер де назардан тыс қалмады. Ауданның Құрметті азаматы, білім саласының ардагері Замира Маханава ұстаздар қауымына ақжарма тілегін айтып, жас мамандарға өзінің жүрекжарды батасын берді.— Ұстаздық — жүрекпен таңдалатын мамандық. Ұрпақ тәрбиесіне ғұмырыңызды арнаған әрбір ұстаздың еңбегі елдің ертеңіне қосылған үлес деп білемін. Баршаңызға шәкірттеріңіздің жетістігін көріп, еңбектеріңіздің жемісін көруге жазсын, — деді ардагер ұстаз. Туған жерден түлеген өнерпаздар ұстаздарға ізгі тілектерін арнап, әннен шашу шашты.Сондай-ақ «Шаншар» театрының өнерпаздары ұстаздар қауымына арнап әзіл мен әуенді астастырған өнер көрсетіп, көрерменнің көңілін көтерді. Шымкент қаласындағы Ж.Шанин атындағы академиялық қазақ драма театрының ұжымы арнайы қойылым ұсынып, мерекелік кештің мазмұнын байыта түсті.Мерекелік шара соңында ұстаздарға зор денсаулық, отбасыларына амандық, шығармашылық ізденіс пен кәсіби табыс

тілектері айтылып, кеш көтеріңкі көңіл күймен қорытындыланды.Ордабасы ауданы әкімінің баспасөз қызме



Президент қазақ-оман бизнес форумында сөз сөйледі

06.10.2026

Оман Сұлтаны Хайсам бен Тариқ Әл Саидтың елімізге мемлекеттік сапары аясында қазақ-оман бизнес форумы өтті. Жиынға екі елдің жетекші компаниялары мен іскерлік топ өкілдері қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев форумда сөйлеген сөзінде өзара сенім мен түсіністік сипатында өткен жоғары деңгейдегі келіссөздердің ашық, объективті әрі шын мәнінде мазмұнды болғанын айтты. Мемлекет басшысы Қазақстан мен Оман арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды ілгерілету үшін тиісті келісімшарт-құқық базасы мен институттық негіздерді күшейту қажет екенін алға тартты. Президент бұл ретте Инвестицияларды көтермелеу туралы келісімнің маңызына тоқталды. Аталған уағдаластық аясында жобаларды іске асыратын инвесторлар анағұрлым түсінікті, ашық әрі сенімді шарттармен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ екі елдің іскерлік топтары арасындағы тікелей байланыстарды дамытуға айрықша мән берілді. — Қазақстан-Оман іскерлік кеңесі бизнес өкілдері бір-бірімен белсенді араласатын алаң болатынына сенімдімін, — деді Президент. Мемлекет басшысының пайымдауынша, тиімді қаржылық тетіктер Қазақстан мен Оманның ортақ мақсаттарын қуаттай түседі. — Біз «Самұрық-Қазына» АҚ мен Оман инвестициялық басқармасы арасындағы бірлескен инвестициялық құрылымды іске қосу туралы келісімге қол қойылуын құптаймыз. Бұл маңызды бастама нақты жобаларды қаржыландыруға арналған капиталды біріктіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ біз Оманның жақында құрылған Халықаралық қаржы орталығымен ынтымақтастықты жолға қоюға болады деп санаймыз. Екі ел қаржы институттарының бір-бірімен тікелей байланыс орнатуы инвестициялық мүмкіндіктерге жол ашады, — деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканың негізгі салаларында бірлескен жобаларды жүзеге асыру тәжірибесіне егжей-тегжейлі тоқталды. — Энергетика, логистика және тау-кен өнеркәсібіндегі көпжылдық табысты серіктестігіміз оң нәтижесін бере бастады. Біз мұны мақтан тұтамыз. Өмірлік маңызы бар осы салаларда әлеуетімізді біріктіру екі елдің игілігіне қызмет ететін бірлескен жаңа кәсіпорындардың пайда болуына септігін тигізеді, — деді Мемлекет басшысы. Президент көлік-логистика саласында ынтымақтастық әлеуеті зор екенін айтты. — Біз Оманды көлік-логистика саласындағы маңызды серіктес ретінде қарастырамыз. Өйткені, бұл — стратегиялық тұрғыдан ұтымды орналасқан, порт инфрақұрылымы ілгері, Таяу Шығыс пен Африка нарықтарына шығатын жолы бар ел. Ал Қазақстан — табиғи ресурсы мол, өндіріс базасы дамыған, Азия мен Еуропа арасындағы көлік бағдарларында стратегиялық рөл атқаратын әрі көлік байланысын өркендету жөнінде нақты жоспарға ие мемлекет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы мен азық-түлік қауіпсіздігі салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуға үндеді. — Еліміздің жазиралы даласында ауыл шаруашылығымен айналысуға мол мүмкіндік бар. Сондықтан бүкіл Шығанақ аймағының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде сенімді серіктес бола аламыз, — деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында қазіргі уақытта саяси деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды нақты іске ұластыру және экономикалық байланыстарды қазақ-оман серіктестігінің тірегіне айналдыру басты міндет екенін айтты. — Қазақстан мен Оман кәсіпкерлерін серіктестік байланыс орнату, келешегі зор жобаларды пысықтау және инвестиция ауқымын кеңейту мақсатында Іскерлік кеңес мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануға шақырамын. Іскер топтар белсенді үлес қосса, экономикалық әріптестігіміз жаңа деңгейге көтерілетіні анық, — деді Мемлекет басшысы. Сондай-ақ форумда АХҚО басқарушысы Ренат Бектұров, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов және Oman Investment Authority президенті Абдулсалам бен Мұхаммед Әл-Муршиди сөз сөйледі.

Мирас Төлебаев Қарағанды облысының тұрғындарымен кездесті

06.10.2026

Туризм және спорт министрінің орынбасары Мирас Төлебаев Қарағанды облысының тұрғындарымен кездесті. Жиынға туризм және спорт саласының мамандары, спортшылар мен жаттықтырушылар, жергілікті атқарушы органдардың және туристік қауымдастық өкілдері қатысты. Кездесу барысында бұқаралық спортты дамыту, спорт инфрақұрылымын жетілдіру, балалар мен жасөспірімдерді спортқа кеңінен тарту, ұлттық спорт түрлерін қолдау және өңірдің туристік әлеуетін тиімді пайдалану мәселелері талқыланды. «Қарағанды облысы — табиғи және тарихи-мәдени әлеуеті жоғары, спортта өзіндік мектебі қалыптасқан өңір. Біздің міндетіміз — осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, тұрғындарға спортпен айналысуға және сапалы демалысқа қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ туризм саласына жаңа инвестиция тарту», — деді Мирас Төлебаев. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында облыстың орналастыру орындарында 181 мың ішкі туристке қызмет көрсетілді. Өңірге 9,6 мың шетелдік турист келген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 17%-ға жоғары. Ал сегіз айдың қорытындысы бойынша туризм саласына 15,5 млрд теңге инвестиция тартылып, көрсеткіш 10%-ға өсті. Биыл облыста жалпы құны 12,7 млрд теңге болатын 14 жаңа туристік жоба іске асырылды. Оның ішінде Балқаш қаласында 6 нысан, Қарқаралы ауданында 4 жоба пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін тағы 9 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Балқаш қаласы өңірдегі негізгі туристік орталықтардың бірі саналады. Тоғыз айдың қорытындысы бойынша қалаға шамамен 200 мың турист келген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 18%-ға көп. Қарқаралы ұлттық табиғи паркіне 43 мың адам барып, келушілер саны 23%-ға артқан. Сонымен қатар Бұғылы рекреациялық аймағында құны 4,4 млрд теңгені құрайтын инженерлік инфрақұрылым жобасы жүзеге асырылып жатыр. Өңірде оқиғалық туризмді дамытуға да ерекше көңіл бөлінуде. Балқашта өткен BalkhashTourFest фестиваліне рекордтық 75 мың қонақ жиналса, Қарқаралыда ұйымдастырылған BaiQymyz-2026 фестиваліне 20 мыңға жуық адам қатысты. Мұндай ірі мәдени-туристік іс-шаралар өңірдің туристік тартымдылығын арттырып, жергілікті кәсіпкерліктің дамуына да серпін беріп отыр. Спорт саласында облыста 1 384 спорт нысаны жұмыс істейді. Биыл 4 жаңа нысан пайдалануға беріліп, тағы 8 нысанның құрылысы жүргізілуде. Қарағанды қаласында құны 14 млрд теңге болатын футбол академиясының құрылысы жүріп жатыр. Жаңа нысан өңірдегі балалар мен жасөспірімдер футболын дамытуға, жас спортшылардың кәсіби шеберлігін арттыруға және спорт резервін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Кездесу барысында тұрғындар туризм саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары, жеңілдетілген кредит беру тетіктері және туристік инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша сұрақтар қойды. Спорт саласында кәсіби клубтарды қаржыландыруды оңтайландыру, балалар мен жасөспірімдер спортына қолдау көрсету, заманауи спорт нысандарын салу және спорт мектептерін жан басына шаққандағы қаржыландыру мәселелері көтерілді. Мирас Төлебаев тұрғындардың сауалдарына жауап беріп, көтерілген мәселелер бойынша түсініктеме берді. Сонымен қатар туризм мен спорт салаларын одан әрі дамыту, өңірлердегі инфрақұрылымды жақсарту және тұрғындар үшін қолжетімді жағдай қалыптастыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Оман Сұлтаны Хайсам бен Тариқ Әл Саид шағын құрамда келіссөз жүргізді

06.10.2026

Тәуелсіздік сарайында елімізге мемлекеттік сапармен келген Оман Сұлтаны Хайсам бен Тариқ Әл Саидты ресми қарсы алу рәсімі өтті. Салтанатты іс-шара барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Хайсам бен Тариқ Әл Саид бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң, Президент оркестрі Қазақстан мен Оманның әнұрандарын шырқады. Бұдан кейін мемлекеттер басшылары шағын құрамда келіссөз жүргізді. Президент мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, Оман Сұлтанының Қазақстанға жасаған бірінші сапарының маңызды оқиға екенін атап өтті. — Аса мәртебелі Сұлтан, елімізге алғаш рет мемлекеттік сапармен келген Сізді қарсы алу — мен үшін үлкен мәртебе. Мұның тарихи мәні ерекше екеніне сенімдімін. Өйткені бұл елдеріміз арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты жандандырып, жаңа деңгейге көтеруге жол ашады. Бұған дейін атап өткендей, өзара ықпалдастықтың әлеуеті мол. Мұны толығымен іске асыру қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы елдеріміз сенімді серіктеске айналуы үшін барынша күш салатынын айтты. — Қазақстандықтар еліңізге ерекше құрметпен қарайды. Оманға саяхаттап барған азаматтарымыздың қатары қалың. Алайда Маскатты, Оманның басқа да қалаларын көрмеген отандастарымыз бар. Елдеріміз арасында қосымша тікелей коммерциялық әуе рейстері ашылса, барыс-келіс әлдеқайда жандана түсері сөзсіз. Сіздің сапарыңыз аясында Доңға мұнай кен орнына қатысты маңызды келісімге қол қойылғанынан хабардармын. Бұл да қос тараптың өзара қарым-қатынасты ілгерілетуге мүдделі әрі дайын екенін көрсетеді. Мұны ортақ жетістігіміз деп санаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Оман Сұлтаны қонақжайлық танытқаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты. — Кейінгі отыз жылдан аса уақыт ішінде қарым-қатынасымыз айтарлықтай ілгерілеп, нығая түсті. Бүгінгі кездесуіміз қол жеткізілген нәтижелерді бекемдеп, екіжақты байланыстарды жаңа деңгейге көтереді. Сапар аясында өзара түсіністік жөніндегі бірқатар келісім мен меморандумға қол қоямыз. Сіздің қолдауыңызбен экономика, саяси және мәдени-гуманитарлық салаларда берік байланыс орнатамыз деп сенемін. Біз екі ел арасындағы барыс-келістің артуына мүдделіміз. Президент мырза, жылы қарсы алғаныңыз үшін тағы да алғыс айтамын. Өзіңізбен жақын арада Маскат қаласында жүздесеміз деп ойлаймын, — деді Хайсам бен Тариқ Әл Саид.



Мемлекеттік корпорация AI & Digital Bridge 2026 форумында 1414 Бірыңғай байланыс орталығының AI-шешімдерін таныстырды

06.10.2026

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы AI & Digital Bridge 2026 халықаралық форумында 1414 Бірыңғай байланыс орталығының жасанды интеллект негізінде әзірленген жаңа шешімдерін көпшілік назарына ұсынды. Солардың бірі - «AI Senim» атты дауыстық AI-ассистенті. Ол азаматтарға 100-ден астам мемлекеттік қызмет бойынша кеңес беріп, қажетті ақпаратты жедел ұсынады. Бүгінде «AI Senim» ай сайын орта есеппен 25—30 мың өтінішті өңдейді. Оның 40%-ына AI-ассистенттің өзі жауап берсе, қалған 60%-ы егжей-тегжейлі кеңес алу үшін операторларға жолданады. «Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі заман талабына сай үздіксіз жетілдіріліп, халық үшін барынша қолайлы болып келеді. Бұдан әрі де осы бағыттағы жұмысты жалғастырып, азаматтарға қызмет көрсету сапасын арттыру үшін инновациялық шешімдерді енгізуді көздеп отырмыз. Атқарылып жатқан шаралар мемлекеттік қызметтерді алу кезінде барынша қолжетімділік пен жайлылықты қамтамасыз

етуге зор үлес қосатынына сенімдімін», - дейді «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Басқарма төрағасы Арман Кенжеғалиев. Қазіргі таңда 1414 желісіне келіп түсетін әрбір 20-шы қоңырау AI-ассистенттің қатысуымен өңделеді. Алдағы кезеңде оның ауқымын кеңейтіп, барлық қоңырауды алдымен «AI Senim» қабылдайтындай жүйеге көшіру көзделіп отыр. AI-ассистент азаматтың сөзін танып, сұрағының мәнін анықтайды және тиісті ақпаратты ұсынады. Қазір оның функционалын кеңейту, соның ішінде динамикалық қызметтерді іске қосу бойынша жұмыс жүргізілуде. Болашақта азаматтар тек кеңес алып қана қоймай, дауыстық ассистентпен сөйлесу барысында кейбір мемлекеттік қызметтерді бірден рәсімдей алады. Форум барысында AI-ассистенттің жұмысын бақылауға арналған арнайы платформа да таныстырылды. Оның көмегімен нақты уақыт режимінде келіп түскен сұраныстардың саны, сөйлесу ұзақтығы және өзге де көрсеткіштер қадағаланады. Сонымен қатар мамандар қоңырау жазбасын тыңдап, диалогтың толық мәтінін және AI-ассистент өңдеген сауалдың нәтижесін көре алады. Жаңа платформа арқылы азаматтардың сөйлесу барысындағы көңіл күйі мен тоналдылығын талдауға да мүмкіндік бар.

Асхат Шахаров: «Әкімнің басты міндеті — халықтың мәселесін тыңдап қана қоймай, оның шешімін табу»

06.10.2026

Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров ауыл әкімдері мен мемлекеттік қызметке алғаш тағайындалған басшыларға мотивациялық дәріс оқыды. Дәстүрлі кездесуге Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалының біліктілікті арттыру курстарында оқып жатқан аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер мен ауылдық округтердің әкімдері, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік басшы лауазымдарына алғаш тағайындалған басшылар және жергілікті атқарушы органдарының басшылары қатысты. «Тиімді көшбасшылық және халыққа қызмет ету: қазіргі басшының жауапкершілігі» тақырыбындағы кездесуде өңір басшысы мемлекеттік қызметтегі басшының рөлі, халықпен жұмыс, команда қалыптастыру, бастамашылдық, күрделі жағдайда шешім қабылдау және нақты нәтижеге қол жеткізу мәселелеріне тоқталды. Асхат Шахаров мемлекеттік қызметтегі басшының жұмысы тапсырмаларды орындаумен ғана шектелмейтінін атап өтті. Оның негізгі өлшемі — тұрғындардың өміріндегі нақты өзгеріс. Сондықтан әкім халықпен тұрақты байланыста болып, азаматтардың мәселесін тыңдап қана қоймай, оның шешімін соңына дейін жеткізуі керек. «Адамдарды тыңдау, проблемаларын түсіну және олардың қажеттіліктеріне назар аудару маңызды. Халыққа нәтиже керек», — деді облыс әкімі. Бұл ретте ауыл әкімдерінің жауапкершілігіне ерекше мән берілді. Елді мекеннің дамуы, тұрғындардың өмір сапасы және жергілікті мәселелердің шешілуі әкімнің бастамашылдығына, ұйымдастырушылық қабілетіне және қабылдаған шешімдері үшін жауапкершілігіне тікелей байланысты. Әкім басшыларды мәселелерді кейінге қалдырмай, алдын ала бағамдауға, дер кезінде шешім қабылдауға және нақты нәтижеге жұмыс істеуге шақырды. Тиімді басқарудың тағы бір маңызды шарты ретінде кәсіби мамандар қалыптастыру мәселесі айтылды. Басшы міндеттерді дұрыс бөліп, қызметкерлердің әлеуетін ашып, ортақ мақсатқа жұмылдыра білуі қажет. Кездесуде Президент айқындап берген негізгі басымдықтар да сөз болды. Олар — мемлекеттілік және ұлттық бірлікті нығайту, Конституциялық құндылықтар мен қағидаттарды қорғау әрі ілгерілету, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету. Бұл бағыттағы жұмыс «Заң мен Тәртіп», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Әртүрлі көзқарас — біртұтас ұлт», «Күшті Президент — Ықпалды Құрылтай — Есеп беретін Үкімет», «Адал азамат» және «Таза Қазақстан» қағидаттарына негізделеді. Аталған ұстанымдарды жергілікті деңгейде іске асыруда әкімдердің, мемлекеттік қызметшілердің рөлі зор. Мотивациялық дәріс соңында қатысушылар облыс әкімінен өз салалары бойынша толғандырған сұрақтарын қойып, ауылдарының дамуына қатысты жоспарларымен бөлісті.

Қарақия ауданында Ұстаздар күні салтанатты түрде аталып өтті

06.10.2026

Жыл сайын елімізде дәстүрлі түрде аталып өтетін Ұстаздар күні мерекесіне орай Қарақия ауданында салтанатты жиын ұйымдастырылып, білім беру саласының қызметкерлері лайықты марапатқа ие болды. Рухани ағартушылық жолында аянбай еңбек еткен ардақты мамандық иелерін құттықтауға арналған шара жоғары деңгейде өтті. Салтанатты жиынның басты сәті — аудан әкімі Жансейіт Қайнарбаевтың ұстаздар қауымына арналған жүрекжақты құттықтау сөзі болды. Аудан басшысы өз сөзінде ұстаздық жолдың қастерлі әрі жауапты екеніне ерекше тоқталып, өңірдегі білім беру сапасын арттыруға, жас ұрпақты сапалы тәрбиелеу мен оқытуға сүбелі үлес қосып жүрген барлық педагогтерге шынайы алғысын білдірді. Мерекелік шара барысында ауданның білім саласында табысты еңбек етіп жүрген бір топ озық тәжірибелі ұстаздарға ҚР оқу ағарту министрінің, Маңғыстау облысы әкімінің алғыс хаттары және ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін Құрмет грамоталары мен алғыс хаттары салтанатты түрде табысталды. Сондай-ақ, шақырылған қонақтар мен ардагер ұстаздарға құрмет көрсетіліп, өнерпаздардың қатысуымен мерекелік концерттік бағдарлама ұсынылды. Қарақия ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі



ҚАРАҚИЯ АУДАНЫНДА БЮДЖЕТТІ ЖОСПАРЛАУ МЕН КІРІСТЕРДІ ҰЛҒАЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

06.10.2026

Жансейіт Қайнарбаевтың төрағалығымен алдағы міндеттер мен қаржылық жоспарларды айқындауға арналған кезекті аудандық аппараттық жиналыс өтті. Маңызды жиынға аудандық мәслихат төрағасы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, аудан әкімінің орынбасарлары, аппарат басшысы, сондай-ақ барлық мекеме мен бөлім басшылары және ауыл әкімдері толық қатысты. Аппараттық жиналыстың күн тәртібіне ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін айрықша мәні бар екі негізгі мәселе енгізілді. Алғашқы мәселе ретінде бюджетке кіріс бөлігінің орындалуы және қосымша түсімдердің жай-күйі қарастырылды. Бұл бағыт бойынша аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Жансұлу Бабаева баяндама жасап, жергілікті бюджеттің кірістерін ұлғайту, қосымша қаржы көздерін анықтау және салықтық түсімдерді сапалы әкімшілендіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы егжей-тегжейлі хабарлады. Жиынның күн тәртібіндегі екінші мәселе аудандық бюджетті тиімді жоспарлауға арналды. Осы тақырып аясында аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Айнагүл Жанайбаева сөз сөйлеп, қаржы ресурстарын оңтайлы бөлу, басым бағыттарды айқындау және бюджет қаражаттарын нысаналы пайдалану тетіктерін баяндап берді. Баяндамалар аяқталғаннан кейін қатысушылар ортаға салынған мәселелерді кеңінен талқылап, сұрақтар қойып, өздерінің ұсыныс-пікірлерін білдірді. Жиынды қорытындылаған аудан әкімі Жансейіт Қайнарбаев айтылған әрбір ұсыныс пен пікірдің назарға алынатынын, олардың негізінде арнайы хаттама жасақталып, тиісті тапсырмалар мен бақылау шаралары белгіленетінін атап өтті. Аппараттық жиналыс өз деңгейінде өтіп, ауданның қаржылық-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған нақты міндеттерді айқындаумен аяқталды. Қарақия ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

Көлік құралдарын сату бойынша аукцион өткізу туралы хабарлама

06.10.2026

Көлік құралдарын сату бойынша аукцион өткізу туралы хабарлама Сауда-саттықты ұйымдастырушы — Қазақстан Республикасының Италиядағы Елшілігі (ФК 97127630586), заңды мекенжайы: Рим қ., Кассия көш. 471 — автомобильдерді сату бойынша ашық аукцион өткізілетіні туралы хабарлайды. Сауда-саттық өткізілу әдісі: бағаны өсіру әдісі.Аукцион 2026 жылғы 21 қазанда сағат 11:00-де мына мекенжай бойынша өтеді: 00189 Рим қ., Кассия көш., 471-үй. Сату объектілері туралы мәліметтер (Лоттар): №1 Лот: Түрі: Жеңіл автомобиль Маркасы: Mercedes-Benz S 500 4 Matic Maximun Lunga Түсі: Қара Шығарылған жылы: 2013 ж. Жүріп өткен жолы (пробег): 142 565,00 км Қозғалтқыш көлемі: 4663 см , бензин Жалпы жағдайы: техникалық тұрғыдан жарамды, жөндеуді қажет етпейді Бастапқы бағасы: 20 200,00 (жиырма мың екі жүз) еуро. Бастапқы бағадан 15% кепілдік жарна: 3 030,00 (үш мың отыз) еуро. Бағаны өсіруге арналған аукцион қадамы (5%): 1 010,00 (бір мың он) еуро. №2 Лот: Түрі: Жеңіл... автомобиль Маркасы: BMW 3L 3D91 5H100 Түсі: Қара Шығарылған жылы: 2012 ж. Жүріп өткен жолы (пробег): 292 757,00 км Қозғалтқыш көлемі: 1995 см , дизель Жалпы жағдайы: техникалық тұрғыдан жарамды, жөндеуді қажет етпейді Бастапқы бағасы: 2 500,00 (екі мың бес жүз) еуро. Бастапқы бағадан 15% кепілдік жарна: 375,00 (үш жүз жетпіс бес) еуро. Бағаны өсіруге арналған аукцион қадамы (5%): 125,00 (жүз жиырма бес) еуро. №3 Лот: Түрі: Жеңіл автомобиль Маркасы: «RENAULT» Түсі: Қара Шығарылған жылы: 2013 ж. Жүріп өткен жолы (пробег): 253 490,00 км Қозғалтқыш көлемі: 1461 см , дизель Жалпы жағдайы: техникалық тұрғыдан жарамды, жөндеуді қажет етпейді Бастапқы бағасы: 1 500,00 (бір мың бес жүз) еуро. Бастапқы бағадан 15% кепілдік жарна: 225,00 (екі жүз жиырма бес) еуро. Бағаны өсіруге арналған аукцион қадамы (5%): 75,00 (жетпіс бес) еуро. Қатысу шарттары және өтінімдерді беру тәртібі: Аукционға өтінімді өз уақытында берген және кепілдік жарнаны төлеген жеке және заңды тұлғалар қатыса алады. Өтінімдерді қабылдау және қатысушыларды тіркеу жазбаша түрде мына мекенжай бойынша жүзеге асырылады: 00189, Рим қ., Кассия көш. 471.Өтінімдерді қабылдау мерзімі: 2026 жылғы 20 қазанға дейін, сағат 17:30-ға дейін. Аукцион жеңімпазы болып ең жоғары баға ұсынған қатысушы танылады.Жеңімпаздың кепілдік жарнасы автомобильдің сатып алу құнының есебіне жазылады. Қалған қатысушыларға жарналары 15 жұмыс күні ішінде қайтарылады. Қатысу үшін ұйымдастырушының мекенжайына мыналарды ұсыну қажет: Белгіленген нысандағы өтінім. Жеке тұлғалар үшін — жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі. Заңды тұлғалар үшін — заңды тұлға өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және Италия заңнамасына сәйкес заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі. Кепілдік жарнаның төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі. Сауда-саттық қатысушылары кепілдік жарнаны төлеуге және өтінімдерді беруге дейін осы хабарландырумен, келісімшарт жобасымен мұқият танысуға және автомобильдің техникалық жағдайын тексеруге міндетті. Қатысушылар автомобильді кез келген жақсартуды, түзетуді немесе жөндеуді, сондай-ақ кез келген салықтар мен алымдардан, қайта тіркеуге немесе меншік құқығын рәсімдеуге байланысты өзге де шығындардан босатуды талап ете алмайды. Егер сауда-саттық жеңімпазы белгіленген мерзімде шарт шарттарын орындамаса, ол автомобильді сатып алу құқығынан бас тартты деп есептеледі, ал енгізілген кез келген төлемдер, соның ішінде кепілдік жарна қайтарылмайды. Кепілдік жарнаны аударғаны үшін банк комиссиясы сауда-саттық қатысушыларына қайтарылмайды. Сауда-саттықтағы сөз байласу (bid rigging) және заңсыз араласудың кез келген басқа нысандарына қатаң тыйым салынады. Кепілдік жарнаны аударуға арналған реквизиттер: Алушы: Посольство Республики Казахстан в Итальянской Республике (Қазақстан Республикасының Италия Республикасындағы Елшілігі) Мекенжайы: 00189, Рим ул. Кассия

471 ФК (Фискалдық код): 97127630586 Ағымдағы шот (Расчетный счет): IT67 X030 6905 1411 0000 0006 955 Алушының банкі: Intesa Sanpaolo SPA Swift: BCITITMM Төлемнің мақсаты: Гарантийный взнос за участие в аукционе по Лоту № (Лот нөмірін көрсету қажет). Сатып алушының міндеттері және автомобильдерді алу: Ең жоғары бағаны ұсынған сатып алушы сауда-саттық аяқталғаннан кейін дереу Аукцион қорытындысы туралы хаттамаға қол қоюға міндетті.Сатып алушы автомобильдің толық құнын (бұрын төленген кепілдік жарнаны шегергенде) сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде аударуға міндетті.Меншік құқығын қайта рәсімдеу, салықтарды (әкімшілік алымдарды), кедендік баждарды төлеу бойынша барлық шығындарды және автомобильді сатып алуға байланысты басқа да төлемдерді сатып алушы толық көлемде өзі көтереді. Мүлікпен танысу және байланыс деректері: Автомобильдердің техникалық жағдайымен, құжаттар пакетімен танысуға және өтінім бланкісін алуға мына мекенжай бойынша болады: 00189, Рим қ., Кассия көш. 471, жұмыс күндері сағат 09:00-ден 17:30-ға дейін. Анықтама телефоны: +39 331 3851201 Электрондық пошта: roma@mfa.kz Егер сізге ресми құжаттарға арналған өтінім үлгісін немесе осы хабарламаның белгілі бір бөлігін өзгеше стильде (мысалы, ресми хат түрінде) аудару қажет болса, айтыңыз. Қандай да бір қосымша көмек керек пе?

Қазақстан мен Бельгия көлік, «жасыл» энергетика және орнықты даму салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуға ниетті

06.10.2026

Брюссель, 2026 жылғы 6 қазан — Бельгиялықтар Королі Филипптің Қазақстанға тарихтағы алғашқы мемлекеттік сапары қарсаңында Қазақстанның Бельгиядағы Елшісі Роман Василенко Бельгияның Ұтқырлық, климат, экологиялық өтпелі кезең және орнықты даму мәселелері жөніндегі федералдық министрі Жан-Люк Крюкемен кездесті. Тараптар көлік және логистика, жаңартылатын энергетика, өнеркәсіпті декарбонизациялау, аса маңызды шикізат материалдары, «жасыл» технологиялар және орнықты даму салаларындағы қазақстандық-бельгиялық ынтымақтастықты кеңейту перспективаларын талқылады. Транскаспий халықаралық көлік бағытын (Орта дәліз) дамытуға, сондай-ақ Қазақстанның көлік және энергетикалық инфрақұрылымын жаңғыртуға озық бельгиялық технологиялар мен инвестицияларды тартуға ерекше назар аударылды. Елші өнеркәсіптік және технологиялық кооперацияны тереңдету үшін елеулі әлеует бар екенін атап өтті. Қазақстан Еуропалық одақ аса маңызды деп айқындаған шикізаттың 34 түрінің 21-ін өндіреді және бельгиялық әрі еуропалық әріптестермен бірлесіп, шикізат экспортынан оны терең өңдеуге, технологиялар трансферіне және жоғары қосылған құны бар өндірістер құруға көшуге мүдделі. Ж.-Л.Крюкенің қатысуы жоспарланып отырған Бельгия монархының Қазақстанға алдағы мемлекеттік сапарына ерекше назар аударылды. Тараптар сапар практикалық өзара іс-қимылға қосымша серпін беріп, бельгиялық министрдің құзыретіне кіретін салаларда жаңа бірлескен жобаларды айқындауға мүмкіндік беретініне сенім білдірді. Әңгіме барысында Ж.-Л.Крюке 2019 жылы Валлонияның бюджет, қаржы, әуежайлар және спорт инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі министрі лауазымында Қазақстан мен Бельгия футбол құрамалары арасындағы кезекті матчқа байланысты Астанаға жасаған бұрынғы сапарын жылы ықыласпен еске алды. Қазақстан астанасындағы синагогаға барғанын ерекше атап өтіп, елдегі қалыптасқан конфессияаралық келісім ахуалына оң бағасын берді. Осы орайда Елші Қазақстанның дәстүрлі түрде этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға ерекше мән беретінін атап өтті. Экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық перспективалары, оның ішінде декарбонизация, циркулярлық экономика, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және «жасыл» технологияларды енгізу мәселелері жеке талқыланды. Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан мен Бельгия арасындағы экономикалық өсуді, өнеркәсіптік жаңғыртуды және климаттық мақсаттарға қол жеткізуді ұштастыратын, нақты жобаларға бағдарланған прагматикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға өзара мүдделілік расталды.



Digital Qazaqstan: цифрлық технологияларды қолданудың арқасында аукциондардан түсетін кіріс 7 есе артты

06.10.2026

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев Digital Qazaqstan жалпыұлттық стратегиясын іске асыру аясында геология, өнеркәсіп және құрылыс салаларын цифрлық тұрғыда трансформациялау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Аталған бағыттар бойынша 2028 жылға дейін қол жеткізілуге тиіс көрсеткіштер айқындалды, деп хабарлайды ведомстволық баспасөз қызметі. Геологиялық барлау жұмыстарына тартылатын жеке инвестиция көлемін 30%-ға арттыру көзделіп отыр. Өнеркәсіп саласында еңбек өнімділігінің жыл сайын 7%-ға өсуін қамтамасыз ету, роботтандыру ісін дамыту, кемінде 5 отандық интегратор және 3 құзырет орталығын құру жоспарланған. Құрылыс саласындағы техникалық тұрғыда күрделі жаңа нысандардың 100%-ында BIM технологиясын қолдануға кезең-кезеңімен қол жеткізу қарастырылған. «Геология саласын цифрландырудың негізгі кезеңі аяқталды. Геологиялық ақпарат цифрлық форматқа көшіріліп, көпшілікке қолжетімді етілді. Мемлекеттік қызмет Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай порталы арқылы көрсетіледі. Цифрлық аукцион тетігін енгізу және геологиялық деректердің қолжетімділігін арттыру аукциондардан түсетін кірістің 7 есе өсуін қамтамасыз етті. Келесі міндет — геологиялық деректерді талдау және перспективалы учаскелерді анықтау үшін жасанды интеллектіні қолдану», — деп атап өтті Ерсайын Нағаспаев.

Қызметті тоқтату туралы өтінішке бас тарту

06.10.2026

Қызметті тоқтату туралы өтінішке бас тарту келген жағдайда не істеу керек? Егер қызметті тоқтату туралы салықтық өтінішке «Қабылданбады» мәртебесі берілсе, бас тарту себебін КНП ИСНА-дағы «Құжаттар» бөлімінен көруге болады. Бас тарту себебін анықтап, көрсетілген себептерді жою қажет. Бас тартуға негіз болған себептер жойылғаннан кейін салық төлеуші қызметті тоқтату туралы өтінішті жалпы тәртіппен қайта беруге құқылы.

Жыл соңына дейін Қазақстанда eGov GPT арқылы 150-ге дейін қызметті іске қосу жоспарланып отыр

06.10.2026

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бекіткен Digital Qazaqstan стратегиясын жүзеге асыру шеңберінде QazTech платформасы мемлекеттік қызметтердің цифрлық экожүйесінің негізіне айналды. Цифрлық жүйелерді көшіру бойынша биылғы жоспар 92%-ға орындалды, деп хабарлайды ҚР Үкіметінің телеграм арнасы. «Әлеуметтік әмиян» проактивті әлеуметтік қолдау көрсетуді қамтамасыз етіп, 3 млн пайдаланушыны қамтиды. e-Otinish-тегі жасанды интеллект көмегімен 3,2 млн-нан астам өтініш өңделді. eGov GPT арқылы 51 қызмет қолжетімді. Жыл соңына дейін жалпы трафиктің 80%-ын құрайтын ең сұранысқа ие 150 қызмет қамтылады. 2028 жылға қарай жасанды интеллект негізіндегі қызметтердің үлесін 40%-ға жеткізу, ал 2029 жылға қарай қызмет алу уақытын екі есе қысқарту көзделген», — деді Премьер-министрдің орынбасары — жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев Үкімет отырысында. Оның айтуынша, Халыққа қызмет көрсету орталықтарын цифрлық кеңселерге трансформациялау жүргізіліп жатыр. Жаңа халықтың цифрлық кеңселерінде азаматтар қызметтерді eGov GPT цифрлық көмекшісі орнатылған терминалдар арқылы өз бетінше ала алады. Қазір 4 өңірде 5 цифрлық кеңсе ашылды. Тағы 10 өңірде қаржыландыру мәселесі шешілді.



Ақтөбе облысында отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу күшейтілді

06.10.2026

Ақтөбе облысында полиция отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуды күшейтіп жатыр. Ақтөбе облысында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, жанжалдарға жол бермеу және қиын жағдайға тап болған азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жыл басынан бері полицияға отбасылық-тұрмыстық жанжалдарға қатысты 4 700-ден астам өтініш келіп түскен. Оның ішінде 187 жағдайда әйелдер полициядан бірнеше рет көмек сұраған. Әрбір өтініш бойынша тиісті тексеру жүргізіліп, қолданыстағы заңнамаға сәйкес шаралар қабылдануда. Отбасылық жанжалға және құқыққа қайшы әрекеттерге бейім азаматтарға профилактикалық жұмысқа ерекше көңіл бөлінеді. Жыл басынан бері 3 900-ден астам азаматқа қатысты қорғау нұсқамалары шығарылған. Учаскелік полиция инспекторлары олармен жеке профилактикалық жұмыстар жүргізіп, белгіленген талаптардың сақталуын бақылауда ұстайды. Қажет болған жағдайда заңда көзделген қосымша шектеулер қолданылады.

31 құқық бұзушылық және 1 миллион теңгеден астам айыппұл: Армения азаматы СҚО-дан шығарылды

06.10.2026

Солтүстік Қазақстан облысында Арменияның 39 жастағы азаматы 1 миллион теңгеден астам айыппұл төледі. Бұған оның бірнеше рет құқық бұзуы себеп болған: ер адам белгіленген жылдамдықты бірнеше мәрте асырған, сондай-ақ көлік құралын басқару құқығынан айырылғанына қарамастан көлік жүргізген. Ағымдағы жылдың мамыр айынан қыркүйек айына дейін ол СҚО аумағында барлығы 31 әкімшілік құқық бұзушылық жасаған. Олардың қатарында қоғамдық орында былапыт сөйлеу және түнгі уақытта тыныштықты бұзу да бар. Қазақстан заңнамасын қасақана бірнеше рет бұзған шетел азаматы Қазақстан Республикасынан 5 жыл мерзімге шығарылды. Жыл басынан бері СҚО-дан 62 шетел азаматы ел аумағынан шығарылды. Оның үшеуі 5-9 қазан аралығында өткізіліп жатқан «Нелегал» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасының алғашқы күні шығарылды. Бір күн ішінде рейдтік іс-шаралар нәтижесінде полицейлер көші-қон заңнамасын бұзудың 90-нан астам дерегін анықтады. Шетелдік жұмыс күшін заңсыз пайдаланғаны үшін алты жұмыс беруші жауапкершілікке тартылды. Мысалы, құрылыс нысандарының бірінен жұмысқа орналасуға рұқсаты болмаған Өзбекстанның 12 азаматы анықталды. Полицейлер көші-қон саласындағы заңдылықты қамтамасыз ету «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасының маңызды тіректерінің бірі екенін атап өтті.

Ақтөбе тұрғындары қауіпсіздік мәселелерін шешуге белсенді атсалысуда

06.10.2026

5 қазанда басталған "Қауіпсіз үй" республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында ақтөбеліктердің қауіпсіздік мәселесіне бейжай қарамай, белсенділік танытып отырғаны айқын байқалады, — деп хабарлайды Polisia.kz. Шара барысында полиция азаматтардың ұсыныстары мен өтініштеріне ерекше назар аударып отыр. Азаматтарға қолайлы болу үшін азаматтарға көрнекті жерлерге, үйлердің кіреберістері мен аулаларға QR-кодтар орналастырылды. Ол арқылы әрбір тұрғын проблемалық орындар туралы ақпарат беріп, өз ұсыныстарын жолдай

алады. Шараның алғашқы күнінде QR-кодтар арқылы облыс тұрғындарынан полицияға 20-ға жуық ұсыныс түсті. Тұрғындарды негізінен, аулаларды жарықтандыру мен бейнекамералар қою, жол таңбалары мен белгілерін орнату, қоқыстарды жою, шлагбаум орнатуға көмектесу, қауіпті жатақханаларды жою сынды мәселелер толғандырады. Мәселен, Шалқар қаласының тұрғыны балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында үй маңы мен аулаға тиісті жол белгілері мен жасанды жол кедергілерін орнатуды ұсынған. Ал Ақтөбе қаласындағы Қонаев көшесінің тұрғындары көшедегі жарықтандырудың әлсіздігіне шағымданған. Облыс орталығында жаңадан бой көтеріп жатқан "Көкжиде" тұрғын алабының тұрғындары құрылыс материалдарының ұрланатынын және жүк көліктерінің ірі көлемдегі қоқысты заңсыз төгетінін айтып, бейнебақылау камераларын орнатуды және осы аумақта патрульдік полицияның жұмысын күшейтуді ұсынған. Ал Жаңақоныс ауылының тұрғыны аулаға кіреберіске шлагбаум орнатуға және қоқыс жәшіктері орналасқан аумақтарға бейнебақылау камераларын қоюға ықпал етуді сұраған. Ақтөбедегі Маресьев көшесінің тұрғыны жақын маңдағы жатақханада тұратын студенттердің үй маңында жиі жанжалдасатынын айтып, аумақты бейнебақылау камераларымен қамтамасыз етуді ұсынған. Ал Ағайынды Жұбановтар көшесінің тұрғындары жақын маңдағы екі шағын отбасылық жатақхананың орнына жаңа тұрғын үй салу қажеттігін айтқан. — Әрбір өтініш мұқият қаралып, тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп қажетті шаралар қабылданады. Азаматтарды өз тұрғылықты жерлерін қауіпсіз әрі қолайлы етуге белсенді атсалысуға шақырамыз. Бірлескен күш-жігердің арқасында аулаларымызды, көшелерімізді және тұрғын аудандарымызды қауіпсіз әрі жайлы ете аламыз, — дейді Ақтөбе облысы полиция департаменті қоғамдық қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары Нұрлыбек Сүйінтаев.



«Қауіпсіз үй»: СҚО-да полиция тұрғын үй секторындағы профилактикалық жұмысты күшейтті

06.10.2026

Солтүстік Қазақстан облысында полицейлер бір күнде профилактикалық есепте тұрған 725 адамды тексерді. Өңірде «Қауіпсіз үй» жедел-профилактикалық іс-шарасы басталды. Оның мақсаты — тұрғындардың тұрғылықты жеріндегі қауіпсіздікті арттыру, құқық бұзушылықтардың алдын алу және «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында полиция мен халық арасындағы өзара байланысты нығайту. Бірінші күні учаскелік полиция инспекторлары басқа мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдерімен бірлесіп, шамамен 1 мың пәтер мен жеке үйді аралап шықты. Облыс аумағында жалға берілетін пәтерлер, саяжай учаскелері, шаруа қожалықтары, қыстаулар мен қараусыз қалған құрылыстар да тексерілді. Тәртіп сақшылары бірнеше рет шақырту түскен, соның ішінде отбасылық-тұрмыстық жанжалдар мен тыныштықты бұзу деректері бойынша полицияға хабарласқан проблемалы мекенжайларға ерекше назар аударды. Полицейлер 89 проблемалы мекенжай мен профилактикалық есепте тұрған 725 адамды тексерді. Жұмыстың маңызды бағыттарының бірі — учаскелік полиция инспекторларының тұрғындармен байланысын нығайту. Полицейлер жергілікті тұрғындармен кездесулер өткізіп, учаскелік инспекторлардың байланыс деректерін орналастырады. Бұл тұрғындарға құқықтық тәртіп мәселелері бойынша кімге жүгінуге болатынын білуге мүмкіндік береді. «Қауіпсіз үй» іс-шарасы тек тексерумен шектелмейді. Полиция үшін проблемаларды дер кезінде анықтау, әр учаскедегі жағдайды білу және ауыр зардаптарға әкелмей тұрып тиісті шаралар қабылдау маңызды. «Заң мен тәртіп» қағидатының әр үй мен әр аулада іс жүзінде жүзеге асырылуы осыған негізделеді.

Жылу беру маусымында Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жұмыстар жүргізілуде.

06.10.2026

Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көміртек тотығымен улану жағдайларының алдын алу мақсатында датчиктер орнатылуда. Аталған жұмыстар аясында әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың тұрғын үйлеріне орнату үшін көміртек тотығын анықтайтын датчиктер сатып алынды. Қазіргі таңда датчиктерді тұрғын үйлерге орнату жұмыстары жүргізілуде. Көміртек тотығы түссіз әрі иіссіз болғандықтан, оны адамның сезім мүшелері арқылы дер кезінде анықтау мүмкін емес. Осы ретте арнайы датчиктер тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Қауіпті деңгейдегі көміртек тотығы анықталған жағдайда құрылғы дыбыстық белгі беріп, тұрғындарға қауіп туралы дер кезінде ескертуге мүмкіндік береді. Төтенше жағдайлар департаменті тұрғындарды жылыту пештері мен электр жабдықтарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға, пештер мен мұржаларды уақытылы тазалауға және ақаулы жылыту құрылғыларын пайдаланбауға шақырады.

Заманауи технологиялар өрттің алдын алуға көмектеседі

06.10.2026

Шымкент қаласында қоқыс жаққан азамат анықталды 2026 жылғы 30 қыркүйекте сағат 12:17 шамасында Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Қаһарман көшесінде орналасқан үйдің ауласында қоқыс қалдықтарының жануы дрон арқылы анықталды. Анықталған ақпарат негізінде оқиға орнына 1 техника және 5 жеке құрам жіберілді. Аумақта шамамен 2 текше метр қоқыс қалдықтарының жанып түтегені анықталған. Тексеру барысында, 1985 жылы туылған ер адамның қоқыс жаққандығы анықталды. Азаматтың кінәсін мойындауына байланысты ҚР ӘҚБтК-нің 336-бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырылып, 10 АЕК (43 250 теңге) мөлшерінде айыппұл салынды. Аталған азаматқа және көршілеріне қоқыс жағу дегеніміз өрттің тұрғын үйлерге таралуына, адам өмірі мен мүлкіне қауіп төндіріп қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін екені түсіндірілді. Қала аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз ету және өрт ошақтарын жедел анықтау мақсатында жалпы саны 16 дрон қолданылады. Заманауи технологиялардың көмегімен өрттің алғашқы белгілерін дер кезінде анықтап, оның өршуіне жол бермеу шаралары қабылдануда.



АГҚС объектілерін демонтаждау жұмыстары жүргізілді.

06.10.2026

“Арал Газ” ЖШС-не тиесілі автогаз құю станцияларының объектілеріне жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, тексеру барысында жедел ықпал ету шараларының орындалуына бақылау жүзеге асырылды. Анықталған бұзушылықтарды жою және қауіпті өндірістік объектілердің қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз ету мақсатында тиісті АГЗС объектілері демонтаждалды. Демонтаж жұмыстарының жүргізілуі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау, авариялық жағдайлардың алдын алу және азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау бағытындағы шаралардың бірі болып табылады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау - бұл тек заңнамалық талап қана емес, сонымен қатар адам өмірінің қауіпсіздігінің кепілі.

Ақмолалық мектептер республикалық байқауда жеңімпаз атанды

06.10.2026

Егіндікөл ауданының Ұзынкөл ауылындағы жалпы білім беретін мектеп Түркістан қаласында «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының бастамасымен өткен «Жақсылық жалғасады» республикалық бейнероликтер байқауында жеңімпаз атанды. «Шағын жинақты мектептерді дамыту» номинациясында білім беру ұйымы бірінші орынға ие болды. Жеңіс мектепке абырой әкеліп қана қоймай, маңызды қолдауға жол ашты. Жүлде ретінде келесі жылы «Қазақстан халқына» қорының қаражаты есебінен мектеп аумағында футбол алаңы, баскетбол және волейболға арналған әмбебап алаң, заманауи тренажерлері бар воркаут аймағы және абаттандырылған саябақ аумағын қамтитын көпфункционалды спорт алаңы салынады. Екінші орынды Целиноград ауданының Мортық ауылындағы негізгі орта мектеп иеленді. Қор қаражаты есебінен ауылда баскетбол алаңы және ауыр атлетикамен айналысуға арналған жабдықталған воркаут аймағы бар спорт алаңы салынады. Сондай-ақ жеңімпаздар қатарында Ақкөл қаласындағы Ж. Бектұров атындағы №3 жалпы білім беретін мектеп те бар. Білім ордасы «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» номинациясында үздік деп танылды. Айта кетейік, «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында өңірдегі 18 білім беру ұйымы жалпы құны 4,5 млрд теңгеге қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар 54 магниттік мектепке қаржылай қолдау көрсетілді.

Аймақ басшысы ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтады

06.10.2026

Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов өңіріміздің ұстаздарын кәсіби мерекесімен құттықтады. Мемлекет басшысы білім сапасын арттыру, әр балаға тең мүмкіндік жасау, заманауи технологиялар мен жасанды интеллектіні енгізу, педагогтерді қолдау мәселелерін айқындады. «Тек 2023 жылдан бері облыста 6 840 орынға арналған 10 жаңа мектеп және 15 балабақша салынды. Соның арқасында оқушы орындарының тапшылығы үш есеге қысқарды. 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту деңгейі 100 пайызға, ал 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту 96,6 пайызға жетті», — деді аймақ басшысы. Жаңа зауыттар мен заманауи өндірістердің ашылуына, экономиканың өсіп келе жатқан сұранысына орай, соңғы жылдары облыс колледждерінде 25 жаңа мамандық ашылды. Айталық, бүгінде жаңа өндірістердегі жұмысшылардың 70%-ін 35 жасқа дейінгі жастар құрайды. Өңірде 22 мыңға жуық педагог және 159 мыңға жуық білім алушы бар. Биыл облысымыздың білім саласында жеткен жетістіктер аз емес. PISA-2025 халықаралық зерттеуінде облысымыз үш бағыт бойынша үздік үштікке енді: оқу сауаттылығы бойынша 2-орын, жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы және цифрлық мәселелерді шешу дағдылары бойынша 3-орын иеленді. Қостанай облысының барлық мектептері жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілген, 156 ауыл мектебі Starlink спутниктік интернетін пайдаланады. 5 мыңнан астам мұғалім ChatGPT Edu жасанды интеллект көмекшісін пайдаланады. «Жасанды интеллект және Game Development» жобасына 666 оқушы, «Auyl Ertegi» республикалық жобасына 14 оқушы қатысты. Биыл алғаш рет өңірімізде «QOSTANAI TECH» отбасылық фестивалі ұйымдастырылды.

«Мемлекет басшысы тамыз конференциясында Қостанай облысы түлектерінің Ұлттық бірыңғай тестілеудегі жоғары нәтижелерін ерекше атап өткен болатын. Осы жетістіктердің әрқайсысының артында ұстаздарымыздың еселі еңбегі, кәсіби шеберлігі мен үлкен жауапкершілігі тұр. Білім саласының ардагерлеріне айрықша алғысымды білдіремін. Сіздерге еңбектеріңіздің жемісін көріп, шәкірттеріңіздің жетістігіне қуана берулеріңізге тілектеспін. Ұстаздар күні құтты болсын!», — деп атап өтті облыс әкімі.



Оқушыларға суық қарудың заңсыз айналымының алдын алу түсіндірілді

06.10.2026

Жангелдин ауданы маслихатының 2026 жылғы 21 сәуірдегі №205 "Мәслихаттың 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №48 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы аудан мәслихат шешімінің жобасы «Электронды Үкімет» порталының ашық НҚА бөлімінде https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=15895173 орналастырылды.

Қызметін тоқтату туралы хабарландыру

06.10.2026

«Бұқар жырау ауданы Суықсу ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 31 тамыздағы № 61/01 қаулысына сәйкес тоқтатылуға жатады. Кредиторлардың талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ботақара кенті, Абылай хан көшесі, 39. Байланыс телефоны: 8 (72154)2-11-18.

Өңірлер бойынша 8 ай 2026ж. бойынша Ұлттық қорға түсімдер динамикасы

06.10.2026

Өңірлер бойынша 8 ай 2026ж. бойынша Ұлттық қорға түсімдер динамикасы

Қазалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясы Хабарлайды

06.10.2026

Қазалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 45, 113-11-баптарына сәйкес және 2026 жылғы 6 қазандағы №85/604, №86/605 шешімдерімен 2026 жылғы 4 қазанда сайланған Қазалы ауданының Аранды және Құмжиек ауылдық округтерінің әкімдеріне Абилгазы Аймаганбетович Томаевты және Муратбек Тунғышбаевич Нагашыбаевты тіркеді.

Мемлекеттік корпорация AI & Digital Bridge 2026 форумында 1414 Бірыңғай байланыс орталығының AI-шешімдерін таныстырды

06.10.2026

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы AI & Digital Bridge 2026 халықаралық форумында 1414 Бірыңғай байланыс орталығының жасанды интеллект негізінде әзірленген жаңа шешімдерін көпшілік назарына ұсынды.Солардың бірі - «AI Senim» атты дауыстық AI-ассистенті. Ол азаматтарға 100-ден астам мемлекеттік қызмет бойынша кеңес беріп, қажетті ақпаратты жедел ұсынады. Бүгінде «AI Senim» ай сайын орта есеппен 25—30 мың өтінішті өңдейді. Оның 40%-ына AI-ассистенттің өзі жауап берсе, қалған 60%-ы егжей-тегжейлі кеңес алу үшін операторларға жолданады.«Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі заман талабына сай үздіксіз жетілдіріліп, халық үшін барынша қолайлы болып келеді. Бұдан әрі де осы бағыттағы жұмысты жалғастырып, азаматтарға қызмет көрсету сапасын арттыру үшін инновациялық шешімдерді енгізуді көздеп отырмыз. Атқарылып жатқан шаралар мемлекеттік қызметтерді алу кезінде барынша қолжетімділік пен жайлылықты қамтамасыз етуге зор үлес қосатынына сенімдімін», - дейді «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Басқарма төрағасы Арман Кенжеғалиев.Қазіргі таңда 1414 желісіне келіп түсетін әрбір 20-шы қоңырау AI-ассистенттің қатысуымен өңделеді. Алдағы кезеңде оның ауқымын кеңейтіп, барлық қоңырауды алдымен «AI Senim» қабылдайтындай жүйеге көшіру көзделіп отыр.AI-ассистент азаматтың сөзін танып, сұрағының мәнін анықтайды және тиісті ақпаратты ұсынады. Қазір оның функционалын кеңейту, соның ішінде динамикалық қызметтерді іске қосу бойынша жұмыс жүргізілуде. Болашақта азаматтар тек кеңес алып қана қоймай, дауыстық ассистентпен сөйлесу барысында кейбір мемлекеттік қызметтерді бірден рәсімдей алады.Форум барысында AI-ассистенттің жұмысын бақылауға арналған арнайы платформа да таныстырылды. Оның көмегімен нақты уақыт режимінде келіп түскен сұраныстардың саны, сөйлесу ұзақтығы және өзге де көрсеткіштер қадағаланады.Сонымен қатар мамандар қоңырау жазбасын тыңдап, диалогтың толық мәтінін және AI-ассистент өңдеген сауалдың нәтижесін көре алады. Жаңа платформа арқылы азаматтардың сөйлесу барысындағы көңіл күйі мен тоналдылығын талдауға да мүмкіндік бар.

Аукцион

06.10.2026

Қазақстан Республикасы Атырау облысы «Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі (Құлсары қаласы, Абдрахманов көшесі, 27) e-qazyna.kz мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында коммуналдық меншік объектісін сату бойынша «бағаны төмендету» әдісімен аукцион өтетіні туралы хабарлайды. Коммуналдық меншік объектісін сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Аукционның өткізілу күні мен уақыты: 2026 жылғы 22 қазан сағат 10:00 де.Анықтама үшін телефон: 8(71237) 5-08-87. Сатылатын нысан туралы толық ақпаратты SAUDA Нұсқа 2- Сауда саттық: №467620. https://sauda.e-qazyna.kz/ru/list?searchStatus=ApplicationsAccept

Талғар ауданының аумақтық сайлау комиссиясының сайланған әкімді тіркеу туралы ХАБАРЛАМАСЫ

06.10.2026

Талғар ауданының аумақтық сайлау комиссиясының сайланған әкімді тіркеу туралы ХАБАРЛАМАСЫ Талғар ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 45, 113-11-баптарына сәйкес және аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 6 қазан №47 шешімі негізінде Өмірзақов Алмас Нұрдәулетұлы Талғар ауданы Кеңдала ауылдық округі әкімінің болып тіркелгенін хабарлайды. Талғар ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

«Семей медицина университеті» КеАҚ-та 8D10101 — «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Төлегенова Жанна Жұмағазықызының «Стоматологиялық көмек көрсету кезінде медициналық қызметкерлер мен науқастардың инфекциялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету сапасын зерделеу және бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қорғалады.

06.10.2026

Төлегенова Жанна Жұмағазықызының диссертациялық жұмысының қорғауы туралы хабарландыру «Семей медицина университеті» КеАҚ-та 8D10101 — «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Төлегенова Жанна Жұмағазықызының «Стоматологиялық көмек көрсету кезінде медициналық қызметкерлер мен науқастардың инфекциялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету сапасын зерделеу және бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қорғалады.Диссертация «Семей медицина университеті» КеАҚ Қоғамдық денсаулық кафедрасында орындалды.Қорғау нысаны — диссертациялық жұмыс.Қорғау тілі — қазақ тілі. Ресми рецензенттер:1. Ермуханова Людмила Сергеевна — медицина ғылымдарының кандидаты, профессор, «М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ, «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау» кафедрасының меңгерушісі, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы. 2. Тулебаева Индира Казбековна — PhD, Қазақ медицина университеті «Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебінің» академиялық және ғылыми қызмет жөніндегі проректоры, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы. Ғылыми кеңесшілер:1. Токанова Шолпан Ергалиевна — медицина ғылымдарының кандидаты, «Семей медицина университеті» КеАҚ профессоры, Семей қ., Қазақстан Республикасы.2. Медеубеков Улугбек Шалхарович — медицина ғылымдарының докторы, профессор, ДСБ «14 Қалалық емхана» ШЖҚ МКК директоры, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы. 3. Байбусинова Асель Жанартасовна — PhD, қауымдастырылған профессор, «Семей медицина университеті» КеАҚ эпидемиология және биостатистика кафедрасының меңгерушісі, Семей қ., Қазақстан Республикасы.4. Linas umskas, профилактикалық - профилактикалық медицина кафедрасының профессоры, Medical Academy, Faculty of Public Health, Lithuanian University of Health Sciences, Каунас, Литва. Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы:1. Булегенов Толкын Алпысбаевич — м.ғ.д., «Семей медицина университеті» КеАҚ, госпитальдық хирургия кафедрасының профессоры Семей қ., Қазақстан Республикасы.2. Турдалиева Ботагоз Саитовна — м.ғ.д., профессор, «Қазақ дерматология және жұқпалы аурулар ғылыми орталығы» директордың ғылыми қызметі және стратегиялық даму жөніндегі орынбасары, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.3. Хисметова Зайтуна Абдулкасимовна — м.ғ.к., профессор,

«Семей медицина университеті» КеАҚ, қоғамдық денсаулық кафедрасының меңгеруші, Семей қ., Қазақстан Республикасы.4. Шалгумбаева Гульнар Металловна — PhD., «Семей медицина университеті» КеАҚ, Семей қаласының жалпы дәрігерлік практика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Семей қ., Қазақстан Республикасы. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері:1. Аминов Зафар Зайирович — PhD, DSc, доцент, Самарқанд мемлекеттік медицина университеті, «Қоғамдық денсаулық сақтау және денсаулық сақтау менеджменті» кафедрасының меңгерушісі, Самарқанд қаласы, Өзбекстан Республикасы. 2. Аимбетова Гулшара Ергазыевна — медицина ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасының профессоры, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.3. Уалиева Алия Ержановна — PhD, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің эпидемиология, биостатистика және дәлелді медицина кафедрасының меңгерушісі, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы. Қорғау 2026 жылы 6 қараша айында сағат 10:00-де «Семей медицина университеті» КеАҚ, 8D10101 — Қоғамдық денсаулық сақтау білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңесінде өтеді. Қорғау аралас режимде Zoom платформасында Идентификатор конференции: https://us02web.zoom.us/j/89742887676?pwd=ar0n9rQLyjMqPwX92qj07zeji2pNQs.1&mynotes=on (конференцияның идентификациялық номері -897 4288 7676, кіру коды-201572) өткізіледі.Хабарландыру мен қосымшалардың мәтіні орналастырылған Диссерта-циялық кеңес сайтының мекен-жайы: https://smu.edu.kz/ru/ Ғылыми хатшы: Хисметова Зайтуна Абдулкасимовна — медицина ғылымдарының кандидаты, профессор, «Семей медицина университеті» КеАҚ қоғамдық денсаулық кафедрасының меңгерушісі, Семей қ., Қазақстан Республикасы. тел: (ұялы.) +77772582681, (жұм. (7222) 522094,e-mail: zaituna.khismietova@mail.ru

2026 жылдың 3 тоқсанына қоршаған ортаға әсер ету туралы қабылданған декларациялар бойынша деректер

06.10.2026

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (110-бап) сәйкес III санаттағы объектілерде қызметті жүзеге асыратын адамдар Солтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына қоршаған ортаға әсері туралы декларацияны ұсынады. Қоршаған ортаға әсер туралы декларация — рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен өтініш беруші дайындаған, қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабардар ететін құжат. Қоршаған ортаға әсер ету туралы декларация: 1) белгіленіп отырған қызмет басталар алдында; 2) негізгі өндірістердің технологиялық процестері, ластағыш заттар мен стационарлық көздер, қалдықтар (түзілетін, жинақталатын және қалдықтарды басқару жөніндегі мамандандырылған ұйымдарға берілетін) шығарындыларының сапалық және сандық сипаттамалары елеулі түрде өзгерген жағдайда — қызметті жүзеге асыру басталғаннан кейін ұсынылады. 2026 жылдың 3 тоқсанында қоршаған ортаға әсер ету туралы 55 декларация қабылданды. 2026 жылғы 3 тоқсанда декларацияланған ластаушы заттар шығарындыларының саны 2041,225464 т/жылына құрайды.

01.08.2026ж. жағдайы бойынша тарифтер деңгейі

06.10.2026

01.08.2026ж. жағдайы бойынша тарифтер деңгейі

01.05.2026ж. жағдайы бойынша тарифтер деңгейі

06.10.2026

01.05.2026ж. жағдайы бойынша тарифтер деңгейі

«Ақжар Хром» ЖШС ИБ 2025 жылға орындалуы туралы есебі

06.10.2026

«Ақжар Хром» ЖШС ИБ 2025 жылға орындалуы туралы есебі

ХАТТАМА «Золотой Дракон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өтінімі бойынша жария тыңдаулар

06.10.2026

ХАТТАМА «Золотой Дракон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өтінімі бойынша жария тыңдаулар

«Жолымбет кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

06.10.2026

БЕКІТІЛДІ Ақмола облысы Шортанды ауданы Жолымбет кенті әкімінің Н. Зорький_____ 2026 жылғы «____» _____ № _____ өкімімен «Жолымбет кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіңСыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты 1-тарау. Жалпы ережелер 1. Шортанды ауданы «Жолымбет кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді. Шортанды ауданы «Жолымбет кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі — Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған негізгі мінез-құлық қағидаларын белгілейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты — сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және жолын кесу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қағидатын қалыптастыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі міндеттері: 1. Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру; 2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу; 3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды уақтылы анықтау және олардың алдын алу; 4. Қызметкерлердің құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің деңгейін арттыру; 5. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету; 6. Басқарушылық және өзге де шешімдерді қабылдау кезінде ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз ету. 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт: 1. Ұйым өз функцияларын жүзеге асыру барысында, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында қолданады; 2. Мемлекеттік мекемеде қызмет атқаратын тұлғалар өз лауазымдық өкілеттіктері аясында қолданады; 3. Қызметтік қызметті жүзеге асыру, басқарушылық шешімдерді дайындаужәне қабылдау, жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ескеріледі; 4. Қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ішкі құжаттардың талаптарын сақтауға міндетті. Белгіленген талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес туындайды. 2-тарау. Қызметкерлердің тәртіп пен мінез-құлық негізгі ережелері 3. Қызметкерлер өз қызметінде: 1. Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады; 2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермейді; 3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтайды; 4. Заңдылық, әділдік, адалдық, объективтілік және бейтараптық қағидаттарын сақтайды; 5. Жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтайды, жеке және заңды тұлғалармен, сондай-ақ әріптестерімен өзара қарым-қатынаста сыпайылық, әдептілік және құрмет танытады; 6. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтыншешімдерді қабылдаудың ашықтығы мен обьективтілігін қамтамасыз етеді; 7. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға кедергі келтіретін әрекеттерге немесе әрекетсіздікке жол бермейді; 8. Басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға көндірмейді; 9. Лауазымдық жағдайын және онымен байланысты мүмкіндіктерді жеке, мүліктік немесе мүліктік емес мүдделері үшін пайдаланбайды; 10. Қызметтік және таралуы шектелген өзге де ақпаратты мүліктік немесе мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу үшін пайдаланбайды; 11. Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты сыйақыларды, сыйлықтарды, көрсетілетін қызметтерді немесе өзге де игіліктерді қабылдамайды; 12. Лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жекелеген жеке және заңды тұлғаларға артықшылық бермейді; 13. Дөрекілікке, біржақтылыққа, негізсіз бюрократтыққа және сөзбұйдаға салуға жол бермейді; 14. Азаматтардың, заңды тұлғалар өкілдерінің және басқа да қызметкерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді; 15. Жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде ұйымдардың, басқа қызметкерлер мен өзге де тұлғалардың қызметіне заңсыз әсер ету мақсатында өз қызметтік жағдайын пайдаланбайды; 16. Көрінеу шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпайды; 17. Жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен ақпарат береді; 18. Негізді сын айтқаны үшін адамдарды құдалауға жол бермейді және кемшіліктерді жою және жұмыстың тиімділігін арттыру үшін сындарлы сынды пайдаланады; 19. Құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің жоғары деңгейін қолдайды, сондай-ақ оны қызметкерлер арасында қалыптастыруға ықпал етеді; 20. Мемлекеттік органның мүдделеріне қайшы келетін және жекелеген тұлғаларға кәсіпкерлік қызметті немесе табыс табуға байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруда жәрдем көрсетуге бағытталған әрекеттер жасамайды; 21. Жеке пайда алу мақсатында қызметтік өкілеттіктерді пайдалануға жол бермейді; 22. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің және қызметтік мінез-құлыққа қойылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарын тиісті қызметкерлерге қолданылатын бөлігінде сақтайды. 3-тарау. Басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезіндегі қағидалар 4. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді әзірлеу мен қабылдау кезінде қызметкерлер: 1. Функцияларын тек өздеріне берілген лауазымдық өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады; 2. Қабылданатын шешімдердің заңдылығын, негізділігін, обьективтілігін және ашықтығын қамтамасыз етеді; 3. Заңды негіздер болмаған кезде жекелеген жеке немесе заңды тұлғалардың мүддесі үшін шешімдер қабылдауға жол бермейді; 4. Жеке және заңды тұлғаларға артықшылық бермейді және олардың ықпалына тәуелді болуға жол бермейді; 5. Өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіру фактілері туралы тікелей басшысына дереу хабарлайды; 6. Мүдделер қақтығысы немесе лауазымдық Міндеттерді обьективті

орындауға ықпал етуі мүмкін жеке мүдделілігі туындаған жағдайда тікелей басшысына хабарлайды; 7. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды; 8. Тікелей басшыда мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда жоғары тұрған басшылыққа жүгінеді; 9. Лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты заңсыз сыйақы, сыйлық немесе өзге де артықшылық беру туралы ұсыныстар алған жағдайда басшылыққа дереу хабарлайды; 10. Алынған тапсырманың заңдылығына күмән туындаған кезде белгіленген тәртіппен бұл туралы тікелей басшысына дереу хабарлайды; I1. Мүліктік немесе өзге де жеке пайда алу мақсатында әріптестеріне, басшыларына және өзге де лауазымды адамдарға қызметтік емес қызметтер көрсетпейді; 12. Бағынысты қызметкерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі және негізсіз бөлінбеуіне жол бермейді; 13. Бағынысты қызметкерлердің міндеттерін, құқықтарын, жауапкершілігін және өкілеттіктерінің көлемін нақты айқындайды; 14. Қызметкерлердің қызмет нәтижелерін бағалау, көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану кезінде обьективтілік пен әділдікті қамтамасыз етеді; 15. Бағынысты қызметкерлердің қызметтік міндеттерін орындауына байланысты емес мәселелерді шешу кезінде оларға заңсыз ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбайды; 16. Шешімдердің жеке мүдделіліктің ықпалымен қабылдануына жол бермейді. 4-тарау. Ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеу ережелері 5. Ішкі нормативтік және өзге де құжаттардың жобаларын әзірлеу кезінде: 1. Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері ескеріледі; 2. Құжаттар жобаларының Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестігі қамтамасыз етіледі; 3. Басқа құрылымдық бөлімшелердің қызметіне қатысты құжаттардың жобалары белгіленген тәртіппен тиісті құрылымдық бөлімшелермен келісіледі; 4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына жағдай жасайтын ережелерді енгізуге жол берілмейді; 5. Заңнамада көзделген негіздерсіз жеке немесе заңды тұлғалардың мүддесі үшін нормалар мен шешімдер қабылдауға жол берілмейді; 6. Құжаттардың тұжырымдарының еркін түсіндірілу мүмкіндігін болдырмайтын олардың анықтығы, айқындылығы және бір мағыналылығы қамтамасыз етіледі; 7. Құжаттарды әзірлеу кезінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріескеріледі және оларды барынша азайту жөнінде шаралар қабылданады. 5-тарау. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі қағидалар 6. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өз құзыреті шегінде қызметкерлер: 1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын басшылыққа алады; 2. Бюджет қаражатының ұтымды және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді; 3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуға қатысуы үшін тең жағдайлар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді; 4. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығын, айқындығын және объективтілігін қамтамасыз етеді; 5. Бәсекелестікті шектейтін негізсіз талаптарды белгілеуге жол бермейді; 6. Жекелеген әлеуетті өнім берушілерге негізсіз артықшылықтар беруге жол бермейді; 7. Жеке мүдделері үшін немесе жекелеген жеке немесе заңды тұлғалардың мүддесі үшін мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне араласуға жол бермейді; 8. Мемлекеттік сатып алуды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу кезінде мүдделер қақтығысына жол бермейді; 9. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда бұл туралы уақтылы хабарлайды және оны реттеу жөнінде шаралар қабылдайды; 10. Әлеуетті өнім берушілердің қатысуына Қазақстан Республикасының заңнамасында шектеу қойылған немесе тыйым салынған жағдайларда олардың қатысуына жол бермейді; 11. Мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді, оның ішінде атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелердің болуы және әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілуіне байланысты шектеулерді ескереді; 12. Мемлекеттік сатып алуды жүргізуге байланысты алынған қызметтік ақпаратты жеке мақсаттарда немесе жекелеген әлеуетті өнім берушілердің мүддесі үшін пайдаланбайды; 13. Мемлекеттік сатып алу процесіндегі шешімдер мен әрекеттердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құжатталуын қамтамасыз етеді. 6-тарау. Қызмет барысында туындайтын өзге де жағдайлардағы мінез-құлық қағидалары 7. Жеке және заңды тұлғалармен, мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және мекеме қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде: 1. Өтініштер мен сұрау салуларды қабылдаудан негізсіз бас тартуға жол берілмейді; 2. Өтініштерді қарау мерзімдерін созуға және негізсіз кешіктіруге жол берілмейді; 3. Өз құзыреті шегінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметкерлер дұрыс әрі толық ақпарат береді; 4. Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау және қорғау қамтамасыз етіледі; 5. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралады; 6. Дөрекілікке, адамның қадір-қасиетін кемсітуге, әдепсіздікке және әдеп нормаларына сәйкес келмейтін мінез-құлыққа жол берілмейді; 7. Жеке мүліктік немесе мүліктік емес пайда алу үшін лауазымдық өкілеттіктерді пайдалануға жол берілмейді; 8. Кадрларды іріктеу және орналастыру кезінде туыстық, жерлестік, жеке берілгендік және өзге де қызметтік емес белгілер бойынша іріктеуге жол берілмейді; 9. Кадрларды іріктеу және орналастыру кезінде кәсібилік, құзыреттілік және меритократия қағидаттарының сақталуы қамтамасыз етіледі; 10. Орындалуы анық мүмкін емес, қызметкердің лауазымдық міндеттеріне жатпайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін тапсырмаларды беруге жол берілмейді; 11. Қызметкерлерді қызметтік міндеттерін орындауға байланысты емес тапсырмалар мен жұмыстарды орындауға тартуға жол берілмейді; 12. Қызметкерлерге өздеріне бағынысты қызметкерлермен немесе қызметтік тәуелділіктегі адамдармен мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатысуға жол берілмейді; 13. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің және қызметтік мінез құлықты реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптары сақталады; 14. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы қызметкерлер дереу басшылыққа хабарлайды; 15. Тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға жол берілмейді; 16. Басшылардың заңды тапсырмалары, сондай-ақ уәкілетті лауазымды тұлғалардың өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде шығарған бұйрықтары мен өкімдері орындалады; 17. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметкерлердің жеке өмірі, ар-намысы мен қадір-қасиеті туралы мәліметтер жария етілмейді; 18. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де шектеулермен тыйымдар сақталады. 7-тарау. Мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу 8. Мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу мақсатында қызметкерлер: 1. Жеке мүдделері мен лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауы арасында мүдделер қақтығысының туындауына жол бермейді; 2. Мүдделер қақтығысы туындаған немесе оның туындауына әкеп соғуы мүмкін мән-жайлар пайда болған кезде бұл туралы тікелей басшысына уақтылы хабарлайды; 3. Заңнамада өзгеше көзделмесе, жеке мүдделілігі бар мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға қатыспайды; 4. Мүдделер қақтығысының туындау себептері мен жағдайларын жою жөнінде шаралар қабылдайды; 5. Тікелей басшыда мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда жоғары тұрған басшылыққа хабарлайды. 8-тарау. Сыбайлас жемқорлық көріністері туралы хабарлау 1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың жасалғаны немесе жасалуы мүмкін екені, заңсыз сыйақы алуға көндіру фактілері, сондай-ақ лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты сыйлық немесе өзге де пайда ұсынылғаны туралы білген қызметкер бұл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дереу өзінің тікелей басшысына және (немесе) тиісті мемлекеттік органдарға хабарлауға міндетті. 2. Қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен сыбайлас жемқорлықтың ықтимал көріністері туралы адал ниетпен хабарлағаны немесе сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған іс-шараларға қатысқаны үшін қудалауға ұшырамауға тиіс. 9-тарау. Қорытынды ережелер 1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін орындауы және берілген өкілеттіктері шегінде қызметті жүзеге асыруы кезінде сақталады. 2. Басшы қызметкерлерді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен таныстыруды және оны іске асыру жөніндегі шаралардың қабылдануын қамтамасыз етеді. 3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуын бақылауды Шортанды ауданы «Жолымбет кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі әкімі өзіне берілген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

«Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

06.10.2026

_____
_____
_____
_____
_____

АТБАСАР АУДАНЫНЫҢ «МӘДЕНИЕТ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ КУЛЬТУРЫ, ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА АТБАСАРСКОГО РАЙОНА» БҰЙРЫҚ ПРИКАЗ Атбасар қ. № 49 «5» қазан 2026 ж. «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту туралы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, БҰЙЫРАМЫН: «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілсін. «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапты лауазымды тұлғасы осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты Атбасар ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында орналастырсын. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Басшы Ә.Серікпаев АТБАСАР АУДАНЫНЫҢ «МӘДЕНИЕТ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ КУЛЬТУРЫ, ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА АТБАСАРСКОГО РАЙОНА» БҰЙРЫҚ ПРИКАЗ г. Атбасар № 49 «5» октября 2026 г. Об утверждении антикоррупционного стандарта ГУ «Отдел культуры, физической культуры и спорта Атбасарского района» В соответствии с Законами Республики Казахстан

«О противодействии коррупции», «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Методическими рекомендациями по формированию антикоррупционных стандартов, утвержденными приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции от 31 декабря 2024 года № 285, ПРИКАЗЫВАЮ: Утвердить антикоррупционный стандарт Отдел культуры, физической культуры и спорта Атбасарского района. Ответственному должностному лицу Государственного учреждения «Отдел культуры, физической культуры и спорта Атбасарского района» обеспечить размещение настоящего антикоррупционного стандарта на официальном интернет-ресурсе акимата Атбасарского района. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой. Настоящий приказ вводится в действие со дня его подписания. Руководитель А.Серикпаев «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ 2026 жылғы «5» қазан № 49 бұйрығымен БЕКІТІЛДІ «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты. 1-тарау. Жалпы ережелер 1.1. «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі — Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасына сәйкес әзірленді және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, мүдделер қақтығысын болдырмауға және реттеуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі — Бөлімі) қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуге бағытталған. 1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Бөлімінің өз функцияларын жүзеге асыруы кезінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған ұсынымдар мен мінез-құлық қағидаларының жүйесі болып табылады. 1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Бөлімінің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлеріне олардың құқықтық мәртебесін, лауазымдық міндеттерін және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып қолданылады. 1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабын және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Бөлімінің өз функцияларын жүзеге асыруы кезінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған ұсынымдар мен мінез-құлық қағидаларының жүйесі болып табылады. 1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Бөлімінің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлеріне олардың құқықтық мәртебесін, лауазымдық міндеттерін және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып қолданылады. 1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабын және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Бөлімінің өз функцияларын жүзеге асыруы кезінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған ұсынымдар мен мінез-құлық қағидаларының жүйесі болып табылады. 1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі бағыттары: сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, талдау және барынша азайту; мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу; қаржылық бақылау шаралары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру; ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету; персоналды басқару саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; мемлекеттік сатып алулар саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; қызметтік әдепті сақтау; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлайтын адамдарды қорғауды қамтамасыз ету; азаматтардың мемлекеттік орган қызметіне деген сенімін арттыру. 1.6. Негізгі қағидаттар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі қағидаттары: заңдылық; азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы; адалдық; объективтілік; бейтараптық; жариялылық пен ашықтық; есептілік; мүдделер қақтығысына жол бермеу; алдын алу шараларының басымдығы; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жазаның бұлтартпастығы; азаматтардың құқықтарын құрметтеу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау. 1.7. Негізгі ұғымдар Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ұғымдар пайдаланылады. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар қолданылады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт — қоғамдық қатынастардың тиісті саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі; сыбайлас жемқорлық тәуекелі — сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі; мүдделер қақтығысы — адамның жеке мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте жеке мүдделер лауазымдық міндеттерін орындамауға және (немесе) тиісінше орындамауға алып келуі мүмкін; жеке мүдделілік — адамның өзі немесе онымен байланысты адамдар үшін мүліктік не өзге де пайда мен артықшылықтар алуға мүдделілігі; сыйлық — өтеусіз берілетін ақша немесе өзге де мүлік, артықшылықтар, жеңілдіктер, қызметтер және өзге де игіліктер; сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін карталау — сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, талдау, бағалау және олардың алдын алу мен жою жөніндегі шараларды айқындау процесі; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет — сыбайлас жемқорлықты қабылдамауға бағытталған құндылықтар, білім және мінез-құлық модельдерінің жүйесі; қоғамдық бақылау — Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және нысандарда қоғамдық бақылау субъектілерінің жүзеге асыратын қызметі. 2-тарау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін карталау және барынша азайту 2.1. Жалпы ережелер 2.1.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін карталау Бөлімі қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. 2.1.2. Карталау функцияларды, өкілеттіктерді, ішкі процестерді, ұйымдық құрылымды, лауазымдық міндеттерді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатуы мүмкін өзге де факторларды талдау арқылы жүзеге асырылады. 2.1.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған кезде олардың деңгейі айқындалады және оларды жою немесе барынша азайту жөніндегі іс-шаралар әзірленеді. 2.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау 2.2.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау жүйелі түрде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде жүзеге асырылады. 2.2.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау кезінде мыналар ескеріледі: сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері; жеке және заңды тұлғалардың өтініштері; тексерулердің нәтижелері; аудит нәтижелері; анықталған бұзушылықтар туралы мәліметтер; мүдделер қақтығыстары туралы ақпарат; ашық дереккөздердегі мәліметтер; заңнамадағы өзгерістер; Бөлімінің құрылымы мен функцияларындағы өзгерістер; Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер. 2.2.3. Мына процестер ерекше талдауға жатады: бюджет қаражатын басқару; мемлекеттік сатып алулар; мемлекеттік мүлікті басқару; мемлекеттік қызметтер көрсету; азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау; кадрлық қамтамасыз ету; басқарушылық шешімдер қабылдау; құзырет шегінде рұқсаттар, келісулер және өзге де құжаттарды беру; бақылау іс-шаралары; азаматтармен, кәсіпкерлермен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау. 2.3. Тәуекелдерді бағалау және барынша азайту 2.3.1. Анықталған әрбір сыбайлас жемқорлық тәуекелі бойынша мыналар айқындалады: туындау себептері; ықтимал салдарлары; тәуекелге бейім лауазымдар немесе процестер; тәуекел деңгейі; оны жою немесе барынша азайту жөніндегі шаралар; жауапты адамдар; орындау мерзімдері. 2.3.2. Карталау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы және қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары қалыптастырылады. 2.3.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы Қазақстан Республикасының заңнамасы, Бөлімінің құрылымы, функциялары, лауазымдық міндеттері өзгерген кезде немесе жаңа сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жағдайда өзектендіріледі. 2.3.4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шараларды іске асыру туралы ақпарат дербес деректер, мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды сақтау талаптарын ескере отырып, ресми ақпараттық ресурстарда орналастырылуы мүмкін. 3-тарау. Мүдделер қақтығысының алдын алу 3.1. Жалпы талаптар 3.1.1. Бөлімінің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлері мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті. 3.1.2. Мемлекеттік қызметші немесе жұмыскер мүдделер қақтығысы туындаған немесе оның туындау мүмкіндігі болған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің тікелей басшысына дереу хабарлауға міндетті. 3.1.3. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда мемлекеттік қызметшінің немесе жұмыскердің шешім қабылдауға қатысуына жол берілмейді. 3.1.4. Мемлекеттік қызметші немесе жұмыскер жеке мүдделілігі қабылданатын шешімнің объективтілігіне әсер етуі мүмкін болған жағдайларда ол туралы хабарлауға міндетті. 3.2. Негізгі шектеулер 3.2.1. Мемлекеттік қызметшілерге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қолданылатын өзге де адамдарға лауазымдық жағдайын: жеке мүдделеріне; жақын туыстарының мүдделеріне; жұбайының (зайыбының) мүдделеріне; жекжаттарының мүдделеріне; жеке мүдделілігі бар өзге де адамдардың мүдделеріне пайдалануға тыйым салынады. 3.2.2. Қызметтік ақпаратты жеке мақсаттарда пайдалануға немесе оны тарату заңнамамен шектелген жағдайда үшінші тұлғаларға беруге жол берілмейді. 3.2.3. Мүдделер қақтығысы болған кезде кадрлық, сатып алу, қаржылық және өзге де рәсімдерге қатысуға жол берілмейді. 3.3. Мүдделер қақтығысын реттеу 3.3.1. Мүдделер қақтығысы туралы ақпарат алынған кезде тікелей басшы оның алдын алу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды. 3.3.2. Жағдайларға қарай мынадай шаралар қолданылуы мүмкін: адамды тиісті шешім қабылдауға қатысудан шеттету; тиісті функцияларды басқа адамға жүктеу; лауазымдық міндеттер шеңберін өзгерту; комиссия құрамын өзгерту; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шаралар. 3.3.3. Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шешімдер құжатталуға жатады. 3.3.4. Әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болған кезде ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдарға беріледі. 4-тарау. Сыйлықтар, сыйақылар және қонақжайлылық 4.1. Заңсыз сыйақыға жол бермеу 4.1.1. Бөлімінің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлеріне лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты қандай да бір әрекеттерді жасау немесе жасамау үшін ақша қаражатын, сыйлықтарды, қызметтерді, жеңілдіктерді және өзге де пайдаларды алуға тыйым салынады. 4.1.2. Мынадай әрекеттер үшін сыйақы алуға жол берілмейді: құжаттарды қарауды жеделдету; оң шешім қабылдау; заңда көзделген шараларды қолданбау; артықшылықтар беру; қамқорлық жасау; мемлекеттік қызметтерді алуға жәрдемдесу; мемлекеттік шарттарды жасасуға жәрдемдесу; лауазымдық өкілеттіктерге байланысты өзге де әрекеттер жасау. 4.1.3. Бөлімі жұмыскерлері заңсыз сыйақы алу туралы әсер туғызуы мүмкін жағдайларды болдырмауға тиіс. 4.1.4. Заңнамада көзделген жағдайларда келіп түскен сыйлықтарды беру, есепке алу, сақтау және одан әрі пайдалану мәселелері мемлекеттік мүлік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан

Республикасының заңнамасымен реттеледі. 4.1.5. Мемлекеттік қызметшінің қызметтік өкілеттіктеріне кіретін немесе оның лауазымдық жағдайына байланысты олардың жасалуына ықпал етуі мүмкін әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін сыйлық берушінің пайдасына сыйлық беруге жол берілмейді. 5-тарау. Қаржылық бақылау шаралары 5.1. Декларациялау 5.1.1. Декларациялау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары қолданылатын мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдар заңнамада көзделген декларацияларды уақтылы ұсынуға міндетті. 5.1.2. Бөлімінің жауапты жұмыскерлері тиісті міндет қолданылатын адамдарға декларациялау туралы заңнаманың талаптарын түсіндіруді қамтамасыз етеді. 5.1.3. Мыналарға жол берілмейді: көрінеу анық емес мәліметтер ұсыну; декларациялауға жататын мәліметтерді жасыру; басқа адамдардың декларацияларының мазмұнына араласу; декларация мәліметтерін жеке мақсаттарда пайдалану. 5.1.4. Декларациялау жөніндегі міндеттерді орындауға байланысты алынған мәліметтер заңнамада көзделген мақсаттарда ғана пайдаланылады. 5.1.5. Кірістер, мүлік және өзге де дербес деректер туралы мәліметтермен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының сақталуы қамтамасыз етіледі. 5.2. Мемлекеттік мүлікті пайдалану 5.2.1. Мемлекеттік мүлік, бюджет қаражаты, қызметтік көлік, байланыс құралдары, компьютерлік техника және өзге де мүлік, егер заңнамада өзгеше көзделмесе, тек қызметтік мақсаттарда пайдаланылады. 5.2.2. Жеке пайда алу үшін мемлекеттік мүлікті пайдалануға жол берілмейді. 5.2.3. Жұмыскерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мүліктің сақталуына жауапты болады. 6-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру 6.1. Негізгі бағыттар 6.1.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мынадай жолдармен жүзеге асырылады: оқыту; семинарлар; түсіндіру жұмыстары; ақпараттық материалдар; практикалық жағдайларды қарау; тестілеу; жұмыскерлерге консультация беру; құқықтық сауаттылықты арттыру жөніндегі іс-шараларды өткізу. 6.1.2. Оқытудың негізгі тақырыптары: сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер; мүдделер қақтығысы; сыйлықтар мен сыйақылар; мемлекеттік сатып алулар; қызметтік әдеп; қаржылық бақылау; өтініштерді қарау; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлайтын адамдарды қорғау; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауаптылық. 6.1.3. Оқытуды кемінде жарты жылда бір рет өткізу ұсынылады. 6.1.4. Оқыту нәтижелері бойынша тестілеу жүргізілуі мүмкін. 6.1.5. Оқыту және тестілеу нәтижелері одан әрі түсіндіру жұмыстарын жоспарлау кезінде ескерілуі мүмкін. 7-тарау. Есептілік және ашықтық 7.1. Ақпаратқа қол жеткізу 7.1.1. Бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде өз қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етеді. 7.1.2. Бөлімі қызметі туралы ақпарат заңнама талаптарына сәйкес ресми ақпараттық ресурстарда орналастырылады. 7.1.3. Азаматтардың ақпаратқа қол жеткізуін негізсіз шектеуге жол берілмейді. 7.1.4. Ақпарат беру кезінде: мемлекеттік құпиялар; дербес деректер және оларды қорғау; ақпаратқа қол жеткізу; заңмен қорғалатын өзге де құпиялар туралы заңнаманың сақталуы қамтамасыз етіледі. 7.2. Өтініштермен жұмыс 7.2.1. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері объективті, бейтарап түрде және заңнамада белгіленген мерзімдерде қаралады. 7.2.2. Жекелеген өтініш берушілерге артықшылық беруге жол берілмейді. 7.2.3. Азаматтардан заңнамада көзделмеген құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді. 7.2.4. Өтінішті қарауға жеке мүдделілігі бар жұмыскер бұл туралы басшыға хабарлауға міндетті. 7.2.5. Азаматтардың өтініш беру тәртібі туралы ақпарат халық үшін қолжетімді болуы тиіс. 8-тарау. Қоғамдық бақылау 8.1. Азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл 8.1.1. Бөлімі азаматтармен, қоғамдық бірлестіктермен және азаматтық қоғамның өзге де институттарымен Қазақстан Республикасының заңнамасы шегінде өзара іс-қимыл жасайды. 8.1.2. Қоғамдық бақылауды жүргізу кезінде заңнама талаптарының сақталуы қамтамасыз етіледі. 8.1.3. Қоғамдық бақылау субъектілерінің заңды қызметіне кедергі келтіруге жол берілмейді. 8.1.4. Азаматтар мен жұртшылық өкілдерінің ұсыныстары мен ескертулері белгіленген тәртіппен қаралады. 8.1.5. Шешімдер қабылдау кезінде азаматтар мен жұртшылықтың негізделген ұсыныстары ескеріледі. 9-тарау. Персоналды басқару саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу 9.1. Кадрлық рәсімдер 9.1.1. Кадрлық шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасы, біліктілік талаптары, жұмыскерлердің кәсіби және іскерлік қасиеттері негізінде қабылданады. 9.1.2. Мыналарға жол берілмейді: фаворитизм; протекционизм; жеке қатынастар негізінде қызмет бабында жоғарылату; негізсіз артықшылықтар беру; конкурстық рәсімдерге араласу; конкурстық комиссия мүшелеріне қысым жасау; лауазымдық жағдайды жеке мақсаттарда пайдалану. 9.1.3. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда жұмыскер тиісті кадрлық рәсімге қатыспайды. 9.1.4. Кадрлық шешімдер объективті, уәжді және құжатталған болуы тиіс. 10-тарау. Мемлекеттік сатып алулар саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу 10.1. Жалпы ережелер 10.1.1. Бөлімінің мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. 10.1.2. Негізгі нормативтік құқықтық акт — Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңы. Заң жаңартылған редакцияда қолданылады; «Әділет» ресми ресурсында соңғы өзгеріс енгізілген күн ретінде 2026 жылғы 14 шілде көрсетілген. 10.1.3. Мемлекеттік сатып алулар мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады: бюджет қаражатын тиімді және оңтайлы жұмсау; әлеуетті өнім берушілердің мүмкіндіктер теңдігі; адал бәсекелестік; ашықтық және жариялылық; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол бермеу; мүдделер қақтығысының алдын алу. 10.1.4. Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген қолданыстағы Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары да қолданылады. 10.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу 10.2.1. Мемлекеттік сатып алуды жоспарлауға, ұйымдастыруға, өткізуге және орындауға қатысатын жұмыскерлерге: жекелеген өнім берушілерге негізсіз артықшылықтар жасауға; кемсітушілік талаптар белгілеуге; бәсекелестікті шектеуге; жекелеген өнім берушілердің мүддесі үшін ақпаратты жария етуге; белгілі бір өнім берушіге жәрдемдесу үшін лауазымдық жағдайын пайдалануға; мүдделер қақтығысы болған кезде сатып алуға қатысуға; сапасы тиісті талаптарға сәйкес келмейтін тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдауға; міндеттемелердің нақты орындалуынсыз құжаттарға қол қоюға тыйым салынады. 10.2.2. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда жұмыскер тікелей басшысына хабарлауға және тиісті сатып алу рәсіміне қатыспауға міндетті. 10.2.3. Сатып алуды жоспарлау кезінде заңнамада тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, нақты өнім берушіге немесе нақты тауар белгісіне сәйкестендіріп техникалық ерекшеліктерді қалыптастыруға жол берілмейді. 10.2.4. Сатып алу тәсілін қолдану заңнама талаптарына сәйкес келуге тиіс. 10.2.5. Бір көзден алу тәсілі заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана қолданылады. 10.2.6. Заңнама талаптарын айналып өту мақсатында сатып алуды жасанды түрде бөлшектеуге жол берілмейді. 10.3. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қабылдау 10.3.1. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қабылдау кезінде мыналарды тексеру қажет: санының сәйкестігін; сапасын; техникалық ерекшелікке сәйкестігін; шарт талаптарына сәйкестігін; жұмыстардың нақты орындалуын; растайтын құжаттардың болуын. 10.3.2. Өнім берушінің міндеттемелері нақты орындалмаған кезде қабылдау құжаттарына қол қоюға жол берілмейді. 10.3.3. Өнім берушінің міндеттемелерін тиісінше орындамағаны анықталған жағдайда заңнамада және шартта көзделген шаралар қабылданады. 11-тарау. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы хабарлайтын адамдарды қорғау 11.1. Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлау 11.1.1. Дайындалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы білген мемлекеттік қызметшілер мен Бөлімі жұмыскерлері бұл туралы уәкілетті органдарға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілмен хабарлауға құқылы. 11.1.2. Бөліміне сыбайлас жемқорлық көріністері туралы хабарламаларды жіберу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. 11.1.3. Хабарламалар заңнама талаптары сақтала отырып қаралады. 11.1.4. Ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы адал ниетпен хабарлаған адамды қудалауға жол берілмейді. 11.1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарға заңнамада көзделген өзге де қорғау шаралары беріледі. 11.1.6. Өтініш берушінің жеке басы және хабарламаның мазмұны туралы мәліметтер заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, жария етуге жатпайды. 12-тарау. Жауапкершілік 12.1. Жұмыскерлердің жауапкершілігі 12.1.1. Бөлімінің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген өзге де жауапкершілік шаралары қолданылуы мүмкін. 12.1.3. Жұмыскердің әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы белгілерінің болуы заңнамада белгіленген тәртіппен шаралар қабылдауға негіз болып табылады. 12.1.4. Жауаптылыққа тартуды құзыретті органдар мен лауазымды адамдар берілген өкілеттіктері шегінде жүзеге асырады. 13-тарау. Қорытынды ережелер 13.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты іске асыру 13.1.1. Бөлімінің басшылығы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. 13.1.2. Жауапты лауазымды адамдар: түсіндіру жұмыстарын жүргізуді; сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға қатысуды; іс-шаралардың орындалуын мониторингтеуді; жұмыскерлерге консультация беруді; ықтимал сыбайлас жемқорлық көріністері туралы ақпаратты қарауды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауды қамтамасыз етеді. 13.1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының заңнамасы, Бөлімінің құрылымы, оның функциялары, өкілеттіктері өзгерген кезде немесе жаңа сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындаған жағдайда қайта қаралуға және өзектендірілуге жатады. 13.1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын алмастырмайды және шектемейді. 13.1.5. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасы нормалары қолданылады. Қосымша «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына Мүдделер қақтығысының үлгілік жағдайлары және олардың алдын алу мен реттеу жөніндегі шаралар № 1 жағдай. Туысқанына

қатысты кадрлық шешім Мемлекеттік қызметші жақын туысына, жұбайына (зайыбына), жекжатына немесе жеке мүдделілігі бар өзге де адамға қатысты кадрлық шешім қабылдауға қатысады. Шаралар Мемлекеттік қызметші: жеке мүдделілігінің бар екендігі туралы тікелей басшысына хабарлауға; тиісті кадрлық шешімді қабылдауға қатыспауға; оның қатысуы мүдделер қақтығысын туындатқан жағдайда тиісті комиссияның жұмысына қатыспауға; мәселені белгіленген тәртіппен басқа адамға қарауға беруге тиіс. № 2 жағдай. Туыстардың тікелей бағыныстылығы Кадрлық шешім нәтижесінде жақын туыстар, ерлі-зайыптылар немесе жекжаттар заңнамада тыйым салынған жағдайда тікелей қызметтік бағыныстылық қатынастарында болып қалады. Шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес туындаған бұзушылықты жою жөнінде, оның ішінде қызметтік бағыныстылықты немесе лауазымдық міндеттерді өзгерту арқылы шаралар қабылдау қажет. № 3 жағдай. Туысына байланысты сатып алуға қатысу Мемлекеттік қызметші әлеуетті өнім беруші ретінде оның туысы немесе жеке мүдделілігі бар өзге де адам болып табылатын сатып алуды жоспарлауға, ұйымдастыруға, өткізуге немесе қабылдауға қатысады. Шаралар Жұмыскер басшысына жазбаша түрде хабарлайды. Тиісті сатып алу рәсіміне қатыспайды. Қажет болған жағдайда комиссия немесе жұмыс тобы құрамынан ауыстырылады. Барлық шешімдерді мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаға сәйкес басқа уәкілетті адам қабылдайды. № 4 жағдай. Байланысты өнім берушіден тауарларды қабылдау Жұмыскер жеке мүдделілігімен байланысты өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдауды жүзеге асырады. Шаралар Жұмыскер: мүдделер қақтығысының бар екендігі туралы хабарлауға; қабылдауға қатысудан бас тартуға; қабылдау құжаттарына қол қоймауға; басқа жауапты адамды тағайындауды қамтамасыз етуге міндетті. № 5 жағдай. Қызметтік ақпаратты пайдалану Мемлекеттік қызметші лауазымдық міндеттерін орындау кезінде алған ақпаратты жеке мақсаттарда пайдаланады немесе оны мүдделі адамдарға береді. Шаралар Ақпаратты пайдалануды немесе таратуды тоқтату. Жағдайлардың мән-жайларын тексеру. Негіздер болған жағдайда жауапкершілік шараларын қабылдау. Құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда тиісті материалдарды құзыретті органдарға беру. № 6 жағдай. Байланысты адамға қатысты тексеру жүргізу Жұмыскерге оның туысы немесе жеке мүдделілігі бар адам жұмыс істейтін ұйымға қатысты тексеру жүргізу тапсырылды. Шаралар Жұмыскер басшысына хабарлауға және тексеру жүргізуге қатыспауға тиіс. Басшы тиісті негіздер болған жағдайда басқа жұмыскерді тағайындауы тиіс. № 7 жағдай. Қызметтік тергеп-тексеруге қатысу Жұмыскер жеке жанжалы немесе тергеп-тексеру нәтижесіне байланысты жеке мүдделілігі бар адамға қатысты қызметтік тергеп-тексеруге қатыстырылды. Шаралар Басшыға хабарлау. Тергеп-тексеруге қатыспау. Қажет болған жағдайда басқа жұмыскерді тағайындау. Тергеп-тексерудің объективтілігі мен бейтараптығын қамтамасыз ету. № 8 жағдай. Сыйлық алу Жұмыскерге оның лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты сыйлық, ақшалай сыйақы немесе қызмет ұсынылады. Шаралар Жұмыскер заңсыз сыйақыдан бас тартуға міндетті. Жағдайларға байланысты сыйлықты алудан бас тарту мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес әрекет ету және тікелей басшысына дереу хабарлау қажет. № 9 жағдай. Азаматтың мемлекеттік қызмет көрсетуді жеделдету туралы өтініші Азамат жұмыскерге өтінішті қарауды жеделдеткені немесе артықшылық бергені үшін ақшалай сыйақы ұсынады. Шаралар Жұмыскер: сыйақыдан бас тартуға; қызмет көрсетудің заңда белгіленген тәртібін түсіндіруге; өтініш берушіге негізсіз артықшылықтар жасамауға; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының белгілері болған жағдайда тиісті уәкілетті органға хабарлауға міндетті. № 10 жағдай. Шешім қабылдау кезінде қысым көрсету Мемлекеттік қызметшіге белгілі бір азаматтың, ұйымның немесе өнім берушінің пайдасына шешім қабылдау мақсатында қысым көрсетіледі. Шаралар Жұмыскер: тек заңнаманы басшылыққа алуға; қысым көрсету мән-жайларын белгіленген тәртіппен тіркеуге; тікелей басшысына хабарлауға; құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда құзыретті органға хабарлауға тиіс. № 11 жағдай. Қызметтік көлікті пайдалану Жұмыскер қызметтік автокөлікті жеке сапарларға немесе қызметтік қызметке қатысы жоқ мүлікті тасымалдауға пайдаланады. Шаралар Заңнамада немесе тиісті қағидаларда тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметтік көлікті жеке мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді. Бұзушылық анықталған кезде заңнамаға сәйкес шаралар қабылданады. № 12 жағдай. Танысының жеке өтініші Мемлекеттік қызметші танысынан немесе туысынан өтініш алады және нәтижеге ықпал ету мүмкіндігі бола тұра оны өзі қарайды. Шаралар Жеке мүдделілік болған жағдайда мемлекеттік қызметші басшысына хабарлауға және өтінішті қарауға қатыспауға тиіс. № 13 жағдай. Сатып алу туралы ақпарат Жұмыскер сатып алу ресми жарияланғанға дейін әлеуетті өнім берушіге жоспарланып отырған сатып алу, техникалық талаптар немесе болжамды құны туралы ақпарат береді. Шаралар Жекелеген өнім берушіге негізсіз артықшылық беретін ақпаратты беруге жол берілмейді. Мұндай факт анықталған жағдайда тиісті тексеру жүргізіледі және негіздер болған кезде жауапкершілік шаралары қабылданады. № 14 жағдай. Жеке мүдделілік болған кезде өнім берушіні таңдауға қатысу Жұмыскер әлеуетті өнім берушілердің біреуімен таныс және дәл осы өнім берушінің жеңіске жетуіне мүдделі. Шаралар Жұмыскер жеке мүдделілігі туралы хабарлауға және тиісті шешімдер қабылдауға қатыспауға міндетті. № 15 жағдай. Лауазымдық жағдайды пайдалану Мемлекеттік қызметші жеке мәселесін немесе туысының мәселесін шешу үшін өзінің лауазымдық жағдайын пайдаланады. Шаралар Лауазымдық жағдайды жеке мүдделер үшін пайдалануға жол берілмейді. Бұзушылық анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылданады.

_____

_____

_____

_____

_____

АТБАСАР АУДАНЫНЫҢ «МӘДЕНИЕТ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ КУЛЬТУРЫ, ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА АТБАСАРСКОГО РАЙОНА» БҰЙРЫҚ ПРИКАЗ Атбасар қ. № 49 «5» қазан 2026 ж. «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту туралы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, БҰЙЫРАМЫН: «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілсін. «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапты лауазымды тұлғасы осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты Атбасар ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында орналастырсын. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Басшы Ә.Серікпаев АТБАСАР АУДАНЫНЫҢ «МӘДЕНИЕТ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ КУЛЬТУРЫ, ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА АТБАСАРСКОГО РАЙОНА» БҰЙРЫҚ ПРИКАЗ г. Атбасар № 49 «5» октября 2026 г. Об утверждении антикоррупционного стандарта ГУ «Отдел культуры, физической культуры и спорта Атбасарского района» В соответствии с Законами Республики Казахстан «О противодействии коррупции», «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Методическими рекомендациями по формированию антикоррупционных стандартов, утвержденными приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции от 31 декабря 2024 года № 285, ПРИКАЗЫВАЮ: Утвердить антикоррупционный стандарт Отдел культуры, физической культуры и спорта Атбасарского района. Ответственному должностному лицу Государственного учреждения «Отдел культуры, физической культуры и спорта Атбасарского района» обеспечить размещение настоящего антикоррупционного стандарта на официальном интернет-ресурсе акимата Атбасарского района. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой. Настоящий приказ вводится в действие со дня его подписания. Руководитель А.Серикпаев «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ 2026 жылғы «5» қазан № 49 бұйрығымен БЕКІТІЛДІ «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты. 1-тарау. Жалпы ережелер 1.1. «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі — Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасына сәйкес әзірленді және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, мүдделер қақтығысын болдырмауға және реттеуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі — Бөлімі) қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуге бағытталған. 1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Бөлімінің өз функцияларын жүзеге асыруы кезінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған ұсынымдар мен мінез-құлық қағидаларының жүйесі болып табылады. 1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Бөлімінің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлеріне олардың құқықтық мәртебесін, лауазымдық міндеттерін және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып қолданылады. 1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабын және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды ескере отырып әзірленді. 1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі бағыттары: сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, талдау және барынша азайту; мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу; қаржылық бақылау шаралары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру; ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету; персоналды басқару саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; мемлекеттік сатып алулар саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; қызметтік әдепті сақтау; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы

хабарлайтын адамдарды қорғауды қамтамасыз ету; азаматтардың мемлекеттік орган қызметіне деген сенімін арттыру. 1.6. Негізгі қағидаттар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі қағидаттары: заңдылық; азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы; адалдық; объективтілік; бейтараптық; жариялылық пен ашықтық; есептілік; мүдделер қақтығысына жол бермеу; алдын алу шараларының басымдығы; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жазаның бұлтартпастығы; азаматтардың құқықтарын құрметтеу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау. 1.7. Негізгі ұғымдар Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ұғымдар пайдаланылады. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар қолданылады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт — қоғамдық қатынастардың тиісті саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі; сыбайлас жемқорлық тәуекелі — сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі; мүдделер қақтығысы — адамның жеке мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте жеке мүдделер лауазымдық міндеттерін орындамауға және (немесе) тиісінше орындамауға алып келуі мүмкін; жеке мүдделілік — адамның өзі немесе онымен байланысты адамдар үшін мүліктік не өзге де пайда мен артықшылықтар алуға мүдделілігі; сыйлық — өтеусіз берілетін ақша немесе өзге де мүлік, артықшылықтар, жеңілдіктер, қызметтер және өзге де игіліктер; сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін карталау — сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, талдау, бағалау және олардың алдын алу мен жою жөніндегі шараларды айқындау процесі; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет — сыбайлас жемқорлықты қабылдамауға бағытталған құндылықтар, білім және мінез-құлық модельдерінің жүйесі; қоғамдық бақылау — Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және нысандарда қоғамдық бақылау субъектілерінің жүзеге асыратын қызметі. 2-тарау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін карталау және барынша азайту 2.1. Жалпы ережелер 2.1.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін карталау Бөлімі қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. 2.1.2. Карталау функцияларды, өкілеттіктерді, ішкі процестерді, ұйымдық құрылымды, лауазымдық міндеттерді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатуы мүмкін өзге де факторларды талдау арқылы жүзеге асырылады. 2.1.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған кезде олардың деңгейі айқындалады және оларды жою немесе барынша азайту жөніндегі іс-шаралар әзірленеді. 2.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау 2.2.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау жүйелі түрде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде жүзеге асырылады. 2.2.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау кезінде мыналар ескеріледі: сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері; жеке және заңды тұлғалардың өтініштері; тексерулердің нәтижелері; аудит нәтижелері; анықталған бұзушылықтар туралы мәліметтер; мүдделер қақтығыстары туралы ақпарат; ашық дереккөздердегі мәліметтер; заңнамадағы өзгерістер; Бөлімінің құрылымы мен функцияларындағы өзгерістер; Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер. 2.2.3. Мына процестер ерекше талдауға жатады: бюджет қаражатын басқару; мемлекеттік сатып алулар; мемлекеттік мүлікті басқару; мемлекеттік қызметтер көрсету; азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау; кадрлық қамтамасыз ету; басқарушылық шешімдер қабылдау; құзырет шегінде рұқсаттар, келісулер және өзге де құжаттарды беру; бақылау іс-шаралары; азаматтармен, кәсіпкерлермен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау. 2.3. Тәуекелдерді бағалау және барынша азайту 2.3.1. Анықталған әрбір сыбайлас жемқорлық тәуекелі бойынша мыналар айқындалады: туындау себептері; ықтимал салдарлары; тәуекелге бейім лауазымдар немесе процестер; тәуекел деңгейі; оны жою немесе барынша азайту жөніндегі шаралар; жауапты адамдар; орындау мерзімдері. 2.3.2. Карталау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы және қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары қалыптастырылады. 2.3.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы Қазақстан Республикасының заңнамасы, Бөлімінің құрылымы, функциялары, лауазымдық міндеттері өзгерген кезде немесе жаңа сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жағдайда өзектендіріледі. 2.3.4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шараларды іске асыру туралы ақпарат дербес деректер, мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды сақтау талаптарын ескере отырып, ресми ақпараттық ресурстарда орналастырылуы мүмкін. 3-тарау. Мүдделер қақтығысының алдын алу 3.1. Жалпы талаптар 3.1.1. Бөлімінің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлері мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті. 3.1.2. Мемлекеттік қызметші немесе жұмыскер мүдделер қақтығысы туындаған немесе оның туындау мүмкіндігі болған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің тікелей басшысына дереу хабарлауға міндетті. 3.1.3. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда мемлекеттік қызметшінің немесе жұмыскердің шешім қабылдауға қатысуына жол берілмейді. 3.1.4. Мемлекеттік қызметші немесе жұмыскер жеке мүдделілігі қабылданатын шешімнің объективтілігіне әсер етуі мүмкін болған жағдайларда ол туралы хабарлауға міндетті. 3.2. Негізгі шектеулер 3.2.1. Мемлекеттік қызметшілерге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қолданылатын өзге де адамдарға лауазымдық жағдайын: жеке мүдделеріне; жақын туыстарының мүдделеріне; жұбайының (зайыбының) мүдделеріне; жекжаттарының мүдделеріне; жеке мүдделілігі бар өзге де адамдардың мүдделеріне пайдалануға тыйым салынады. 3.2.2. Қызметтік ақпаратты жеке мақсаттарда пайдалануға немесе оны тарату заңнамамен шектелген жағдайда үшінші тұлғаларға беруге жол берілмейді. 3.2.3. Мүдделер қақтығысы болған кезде кадрлық, сатып алу, қаржылық және өзге де рәсімдерге қатысуға жол берілмейді. 3.3. Мүдделер қақтығысын реттеу 3.3.1. Мүдделер қақтығысы туралы ақпарат алынған кезде тікелей басшы оның алдын алу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды. 3.3.2. Жағдайларға қарай мынадай шаралар қолданылуы мүмкін: адамды тиісті шешім қабылдауға қатысудан шеттету; тиісті функцияларды басқа адамға жүктеу; лауазымдық міндеттер шеңберін өзгерту; комиссия құрамын өзгерту; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шаралар. 3.3.3. Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шешімдер құжатталуға жатады. 3.3.4. Әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болған кезде ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдарға беріледі. 4-тарау. Сыйлықтар, сыйақылар және қонақжайлылық 4.1. Заңсыз сыйақыға жол бермеу 4.1.1. Бөлімінің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлеріне лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты қандай да бір әрекеттерді жасау немесе жасамау үшін ақша қаражатын, сыйлықтарды, қызметтерді, жеңілдіктерді және өзге де пайдаларды алуға тыйым салынады. 4.1.2. Мынадай әрекеттер үшін сыйақы алуға жол берілмейді: құжаттарды қарауды жеделдету; оң шешім қабылдау; заңда көзделген шараларды қолданбау; артықшылықтар беру; қамқорлық жасау; мемлекеттік қызметтерді алуға жәрдемдесу; мемлекеттік шарттарды жасасуға жәрдемдесу; лауазымдық өкілеттіктерге байланысты өзге де әрекеттер жасау. 4.1.3. Бөлімі жұмыскерлері заңсыз сыйақы алу туралы әсер туғызуы мүмкін жағдайларды болдырмауға тиіс. 4.1.4. Заңнамада көзделген жағдайларда келіп түскен сыйлықтарды беру, есепке алу, сақтау және одан әрі пайдалану мәселелері мемлекеттік мүлік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. 4.1.5. Мемлекеттік қызметшінің қызметтік өкілеттіктеріне кіретін немесе оның лауазымдық жағдайына байланысты олардың жасалуына ықпал етуі мүмкін әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін сыйлық берушінің пайдасына сыйлық беруге жол берілмейді. 5-тарау. Қаржылық бақылау шаралары 5.1. Декларациялау 5.1.1. Декларациялау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары қолданылатын мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдар заңнамада көзделген декларацияларды уақтылы ұсынуға міндетті. 5.1.2. Бөлімінің жауапты жұмыскерлері тиісті міндет қолданылатын адамдарға декларациялау туралы заңнаманың талаптарын түсіндіруді қамтамасыз етеді. 5.1.3. Мыналарға жол берілмейді: көрінеу анық емес мәліметтер ұсыну; декларациялауға жататын мәліметтерді жасыру; басқа адамдардың декларацияларының мазмұнына араласу; декларация мәліметтерін жеке мақсаттарда пайдалану. 5.1.4. Декларациялау жөніндегі міндеттерді орындауға байланысты алынған мәліметтер заңнамада көзделген мақсаттарда ғана пайдаланылады. 5.1.5. Кірістер, мүлік және өзге де дербес деректер туралы мәліметтермен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының сақталуы қамтамасыз етіледі. 5.2. Мемлекеттік мүлікті пайдалану 5.2.1. Мемлекеттік мүлік, бюджет қаражаты, қызметтік көлік, байланыс құралдары, компьютерлік техника және өзге де мүлік, егер заңнамада өзгеше көзделмесе, тек қызметтік мақсаттарда пайдаланылады. 5.2.2. Жеке пайда алу үшін мемлекеттік мүлікті пайдалануға жол берілмейді. 5.2.3. Жұмыскерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мүліктің сақталуына жауапты болады. 6-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру 6.1. Негізгі бағыттар 6.1.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мынадай жолдармен жүзеге асырылады: оқыту; семинарлар; түсіндіру жұмыстары; ақпараттық материалдар; практикалық жағдайларды қарау; тестілеу; жұмыскерлерге консультация беру; құқықтық сауаттылықты арттыру жөніндегі іс-шараларды өткізу. 6.1.2. Оқытудың негізгі тақырыптары: сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер; мүдделер қақтығысы; сыйлықтар мен сыйақылар; мемлекеттік сатып алулар; қызметтік әдеп; қаржылық бақылау; өтініштерді қарау; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлайтын адамдарды қорғау; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауаптылық. 6.1.3. Оқытуды кемінде жарты жылда бір рет өткізу ұсынылады. 6.1.4. Оқыту нәтижелері бойынша тестілеу жүргізілуі мүмкін. 6.1.5. Оқыту және тестілеу нәтижелері одан әрі түсіндіру жұмыстарын жоспарлау кезінде ескерілуі мүмкін. 7-тарау. Есептілік және ашықтық 7.1. Ақпаратқа қол жеткізу 7.1.1. Бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде өз қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етеді. 7.1.2. Бөлімі қызметі туралы ақпарат заңнама талаптарына сәйкес ресми ақпараттық ресурстарда орналастырылады. 7.1.3. Азаматтардың ақпаратқа қол жеткізуін негізсіз шектеуге жол берілмейді. 7.1.4. Ақпарат беру кезінде: мемлекеттік құпиялар; дербес деректер және оларды қорғау; ақпаратқа қол жеткізу; заңмен қорғалатын өзге де құпиялар туралы заңнаманың сақталуы қамтамасыз етіледі. 7.2. Өтініштермен жұмыс 7.2.1. Жеке

және заңды тұлғалардың өтініштері объективті, бейтарап түрде және заңнамада белгіленген мерзімдерде қаралады. 7.2.2. Жекелеген өтініш берушілерге артықшылық беруге жол берілмейді. 7.2.3. Азаматтардан заңнамада көзделмеген құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді. 7.2.4. Өтінішті қарауға жеке мүдделілігі бар жұмыскер бұл туралы басшыға хабарлауға міндетті. 7.2.5. Азаматтардың өтініш беру тәртібі туралы ақпарат халық үшін қолжетімді болуы тиіс. 8-тарау. Қоғамдық бақылау 8.1. Азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл 8.1.1. Бөлімі азаматтармен, қоғамдық бірлестіктермен және азаматтық қоғамның өзге де институттарымен Қазақстан Республикасының заңнамасы шегінде өзара іс-қимыл жасайды. 8.1.2. Қоғамдық бақылауды жүргізу кезінде заңнама талаптарының сақталуы қамтамасыз етіледі. 8.1.3. Қоғамдық бақылау субъектілерінің заңды қызметіне кедергі келтіруге жол берілмейді. 8.1.4. Азаматтар мен жұртшылық өкілдерінің ұсыныстары мен ескертулері белгіленген тәртіппен қаралады. 8.1.5. Шешімдер қабылдау кезінде азаматтар мен жұртшылықтың негізделген ұсыныстары ескеріледі. 9-тарау. Персоналды басқару саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу 9.1. Кадрлық рәсімдер 9.1.1. Кадрлық шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасы, біліктілік талаптары, жұмыскерлердің кәсіби және іскерлік қасиеттері негізінде қабылданады. 9.1.2. Мыналарға жол берілмейді: фаворитизм; протекционизм; жеке қатынастар негізінде қызмет бабында жоғарылату; негізсіз артықшылықтар беру; конкурстық рәсімдерге араласу; конкурстық комиссия мүшелеріне қысым жасау; лауазымдық жағдайды жеке мақсаттарда пайдалану. 9.1.3. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда жұмыскер тиісті кадрлық рәсімге қатыспайды. 9.1.4. Кадрлық шешімдер объективті, уәжді және құжатталған болуы тиіс. 10-тарау. Мемлекеттік сатып алулар саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу 10.1. Жалпы ережелер 10.1.1. Бөлімінің мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. 10.1.2. Негізгі нормативтік құқықтық акт — Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңы. Заң жаңартылған редакцияда қолданылады; «Әділет» ресми ресурсында соңғы өзгеріс енгізілген күн ретінде 2026 жылғы 14 шілде көрсетілген. 10.1.3. Мемлекеттік сатып алулар мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады: бюджет қаражатын тиімді және оңтайлы жұмсау; әлеуетті өнім берушілердің мүмкіндіктер теңдігі; адал бәсекелестік; ашықтық және жариялылық; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол бермеу; мүдделер қақтығысының алдын алу. 10.1.4. Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген қолданыстағы Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары да қолданылады. 10.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу 10.2.1. Мемлекеттік сатып алуды жоспарлауға, ұйымдастыруға, өткізуге және орындауға қатысатын жұмыскерлерге: жекелеген өнім берушілерге негізсіз артықшылықтар жасауға; кемсітушілік талаптар белгілеуге; бәсекелестікті шектеуге; жекелеген өнім берушілердің мүддесі үшін ақпаратты жария етуге; белгілі бір өнім берушіге жәрдемдесу үшін лауазымдық жағдайын пайдалануға; мүдделер қақтығысы болған кезде сатып алуға қатысуға; сапасы тиісті талаптарға сәйкес келмейтін тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдауға; міндеттемелердің нақты орындалуынсыз құжаттарға қол қоюға тыйым салынады. 10.2.2. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда жұмыскер тікелей басшысына хабарлауға және тиісті сатып алу рәсіміне қатыспауға міндетті. 10.2.3. Сатып алуды жоспарлау кезінде заңнамада тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, нақты өнім берушіге немесе нақты тауар белгісіне сәйкестендіріп техникалық ерекшеліктерді қалыптастыруға жол берілмейді. 10.2.4. Сатып алу тәсілін қолдану заңнама талаптарына сәйкес келуге тиіс. 10.2.5. Бір көзден алу тәсілі заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана қолданылады. 10.2.6. Заңнама талаптарын айналып өту мақсатында сатып алуды жасанды түрде бөлшектеуге жол берілмейді. 10.3. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қабылдау 10.3.1. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қабылдау кезінде мыналарды тексеру қажет: санының сәйкестігін; сапасын; техникалық ерекшелікке сәйкестігін; шарт талаптарына сәйкестігін; жұмыстардың нақты орындалуын; растайтын құжаттардың болуын. 10.3.2. Өнім берушінің міндеттемелері нақты орындалмаған кезде қабылдау құжаттарына қол қоюға жол берілмейді. 10.3.3. Өнім берушінің міндеттемелерін тиісінше орындамағаны анықталған жағдайда заңнамада және шартта көзделген шаралар қабылданады. 11-тарау. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлайтын адамдарды қорғау 11.1. Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлау 11.1.1. Дайындалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы білген мемлекеттік қызметшілер мен Бөлімі жұмыскерлері бұл туралы уәкілетті органдарға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілмен хабарлауға құқылы. 11.1.2. Бөліміні сыбайлас жемқорлық көріністері туралы хабарламаларды жіберу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. 11.1.3. Хабарламалар заңнама талаптары сақтала отырып қаралады. 11.1.4. Ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы адал ниетпен хабарлаған адамды құдалауға жол берілмейді. 11.1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарға заңнамада көзделген қорғау шаралары беріледі. 11.1.6. Өтініш берушінің жеке басы және хабарламаның мазмұны туралы мәліметтер заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, жария етуге жатпайды. 12-тарау. Жауапкершілік 12.1. Жұмыскерлердің жауапкершілігі 12.1.1. Бөлімінің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін жауапты болады. 12.1.2. Бұзушылықтың сипатына қарай: тәртіптік жауапкершілік; әкімшілік жауапкершілік; қылмыстық жауапкершілік; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жауапкершілік шаралары қолданылуы мүмкін. 12.1.3. Жұмыскердің әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы белгілерінің болуы заңнамада белгіленген тәртіппен шаралар қабылдауға негіз болып табылады. 12.1.4. Жауаптылыққа тартуды құзыретті органдар мен лауазымды адамдар берілген өкілеттіктері шегінде жүзеге асырады. 13-тарау. Қорытынды ережелер 13.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты іске асыру 13.1.1. Бөлімінің басшылығы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. 13.1.2. Жауапты лауазымды адамдар: түсіндіру жұмыстарын жүргізуді; сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға қатысуды; іс-шаралардың орындалуын мониторингтеуді; жұмыскерлерге консультация беруді; ықтимал сыбайлас жемқорлық көріністері туралы ақпаратты қарауды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауды қамтамасыз етеді. 13.1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының заңнамасы, Бөлімінің құрылымы, оның функциялары, өкілеттіктері өзгерген кезде немесе жаңа сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындаған жағдайда қайта қаралуға және өзектендірілуге жатады. 13.1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын алмастырмайды және шектемейді. 13.1.5. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасы нормалары қолданылады. Қосымша «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына Мүдделер қақтығысының үлгілік жағдайлары және олардың алдын алу мен реттеу жөніндегі шаралар № 1 жағдай. Туысқанына қатысты кадрлық шешім Мемлекеттік қызметші жақын туысына, жұбайына (зайыбына), жекжатына немесе жеке мүдделілігі бар өзге де адамға қатысты кадрлық шешім қабылдауға қатысады. Шаралар Мемлекеттік қызметші: жеке мүдделілігінің бар екендігі туралы тікелей басшысына хабарлауға; тиісті кадрлық шешімді қабылдауға қатыспауға; оның қатысуы мүдделер қақтығысын туындатқан жағдайда тиісті комиссияның жұмысына қатыспауға; мәселені белгіленген тәртіппен басқа адамға қарауға беруге тиіс. № 2 жағдай. Туыстардың тікелей бағыныстылығы Кадрлық шешім нәтижесінде жақын туыстар, ерлі-зайыптылар немесе жекжаттар заңнамада тыйым салынған жағдайда тікелей қызметтік бағыныстылық қатынастарында болып қалады. Шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес туындаған бұзушылықты жою жөнінде, оның ішінде қызметтік бағыныстылықты немесе лауазымдық міндеттерді өзгерту арқылы шаралар қабылдау қажет. № 3 жағдай. Туысына байланысты сатып алуға қатысу Мемлекеттік қызметші әлеуетті өнім беруші ретінде оның туысы немесе жеке мүдделілігі бар өзге де адам болып табылатын сатып алуды жоспарлауға, ұйымдастыруға, өткізуге немесе қабылдауға қатысады. Шаралар Жұмыскер басшысына жазбаша түрде хабарлайды. Тиісті сатып алу рәсіміне қатыспайды. Қажет болған жағдайда комиссия немесе жұмыс тобы құрамынан ауыстырылады. Барлық шешімдерді мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаға сәйкес басқа уәкілетті адам қабылдайды. № 4 жағдай. Байланысты өнім берушіден тауарларды қабылдау Жұмыскер жеке мүдделілігімен байланысты өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдауды жүзеге асырады. Шаралар Жұмыскер: мүдделер қақтығысының бар екендігі туралы хабарлауға; қабылдауға қатысудан бас тартуға; қабылдау құжаттарына қол қоймауға; басқа жауапты адамды тағайындауды қамтамасыз етуге міндетті. № 5 жағдай. Қызметтік ақпаратты пайдалану Мемлекеттік қызметші лауазымдық міндеттерін орындау кезінде алған ақпаратты жеке мақсаттарда пайдаланады немесе оны мүдделі адамдарға береді. Шаралар Ақпаратты пайдалануды немесе таратуды тоқтату. Жағдайлардың мән-жайларын тексеру. Негіздер болған жағдайда жауапкершілік шараларын қабылдау. Құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда тиісті материалдарды құзыретті органдарға беру. № 6 жағдай. Байланысты адамға қатысты тексеру жүргізу Жұмыскерге оның туысы немесе жеке мүдделілігі бар адам жұмыс істейтін ұйымға қатысты тексеру жүргізу тапсырылды. Шаралар Жұмыскер басшысына хабарлауға және тексеру жүргізуге қатыспауға тиіс. Басшы тиісті негіздер болған жағдайда басқа жұмыскерді тағайындауы тиіс. № 7 жағдай. Қызметтік тергеп-тексеруге қатысу Жұмыскер жеке жанжалы немесе тергеп-тексеру нәтижесіне байланысты жеке мүдделілігі бар адамға қатысты қызметтік тергеп-тексеруге қатыстырылды. Шаралар Басшыға хабарлау. Тергеп-тексеруге қатыспау. Қажет болған жағдайда басқа жұмыскерді тағайындау. Тергеп-тексерудің объективтілігі мен бейтараптығын қамтамасыз ету. № 8 жағдай. Сыйлық алу Жұмыскерге оның лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты сыйлық, ақшалай сыйақы немесе қызмет ұсынылады. Шаралар Жұмыскер заңсыз сыйақыдан бас тартуға міндетті. Жағдайларға байланысты сыйлықты

алудан бас тарту мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес әрекет ету және тікелей басшысына дереу хабарлау қажет. № 9 жағдай. Азаматтың мемлекеттік қызмет көрсетуді жеделдету туралы өтініші Азамат жұмыскерге өтінішті қарауды жеделдеткені немесе артықшылық бергені үшін ақшалай сыйақы ұсынады. Шаралар Жұмыскер: сыйақыдан бас тартуға; қызмет көрсетудің заңда белгіленген тәртібін түсіндіруге; өтініш берушіге негізсіз артықшылықтар жасамауға; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының белгілері болған жағдайда тиісті уәкілетті органға хабарлауға міндетті. № 10 жағдай. Шешім қабылдау кезінде қысым көрсету Мемлекеттік қызметшіге белгілі бір азаматтың, ұйымның немесе өнім берушінің пайдасына шешім қабылдау мақсатында қысым көрсетіледі. Шаралар Жұмыскер: тек заңнаманы басшылыққа алуға; қысым көрсету мәнжайларын белгіленген тәртіппен тіркеуге; тікелей басшысына хабарлауға; құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда құзыретті органға хабарлауға тиіс. № 11 жағдай. Қызметтік көлікті пайдалану Жұмыскер қызметтік автокөлікті жеке сапарларға немесе қызметтік қызметке қатысы жоқ мүлікті тасымалдауға пайдаланады. Шаралар Заңнамада немесе тиісті қағидаларда тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметтік көлікті жеке мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді. Бұзушылық анықталған кезде заңнамаға сәйкес шаралар қабылданады. № 12 жағдай. Танысының жеке өтініші Мемлекеттік қызметші танысынан немесе туысынан өтініш алады және нәтижеге ықпал ету мүмкіндігі бола тұра оны өзі қарайды. Шаралар Жеке мүдделілік болған жағдайда мемлекеттік қызметші басшысына хабарлауға және өтінішті қарауға қатыспауға тиіс. № 13 жағдай. Сатып алу туралы ақпарат Жұмыскер сатып алу ресми жарияланғанға дейін әлеуетті өнім берушіге жоспарланып отырған сатып алу, техникалық талаптар немесе болжамды құны туралы ақпарат береді. Шаралар Жекелеген өнім берушіге негізсіз артықшылық беретін ақпаратты беруге жол берілмейді. Мұндай факт анықталған жағдайда тиісті тексеру жүргізіледі және негіздер болған кезде жауапкершілік шаралары қабылданады. № 14 жағдай. Жеке мүдделілік болған кезде өнім берушіні таңдауға қатысу Жұмыскер әлеуетті өнім берушілердің біреуімен таныс және дәл осы өнім берушінің жеңіске жетуіне мүдделі. Шаралар Жұмыскер жеке мүдделілігі туралы хабарлауға және тиісті шешімдер қабылдауға қатыспауға міндетті. № 15 жағдай. Лауазымдық жағдайды пайдалану Мемлекеттік қызметші жеке мәселесін немесе туысының мәселесін шешу үшін өзінің лауазымдық жағдайын пайдаланады. Шаралар Лауазымдық жағдайды жеке мүдделер үшін пайдалануға жол берілмейді. Бұзушылық анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылданады.

_____

_____

_____

_____

_____

АТБАСАР АУДАНЫНЫҢ «МӘДЕНИЕТ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ КУЛЬТУРЫ, ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА АТБАСАРСКОГО РАЙОНА» ПРИКАЗ Атбасар қ. № 49 «5» қазан 2026 ж. «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту туралы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, БҰЙЫРАМЫН: «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілсін. «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапты лауазымды тұлғасы осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты Атбасар ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында орналастырсын. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Басшы Ә.Серікпаев АТБАСАР АУДАНЫНЫҢ «МӘДЕНИЕТ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ КУЛЬТУРЫ, ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА АТБАСАРСКОГО РАЙОНА» БҰЙРЫҚ ПРИКАЗ г. Атбасар № 49 «5» октября 2026 г. Об утверждении антикоррупционного стандарта ГУ «Отдел культуры, физической культуры и спорта Атбасарского района» В соответствии с Законами Республики Казахстан «О противодействии коррупции», «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Методическими рекомендациями по формированию антикоррупционных стандартов, утвержденными приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции от 31 декабря 2024 года № 285, ПРИКАЗЫВАЮ: Утвердить антикоррупционный стандарт Отдел культуры, физической культуры и спорта Атбасарского района. Ответственному должностному лицу Государственного учреждения «Отдел культуры, физической культуры и спорта Атбасарского района» обеспечить размещение настоящего антикоррупционного стандарта на официальном интернет-ресурсе акимата Атбасарского района. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой. Настоящий приказ вводится в действие со дня его подписания. Руководитель А.Серикпаев «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ 2026 жылғы «5» қазан № 49 бұйрығымен БЕКІТІЛДІ «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты. 1-тарау. Жалпы ережелер 1.1. «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі — Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасына сәйкес әзірленді және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, мүдделер қақтығысын болдырмауға және реттеуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі — Бөлімі) қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуге бағытталған. 1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Бөлімінің өз функцияларын жүзеге асыруы кезінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған ұсынымдар мен мінез-құлық қағидаларының жүйесі болып табылады. 1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Бөлімінің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлеріне олардың құқықтық мәртебесін, лауазымдық міндеттерін және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып қолданылады. 1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабын және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды ескере отырып әзірленді. 1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі бағыттары: сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, талдау және барынша азайту; мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу; қаржылық бақылау шаралары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру; ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету; персоналды басқару саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; мемлекеттік сатып алулар саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; қызметтік әдепті сақтау; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлайтын адамдарды қорғауды қамтамасыз ету; азаматтардың мемлекеттік орган қызметіне деген сенімін арттыру. 1.6. Негізгі қағидаттар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі қағидаттары: заңдылық; азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы; адалдық; объективтілік; бейтараптық; жариялылық пен ашықтық; есептілік; мүдделер қақтығысына жол бермеу; алдын алу шараларының басымдығы; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жазаның бұлтартпастығы; азаматтардың құқықтарын құрметтеу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау. 1.7. Негізгі ұғымдар Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ұғымдар пайдаланылады. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар қолданылады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт — қоғамдық қатынастардың тиісті саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі; сыбайлас жемқорлық тәуекелі — сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі; мүдделер қақтығысы — адамның жеке мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте жеке мүдделер лауазымдық міндеттерін орындамауға және (немесе) тиісінше орындамауға алып келуі мүмкін; жеке мүдделілік — адамның өзі немесе онымен байланысты адамдар үшін мүліктік не өзге де пайда мен артықшылықтар алуға мүдделілігі; сыйлық — өтеусіз берілетін ақша немесе өзге де мүлік, артықшылықтар, жеңілдіктер, қызметтер және өзге де игіліктер; сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін карталау — сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, талдау, бағалау және олардың алдын алу мен жою жөніндегі шараларды айқындау процесі; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет — сыбайлас жемқорлықты қабылдамауға бағытталған құндылықтар, білім және мінез-құлық модельдерінің жүйесі; қоғамдық бақылау — Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және нысандарда қоғамдық бақылау субъектілерінің жүзеге асыратын қызметі. 2-тарау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін карталау және барынша азайту 2.1. Жалпы ережелер 2.1.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін карталау Бөлімі қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. 2.1.2. Карталау функцияларды, өкілеттіктерді, ішкі процестерді, ұйымдық құрылымды, лауазымдық міндеттерді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатуы мүмкін өзге де факторларды талдау арқылы жүзеге асырылады. 2.1.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған кезде олардың деңгейі айқындалады және оларды жою немесе барынша азайту жөніндегі іс-шаралар әзірленеді. 2.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау 2.2.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау жүйелі түрде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде жүзеге асырылады. 2.2.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау кезінде мыналар ескеріледі: сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері; жеке және заңды тұлғалардың өтініштері; тексерулердің нәтижелері; аудит нәтижелері; анықталған бұзушылықтар туралы мәліметтер; мүдделер қақтығыстары туралы ақпарат; ашық

дереккөздердегі мәліметтер; заңнамадағы өзгерістер; Бөлімінің құрылымы мен функцияларындағы өзгерістер; Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер. 2.2.3. Мына процестер ерекше талдауға жатады: бюджет қаражатын басқару; мемлекеттік сатып алулар; мемлекеттік мүлікті басқару; мемлекеттік қызметтер көрсету; азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау; кадрлық қамтамасыз ету; басқарушылық шешімдер қабылдау; құзырет шегінде рұқсаттар, келісулер және өзге де құжаттарды беру; бақылау іс-шаралары; азаматтармен, кәсіпкерлермен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау. 2.3. Тәуекелдерді бағалау және барынша азайту 2.3.1. Анықталған әрбір сыбайлас жемқорлық тәуекелі бойынша мыналар айқындалады: туындау себептері; ықтимал салдарлары; тәуекелге бейім лауазымдар немесе процестер; тәуекел деңгейі; оны жою немесе барынша азайту жөніндегі шаралар; жауапты адамдар; орындау мерзімдері. 2.3.2. Карталау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы және қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары қалыптастырылады. 2.3.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы Қазақстан Республикасының заңнамасы, Бөлімінің құрылымы, функциялары, лауазымдық міндеттері өзгерген кезде немесе жаңа сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жағдайда өзектендіріледі. 2.3.4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шараларды іске асыру туралы ақпарат дербес деректер, мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды сақтау талаптарын ескере отырып, ресми ақпараттық ресурстарда орналастырылуы мүмкін. 3-тарау. Мүдделер қақтығысының алдын алу 3.1. Жалпы талаптар 3.1.1. Бөлімінің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлері мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті. 3.1.2. Мемлекеттік қызметші немесе жұмыскер мүдделер қақтығысы туындаған немесе оның туындау мүмкіндігі болған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің тікелей басшысына дереу хабарлауға міндетті. 3.1.3. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда мемлекеттік қызметшінің немесе жұмыскердің шешім қабылдауға қатысуына жол берілмейді. 3.1.4. Мемлекеттік қызметші немесе жұмыскер жеке мүдделілігі қабылданатын шешімнің объективтілігіне әсер етуі мүмкін болған жағдайларда ол туралы хабарлауға міндетті. 3.2. Негізгі шектеулер 3.2.1. Мемлекеттік қызметшілерге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қолданылатын өзге де адамдарға лауазымдық жағдайын: жеке мүдделеріне; жақын туыстарының мүдделеріне; жұбайының (зайыбының) мүдделеріне; жекжаттарының мүдделеріне; жеке мүдделілігі бар өзге де адамдардың мүдделеріне пайдалануға тыйым салынады. 3.2.2. Қызметтік ақпаратты жеке мақсаттарда пайдалануға немесе оны тарату заңнамамен шектелген жағдайда үшінші тұлғаларға беруге жол берілмейді. 3.2.3. Мүдделер қақтығысы болған кезде кадрлық, сатып алу, қаржылық және өзге де рәсімдерге қатысуға жол берілмейді. 3.3. Мүдделер қақтығысын реттеу 3.3.1. Мүдделер қақтығысы туралы ақпарат алынған кезде тікелей басшы оның алдын алу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды. 3.3.2. Жағдайларға қарай мынадай шаралар қолданылуы мүмкін: адамды тиісті шешім қабылдауға қатысудан шеттету; тиісті функцияларды басқа адамға жүктеу; лауазымдық міндеттер шеңберін өзгерту; комиссия құрамын өзгерту; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шаралар. 3.3.3. Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шешімдер құжатталуға жатады. 3.3.4. Әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болған кезде ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдарға беріледі. 4-тарау. Сыйлықтар, сыйақылар және қонақжайлылық 4.1. Заңсыз сыйақыға жол бермеу 4.1.1. Бөлімінің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлеріне лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты қандай да бір әрекеттерді жасау немесе жасамау үшін ақша қаражатын, сыйлықтарды, қызметтерді, жеңілдіктерді және өзге де пайдаларды алуға тыйым салынады. 4.1.2. Мынадай әрекеттер үшін сыйақы алуға жол берілмейді: құжаттарды қарауды жеделдету; оң шешім қабылдау; заңда көзделген шараларды қолданбау; артықшылықтар беру; қамқорлық жасау; мемлекеттік қызметтерді алуға жәрдемдесу; мемлекеттік шарттарды жасасуға жәрдемдесу; лауазымдық өкілеттіктерге байланысты өзге де әрекеттер жасау. 4.1.3. Бөлімі жұмыскерлері заңсыз сыйақы алу туралы әсер туғызуы мүмкін жағдайларды болдырмауға тиіс. 4.1.4. Заңнамада көзделген жағдайларда келіп түскен сыйлықтарды беру, есепке алу, сақтау және одан әрі пайдалану мәселелері мемлекеттік мүлік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. 4.1.5. Мемлекеттік қызметшінің қызметтік өкілеттіктеріне кіретін немесе оның лауазымдық жағдайына байланысты олардың жасалуына ықпал етуі мүмкін әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін сыйлық берушінің пайдасына сыйлық беруге жол берілмейді. 5-тарау. Қаржылық бақылау шаралары 5.1. Декларациялау 5.1.1. Декларациялау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары қолданылатын мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдар заңнамада көзделген декларацияларды уақтылы ұсынуға міндетті. 5.1.2. Бөлімінің жауапты жұмыскерлері тиісті міндет қолданылатын адамдарға декларациялау туралы заңнаманың талаптарын түсіндіруді қамтамасыз етеді. 5.1.3. Мыналарға жол берілмейді: көрінеу анық емес мәліметтер ұсыну; декларациялауға жататын мәліметтерді жасыру; басқа адамдардың декларацияларының мазмұнына араласу; декларация мәліметтерін жеке мақсаттарда пайдалану. 5.1.4. Декларациялау жөніндегі міндеттерді орындауға байланысты алынған мәліметтер заңнамада көзделген мақсаттарда ғана пайдаланылады. 5.1.5. Кірістер, мүлік және өзге де дербес деректер туралы мәліметтермен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының сақталуы қамтамасыз етіледі. 5.2. Мемлекеттік мүлікті пайдалану 5.2.1. Мемлекеттік мүлік, бюджет қаражаты, қызметтік көлік, байланыс құралдары, компьютерлік техника және өзге де мүлік, егер заңнамада өзгеше көзделмесе, тек қызметтік мақсаттарда пайдаланылады. 5.2.2. Жеке пайда алу үшін мемлекеттік мүлікті пайдалануға жол берілмейді. 5.2.3. Жұмыскерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мүліктің сақталуына жауапты болады. 6-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру 6.1. Негізгі бағыттар 6.1.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мынадай жолдармен жүзеге асырылады: оқыту; семинарлар; түсіндіру жұмыстары; ақпараттық материалдар; практикалық жағдайларды қарау; тестілеу; жұмыскерлерге консультация беру; құқықтық сауаттылықты арттыру жөніндегі іс-шараларды өткізу. 6.1.2. Оқытудың негізгі тақырыптары: сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер; мүдделер қақтығысы; сыйлықтар мен сыйақылар; мемлекеттік сатып алулар; қызметтік әдеп; қаржылық бақылау; өтініштерді қарау; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлайтын адамдарды қорғау; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауаптылық. 6.1.3. Оқытуды кемінде жарты жылда бір рет өткізу ұсынылады. 6.1.4. Оқыту нәтижелері бойынша тестілеу жүргізілуі мүмкін. 6.1.5. Оқыту және тестілеу нәтижелері одан әрі түсіндіру жұмыстарын жоспарлау кезінде ескерілуі мүмкін. 7-тарау. Есептілік және ашықтық 7.1. Ақпаратқа қол жеткізу 7.1.1. Бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде өз қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етеді. 7.1.2. Бөлімі қызметі туралы ақпарат заңнама талаптарына сәйкес ресми ақпараттық ресурстарда орналастырылады. 7.1.3. Азаматтардың ақпаратқа қол жеткізуін негізсіз шектеуге жол берілмейді. 7.1.4. Ақпарат беру кезінде: мемлекеттік құпиялар; дербес деректер және оларды қорғау; ақпаратқа қол жеткізу; заңмен қорғалатын өзге де құпиялар туралы заңнаманың сақталуы қамтамасыз етіледі. 7.2. Өтініштермен жұмыс 7.2.1. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері объективті, бейтарап түрде және заңнамада белгіленген мерзімдерде қаралады. 7.2.2. Жекелеген өтініш берушілерге артықшылық беруге жол берілмейді. 7.2.3. Азаматтардан заңнамада көзделмеген құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді. 7.2.4. Өтінішті қарауға жеке мүдделілігі бар жұмыскер бұл туралы басшыға хабарлауға міндетті. 7.2.5. Азаматтардың өтініш беру тәртібі туралы ақпарат халық үшін қолжетімді болуы тиіс. 8-тарау. Қоғамдық бақылау 8.1. Азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл 8.1.1. Бөлімі азаматтармен, қоғамдық бірлестіктермен және азаматтық қоғамның өзге де институттарымен Қазақстан Республикасының заңнамасы шегінде өзара іс-қимыл жасайды. 8.1.2. Қоғамдық бақылауды жүргізу кезінде заңнама талаптарының сақталуы қамтамасыз етіледі. 8.1.3. Қоғамдық бақылау субъектілерінің заңды қызметіне кедергі келтіруге жол берілмейді. 8.1.4. Азаматтар мен жұртшылық өкілдерінің ұсыныстары мен ескертулері белгіленген тәртіппен қаралады. 8.1.5. Шешімдер қабылдау кезінде азаматтар мен жұртшылықтың негізделген ұсыныстары ескеріледі. 9-тарау. Персоналды басқару саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу 9.1. Кадрлық рәсімдер 9.1.1. Кадрлық шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасы, біліктілік талаптары, жұмыскерлердің кәсіби және іскерлік қасиеттері негізінде қабылданады. 9.1.2. Мыналарға жол берілмейді: фаворитизм; протекционизм; жеке қатынастар негізінде қызмет бабында жоғарылату; негізсіз артықшылықтар беру; конкурстық рәсімдерге араласу; конкурстық комиссия мүшелеріне қысым жасау; лауазымдық жағдайды жеке мақсаттарда пайдалану. 9.1.3. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда жұмыскер тиісті кадрлық рәсімге қатыспайды. 9.1.4. Кадрлық шешімдер объективті, уәжді және құжатталған болуы тиіс. 10-тарау. Мемлекеттік сатып алулар саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу 10.1. Жалпы ережелер 10.1.1. Бөлімінің мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. 10.1.2. Негізгі нормативтік құқықтық акт — Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңы. Заң жаңартылған редакцияда қолданылады; «Әділет» ресми ресурсында соңғы өзгеріс енгізілген күн ретінде 2026 жылғы 14 шілде көрсетілген. 10.1.3. Мемлекеттік сатып алулар мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады: бюджет қаражатын тиімді және оңтайлы жұмсау; әлеуетті өнім берушілердің мүмкіндіктер теңдігі; адал бәсекелестік; ашықтық және жариялылық; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол бермеу; мүдделер қақтығысының алдын алу. 10.1.4. Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген қолданыстағы Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары да қолданылады. 10.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу 10.2.1. Мемлекеттік сатып алуды жоспарлауға, ұйымдастыруға, өткізуге және орындауға қатысатын жұмыскерлерге: жекелеген өнім берушілерге негізсіз артықшылықтар жасауға; кемсітушілік талаптар белгілеуге; бәсекелестікті шектеуге; жекелеген өнім берушілердің мүддесі үшін ақпаратты жария

етуге; белгілі бір өнім берушіге жәрдемдесу үшін лауазымдық жағдайын пайдалануға; мүдделер қақтығысы болған кезде сатып алуға қатысуға; сапасы тиісті талаптарға сәйкес келмейтін тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдауға; міндеттемелердің нақты орындалуынсыз құжаттарға қол қоюға тыйым салынады. 10.2.2. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда жұмыскер тікелей басшысына хабарлауға және тиісті сатып алу рәсіміне қатыспауға міндетті. 10.2.3. Сатып алуды жоспарлау кезінде заңнамада тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, нақты өнім берушіге немесе нақты тауар белгісіне сәйкестендіріп техникалық ерекшеліктерді қалыптастыруға жол берілмейді. 10.2.4. Сатып алу тәсілін қолдану заңнама талаптарына сәйкес келуге тиіс. 10.2.5. Бір көзден алу тәсілі заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана қолданылады. 10.2.6. Заңнама талаптарын айналып өту мақсатында сатып алуды жасанды түрде бөлшектеуге жол берілмейді. 10.3. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қабылдау 10.3.1. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қабылдау кезінде мыналарды тексеру қажет: санының сәйкестігін; сапасын; техникалық ерекшелікке сәйкестігін; шарт талаптарына сәйкестігін; жұмыстардың нақты орындалуын; растайтын құжаттардың болуын. 10.3.2. Өнім берушінің міндеттемелері нақты орындалмаған кезде қабылдау құжаттарына қол қоюға жол берілмейді. 10.3.3. Өнім берушінің міндеттемелерін тиісінше орындамағаны анықталған жағдайда заңнамада және шартта көзделген шаралар қабылданады. 11-тарау. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлайтын адамдарды қорғау 11.1. Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлау 11.1.1. Дайындалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы білген мемлекеттік қызметшілер мен Бөлімі жұмыскерлері бұл туралы уәкілетті органдарға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілмен хабарлауға құқылы. 11.1.2. Бөліміні сыбайлас жемқорлық көріністері туралы хабарламаларды жіберу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. 11.1.3. Хабарламалар заңнама талаптары сақтала отырып қаралады. 11.1.4. Ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы адал ниетпен хабарлаған адамды құдалауға жол берілмейді. 11.1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарға заңнамада көзделген қорғау шаралары беріледі. 11.1.6. Өтініш берушінің жеке басы және хабарламаның мазмұны туралы мәліметтер заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, жария етуге жатпайды. 12-тарау. Жауапкершілік 12.1. Жұмыскерлердің жауапкершілігі 12.1.1. Бөлімінің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін жауапты болады. 12.1.2. Бұзушылықтың сипатына қарай: тәртіптік жауапкершілік; әкімшілік жауапкершілік; қылмыстық жауапкершілік; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жауапкершілік шаралары қолданылуы мүмкін. 12.1.3. Жұмыскердің әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы белгілерінің болуы заңнамада белгіленген тәртіппен шаралар қабылдауға негіз болып табылады. 12.1.4. Жауаптылыққа тартуды құзыретті органдар мен лауазымды адамдар берілген өкілеттіктері шегінде жүзеге асырады. 13-тарау. Қорытынды ережелер 13.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты іске асыру 13.1.1. Бөлімінің басшылығы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. 13.1.2. Жауапты лауазымды адамдар: түсіндіру жұмыстарын жүргізуді; сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға қатысуды; іс-шаралардың орындалуын мониторингтеуді; жұмыскерлерге консультация беруді; ықтимал сыбайлас жемқорлық көріністері туралы ақпаратты қарауды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауды қамтамасыз етеді. 13.1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының заңнамасы, Бөлімінің құрылымы, оның функциялары, өкілеттіктері өзгерген кезде немесе жаңа сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындаған жағдайда қайта қаралуға және өзектендірілуге жатады. 13.1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын алмастырмайды және шектемейді. 13.1.5. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасы нормалары қолданылады. Қосымша «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына Мүдделер қақтығысының үлгілік жағдайлары және олардың алдын алу мен реттеу жөніндегі шаралар № 1 жағдай. Туысқанына қатысты кадрлық шешім Мемлекеттік қызметші жақын туысына, жұбайына (зайыбына), жекжатына немесе жеке мүдделілігі бар өзге де адамға қатысты кадрлық шешім қабылдауға қатысады. Шаралар Мемлекеттік қызметші: жеке мүдделілігінің бар екендігі туралы тікелей басшысына хабарлауға; тиісті кадрлық шешімді қабылдауға қатыспауға; оның қатысуы мүдделер қақтығысын туындатқан жағдайда тиісті комиссияның жұмысына қатыспауға; мәселені белгіленген тәртіппен басқа адамға қарауға беруге тиіс. № 2 жағдай. Туыстардың тікелей бағыныстылығы Кадрлық шешім нәтижесінде жақын туыстар, ерлі-зайыптылар немесе жекжаттар заңнамада тыйым салынған жағдайда тікелей қызметтік бағыныстылық қатынастарында болып қалады. Шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес туындаған бұзушылықты жою жөнінде, оның ішінде қызметтік бағыныстылықты немесе лауазымдық міндеттерді өзгерту арқылы шаралар қабылдау қажет. № 3 жағдай. Туысына байланысты сатып алуға қатысу Мемлекеттік қызметші әлеуетті өнім беруші ретінде оның туысы немесе жеке мүдделілігі бар өзге де адам болып табылатын сатып алуды жоспарлауға, ұйымдастыруға, өткізуге немесе қабылдауға қатысады. Шаралар Жұмыскер басшысына жазбаша түрде хабарлайды. Тиісті сатып алу рәсіміне қатыспайды. Қажет болған жағдайда комиссия немесе жұмыс тобы құрамынан ауыстырылады. Барлық шешімдерді мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаға сәйкес басқа уәкілетті адам қабылдайды. № 4 жағдай. Байланысты өнім берушіден тауарларды қабылдау Жұмыскер жеке мүдделілігімен байланысты өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдауды жүзеге асырады. Шаралар Жұмыскер: мүдделер қақтығысының бар екендігі туралы хабарлауға; қабылдауға қатысудан бас тартуға; қабылдау құжаттарына қол қоймауға; басқа жауапты адамды тағайындауды қамтамасыз етуге міндетті. № 5 жағдай. Қызметтік ақпаратты пайдалану Мемлекеттік қызметші лауазымдық міндеттерін орындау кезінде алған ақпаратты жеке мақсаттарда пайдаланады немесе оны мүдделі адамдарға береді. Шаралар Ақпаратты пайдалануды немесе таратуды тоқтату. Жағдайлардың мән-жайларын тексеру. Негіздер болған жағдайда жауапкершілік шараларын қабылдау. Құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда тиісті материалдарды құзыретті органдарға беру. № 6 жағдай. Байланысты адамға қатысты тексеру жүргізу Жұмыскерге оның туысы немесе жеке мүдделілігі бар адам жұмыс істейтін ұйымға қатысты тексеру жүргізу тапсырылды. Шаралар Жұмыскер басшысына хабарлауға және тексеру жүргізуге қатыспауға тиіс. Басшы тиісті негіздер болған жағдайда басқа жұмыскерді тағайындауы тиіс. № 7 жағдай. Қызметтік тергеп-тексеруге қатысу Жұмыскер жеке жанжалы немесе тергеп-тексеру нәтижесіне байланысты жеке мүдделілігі бар адамға қатысты қызметтік тергеп-тексеруге қатыстырылды. Шаралар Басшыға хабарлау. Тергеп-тексеруге қатыспау. Қажет болған жағдайда басқа жұмыскерді тағайындау. Тергеп-тексерудің объективтілігі мен бейтараптығын қамтамасыз ету. № 8 жағдай. Сыйлық алу Жұмыскерге оның лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты сыйлық, ақшалай сыйақы немесе қызмет ұсынылады. Шаралар Жұмыскер заңсыз сыйақыдан бас тартуға міндетті. Жағдайларға байланысты сыйлықты алудан бас тарту мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес әрекет ету және тікелей басшысына дереу хабарлау қажет. № 9 жағдай. Азаматтың мемлекеттік қызмет көрсетуді жеделдету туралы өтініші Азамат жұмыскерге өтінішті қарауды жеделдеткені немесе артықшылық бергені үшін ақшалай сыйақы ұсынады. Шаралар Жұмыскер: сыйақыдан бас тартуға; қызмет көрсетудің заңда белгіленген тәртібін түсіндіруге; өтініш берушіге негізсіз артықшылықтар жасамауға; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының белгілері болған жағдайда тиісті уәкілетті органға хабарлауға міндетті. № 10 жағдай. Шешім қабылдау кезінде қысым көрсету Мемлекеттік қызметшіге белгілі бір азаматтың, ұйымның немесе өнім берушінің пайдасына шешім қабылдау мақсатында қысым көрсетіледі. Шаралар Жұмыскер: тек заңнаманы басшылыққа алуға; қысым көрсету мән-жайларын белгіленген тәртіппен тіркеуге; тікелей басшысына хабарлауға; құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда құзыретті органға хабарлауға тиіс. № 11 жағдай. Қызметтік көлікті пайдалану Жұмыскер қызметтік автокөлікті жеке сапарларға немесе қызметтік қызметке қатысы жоқ мүлікті тасымалдауға пайдаланады. Шаралар Заңнамада немесе тиісті қағидаларда тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметтік көлікті жеке мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді. Бұзушылық анықталған кезде заңнамаға сәйкес шаралар қабылданады. № 12 жағдай. Танысының жеке өтініші Мемлекеттік қызметші танысынан немесе туысынан өтініш алады және нәтижеге ықпал ету мүмкіндігі бола тұра оны өзі қарайды. Шаралар Жеке мүдделілік болған жағдайда мемлекеттік қызметші басшысына хабарлауға және өтінішті қарауға қатыспауға тиіс. № 13 жағдай. Сатып алу туралы ақпарат Жұмыскер сатып алу ресми жарияланғанға дейін әлеуетті өнім берушіге жоспарланып отырған сатып алу, техникалық талаптар немесе болжамды құны туралы ақпарат береді. Шаралар Жекелеген өнім берушіге негізсіз артықшылық беретін ақпаратты беруге жол берілмейді. Мұндай факт анықталған жағдайда тиісті тексеру жүргізіледі және негіздер болған кезде жауапкершілік шаралары қабылданады. № 14 жағдай. Жеке мүдделілік болған кезде өнім берушіні таңдауға қатысу Жұмыскер әлеуетті өнім берушілердің біреуімен таныс және дәл осы өнім берушінің жеңіске жетуіне мүдделі. Шаралар Жұмыскер жеке мүдделілігі туралы хабарлауға және тиісті шешімдер қабылдауға қатыспауға міндетті. № 15 жағдай. Лауазымдық жағдайды пайдалану Мемлекеттік қызметші жеке мәселесін немесе туысының мәселесін шешу үшін өзінің лауазымдық жағдайын пайдаланады. Шаралар Лауазымдық жағдайды жеке мүдделер үшін пайдалануға жол берілмейді. Бұзушылық анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылданады. АТБАСАР АУДАНЫНЫҢ «МӘДЕНИЕТ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ КУЛЬТУРЫ, ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА АТБАСАРСКОГО РАЙОНА» БҰЙРЫҚ ПРИКАЗ Атбасар қ. № 49 «5» қазан 2026 ж. «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту туралы «Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, БҰЙЫРАМЫН: «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілсін. «Атбасар ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапты лауазымды тұлғасы осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты Атбасар ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында орналастырсын. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Басшы Ә.Серікпаев

05.10.2026 жылғы жағдай бойынша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдар туралы мәліметтер

06.10.2026

05.10.2026 жылғы жағдай бойынша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдар туралы мәліметтер

Шу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының Хабарламасы учаскелік сайлау комиссиясының құрамы

06.10.2026

Шу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ 2026 жылғы 8 қарашаға тағайындалған Шу ауданы Тасөткел ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес Шу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссиясының құрамы туралы хабарлайды: №433 учаскелік сайлау комиссиясы Тасөткел ауылы, Тұрар Рысқұлов көшесі, №11. "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданының білім бөлімі Ш.Мұртаза атындағы орта мектебі" КММ Комиссия төрайымы: Толымбекова Нурила Тунгышковна Комиссия төрайымының орынбасары Шайдахмет Сейфулла Жолдасбекович Комиссия хатшысы Абдраймова Бархыткуль Манатаевна Комиссия мүшелері Сержанова Асель Токтаровна; Нурмаганбетов Асыр Акимбаевич

Ж.Аймауытов атындағы ЖОББМ" КММ информатика пәні мұғалімі бос лауазымына орналасуға 8 сағат конкурс жариялайды (орыс тілде).

06.10.2026

Конкурс жарияланған лауазымның атауы: Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің "Жүсіпбек Аймауытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ информатика пәні мұғалімі бос лауазымына орналасуға 8 сағат конкурс жариялайды (орыс тілде) Конкурстың өтетін орны мен күні: Абай облысы, Семей қаласы, Березовский кенті, Центральная көшесі 10А Байланыс телефоны: 8 (7222) 33-70-56 Электронды пошта: aimautovsch@mail.kz, Өтінімдерді беру мерзімі және қабылдау орны: "Жүсіпбек Аймауытов атындағы жалпы орта білім беру мектебі" КММ 06.10.2026 - 15.10. 2026 ж.

2026 жылғы 8 қарашаға тағайындалған, Байғанин ауданы Қызылбұлақ ауылдық округі әкімінің сайлауын ұйымдастырып өткізетін аумақты сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері

06.10.2026

2026 жылғы 8 қарашаға тағайындалған, Байғанин ауданы Қызылбұлақ ауылдық округі әкімінің сайлауын ұйымдастырып өткізетін аумақты сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері Байғанин аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мекенжайы: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Д.Қонаев көшесі, №37, каб.210А тел. 8 (71345) 23-6-53 Комиссия төрағасы - Жанбырбаев Жанболат Жанесенович Төрағаның орынбасары - Бектұрғанова Қымбат Сейлханқызы Хатшысы - Бакбергенов Жигер Аманжолович Комиссия мүшелері: Ботағарин Серік Нығметұлы Жумабаева Айгерим Кайыржановна Ноғаев Нурбақыт Муханбетұлы

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «8D02310-Филология» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңесінде докторант Батырбекова Камшат Айшигаровнаның философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші тілінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қайта қорғалады.

06.10.2026

Батырбекова Камшат Айшигаровнаның диссертациялық жұмысын қорғау туралы хабарландыру М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «8D02310-Филология» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңесінде докторант Батырбекова Камшат Айшигаровнаның философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші тілінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қайта қорғалады.Диссертация М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында орындалған. Қорғау формасы – диссертациялық жұмыс. Қорғау тілі – қазақ тілі Ресми рецензенттер:1. Салқынбай Анар Бекмырзақызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, А. Байтұрсынұлы атындағы қазақ тіл білімі кафедрасы, Алматы қ., Қазақстан.2. Ескеева Мағрипа Қайнарбаевна – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, түркітану кафедрасының профессоры, Астана қ., Қазақстан. Ғылыми кеңесшілер:1. Омаров Нұрлыбек Құралбекұлы – филология ғылымдарының кандидаты, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, филология факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, Шымкент қ., Қазақстан.2. Боранбаев Сандыбай Режепұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтының директоры, Шымкент қ., Қазақстан.3. Эрджан Алкая – филология ғылымдарының докторы, Фырат университетінің профессоры, Элазық қ.,Түркия. Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері:1. Боранбаев Сандыбай Режепұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтының директоры, Шымкент қ., Қазақстан.2. Тлеубердиев Болатбек Мақұлбекұлы – филология ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессоры, Шымкент қ., Қазақстан.3. Қапалбек Бижомарт Сейсенбекұлы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры, Алматы қ., Қазақстан. 4. Таджиев Хамидулла Хабибуллаевич – философия докторы (PhD) М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, Шымкент қ., Қазақстан. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері:1. Досжан Райхангүл Абдуғалиқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Гуманитарлы-педагогикалық факультеті, филология кафедрасы, Шымкент қ., Қазақстан.2. Сүйеркұл Ботагөз Мырзабайқызы – филология ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Шығыстану факультеті, Түріктану және Шығыс елдерінің тарихы кафедрасының зерттеуші-доценті, Алматы қ., Қазақстан. 3. Осман Кабадайы – филология ғылымдарының докторы, доцент, Қыршехир Ахи Эвран университеті (Krehir Ahi Evran niversitesi), Түрік тілі кафедрасы, Қыршехир қ., Түркия. Диссертациялық жұмысты қорғау аралас форматта 2026 жылғы 06 қараша сағат 11-00-де М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Диссертациялық кеңесінде өтеді. Мекен жайы: Шымкент қаласы, Тауке хан 5. Бас ғимарат, 3 қабат, 342 Диссертациялық бөлме. Онлайн трансляция ZOOM платформасында өтеді: Конференция идентификаторы: 334 334 0017 Кіру коды: 0000 https://us06web.zoom.us/j/3343340017?pwd=REplQUZ6NWJLZ0hkcU5obEdUQ2ZTZz09&omn=88661830635

«Атбасар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты.

06.10.2026

«Атбасар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ 2026 жылғы «_____» _____ № _____ бұйрығымен БЕКІТІЛДІ «Атбасар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты. 1-тарау. Жалпы ережелер 1.1. «Атбасар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасына сәйкес әзірленді және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, мүдделер қақтығысын болдырмауға және реттеуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, «Атбасар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – бөлім) қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуге бағытталған. 1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Бөлімнің өз функцияларын жүзеге асыруы кезінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған ұсынымдар мен мінез-құлық қағидаларының жүйесі болып табылады. 1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Бөлімнің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлеріне олардың құқықтық мәртебесін, лауазымдық міндеттерін және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып қолданылады. 1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабын және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды ескере отырып әзірленді. 1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі бағыттары: сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, талдау және барынша азайту; мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу; қаржылық бақылау шаралары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру; ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету; персоналды басқару саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; мемлекеттік сатып алулар саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; қызметтік әдепті сақтау; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлайтын адамдарды қорғауды қамтамасыз ету; азаматтардың мемлекеттік орган қызметіне деген сенімін арттыру. 1.6. Негізгі қағидаттар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі қағидаттары: заңдылық; азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы; адалдық; объективтілік; бейтараптық; жариялылық пен ашықтық; есептілік; мүдделер қақтығысына жол бермеу; алдын алу шараларының басымдығы; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жазаның бұлтартпастығы; азаматтардың құқықтарын құрметтеу; сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау. 1.7. Негізгі ұғымдар Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ұғымдар пайдаланылады. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар қолданылады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт — қоғамдық қатынастардың тиісті саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі; сыбайлас жемқорлық тәуекелі — сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі; мүдделер қақтығысы — адамның жеке мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте жеке мүдделер лауазымдық міндеттерін орындамауға және (немесе) тиісінше орындамауға алып келуі мүмкін; жеке мүдделілік — адамның өзі немесе онымен байланысты адамдар үшін мүліктік не өзге де пайда мен артықшылықтар алуға мүдделілігі; сыйлық — өтеусіз берілетін ақша немесе өзге де мүлік, артықшылықтар, жеңілдіктер, қызметтер және өзге де игіліктер; сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін карталау — сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, талдау, бағалау және олардың алдын алу мен жою жөніндегі шараларды айқындау процесі; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет — сыбайлас жемқорлықты қабылдамауға бағытталған құндылықтар, білім және мінез-құлық модельдерінің жүйесі; қоғамдық бақылау — Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және нысандарда қоғамдық бақылау субъектілерінің жүзеге асыратын қызметі. 2-тарау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін карталау және барынша азайту 2.1. Жалпы ережелер 2.1.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін карталау Бөлім қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. 2.1.2. Карталау функцияларды, өкілеттіктерді, ішкі процестерді, ұйымдық құрылымды, лауазымдық міндеттерді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатуы мүмкін өзге де факторларды талдау арқылы жүзеге асырылады. 2.1.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған кезде олардың деңгейі айқындалады және оларды жою немесе барынша азайту жөніндегі іс-шаралар әзірленеді. 2.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау 2.2.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау жүйелі түрде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде жүзеге асырылады. 2.2.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау кезінде мыналар ескеріледі: сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері; жеке және заңды тұлғалардың өтініштері; тексерулердің нәтижелері; аудит нәтижелері; анықталған бұзушылықтар туралы мәліметтер; мүдделер қақтығыстары туралы ақпарат; ашық дереккөздердегі мәліметтер; заңнамадағы өзгерістер; Бөлімнің құрылымы мен функцияларындағы өзгерістер; Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер. 2.2.3. Мына процестер ерекше талдауға жатады: бюджет қаражатын басқару; мемлекеттік сатып алулар; мемлекеттік мүлікті басқару; мемлекеттік қызметтер көрсету; азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау; кадрлық қамтамасыз ету; басқарушылық шешімдер қабылдау; құзырет шегінде рұқсаттар, келісулер және өзге де құжаттарды беру; бақылау іс-шаралары; азаматтармен, кәсіпкерлермен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау. 2.3. Тәуекелдерді бағалау және барынша азайту 2.3.1. Анықталған әрбір сыбайлас жемқорлық тәуекелі бойынша мыналар айқындалады: туындау себептері; ықтимал салдарлары; тәуекелге бейім лауазымдар немесе процестер; тәуекел деңгейі; оны жою немесе барынша азайту жөніндегі шаралар; жауапты адамдар; орындау мерзімдері. 2.3.2. Карталау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы және қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары қалыптастырылады. 2.3.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы Қазақстан Республикасының заңнамасы, Бөлімінің құрылымы, функциялары, лауазымдық міндеттері өзгерген кезде немесе жаңа сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жағдайда өзектендіріледі. 2.3.4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шараларды іске асыру туралы ақпарат дербес деректер, мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды сақтау талаптарын ескере отырып, ресми ақпараттық ресурстарда орналастырылуы мүмкін. 3-тарау. Мүдделер қақтығысының алдын алу 3.1. Жалпы талаптар 3.1.1. Бөлімінің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлері мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті. 3.1.2. Мемлекеттік қызметші немесе жұмыскер мүдделер қақтығысы туындаған немесе оның туындау мүмкіндігі болған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің тікелей басшысына дереу хабарлауға міндетті. 3.1.3. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда мемлекеттік қызметшінің немесе жұмыскердің шешім қабылдауға қатысуына жол берілмейді. 3.1.4. Мемлекеттік қызметші немесе жұмыскер жеке мүдделілігі қабылданатын шешімнің объективтілігіне әсер етуі мүмкін болған жағдайларда ол туралы хабарлауға міндетті. 3.2. Негізгі шектеулер 3.2.1. Мемлекеттік қызметшілерге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қолданылатын өзге де адамдарға лауазымдық жағдайын: жеке мүдделеріне; жақын туыстарының мүдделеріне; жұбайының (зайыбының) мүдделеріне; жекжаттарының мүдделеріне; жеке мүдделілігі бар өзге де адамдардың мүдделеріне пайдалануға тыйым салынады. 3.2.2. Қызметтік ақпаратты жеке мақсаттарда пайдалануға немесе оны тарату заңнамамен шектелген жағдайда үшінші тұлғаларға беруге жол берілмейді. 3.2.3. Мүдделер қақтығысы болған кезде кадрлық, сатып алу, қаржылық және өзге де рәсімдерге қатысуға жол берілмейді. 3.3. Мүдделер қақтығысын реттеу 3.3.1. Мүдделер қақтығысы туралы ақпарат алынған кезде тікелей басшы оның алдын алу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды. 3.3.2. Жағдайларға қарай мынадай шаралар қолданылуы мүмкін: адамды тиісті шешім қабылдауға қатысудан шеттету; тиісті функцияларды басқа адамға жүктеу; лауазымдық міндеттер шеңберін өзгерту; комиссия құрамын өзгерту; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шаралар. 3.3.3. Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шешімдер құжатталуға жатады. 3.3.4. Әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болған кезде ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдарға беріледі. 4-тарау. Сыйлықтар, сыйақылар және қонақжайлылық 4.1. Заңсыз сыйақыға жол бермеу 4.1.1. Бөлімінің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлеріне лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты қандай да бір әрекеттерді жасау немесе жасамау үшін ақша қаражатын, сыйлықтарды, қызметтерді, жеңілдіктерді және өзге де пайдаларды алуға тыйым салынады. 4.1.2. Мынадай әрекеттер үшін сыйақы алуға жол берілмейді: құжаттарды қарауды жеделдету; оң шешім қабылдау; заңда көзделген шараларды қолданбау; артықшылықтар беру; қамқорлық жасау; мемлекеттік қызметтерді алуға жәрдемдесу; мемлекеттік шарттарды жасасуға жәрдемдесу; лауазымдық өкілеттіктерге байланысты өзге де әрекеттер жасау. 4.1.3. Бөлім жұмыскерлері заңсыз сыйақы алу туралы әсер туғызуы мүмкін жағдайларды болдырмауға тиіс. 4.1.4. Заңнамада көзделген жағдайларда келіп түскен сыйлықтарды беру, есепке алу, сақтау және одан әрі пайдалану мәселелері мемлекеттік мүлік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. 4.1.5. Мемлекеттік қызметшінің қызметтік өкілеттіктеріне кіретін немесе оның лауазымдық жағдайына байланысты олардың жасалуына ықпал етуі мүмкін әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін сыйлық берушінің пайдасына сыйлық беруге жол берілмейді. 5-тарау. Қаржылық бақылау шаралары 5.1. Декларациялау 5.1.1. Декларациялау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары қолданылатын мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдар заңнамада көзделген декларацияларды уақтылы ұсынуға міндетті. 5.1.2. Бөлімінің жауапты жұмыскерлері тиісті міндет қолданылатын адамдарға декларациялау туралы заңнаманың талаптарын түсіндіруді қамтамасыз етеді. 5.1.3. Мыналарға жол берілмейді: көрінеу анық емес мәліметтер ұсыну; декларациялауға жататын мәліметтерді жасыру; басқа адамдардың декларацияларының мазмұнына араласу; декларация мәліметтерін жеке мақсаттарда пайдалану. 5.1.4. Декларациялау жөніндегі міндеттерді орындауға байланысты алынған мәліметтер заңнамада көзделген мақсаттарда ғана пайдаланылады. 5.1.5. Кірістер, мүлік және өзге де дербес деректер туралы мәліметтермен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының сақталуы қамтамасыз етіледі. 5.2. Мемлекеттік мүлікті пайдалану 5.2.1. Мемлекеттік мүлік, бюджет қаражаты, қызметтік көлік, байланыс құралдары, компьютерлік техника және өзге де мүлік, егер заңнамада өзгеше көзделмесе, тек қызметтік мақсаттарда пайдаланылады. 5.2.2. Жеке пайда алу үшін мемлекеттік мүлікті пайдалануға жол берілмейді. 5.2.3. Жұмыскерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мүліктің сақталуына жауапты болады. 6-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру 6.1. Негізгі бағыттар 6.1.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мынадай жолдармен жүзеге асырылады: оқыту; семинарлар; түсіндіру жұмыстары; ақпараттық материалдар; практикалық жағдайларды қарау; тестілеу; жұмыскерлерге консультация беру; құқықтық сауаттылықты арттыру жөніндегі іс-шараларды өткізу. 6.1.2. Оқытудың негізгі тақырыптары: сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер; мүдделер қақтығысы; сыйлықтар мен сыйақылар; мемлекеттік сатып алулар; қызметтік әдеп; қаржылық бақылау; өтініштерді қарау; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлайтын адамдарды қорғау; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауаптылық. 6.1.3. Оқытуды кемінде жарты жылда бір рет өткізу ұсынылады. 6.1.4. Оқыту нәтижелері бойынша тестілеу жүргізілуі мүмкін. 6.1.5. Оқыту және тестілеу нәтижелері одан әрі түсіндіру жұмыстарын жоспарлау кезінде ескерілуі мүмкін. 7-тарау. Есептілік және ашықтық 7.1. Ақпаратқа қол жеткізу 7.1.1. Бөлім Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде өз қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етеді. 7.1.2. Бөлімінің қызметі туралы ақпарат заңнама талаптарына сәйкес ресми ақпараттық ресурстарда орналастырылады. 7.1.3. Азаматтардың ақпаратқа қол жеткізуін негізсіз шектеуге жол берілмейді. 7.1.4. Ақпарат беру кезінде: мемлекеттік құпиялар; дербес деректер және оларды қорғау; ақпаратқа қол жеткізу; заңмен қорғалатын өзге де құпиялар туралы заңнаманың сақталуы қамтамасыз етіледі. 7.2. Өтініштермен жұмыс 7.2.1. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері объективті, бейтарап түрде және заңнамада белгіленген мерзімдерде қаралады. 7.2.2. Жекелеген өтініш берушілерге артықшылық беруге жол берілмейді. 7.2.3. Азаматтардан заңнамада көзделмеген құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді. 7.2.4. Өтінішті қарауға жеке мүдделілігі бар жұмыскер бұл туралы басшыға хабарлауға міндетті. 7.2.5. Азаматтардың өтініш беру тәртібі туралы ақпарат халық үшін қолжетімді болуы тиіс. 8-тарау. Қоғамдық бақылау 8.1. Азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл 8.1.1. Бөлім азаматтармен, қоғамдық бірлестіктермен және азаматтық қоғамның өзге де институттарымен

Қазақстан Республикасының заңнамасы шегінде өзара іс-қимыл жасайды. 8.1.2. Қоғамдық бақылауды жүргізу кезінде заңнама талаптарының сақталуы қамтамасыз етіледі. 8.1.3. Қоғамдық бақылау субъектілерінің заңды қызметіне кедергі келтіруге жол берілмейді. 8.1.4. Азаматтар мен жұртшылық өкілдерінің ұсыныстары мен ескертулері белгіленген тәртіппен қаралады. 8.1.5. Шешімдер қабылдау кезінде азаматтар мен жұртшылықтың негізделген ұсыныстары ескеріледі. 9-тарау. Персоналды басқару саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу 9.1. Кадрлық рәсімдер 9.1.1. Кадрлық шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасы, біліктілік талаптары, жұмыскерлердің кәсіби және іскерлік қасиеттері негізінде қабылданады. 9.1.2. Мыналарға жол берілмейді: фаворитизм; протекционизм; жеке қатынастар негізінде қызмет бабында жоғарылату; негізсіз артықшылықтар беру; конкурстық рәсімдерге араласу; конкурстық комиссия мүшелеріне қысым жасау; лауазымдық жағдайды жеке мақсаттарда пайдалану. 9.1.3. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда жұмыскер тиісті кадрлық рәсімге қатыспайды. 9.1.4. Кадрлық шешімдер объективті, уәжді және құжатталған болуы тиіс. 10-тарау. Мемлекеттік сатып алулар саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу 10.1. Жалпы ережелер 10.1.1. Бөлімдегі мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. 10.1.2. Негізгі нормативтік құқықтық акт — Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңы. Заң жаңартылған редакцияда қолданылады; «Әділет» ресми ресурсында соңғы өзгеріс енгізілген күн ретінде 2026 жылғы 25 тамыз көрсетілген. 10.1.3. Мемлекеттік сатып алулар мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады: бюджет қаражатын тиімді және оңтайлы жұмсау; әлеуетті өнім берушілердің мүмкіндіктер теңдігі; адал бәсекелестік; ашықтық және жариялылық; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол бермеу; мүдделер қақтығысының алдын алу. 10.1.4. Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген қолданыстағы Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары да қолданылады. 10.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу 10.2.1. Мемлекеттік сатып алуды жоспарлауға, ұйымдастыруға, өткізуге және орындауға қатысатын жұмыскерлерге: жекелеген өнім берушілерге негізсіз артықшылықтар жасауға; кемсітушілік талаптар белгілеуге; бәсекелестікті шектеуге; жекелеген өнім берушілердің мүддесі үшін ақпаратты жария етуге; белгілі бір өнім берушіге жәрдемдесу үшін лауазымдық жағдайын пайдалануға; мүдделер қақтығысы болған кезде сатып алуға қатысуға; сапасы тиісті талаптарға сәйкес келмейтін тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдауға; міндеттемелердің нақты орындалуынсыз құжаттарға қол қоюға тыйым салынады. 10.2.2. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда жұмыскер тікелей басшысына хабарлауға және тиісті сатып алу рәсіміне қатыспауға міндетті. 10.2.3. Сатып алуды жоспарлау кезінде заңнамада тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, нақты өнім берушіге немесе нақты тауар белгісіне сәйкестендіріп техникалық ерекшеліктерді қалыптастыруға жол берілмейді. 10.2.4. Сатып алу тәсілін қолдану заңнама талаптарына сәйкес келуге тиіс. 10.2.5. Бір көзден алу тәсілі заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана қолданылады. 10.2.6. Заңнама талаптарын айналып өту мақсатында сатып алуды жасанды түрде бөлшектеуге жол берілмейді. 10.3. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қабылдау 10.3.1. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қабылдау кезінде мыналарды тексеру қажет: санының сәйкестігін; сапасын; техникалық ерекшелікке сәйкестігін; шарт талаптарына сәйкестігін; жұмыстардың нақты орындалуын; растайтын құжаттардың болуын. 10.3.2. Өнім берушінің міндеттемелері нақты орындалмаған кезде қабылдау құжаттарына қол қоюға жол берілмейді. 10.3.3. Өнім берушінің міндеттемелерін тиісінше орындамағаны анықталған жағдайда заңнамада және шартта көзделген шаралар қабылданады. 11-тарау. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлайтын адамдарды қорғау 11.1. Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлау 11.1.1. Дайындалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы білген мемлекеттік қызметшілер мен Бөлім жұмыскерлері бұл туралы уәкілетті органдарға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілмен хабарлауға құқылы. 11.1.2. Бөлімде сыбайлас жемқорлық көріністері туралы хабарламаларды жіберу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. 11.1.3. Хабарламалар заңнама талаптары сақтала отырып қаралады. 11.1.4. Ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы адал ниетпен хабарлаған адамды құдалауға жол берілмейді. 11.1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарға заңнамада көзделген қорғау шаралары беріледі. 11.1.6. Өтініш берушінің жеке басы және хабарламаның мазмұны туралы мәліметтер заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, жария етуге жатпайды. 12-тарау. Жауапкершілік 12.1. Жұмыскерлердің жауапкершілігі 12.1.1. Бөлімнің мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін жауапты болады. 12.1.2. Бұзушылықтың сипатына қарай: тәртіптік жауапкершілік; әкімшілік жауапкершілік; қылмыстық жауапкершілік; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жауапкершілік шаралары қолданылуы мүмкін. 12.1.3. Жұмыскердің әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы белгілерінің болуы заңнамада белгіленген тәртіппен шаралар қабылдауға негіз болып табылады. 12.1.4. Жауаптылыққа тартуды құзыретті органдар мен лауазымды адамдар берілген өкілеттіктері шегінде жүзеге асырады. 13-тарау. Қорытынды ережелер 13.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты іске асыру 13.1.1. Бөлімнің басшылығы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. 13.1.2. Жауапты лауазымды адамдар: түсіндіру жұмыстарын жүргізуді; сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға қатысуды; іс-шаралардың орындалуын мониторингтеуді; жұмыскерлерге консультация беруді; ықтимал сыбайлас жемқорлық көріністері туралы ақпаратты қарауды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауды қамтамасыз етеді. 13.1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының заңнамасы, Бөлімнің құрылымы, оның функциялары, өкілеттіктері өзгерген кезде немесе жаңа сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындаған жағдайда қайта қаралуға және өзектендірілуге жатады. 13.1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын алмастырмайды және шектемейді. 13.1.5. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасы нормалары қолданылады.

«Ерекше бақылаудағы отбасылар, қиын өмірлік жағдайдағы отбасыларының жылу беру маусымына дайындығы және өрт қауіпсіздігінің алдын алу»

06.10.2026

Науырзым ауданы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандар және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі Комиссия акциясы «Ерекше бақылаудағы отбасылар, қиын өмірлік жағдайдағы отбасыларының жылу беру маусымына дайындығы және өрт қауіпсіздігінің алдын алу» Өткізу мерзімі: 2026 жылғы 7-9 қазан аралығында Акцияның мақсаты мен міндеттері: - ерекше бақылаудағы отбасылардың тұрғын үйлеріндегі өрт қауіпсіздігі саласындағы сауаттылықты арттыру; - ауданның ауылдары мен ауылдық округтерінің әкімдіктеріне, мемлекеттік органдарға, тұрғын үйлердегі өрт қауіпсіздігі саласындағы ұйымдарға ерекше бақылаудағы отбасылар арасындағы жұмысты жандандыру; - Науырзым ауданы әкімдігі жанындағы комиссияның жұмыс тобының басшысына ерекше бақылаудағы отбасылар арасындағы тұрғын үйлерде рейдтік іс-шаралар ұйымдастыру. Аудитория: мектеп оқушылары, тәуекел тобындағы кәмелетке толмағандардың ата-аналары, ерекше бақылаудағы отбасылар. Акция үйлестірушісі: Науырзым ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандар және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі Комиссия. Акцияға қатысушылар: Ауыл әкімдіктері, мемлекеттік мекемелер, мектептер. Қатысушылардың міндеті: «Науырзым ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ - Е, Д тобының отбасыларына мониторинг жүргізу және ерекше бақылаудағы және ТЖҚ отбасыларының тізімін ұсыну; 2. «Науырзым ауданының білім бөлімі» ММ - аудан тұрғындары, әсіресе ерекше бақылаудағы отбасылар арасында дәріс, әңгіме өткізу үшін тұрғын үйлердегі өрт қауіпсіздігі туралы материалдар дайындау, дәріс берушілердің тізімін анықтау; Науырзым ауданының ауылдары мен ауылдық округтерінің әкімдеріне, Науырзым ауданының ТЖ бөлімі, «Науырзым ауданының полиция бөлімі» ММ: - Науырзым ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандар және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның жұмыс тобымен бірлесіп тұрғын үйлердегі өрт қауіпсіздігі туралы материалдар дайындау және ерекше бақылаудағы отбасылар арасында рейдтік іс-шаралар өткізу; «Науырзым ауданының ІІСБ жастар-ресурстық орталығы» КММ: - ерекше бақылаудағы отбасылар арасында тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігі бойынша іс-шаралар өткізу; «Науырзым ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ, аудан мектептері, ауданның ауылдары мен ауылдық округтерінің әкімдіктері: - ауданның ауылдары мен ауылдық округтерінің кітапханаларымен бірлесіп тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігі бойынша көрме өткізу және аудан мектептерінің оқушыларымен таныстыру; - ата-аналар арасында тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігі туралы әңгімелер өткізу. «Ерекше бақылаудағы отбасылардың жылу беру маусымына дайындығы және өрт қауіпсіздігінің алдын алу» акциясының қорытындысы: Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері туралы ақпарат: - әлеуметтік желілер беттеріндегі ақпарат; - Науырзым ауданы әкімдігі жанындағы Комиссиясының кезекті отырысында бейнематериалдар, слайдтар ұсына отырып, Науырзым ауданының барлық қатысушыларының есебін тыңдау. Есеп беру мерзімі: 2026 жылғы 12 қазан Дайынд.: А.Е.Мажгулова Тел.: 8 700-300-43-31

Кәмелетке толмағандар арасында өрт қауіпін алдын алу мәселесін шешудің жас ерекшеліктеріне сай тәсілдері

06.10.2026

Кәмелетке толмағандар арасында өрт қауіпін алдын алу мәселесін шешудің жас ерекшеліктеріне сай тәсілдері Мажгулова Алмагүл Елтайқызы, Науырзым ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия жауапты хатшысы Кәмелетке толмағандар арасындағы өрт қауіпсіздігінің алдын алудың практикалық аспектілері тыйым салу моделінен («сіріңке ұстама») қауіпсіз мінез-құлықтың саналы мәдениетін қалыптастыруға көшу болып табылады. Ересектердің басты мақсаты-ережелерді бұзып қана қоймай, балалар мен жасөспірімдерде стресстік

жағдайда әрекет етудің автоматты алгоритмін жасау. Төтенше жағдайларға сәйкес, өрт кезінде балалардың 70% - ы дүрбелеңге түсіп, шкафтарда немесе төсек астында жасырынуға тырысады, сондықтан дұрыс салынған әдіс өте маңызды. Мектеп жасы үш кезеңді бөлу әдеттегідей: кіші, орта және жоғары мектеп жасы. Әр жас кезеңі өзінің физикалық және психологиялық ерекшеліктерімен, әлеуметтік мәртебесімен, демек, өрт немесе басқа қауіп төндіретін ойындарымен ерекшеленеді. Кіші (7-10 жас) — бала әлі де назарын басқара алмайды және көбінесе сыртқы әсерлердің мейіріміне ие болады. Бұл жаста өрттің себептері сіріңке ойыны және қызығушылық болуы мүмкін, бұл көбінесе өрт қаупіне қорғаныс психологиялық реакциясының болмауына байланысты. Осы жастағы балаларда саналы өрт қауіпсіздігі мінез-құлқын қалыптастыру қажет, яғни, тез үйрету, өзін-өзі құтқарудың оңтайлы қауіпсіз жолын таңдау және басқа адамдарды құтқару ұсынылады. Орта мектеп жасы (11-15 жас) — өтпелі кезеңдегі ең маңызды қажеттіліктердің бірі-ата-аналарды, мұғалімдерді, жалпы үлкендерді бақылау мен қамқорлықтан, сондай-ақ қоғамның жазбаша және жазылмаған ережелерінен босату қажеттілігі. Бұл жастағы кәмелетке толмаған адам оның бостандығын, теңдігін мойындауды талап етеді, дегенмен бұл үшін нақты жағдайлар жеткіліксіз. Бұл жаста тепе теңдік пен тәуелсіздік көріністері үшін дұрыс қабылданбаған қасақана өртеу мүмкін. Дәл осы жаста сауатты бос уақытты ұйымдастыру қажет, өйткені еркін стихиялық қарым -қатынас формасы көбінесе теріс ойын - сауықпен байланысты. Егде жас (16-18 жас) — физикалық жетілуді ғана емес, сонымен бірге мәдениетке енуді, белгілі бір білім, нормалар мен дағдылар жүйесін игеруді, соның арқасында жеке адам жұмыс істей алады, әлеуметтік функцияларды орындайды және жауап береді. Осы жаста оларды өрттің алдын алу жұмыстарына тартқан жөн. Материалдарда мектепте немесе ауылда болған оқиғаларды пайдалану керек екендігіне назар аудару қажет: өрт қауіпсіздігі талаптарының тән бұзушылықтары. Кәмелетке толмағандар арасындағы өрттің алдын алудың тиімділігі оқыту әдістерінің әр жас тобының психологиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігіне тікелей байланысты. Ерте оқыту, материалдарды зерттеу, практикалық жаттығулар және үнемі қайталау - бұл процестің негізгі ерекшеліктері. Әлеуметтік орта балаларға қауіпсіз өмір сүру үшін қажетті дағдылар мен білімді дамытуға көмектесу үшін өрт қауіпсіздігі бойынша білім беруге белсенді қатысуы керек.

«Жылыту орталығы» ЖШС Үштөбе қ. Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің 28.09.2026 жылғы № 74-ОД бұйрығына сәйкес, 01.11.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіле отырып, тұтынушыларға жылу энергиясын ұсынады. Тұтынушылар үшін бекітілген сараланған тариф келесіні құрайды:

06.10.2026

«Жылыту орталығы» ЖШС Үштөбе қ. Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің 28.09.2026 жылғы № 74-ОД бұйрығына сәйкес, 01.11.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіле отырып, тұтынушыларға жылу энергиясын ұсынады. Тұтынушылар үшін бекітілген сараланған тариф келесіні құрайды: № Көрсетілетін қызметтердің атауы Есептеу аспаптарының (ЕА) болуы/болмауы Өлшем бірлігі Уәкілетті органмен бекітілген 1 Халық үшін тарифтер, жеке тұлғалар ЕА бар теңге/Гкал 1069,11 ЕА жоқ теңге/Гкал 1150,78 2 Басқа тұтынушылар ЕА жоқ теңге/Гкал 7502,73 ЕА бар теңге/Гкал 6489,06 3 Бюджеттік ұйымдар ЕА жоқ теңге/Гкал 26573,02 ЕА бар теңге/Гкал 12541,46 Директор«Жылыту орталығы» ЖШС Т.Р. Бөкенбаев

Кандидаттар туралы ақпарат нысаны, кандидаттың №320 учаскелік сайлау комиссиясының құрамында жұмысқа қатысуға келісімі туралы өтініші

06.10.2026

Кандидаттар туралы ақпарат нысаны, кандидаттың №320 учаскелік сайлау комиссиясының құрамында жұмысқа қатысуға келісімі туралы өтініші

«№45 ЖОББМ» КММ Бастауыш сынып мұғалімі (декреттік демалыс орнына) конкурс жариялайды

06.10.2026

Конкурс жарияланған лауазымның атауы: Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 45 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Бастауыш сынып мұғалімі (декреттік демалыс орнына). Орналасқан жері: индекс 071413, Абай облысы Семей қаласы Восточный левый массиві 268 А ғимараты. Байланыс номері: 87478112829 Электрондық пошталық мекен-жай: sosh45.kgu@bk.ru Конкурсқа қатысуға өтінім беру мерзімі және қабылдау орны: Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№45 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Кандидаттар туралы ақпарат нысаны, кандидаттың № 3, № 10 ОСК құрамында жұмысқа қатысуға келісімі туралы өтініші

06.10.2026

Кандидаттар туралы ақпарат нысаны, кандидаттың № 3, № 10 ОСК құрамында жұмысқа қатысуға келісімі туралы өтініші

2026 жылдың IV-тоқсанында Жангелдин ауданы әкімінің аппаратында азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

06.10.2026

БЕКІТЕМІН: Жангелдин ауданының әкімі _____Д. Бидашев « » 2026 жыл 2026 жылдың IV-тоқсанында Жангелдин ауданы әкімінің аппаратында азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ Азаматтардың қабылдаушының тегі, аты-жөні Лауазымы Қабылдау күні мен уақыты Байланыс телефоны Бидашев Динмуханбет Серікұлы Аудан әкімі Қазан 7,14,21,28 Қараша 4,11,18,25 Желтоқсан 2,9,23,30 сағ:10-00 21404 Халық Рауел Болатұлы Аудан әкімінің орынбасары Қазан 8,15,22,29 Қараша 5,12,19,26 Желтоқсан 3,10,17,24,31. сағ:10-00 21404 Алматов Еренбол Каирбекұлы Аудан әкімінің орынбасары Қазан 6,13,20,27 Қараша 3,10,17,24 Желтоқсан 8,15,22,29 сағ:10-00 21404 Ұзаққызы Гүлмира Аудан әкімінің орынбасары Қазан 2,9,16,23,30 Қараша 6,13,20,27. Желтоқсан 4,11,18,25 сағ:10-00 21404 Қойшыбек Ерасыл Қойшыбекұлы Аппарат басшысы Қазан 5,12,19,26 Қараша 2,9,16,23,30. Желтоқсан 7,14,21,28. сағ:10-00 21404 Жеке қабылдауға алдын ала жазылу №53 кабинетте жүргізіледі, байланыс телефоны: 21-4-04 Аудан әкімі аппаратының мекен-жайы: Торғай ауылы, Алтынсарин көшесі,4 «Жангелдин ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Жангелдин ауданы әкімі аппаратының қызметкерлерімен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі нормаларын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаларын бұзу фактілері туралы мына телефон бойынша хабарлауға болатынын хабарлайды: 21-2-51

Көпбалалы отбасына берілетін мемлекеттік жәрдемақы туралы

06.10.2026

Мемлекет төрт және одан да көп бала тәрбиелеп отырған отбасыларды әлеуметтік қолдау жөніндегі шараларды көздейді. Осындай шаралардың бірі — отбасының табысына қарамастан төленетін көпбалалы отбасына берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы. Аталған жәрдемақыны тағайындаудың құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген. Жәрдемақы алуға кімнің құқығы бар? Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 90-бабына сәйкес, бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан да көп баласы бар отбасылардың жәрдемақы алуға құқығы бар. Бұл ретте жәрдемақы тағайындау кезінде есепке алынатын балалардың қатарына 18 жасқа толған, бірақ тиісті білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысанында оқуын жалғастырып жатқан балалар да енгізілуі мүмкін. Мұндай жағдайда жәрдемақы оқу аяқталғанға дейін, бірақ бала 23 жасқа толғаннан аспайтын мерзімге төленуі мүмкін. Осылайша, баланың 18 жасқа толуы отбасының жәрдемақы алу құқығының әрдайым тоқтатылуын білдірмейді. Егер бала күндізгі оқу нысанында оқуын жалғастырса және заңнамада көзделген талаптар сақталса, ол көпбалалы отбасының құрамын айқындау кезінде есепке алына береді. 2026 жылы жәрдемақы мөлшері қандай? Жәрдемақы мөлшері отбасындағы балалардың санына байланысты және айлық есептік көрсеткішпен (АЕК) айқындалады. 2026 жылы жәрдемақы мөлшері Отбасындағы балалар саны Коэффициент Сомасы 4 бала 16,03 69 330 теңге 5 бала 20,04 86 673 теңге 6 бала 24,05 104 017 теңге 7бала 28,06 121 360 теңге 8 және одан да көп бала әр балаға 4 АЕК 32 138 400 теңге 2026 жылы 1 АЕК мөлшері 4 325 теңгені құрайды. Жәрдемақы мөлшері Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 91-бабында белгіленген және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленетін АЕК мөлшері өзгерген жағдайда өзгертілуге жатады. Мысалы, бірге тұратын төрт кәмелетке толмаған баласы бар отбасына 2026 жылы ай сайын 69 330 теңге мөлшерінде жәрдемақы төленеді. Егер отбасында сегіз бала болса, жәрдемақы мөлшері әр балаға 4 АЕК есебінде белгіленеді, яғни айына 138 400 теңгені құрайды. Балалар саны өзгерген жағдайда не болады? Жәрдемақы мөлшері оны алу кезеңінің барлығында өзгеріссіз қалмайды. Егер отбасының құрамы өзгерсе — мысалы, бала жәрдемақы тағайындау кезінде есепке алынбайтын жасқа толса немесе, керісінше, оқуын жалғастырып жатқан баланы есепке алуға құқық пайда болса, жәрдемақы мөлшері тиісті түрде қайта есептеледі. Сондықтан жәрдемақы алушылар төлем алу құқығына немесе оның мөлшеріне әсер етуі мүмкін мән-жайлар туралы уақтылы хабарлауы маңызды. Жәрдемақыны қалай рәсімдеуге болады? Көпбалалы отбасына жәрдемақы тағайындау үшін өтініш беруге қандай да бір мерзіммен шектеу қойылмайды. Жәрдемақыны электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтер арқылы да тағайындауға болады. Өтінішті «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беруге, сондай-ақ заңнамада көзделген проактивті тәсілмен қызмет көрсету және екінші деңгейдегі банктердің цифрлық сервистері арқылы жүгінуге болады. Электрондық түрде өтініш берген кезде қажетті мәліметтердің едәуір бөлігі, атап айтқанда, балалар, тіркеу, неке және банктік шот туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін. Ата-аналар нені ескеруі қажет? Жәрдемақы алу құқығын сақтау үшін отбасы құрамы мен балалар туралы мәліметтердің өзекті әрі дұрыс болуы маңызды. 18 жастан асқан, оқуын жалғастырып жатқан балаларға ерекше назар аудару қажет. Мұндай баланы одан әрі есепке алу үшін заңнамада көзделген талаптардың, оның ішінде күндізгі оқу нысанында білім алуының және белгіленген шекті жасқа — 23 жасқа дейінгі талаптың сақталуы қажет. Ата-аналарға отбасы құрамы, балалардың мәртебесі және олардың оқуына қатысты мәліметтерді уақтылы тексеріп отыру ұсынылады, өйткені аталған мән-жайлардың өзгеруі жәрдемақы мөлшеріне немесе оның төленуінің тоқтатылуына әсер етуі мүмкін.

2026 жылдың 3-ші тоқсандық жеке және заңды тұлғаларды қабылдау жөніндегі есеп

06.10.2026

2026 жылдың 3-ші тоқсандық жеке және заңды тұлғаларды қабылдау жөніндегі есеп

01.10.2026 жылға арналған (атқару) Лисаков қаласының азаматтық бюджеті

06.10.2026

01.10.2026 жылға арналған (атқару) Лисаков қаласының азаматтық бюджеті

01.06.2026ж. жағдайы бойынша тарифтер деңгейі

06.10.2026

01.06.2026ж. жағдайы бойынша тарифтер деңгейі

"Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі

және автомобиль жолдары басқармасы"ММ 2026-2028 жылдарға нақтыланған Азаматтық бюджеттің "Ашық бюджеттер"интернет-порталында орналастырылғаны туралы хабарлайды (5-нақтылау).

06.10.2026

2026 жылдың 25 қыркүйегіндегі ««Ақтөбе облыстық мәслихатының 2025 жылғы 10желтоқсандағы №298 «2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы»шешіміне өзгерістер енгізу туралы» №352 шешімі негізінде Басқарма бойыншабюджеттік бағдарламалар келесідей жоспарланған.

№ 5 Конкурстық комиссия отырысының хаттамасы

06.10.2026

№ 5 Конкурстық комиссия отырысының хаттамасы

2026-2028 жылдарға арналған Бюджеттік бағдарлама паспорты

06.10.2026

Бюджеттіксұр анымдыжасау,ұсыну, қарауқағидаларына4-қосымша Бюджеттікбағ дарламапаспо ртыБюджеттік бағдарламала рәкімшісінің коды жәнеатауыЖоспарлыкезең 2026-2028жылдар Бюджеттікбағдарламаның коды мен атауы:038 «Коммуналдық шаруашылығын дамыту» Мемлекеттік органдар функцияларының тізіліміне сәйкес мемлекеттік орган функциясының (функцияларының) коды мен атауы: 279 - «Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің коды мен атауы: Сипаттама (негіздеме), оның ішінде ағымдағы мәртебе:Атырау облысының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында жүктелген міндеттерді тиімді атқару және сапалы қызмет атқару үшін Атырау облысы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының қызметін қамтамасыз ету. Бюджеттік бағдарламаның түрі: мазмұнына байланысты:Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты:облыстық іске асыру тәсіліне байланысты:Жеке ағымдағы/даму:Ағымдағы Көрсеткіштер Факт 2025жыл Жоспарлыкезең 2026жылғажоспар 2026 жыл 2027 жыл 2028 жыл Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін меншікті құжаттардың нысаналы индикаторы: Түпкілікті нәтиже: Жергілікті деңгейде мемлекеттік активтер мен сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесінің Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторларынан, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін меншікті құжаттардан ауытқуы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін меншікті құжаттарға сәйкес бюджет қаражатына қажеттілік 5 488 593,0 362 269,0 363 473,0 0 0 Жоспар 5 488 593,0 362 269,0 363 473,0 0 0 Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторларына, ББӘ қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін меншікті құжаттарға қол жеткізу үшін жоспардың жоспарланған қаражаттан ауытқуы Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы:015 — «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» 2027жылғамыңтеңге Іс-шаралар, барлығы, оның ішінде Іс-шара көрсеткіші Мемлекеттікж оспарлаужүйе леріқұжатыны ңкөрсеткіші Ауытқу Шығыстар Мемлекеттікж оспарлаужүйе леріқұжатыны ңсомасы Ауытқу Ауытқусебебі Атырау қаласының Белинский 1-А көшесібойынша су тазартуқұрыл ғыларындақұр ғақшөгінділерүшінтұңбала рдықұрғатуст анциясыныңқұрылысы. қызмет 1 362 269,0 0 Атырау қаласының СМП-163 ықшамауданының №3,5,7,9,11 көпқабаттытұ рғынүйлерінің су көтергішсорғ ыстанциялары ныңсалуға ЖСҚ жасақтау ЖСҚ 1 521,0 Атырау қаласыНұрсая ықшамауданының №34, 36, 38, 40 бес қабаттытұрғы нүйлергекөте ргішсорғыста нциясынсалуға ЖСҚ жасақтау ЖСҚ 1 683,0 2028жылғамыңтеңге Іс-шаралар, барлығы, оның ішінде Іс-шара көрсеткіші Мемлекеттікж оспарлаужүйе леріқұжатыны ңкөрсеткіші Ауытқу Шығыстар Мемлекеттікж оспарлаужүйе леріқұжатыныңсомасы Ауытқу Ауытқусебебі 2029 жылғамыңтеңге Іс-шаралар, барлығы, оның ішінде Іс-шара көрсеткіші Мемлекеттікж оспарлаужүйе леріқұжатыны ңкөрсеткіші Ауытқу Шығыстар Мемлекеттікж оспарлаужүйе леріқұжатыныңсомасы Ауытқу Ауытқусебебі Басқарма басшысы _____ _____ _____ Кенжебеков А.Ж. Бас есепші _____ _____ _____ Аушиова С.Д.

Сайланған әкімді тіркеу туралы ХАБАР

06.10.2026

Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы Бидайық ауылдық округіне сайланған әкімін тіркеу туралы Жаңаарқа ауданының аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ 6 қазан 2026 жыл «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабына сәйкес 2026 жылғы 4 қазанда өткен Жаңаарқа ауданының Бидайық ауылдық округінің әкімін сайлау қорытындысы туралы Жаңаарқа ауданының аумақтық сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде: Жамауов Нуржан Кадрбаевич - 1965 жылы дүниеге келген «Бидайық ауылдық округі әкімінің аппараты» әкім, Жаңаарқа ауданы Бидайық ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынған, Бидайық ауылдық округінің әкімі болып тіркелді. Жаңаарқа ауданының аумақтық сайлау комиссиясы сайланған әкімді тіркеу туралы ХАБАРЛАМАСЫ

06.10.2026

Қарасай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 45, 113-11-баптарына сәйкес және аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 6 қазандағы №40 шешімі негізінде Зуайда Абылай Жұмабекұлы Қарасай ауданы Қаскелең қаласының әкімі болып тіркелгенін хабарлайды. Қарасай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

ХАТТАМА «АҮТ Facility Management» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өтінімі бойынша жария тыңдаулар

06.10.2026

ХАТТАМА «АҮТ Facility Management» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өтінімі бойынша жария тыңдаулар

2026 жылғы 01 қыркүйекке "Железин ауданы мәслихатының аппараты" ММ бойынша бюджеттің шығыс бөлігінің орындалуы

06.10.2026

Бюджеттік сыныптама коды Атауы 2026 жылға арналған жоспар, мың теңге 2026 жылғы 01.09. орындау, мың теңге Жоспардан ауытқу Жоспар Нақты игерілмеген сома, мың теңге % 112 Аудан (облыстық маңызы бар қала)мәслихатының аппараты 53 472,0 34 424,0 34 422,4 1,6 100,0 001 Аудан (облыстық маңызы бар қала)мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер 53 472,0 34 424,0 34 422,4 1,6 100,0

Қыркүйек айында облыстық бюджетті нақтылауға ұсынылатын жобалар тізімі.

07.10.2026

«Жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» «Төмен тұрған бюджеттерге ағымдағы нысаналы трансферттер. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен.» «Табиғи монополиялар субъектілерінің халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау»

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің 2026 жылдың қыркүйек айына зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бағыты бойынша қызметтерінің көрсеткіштері

07.10.2026

1. Зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру 1.1. Халық саны 694 600 адам 1.2. Төлем алушылар Санаттар: - зейнеткерлер - 104 436 адам; - мүгедектігі бойынша жәрдемақы - 18 018 адам; - асыраушысынан айрылу бойынша жәрдемақы - 5 637 адам; - № 1,2 тізім - 0 адам; - АМЖ - 6 679 адам; - экологиялық үстеме 0 адам; - 1,5 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы - 3 751 адам; - 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаға күтім жасау бойынша жәрдемақы — 3 723 адам; - 1 топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасау бойынша жәрдемақы - 2 969 адам; - көпбалалы аналар - 6 374 адам; - көпбалалы отбасылар - 13 407 адам. 1.3. Істерді қарау Барлығы: _8 659_, 2025 жылмен салыстырғанда _5,6_%-ға азайды; Жаңа тағайындаулар: - 3 862 (2025 жылдың кезеңімен салыстырғанда 5,2 %-ға көбейді. Төлемдердің жекелеген тұрлеріне құқықтардың улғаюна байланысты) Қайта қараулар: - 4 704 (2025 жылдың кезеңімен салыстырғанда 8,7 %-ға азайды. Кейбір төлемдер автожалғастыруға көшуіне байланысты) Бас тарту: - 93 (2025 жылдың кезеңімен салыстырғанда 272 %-ға азайды)

2026 жылға арналған «Ақтөбе облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» ММ-сінің нақтыланған азаматтық бюджеті

07.10.2026

2026 жылға арналған «Ақтөбе облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» ММ-сінің нақтыланған азаматтық бюджеті "2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" облыстық мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» облыстық мәслихаттың 2026 жылғы 25 қыркүйек №352 шешімі негізінде кестеде көрсетілген бағдарламаларды 2026 жылға арналған бюджеті орындауға қабылдады. Бағдарлама Бағдарлама Бағдарламаның атауы Өлшем бірлігі Жоспарлы кезең 2026 жыл 724001 724 «Ақтөбе облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» ММ-сі Мың теңге 139 278,0 015 Жергілікті бюджет есебінен Мың теңге 136 578,0 724003 015 Жергілікті бюджет есебінен Мың теңге 2700,0

Баршатас ауылдық округі әкіміне кандидаттарды ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТЫ

07.10.2026

Баршатас ауылдық округі әкіміне кандидаттарды ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТЫ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

07.10.2026

Расул Рысмамбетов, қаржыгер, «БЖЗҚ» АҚ (БЖЗҚ, Қор) Директорлар кеңесінің мүшесі — тәуелсіз директоры: «Егер адам қарттық шағына қаражат жинамаса, мемлекет қалай да бір амалын тауып, «тегін қияр мен қызанақ» беретініне кәміл сенсе, қатты қателеседі, өкінішке орай... Өзіміз үшін тек өзіміз ғана жинақтай аламыз». «БЖЗҚ» АҚ «Зейнетақы жүйесі туралы сұхбат» жобасы аясында сарапшылармен пікір алмасу сериясын жалғастыруда. Алғаш зейнетақыны кім ойлап тапты? БЖЗҚ-ның негізгі міндеттері қандай болуы тиіс? Салымшыларға өз жинақтарын шешіп алу мүмкіндігін беру дұрыс па? Атақты мысалдағы «Құмырсқа» кім, «Инелік» кім? Бүгінгі кезекті эксклюзивті сұхбатымызда қаржыгер, «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі — тәуелсіз директоры Расул Рысмамбетов Қазақстандағы болашақ зейнеткерлердің мәселелері туралы жеке қарым-қатынас тәжірибесіне сүйене отырып баяндап, олардың болашақ перспективалары жөнінде өз пікірімен бөлісті. Сұхбатты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасынан көріңіз! https://youtu.be/Dy76WU-qFrs?

si=CocIIq7U4J0rv1SZ Жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы қызықты әрі пайдалы ақпарат алу үшін БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасына жазылыңыз! БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері — Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор — балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігі басшылығының 4 тоқсанға азаматтарды қабылдау кестесі

07.10.2026

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігі басшылығының 4 тоқсанға азаматтарды қабылдау кестесі

2026 жылдың 3 тоқсаны бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету туралы есепке талдамалық анықтама

07.10.2026

және алуға; мүліктік және мүліктік емес құқықтарды алуға және жүзеге асыруға; мемлекеттік басқару органдарының, мұрағаттардың, ғылыми мекемелердің акпараттық деректер базаларын пайдалануға; шарттар, келісімдер жасасуға; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы. 14. Әкім аппаратының өз құзыреті шегіндегі міндеттері: қолданыстағы заңнамаға сәйкес халыққа сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету; Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, облыс, аудан әкімінің және әкімдігінің, қала әкімінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақтылы орындау; қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру. 3. Әкім аппаратының қызметін ұйымдастыру 15. Әкімнің аппаратын әкім басқарады. 16. Әкімнің өкілеттіктері: 1) тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тиісті аудандық әкімдіктің лауазымды адамы болып табылады және мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара қарым-қатынастарда оның атынан сенімхатсыз өкілдік етеді; 2) азаматтардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын қарайды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолданады; 3) салық және бюджетке теленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдеседі; 4) азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдеседі; 5) өз құзыреті шегінде жер қатынастарын реттеуді жүзеге асырады; 6) қаланың коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын, сондай-ақ қалада автомобиль жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөнделуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз етеді; 7) шаруа немесе фермер қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдеседі; 8) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсетеді; 9) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілік және әскери қызмет, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері жөніндегі, сондай-ақ азаматтық қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді; 10) тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; 11) табысы аз адамдарды анықтайды, жоғары тұрған органдарға еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныс енгізеді, жалғызілікті қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастырады, оларға қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіреді; 12) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың жұмыска орналасуына жәрдемдеседі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларға әлеуметтік-құқықтық және өзге де көмек көрсетеді; 13) мүгедектігі бар адамдарға көмек көрсетуді ұйымдастырады; 14) қоғамдық жұмыстарды, жастар практикасын және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырады; 15) дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органмен және мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мүгедектер арасында сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады; 16) мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мәдени-бұқаралық және ағарту іс-шараларын ұйымдастырады; 17) мүгедектігі бар адамдарға қайырымдылық және әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіреді; 18) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіреді; 19) «Алтын алқа» алқасымен наградталған аналарға үй бөлуге жәрдемдеседі; 20) жазалаудың осы түріне сотталған адамдардың қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен қоғамдық жұмыстарды орындауын ұйымдастырады; 21) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен әкімшілік жазаға тартылған адамдардың қоғамдық жұмыстарды орындауын ұйымдастырады; 22) жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдеседі; 23) қоғамдық көлік қозғалысын ұйымдастырады; 24) қажет болған жағдайда науқастарды дәрігерлік көмек көрсететін жақын орналасқан денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастырады; 25) облыстардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға олар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте ветеринария саласындағы функцияларды орындаған кезде жәрдем көрсетеді; 26) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасайды; 27) жергілікті бюджетті бекіту (нақтылау) кезінде аудан мәслихаты сессияларының жұмысына қатысады; 28) мәдениет мекемелерінің қызметін қамтамасыз етеді; 29) өз құзыреті шегінде елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастырады және су пайдалану мәселелерін реттейді; 30) елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады; 31) туысы жоқ адамдарды жерлеуді және зираттар мен өзге де жерлеу орындарын тиісті қалпында күтіп-ұстау жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырады; 32) жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларына сәйкес, қабірге арналған жер учаскелерін есепке алу мен тіркеуді жүргізеді; 33) қоғамдық медиаторлардың тізілімін жүргізеді; 34) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалатын орындарда спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасайды; 35) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандардың жұмыспен камтылуына, оның ішінде: қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындары мен мекемелері өндіретін тауарларға, орындайтын жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге тапсырыстарды орналастыру; қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің аумағында сотталғандардың еңбегін пайдаланатын өндірістер ашу, оларды кеңейту және жаңғырту үшін кәсіпкерлік субъектілерін тарту арқылы жәрдемдеседі. 36) басқаруына берілген аудандық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз мүліктік жалға (жалдауға) береді; 37) берілген коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды; 38) берілген коммуналдық мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді; 39) берілген аудандық коммуналдық заңды тұлғаларды басқаруды жүзеге асырады; 40) жергілікті атқарушы органның шешімімен бекітілетін, басқаруына берілген аудандық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін келіседі; 41) басқаруына берілген коммуналдық казыналық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілейді; 42) берілген аудандық коммуналдық мемлекеттік мекемелердің жергілікті бюджеттен қаржыландырылуының жеке жоспарларын бекітеді; 43) бюджет қаражаттарын үнемдеудің және (немесе) Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасында көзделген түсімдердің есебінен еңбек шарты бойынша қызметкерлер қабылдайды; 44) мемлекеттік мекемелердің өздерінің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарын Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жасайды және бекітеді; 45) каланың тұрғын үй қорын түгендеуді жүргізеді; 46) аудан әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша қаладағы авариялық жағдайдағы үйлерді бұзуды ұйымдастырады; 47) мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бағдарламалық құжаттары аясында қала халқына микрокредит беруге жәрдем көрсетеді; 48) елді мекен жерлерінде мал жаятын орындарды айқындау; 49) елді мекендер аумақтарын санитариялық тазалауды ұйымдастыру; 50) қала аумағында жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда, бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдау; 51) қала аумағында жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешімдер қабылдау; 52) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринариялық пункттерді қызметтік үй-жайлармен қамтамасыз ету; 53) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді; 54) жер учаскелерін жеке меншікке және жер пайдалануға беру; 55) қауымдық сервитуттар белгілеу; 56) жер учаскелерін алып қою, соның ішінде мемлекет мұктажы үшін алып қою мәселелері жөнінде аудандық әкімдікке ұсыныстар енгізеді; 57) жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды іске асыруды қамтамасыз ету және жергілікті өзін-өзі басқару органына (жергілікті қоғамдастық жиынына) оның іске асырылу барысы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну; 58) жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау жөніндегі жоспарларды іске асыру; 59) жайылымдардың тозуымен және шөлейттенуімен күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асыру; 60) жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асыру; 61) жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспардың іске асырылу барысы туралы жыл сайынғы есептерді тиісті аумақтарда таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау; 62) үлгілік тізбеге сәйкес жер учаскесін бөліп беру схемасын келісу бойынша мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың тізбесін бекіту; 63) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінде көзделген, қала аумағында жасалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазалар қолданады; 64) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелерін реттейді. 65) қала әкімі облыс әкімдігіне облыстың даму жоспарына енгізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте байланыс қызметтерін көрсетуді ұйымдастыру жөнінде ұсыныс енгізеді. 66) денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оңалту көрсететін ұйымдарда тегін жеке оқыту ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. 67) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге қатысады; 68) ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыратын, мал шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындайтын мемлекеттік пункттердің, сою алаңдарының (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарының), мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың), пестицидтерді, улы химикаттарды және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарының (көмінділердің) жұмыс істеуіне жәрдемдеседі; 69) ауыл шаруашылығы санағын жүргізуге қатысады; 70) қала әкімінің құзырына Қазақстан Республикасының

заңдарымен өзге де мәселелерді шешу жатқызылуы мүмкін. 17. Ауылдық округтің жергілікті атқарушы органдары коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты: 1) комуналдық органикалық қалдықтарды бөлек жинауды және оларды қалпына келтіруді, оның ішінде компостерлеу арқылы ынталандыру; 2) коммуналдық қалдықтарды тұрақты әкетуді ұйымдастыру; 3) коммуналдық қалдықтарды басқару кезінде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету; 4) коммуналдық қалдықтарды санкциясыз жағуды болғызбау және олардың жолын кесу арқылы іске асырады. 18. Қала әкімі өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша өзіне жүктелген міндеттердің іске асырылуы үшін жоғары тұрған әкімнің, аудандық мәслихаттың алдында жауап береді. 19. Әкімде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімнің орынбасары болуы мүмкін. 20. Әкім: 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес әкім орынбасарының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды; 2) Әкім аппараты қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілер этикасының нормаларын сақтауын әкім қамтамасыз етеді. 3) Әкім аппараты туралы Ережені аудан әкімдігіне бекітуге ұсынады; 4) Әкім аппаратының қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметінен босатады; 5) Әкім аппараты қызметкерлерінің міндеттерін және өкілеттілігін белгілейді; 6) Әкім аппараты қызметкерлерін мадақтайды, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте материалдық көмек көрсетуді, тәртіптік жазалар қолдануды жүзеге асырады; 7) өз құзыреті шегінде Әкім аппаратының барлық қызметкерлеріне міндетті өкім шығарады және нұсқаулар береді; 8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жасайды және дербес жауап береді. 4. Әкім аппаратының мүлкі 21. Заңнамада көзделген жағдайларда әкім аппаратының жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мумкін. Әкім аппаратының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады. 22. Әкімнің аппаратына бекітіліп берілген мүлік қаланың (жергілікті өзін-өзі басқарудың) коммуналдық меншігіне жатады. 23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, әкімнің аппараты жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті иеліктен шығаруы немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуі мүмкін. 5. Әкімнің аппаратын қайта ұйымдастыру және тарату 24. Әкімнің аппаратын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.

Жаңаталап ауылдық округі әкімі аппаратының «Жаңаталап ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметіне жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерімен талдамалық анықтама

06.10.2026

Жаңаталап ауылдық округі әкімі аппаратының «Жаңаталап ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметіне жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерімен талдамалық анықтама

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕП "E-Otinish" ақпараттық жүйесіндегі шағымдарды талдау нәтижелері туралы 2026 жылдың 9 айына

06.10.2026

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕП "E-Otinish" ақпараттық жүйесіндегі шағымдарды талдау нәтижелері туралы2026 жылдың 9 айына 2026 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында Ақмола облысының Мемлекеттік кірістер департаменті салық және кедендік әкімшілік, жеке тұлғаларды оңалту және банкроттыққа шығу мәселелері бойынша заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардан 8 807 шағым қабылдады. Әкімшілік рәсім 3494 (Тыңдау), Қысқаша рәсім 3262 (Тыңдау жоқ) Ең үлкен үлес — өтініштер — 6 397 (72,6%). Мәселенің сипаты Саны Бөлісу Басқа сипаттағы сұрақтар 3638 41,31% Салық әкімшілігі 1263 14,34% Жеке тұлғалар мен басқалардың банкроттығы 915 10,39% Кеден әкімшілігі 817 9,28% Қарыздар мен төлем қабілетсіз қарыздармен жұмыс істеу үшін 753 8,55% Кәсіпкерлік мәселелері 742 8.43% Қоғамдық қызметтер 679 7,71% БАРЛЫҒЫ 8807 100,00%

2026 жылдың қаңтар - қыркүйек айларына азаматтардың өтініштерімен жұмыс туралы АҚПАРАТ

06.10.2026

Барлығы өтініштер, хабарламалар, сұраулар, жауаптар, ұсыныстар түсті — 2050 Арыз — 1231 ұсыныстар- 133 басқалары (хабарлама, сұрау, т.б) - 640 Шағымдар- 46 Қаралды өтініштер, хабарламалар, сұраулар, жауаптар, ұсыныстар - 1356 Олардың ішінде : әкімшілік рәсім тәртібінде қаралғандар (өтініштер мен шағымдар) - 660 жеңілдетілген әкімшілік рәсім тәртібімен (ұсыныс, хабарлама, сұрау салу, т.б) - 434 Қолайлы Әкімшілік акт қабылданды (қанағаттандырылды) — 468 Ауырлатылаған Әкімшілік акт қабылданды (бас тартылды немесе түсіндірілді) — 192 Құзыреті бойынша басқа органдарға қайта жіберілген өтініштер саны - 673 Құзыреті бойынша басқа органдарға мерзімін бұза отырып жіберілді — 0 Мерзімін бұза отырып қаралды — 0 Есепті кезеңнің соңындағы қалдық — 60 Жиі келіп түсетін өтініштер; Жердің сұранысы бойынша (бизнесті бастау үшін, жайылымдар мен шабындықтар) - 222 ЖКХ(үйдің шатыры мен қасбетін жөндеу,жолдар, аялдамалар,кезек тұрғын үй,жылу, су,) — 417 Ауыл шаруашылық сұрағы бойынша - 174 Сондай-ақ, есепті кезеңде жеке қабылдаудан 217 өтініш тіркелді, оның ішінде: Қала әкімдігінің басшылығымен (әкіммен) келесі мәселелер бойынша 217 адам қабылданды; ТКШ бойынша - 165 жұмысқа орналастыру- 9 қаңғыбас иттер мәселесі бойынша — 4 апаттық үй бойынша — 5 денсаулық сақтау бойынша — 2 мәдениет мәселесі — 4 БАҚ қызметі бойынша — 1 жер мәселесі бойынша — 7 әлеуметтік қорғау бойынша - 8 Басқада сұрақтар бойынша - 31

«Кусаинов» ЖК Ақмола облысының Ақкөл ауданында орналасқан Горняк кен орнында шөгінді жыныстарды (қиыршық тасты топырақты) игеру кезінде тау-кен жұмыстары бұзылған жерлерді қалпына келтіру жобасы бойынша ҚОҚ бөлімдері: ЭНЖ, ӨЭБЖ, ҚББ, ІШЖ, бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні хабарлайды..

06.10.2026

«Кусаинов» ЖК Ақмола облысының Ақкөл ауданында орналасқан Горняк кен орнында шөгінді жыныстарды (қиыршық тасты топырақты) игеру кезінде тау-кен жұмыстары бұзылған жерлерді қалпына келтіру жобасы бойынша ҚОҚ бөлімдері: ЭНЖ, ӨЭБЖ, ҚББ, ІШЖ, бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Ақкөл ауданы, Кеңес а. Учаске ортасының географиялық координаттары: 52°05′53.80″С. Е., 71°07′23.97″Ш. Б. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 52°04′55.72″С. Е., 71°15′41.62″Ш. Б. Қоғамдық тыңдау 06.11.2026 ж. сағат 16.00-де Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Кеңес а., Жеңіс көшесі, 27-құрылыс (мектеп ғимараты) мекенжайы бойынша өткізіледі. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Тыңдаулар аралас түрінде өткізіледі, қатысу үшін ZOOM Meeting Cloud қосымшасын мекенжайға келу немесе жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516. Пароль 777. Онлайн видеобайланысқа сілтеме: https://us06web.zoom.us/j/4139456516?pwd=eEFKc0N1WmQ1d0Jybmg1WGdqU0Q4UT09 Бастамашысы — «Кусаинов» ЖК, ҚР, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Ақкөл қаласы, Т. Бигелдинов көшесі, 127/2. Тел.+7 708 474 1007. Ал. пошта: aslan_444_kz@mail.ru. Жобаны әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН 100540015046, Көкшетау қ., Васильковский 4Г ш/а, тел.: 87162514141, e-mail: alait2030@gmail.com. Құжаттама цифрлық жүйеде орналастырылған - https://ndbecology.gov.kz / және ЖАО сайтында - https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru. Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде межеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ межеленіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: alait2030@gmail.com және тел: 87162514141. ЖАО жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты — «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Көкшетау қ, Абая к, 89 үй, тел.: 8(7162)402807, электрондық мекенжайы: upr.expertiza@mail.ru..

Прайс Лист

06.10.2026

Жамбыл облысы, Шу ауданы, Тасөткел ауылдық округі әкімінің 2026 жылдың 8 қарашасына тағайындалған сайлауына қатысатын кандидаттарға сайлау алдындағы үгіт материалдарын орналастыруға баспасөз бетінен орын беру туралы ПРАЙС — ПАРАҚША «Шу аудандық баспасы» ЖШС, БСН 070540008025. Жамбыл облысы, Шу ауданы «Шу өңірі» - «Шуская долина» аудандық газеті, форматы D2. - Газеттің 1 және 6 беттері түрлі-түсті; - Басу тәсілі — офсеттік; - Газеттің шығуы аптасына 2 рет; - Басылымның ресми сайты бар; - Таралу аумағы - Шу ауданы; - Басылым тілі — қазақ, орыс; - 1 шаршы сантиметр 245 (екі жүз қырық бес) теңге, ЖШС ҚҚС төлеушісі болып табылмайды; - Газеттің сайтында қосымша жарияланғанда, 1 (бір) символ — 30 (отыз) теңге.

Қызылжар ауданы ауылдық округ әкімдерінің кездесулері барысында қойылған мәселелер бойынша ақпарат 2026 жылғы ақпан

06.10.2026

Қызылжар ауданы ауылдық округ әкімдерінің кездесулері барысында қойылған мәселелер бойынша ақпарат 2026 жылғы ақпан № п/п Ауылдық округ, елді мекен Өткізу күні Т. А. Ә. әкімнің Өтініш берушінің Т. А. Ә. Сұрақтың мазмұны Жауап, шешім Вагулинский сельский округ Вагулин а / о, Қызыл Яр ауылы 04.02.2026 Шишкина Ирина Сергеевна Шабанова Нина Кирилловна, өзін-өзі жұмыспен қамтыған Береке көшесінің соңында шамды екінші жағына ауыстыру немесе қосымша орнату мүмкіндігі бола ма? Осы мәселе бойынша түсіндірме берілді: қазіргі уақытта ауа температурасының төмендеуі байқалады, бұл ашық жерлерде жұмыстарды жүргізуді қиындатады. Жылы ауа-райы орнатылғаннан кейін электрик қосымша жарықтандыру құрылғыларын орнату мүмкіндігін бағалау үшін орнына жіберіледі. Вагулин а / о, Желяково ауылы 04.02.2026 Шишкина Ирина Сергеевна Жилина ЕленаЮрьевна, әлеуметтік.қызметкер Жақында көктем келіп, мал жаю басталады, "мал айдау" белгісін қоюға бола ма?» Осы мәселе бойынша республикалық автомобиль жолында жол белгілерін орнату жол қызметтерінің құзыретіне жататыны түсіндірілді.Қызмет көрсететін ұйымның атына қажеттілік туралы хат жолданатын болады "мал айдау"жол белгілерін орнату. 04.02.2026 Вагулин а / о, Вагулино ауылы 06.02.2026 Шишкина Ирина Сергеевна Тапинов Казбек Мирашевич, малшы Биыл төгілу болады ма? Бүгінгі таңда су тасқыны туралы сенімді болжамдар жоқ. Жағдай көктемгі кезеңдегі ауа-райына да байланысты болады . Сонымен қатар, қолданыстағы бөгетті нығайту бойынша қосымша жұмыстар жоспарланып, жүргізілетін болады. Қажет болған жағдайда жедел әрекет ету үшін қосымша қапшықты, полиэтилен пленканы, сондай-ақ қосымша мотопомпаны сатып алуға өтінім берілді. Қазіргі уақытта ауыл аумағында АШТӨ күштерімен еріген су тасқынының алдын алу мақсатында қар шығару жұмыстары жүргізілуде. Вагулин а / о, Красноярка ауылы

17.02.2026 Шишкина Ирина Сергеевна Пяткова Наталья Яковлевна, зейнеткер Ауылдық клубқа кірген кезде тұтқаларды орнатуға бола ма? Мәселе бақылауға қойылды. Орындалу мерзімі 2026 жылғы мамыр Осы мәселе бойынша түсіндірме берілді: осы мәселені шешуге жәрдемдесу үшін ЖК, АШТӨ басшыларымен не талқылаймыз. Вагулин а / о, Кустовое ауылы 17.02.2026 Шишкина Ирина Сергеевна Власенко Александр Иванович, зейнеткер Кустовое ауылында бөгетті нығайту керек пе? Осы мәселе бойынша түсініктеме берілді қазіргі уақытта бөгеттің жай-күйін тексеру жүргізілді. Оның нәтижелері бойынша жекелеген кемшіліктер анықталды. Оларды жою жөніндегі жұмыстар таяу кезеңде белгіленген тәртіппен орындалатын болады.

2026 жылғы 4 тоқсанға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша жұмыс істеуге және тұруға келген ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілерінің Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы талап етілетін мамандықтардың нақтыланған тізбесі

06.10.2026

2026 жылғы 4 тоқсанға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша жұмыс істеуге және тұруға келген ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілерінің Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы талап етілетін мамандықтардың нақтыланған тізбесі

Талғар ауданының аумақтық сайлау комиссиясының сайланған әкімді тіркеу туралы ХАБАРЛАМАСЫ

06.10.2026

Талғар ауданының аумақтық сайлау комиссиясының сайланған әкімді тіркеу туралы ХАБАРЛАМАСЫ Талғар ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 45, 113-11-баптарына сәйкес және аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 6 қазан №48 шешімі негізінде Нұрғазы Думан Қазыбекұлы Талғар ауданы Панфилов ауылдық округі әкімінің болып тіркелгенін хабарлайды. Талғар ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Аудан халқының және депутаттардың назарына!

06.10.2026

Аудан халқының және депутаттардың назарына! Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес, 2026 жылғы 9 қазанда сағат 11.00-де 8 шақырылған Павлодар аудандық мәслихатының 51 кезектен тыс сессиясы шақырылатынын хабарлаймын (өткізілетін орны: аудан әкімдігінің залы). Сессияның қарауына «Павлодар аудандық мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы «2026-2028 жылдарға ауыл және ауылдық округтердің бюджеттері туралы» мәселелер енгізіледі. Павлодар аудандық мәслихатының төрағасы

Жаңақорған ауданының округтік сайлау комиссияларының шекараларын өзгерту туралы

06.10.2026

Жаңақорған ауданының округтік сайлау комиссияларының шекараларын өзгерту туралы

Комиссия құрамы туралы хабарлама

06.10.2026

Комиссия құрамы туралы хабарлама 2026 жылғы 30 қыркүйектегі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кентінің әкімінің сайлауы тағайындалғанына байланысты және "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабының 4-тармағына сәйкес сайлау комиссиясының құрамын, орналасқан жерін жариялаймыз: Баянауыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы: Төраға — Калышбеков Талгат Маратович; Төрағасының орынбасары — Маненов Айдос Аскарович; Хатшы — Енсебаева Жанара Оразалиевна; Комиссия мүшелері:Бейсекеев Асылан Сансызбаевич, Мусабаева Жаннур Жабаевна, Сапаргалиев Сансызбай Серикович. Орналасқан жері: Баянауыл ауылы, Сәтбаев көшесі, 47, С. Торайғыров атындағы мәдениет үйінің ғимараты, тел. 8(718-40) 9-28-54.

«№45 ЖОББМі» КММ Химия пәні мұғалімінің қызметіне 2 тілде конкурс жариялайды

06.10.2026

Конкурс жарияланған лауазымның атауы: Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№45 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі химия пәні мұғалімі . Кәсіпорынның атауы: Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№45 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ. Конкурсты өткізу орны: 071413, Абай облысы Семей қаласы Восточный левый массиві 268 А ғимараты. Байланыс телефоны: 87478112829 Электрондық мекен-жайы: sosh45.kgu@bk.ru Конкурсқа қатысуға өтінім беру мерзімі және қабылдау орны: Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№45 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

ЖОБА. «Zhetysu Gold Limited» жеке компаниясына қауымдық сервитут белгілеу туралы

06.10.2026

ЖОБА. «Zhetysu Gold Limited» жеке компаниясына қауымдық сервитут белгілеу туралы

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын ішкі бақылау бойынша Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің жергілікті атқарушы органдарының 2026 жылғы 3-і тоқсандағы жұмысы туралы есебіне талдамалық анықтама

06.10.2026

Ауданның атқарушы органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру бойынша нақты жұмыстар жүргізілуде. Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің деңгейінде 38 қызмет көрсетуші мемлекеттік орган жұмыс атқарады: аудан әкімінің аппараты, 25 ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары, Есік қаласы әкімінің аппараты, 11 аудандық бөлім. I. Бақылау іс-шараларының нәтижелері. Аудан әкімінің 2025 жылғы 01 желтоқсандағы № 160-ө өкімімен Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылау жүргізу жөніндегі 2026 жылға арналған бақылау іс-шараларының жоспары бекітілді. 2026 жылдың 3-ші тоқсанында 1 бақылау іс-шарасы өткізілді (жоспардан 100,0%), онда 1 жергілікті атқарушы орган қамтылды. Бақылау іс-шарасын өткізу барысында мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы ҚР заңнамасын сақтау тұрғысынан 17 бұзушылық анықталды: Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзудың 1 фактісі; Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту мерзімдерін бұзудың 1 фактісі; «Рахат ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін (бизнес-процестерін) бұзудың 15 фактісі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жүргізілген бақылау іс-шараларының нәтижесінде 2 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылды, атап айтқанда жер қатынастары бөлімі басшысының орынбасары мен Рахат ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманына — ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылды. Бақылау іс-шараларының қорытындысы бойынша 2 ұсыным әзірленіп, орындалуда тұр. Анықтама: 2025 жылдың III-тоқсанында аудан әкімі аппаратымен 1 бақылау іс-шарасы өткізіліп, онда 1 объект жергілікті атқарушы орган қамтылып, 7 бұзушылық анықталды. 1 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылды (сөгіс). II. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуына ішкі байқау. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына мемлекеттік бақылау жүргізу қағидаларының 2-параграфына сәйкес, аудан әкімі аппаратының мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімі ағымдағы жылдың III тоқсанында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының сақталуына ішкі байқау жүргізді. Ішкі байқаумен аудан әкімдігінің 2 мемлекеттік органы қамтылды. Мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына жүргізілген «e-License» ақпараттық жүйесіне ішкі бақылау нәтижесінде бұзушылықтар анықталған жоқ. Анықтама үшін: 2025 жылдың III тоқсанында аудан әкімі аппараты «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесінде аудан әкімдігінің 3 мемлекеттік органына қатысты ішкі байқау жүргізіп, оның қорытындысы бойынша 32 бұзушылық анықталды. III. Ішкі бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшесі жүргізген мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мониторингінің нәтижелері туралы ақпараты: Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес, Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері 63 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетеді. (2025 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда — 55 қызмет түрі, 14,6 % көп). Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібін айқындайтын 15 нормативтік құқықтық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. 1) «Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 29 шілдедегі № 352 бұйрығы. ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.05.2026 № 243 бұйрығы (21.07.2026ж бастап) 2) «Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығы. ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 30.03.2026 № 130 бұйрығы (12.07.2026 бастап) 3) «Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 187 бұйрығы. ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығы «Қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 485 бұйрығы ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 17.06.2026 № 227 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығы. "Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың үлгілік қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын және "Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 235 бұйрығы ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 03.06.2026 № 282 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығы "Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2026 жылғы 3 сәуірдегі № 118 бұйрығы (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) «Қауіпті өндірістік

объектіні пайдаланатын ұйымдардың қауіпті өндірістік объектіні салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 454 бұйрығы ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 26.04.2024 № 174 бұйрығы «Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын беру/жою" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2024 жылғы 19 шілдедегі № 270 бұйрығы ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.03.2026 № 124 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығы «Жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарды және реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарды, сондай-ақ олар бойынша талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шарттарды есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 434 бұйрығы ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.05.2026 № 244 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығы «Жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй-құрылыс кооперативіне қатысу шарттарын тіркеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 27 наурыздағы № 159 бұйрығы ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.05.2026 № 244 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығы «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/270 бұйрығы ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 бұйрығы (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) «Әскерге шақыруды кейінге қалдыру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын және "Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 605 бұйрығы ҚР Қорғаныс министрінің 25.06.2026 № 692 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығы «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/267 бұйрығы ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 бұйрығы (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/268 бұйрығы ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 бұйрығы (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) «Құрылыс салуды ұйымдастыру және құрылыс саласындағы рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 29 мамырдағы № 265 бұйрығы (03.08.2026 бастап қолданысқа енгізілді). Алдыңғы бұйрықтың күші жойылды. Электрондық үкімет порталы (Egov), сондай-ақ «Электрондық лицензиялау» (E-license) порталында — 19 қызмет, БМЖМК порталында — 5 қызмет, МҚКК ААЖ порталында — 2 қызмет бойынша мемлекеттік қызметтердің жұмыс қабілеттілігіне жүргізілген мониторингке сәйкес төмендегідей анықталды: 2026 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша бекітілген тізілімге сәйкес барлығы 63 мемлекеттік қызмет бар. Оның ішінде 48 (76,2 %) мемлекеттік қызмет автоматтандырылған, ал 15 (23,8 %) мемлекеттік қызмет порталда автоматтандырылмаған. 2025 жылғы 19 желтоқсанда 2026 жылға арналған Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің Медиа — жоспары (Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша БАҚ-да жарияланым, оның ішінде қызмет алушыларды мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы алу мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру) бекітілді. 2026 жылдың III-і тоқсанында 229 түсіндіру іс — шаралары өткізілді (2025 жылдың ұқсас кезеңінде-371, 308739 - халық қамтылды). Ауданның мемлекеттік органдарымен «Еңбекшіқазақ», «ЮиТ» газеттерінде мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы 30 мақала жарияланды, 50 мақала аудан әкімдігінің ресми сайтында «жаңалықтарда» орналастырылды, әлеуметтік желілерде 34 жарияланым, мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы 32 инфографика, 13 «дөңгелек үстел» және 14 семинар, 2 онлайн жәрмеңке, 16 мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесі, 10 Мобильді қосымшалардың презентациясы, 16 Қызмет алушылар күні, «Qyzmet live» жобасы бойынша 3 баспасөз конференциясы, онда 387 297 адам түсіндіру іс — шараларымен қамтылды (ауданның экономикалық белсенді тұрғындары - сайлаушылардың 261,9 %). Электрондық мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі туралы 9 бейнеролик дайындалды. А.ж. III-тоқсанында 4 мемлекеттік қызметкер мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша оқытылды. Есепті кезеңде Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі бойынша 3 мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдерін бұзу фактісіне жол берілді: Ағымдағы жылдың шілде айында аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі «Ағаштарды кесуге рұқсат беру» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімін 2 жұмыс күніне бұзған. Шілде айында Қаражота ауылдық округінің әкімі "Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу" мемлекеттік қызметін көрсетудің 2-кезеңінде белгіленген мерзімді бұзған. 3) Қыркүйек айында Еңбекшіқазақ ауданының әкімі "Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу" мемлекеттік қызметін көрсетудің 1-кезеңінде белгіленген мерзімді бұзған. 2025 жылдың ұқсас кезеңінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімдерінің 10 бұзушылығы тіркелген. Есепті кезеңде аудан әкімдігіне мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағым түскен жоқ. Аудан әкімі аппаратының басшысы М.Мемельбеков В.Бекбулатова, Р.Ордабаева (8 (72775) 7-26-36

«Қостанай облысы бойынша ауызсу беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы» Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 20 тамыздағы № 227 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

06.10.2026

«Қостанай облысы бойынша ауызсу беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы» Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 20 тамыздағы № 227 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

№47 ЖОББМ» КММ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары (тұрақты орынға) конкурс жариялайды.

06.10.2026

Конкурсты өткізу орны мен мерзімі: Семей қаласы, 6 линия 18 А көшесі.Байланыс телефоны: 8 (7222) -64-19-15Электрондық мекен-жайы: new_school_47@mail.ruКонкурсқа қатысуға өтінім беру мерзімі және қабылдау орны: «Ахмет Байтұрсынұлыатындағы №47 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ.

"Шот-фактураны жазып беру қағидаларын және оның нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 629 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

06.10.2026

"Шот-фактураны жазып беру қағидаларын және оның нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 629 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 28 қыркүйектегі № 646 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 29 қыркүйекте № 40010 болып тіркелді БҰЙЫРАМЫН: "Шот-фактураны жазып беру қағидаларын және оның нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 629 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37241 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шот-фактураны жазып беру қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын; көрсетілген бұйрықпен бекітілген шот-фактураның нысаны осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен: 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін; 2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды; 3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі М. Такиев

Зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы 2026 жылғы 9 айдағы көрсеткіштер.

06.10.2026

Зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы 2026 жылғы 9 айдағы көрсеткіштер.

Қоғамдық кеңес отырысының № 10 ХАТТАМАСЫ

06.10.2026

Қоғамдық кеңес отырысының № 10 ХАТТАМАСЫ

2026 жылдың III тоқсанында Достық ауылдық округінде көрсетілген мемлекеттік қызметтердің есебі

06.10.2026

2026 жылдың III тоқсанында Достық ауылдық округінде көрсетілген мемлекеттік қызметтердің есебі

Тараз қаласының жергілікті атқарушы органдарының 2026 жылдың III тоқсанында көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша қысқаша есебі

06.10.2026

Тараз қаласының жергілікті атқарушы органдарының 2026 жылдың III тоқсанында көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша қысқаша есебі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес Тараз қаласының жергілікті атқарушы органдарымен (ары қарай

- ЖАО) 47 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі. Оның ішінде: қағаз түрінде — 3 қызмет түрі (7 %); электронды түрде — 44 қызмет (93 %). 2026 жылдың III тоқсанында қала бойынша ЖАО 13 247 мемлекеттік қызметтер көрсетілген. Оның ішінде: электронды түрде — 13 144 қызмет (99,2 %); қағаз түрінде — 103 қызмет (0,8 %). Осы мерзімде ЖАО қызмет берушілері 3 013 қызметті көрсетуден дәлелді бас тартты. Аталған бас тартулардың негізгі себептері қызмет алушылардың құжаттар топтамасын толық ұсынбауы немесе дұрыс толтырмауы. 2026 жылдың III тоқсанында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге шағым түспеген. Мерзімдері бұзылып көрсетілген мемлекеттік қызметтер орын алмады. ЖАО есепті кезеңде мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру бойынша 151 түсіндірме іс-шаралар жүргізілді (насихаттау, семинар-кеңестер, БАҚ-та жариялау, бейнероликтер).

Жамбыл аудандық сайлау комиссиясы ХАБАРЛАМА

06.10.2026

Жамбыл аудандық сайлау комиссиясы ХАБАРЛАМА

Аналитикалық жазба 3 тоқсан

06.10.2026

Есіл ауданы әкімінің аппаратының басшысы м.а. А.Н.Жанайдаровқа Аналитикалық жазба "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің Волошинка ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2026 жылдың үшінші тоқсанында ақпараттық жүйелер арқылы электрондық түрде көрсетілгені -0. - "Connection Point -33 электрондық үкіметі "веб-порталы арқылы қызметтер - ЭЦҚ қашықтан алу-20; - басқалары - 13 (анықтама алу, тіркеу, архивтік анықтама беру т. б) Іс-шаралар өткізілді: 2026 жылдың 28 қыргүйегінде тұрғындарға электронды цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) қашықтықтан алуға көмектесу бойынша іс-шара өткізілді. https://www.facebook.com/share/p/1LNB1WeE7n/ Волошинка ауылдық округінің әкімі О.Сарқыт

Т.Рысқұлов аудандық аумақтық сайлау комиссиясының Хабарламасы учаскелік сайлау комиссияларының құрамы

06.10.2026

*** Юрий Александрович Хитрин 1946 жылғы 24 тамызда Алматы қаласында дүниеге келген. Жоғары заңгерлік білімі бар, 1970 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін тәмамдаған. Юрий Александрович еңбек жолын 1964 жылы «Алма-Ата» жиһаз фабрикасында станокшы болып бастады. Еңбек жолының алғашқы күндерінен-ақ өзін жауапкершілігі жоғары, ұқыпты және өз ісінің қыр-сырын меңгеруге ұмтылатын қызметкер ретінде танытты. 1968 жылы оны жауапты қызметке — Алматы қаласы Ленин аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі қызметіне нұсқаушы ретінде жіберді. Жас комсомол қызметкері 1969 жылға дейін мемлекет игілігі жолында еңбек етіп, сауатты идеолог әрі білікті ұйымдастырушы ретінде танылды. Юрий Александрович прокуратура органдарындағы қызметін 1969 жылғы наурызда Алматы қаласы Калинин ауданы прокуратурасының тергеушісі қызметінен бастады. Қызметтік саты бойынша біртіндеп жоғарылай отырып, әр кезеңде Калинин ауданының аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі, Алматы қаласы прокуратурасының тергеу бөлімінің бастығы, Қазақ КСР прокуратурасы Тергеу басқармасы бастығының орынбасары, Целиноград облысының прокуроры, КСРО Прокуратурасының еңбекпен түзеу колонияларында заңдардың сақталуын қадағалау бөлімінің бастығы, сондай-ақ Қазақ КСР Бас прокурорының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. Өзінің жоғары білімімен, мемлекет заңдарының сақталуына қатаң талап қоя білуімен және олардың тиісті әрі мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етуімен Юрий Александрович әріптестері арасында лайықты беделге ие болды. 1987 — 1993 жылдары БҰҰ-ның Азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас пен жазалау түрлеріне қарсы комитетінің мүшесі болып сайланды. 1990 жылғы шілдеде ол Қазақ КСР-інің мемлекеттік-құқықтық мәселелер жөніндегі Мемлекеттік кеңесшісі болып тағайындалды. Бұл қызметте бірыңғай құқықтық саясатты қалыптастыру, жұмылдыру дайындығы мәселелеріне жетекшілік етті, Президенттің жарлықтары мен қаулыларын, заң жобаларын әзірлеуді басқарды, соттардың, прокуратура органдарының, Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Мемлекеттік қорғаныс комитетінің және Кеден комитетінің қызметін үйлестірді. 1991 — 1993 жылдары Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі жанындағы Конституциялық құрылысты қорғау комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің мүшесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Жоғары тәртіптік кеңесінің мүшесі болды. 1992 жылғы шілдеде Юрий Александрович әскери қызметке шақырылып, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары — Қазақстан Республикасының Әскери прокуроры болып тағайындалды. Бұл қызметте 1996 жылғы маусымға дейін еңбек етті. Кейін Бас әскери прокурор қызметіне тағайындалды. Ал 1997 жылғы қарашада Қазақстан Республикасының Бас прокуроры болып тағайындалды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі болды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 желтоқсандағы Жарлығымен Юрий Александрович Хитрин Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы болып тағайындалды. Әскери прокуратура органдарындағы қызметі кезінде Қазақстан Республикасының Бас прокурорының 1993 жылғы 27 қаңтардағы №3/6 бұйрығымен Юрий Александрович Хитрин «Қазақстан прокуратурасының Құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды. Әділет мемлекеттік кеңесшісі, 2-сыныпты генерал-лейтенант Юрий Александрович Хитрин 2004 жылғы 18 қазанда қайтыс болды. Жұбайы — Хитрина Наталья Акимовна.Ұлы — Хитрин Сергей.Ұлы — Хитрин Дмитрий. Отбасы Алматы қаласында Мауленов көшесі, 120-үй, 28-пәтер мекенжайында тұрған. Қазіргі уақытта отбасы Ресей Федерациясының Мәскеу қаласында тұрады. *** Қазақстан Республикасының прокуратура органдары тарихында өзіндік орны бар, мемлекеттің қалыптасуы мен нығаюына елеулі үлес қосқан тұлғалардың бірі — Юрий Александрович Хитрин. Прокуратура органдарында ұзақ жылдар бойы адал еңбек етіп, жоғары лауазымдарды абыроймен атқарған заң саласының маманы бүкіл саналы ғұмырын заң үстемдігі мен әділеттілікті орнықтыру жолындағы күреске арнады. Юрий Александрович Хитрин — 1946 жылы 24 тамызда Алматы қаласында дүниеге

келіп, оның балалық және жастық шағы соғыстан кейінгі ауыр кезеңге тұспа-тұс келді. Алайда ол білімге ұмтылып, мамандығын ерте таңдады. Жоғары білімін заң саласы бойынша алып, 1970 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін тәмамдады. Жоғарғы оқу орнын бітірісімен Ю.А. Хитрин Алматы қаласы Калинин аудандық прокуратурасында тағылымдамадан өтіп, өзіне жүктелген міндеттерді жоғары кәсібилікпен әрі адал атқаруының нәтижесінде көп ұзамай тергеуші лауазымына тағайындалды. Осы қызметте ол қылмыстық істер бойынша тергеу әрекеттерін жүргізіп қана қоймай, құқық бұзушылықтарды анықтау мен олардың жолын кесуге бағытталған іс-шараларға белсенді түрде қатысып, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету ісіне елеулі үлес қосты. Қызметтік міндеттерін орындау барысында өзінің терең білімділігін, заңдардың сақталуына және олардың дәлме-дәл әрі мүлтіксіз орындалуына деген жоғары талапшылдығын таныта білген Юрий Александрович әріптестері арасында зор құрмет пен шынайы беделге ие болды, ал оның кәсіби қабілеті мен ұйымдастырушылық қасиеттері қызметтік саты бойынша кезең-кезеңімен жоғарылауына негіз қалады. Осылайша, әр жылдары ол Қазақ КСР прокуратурасының аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі, Алматы қаласы прокуратурасының тергеу бөлімінің бастығы, Қазақ КСР прокуратурасының тергеу басқармасы бастығының орынбасары, Целиноград облысының прокуроры, КСРО прокуратурасының түзеу-еңбек колонияларында заңдардың сақталуын қадағалау жөніндегі бөлімінің бастығы, сондай-ақ Қазақ КСР прокурорының бірінші орынбасары секілді жауапты қызметтерді абыроймен атқарды. Жинақтаған мол тәжірибесі мен жоғары жауапкершілігінің арқасында Ю.А. Хитрин кейіннен Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары әрі елдің Әскери прокуроры секілді аса жауапты лауазымға тағайындалып, 1992 жылғы шілде айынан бастап аталған қызметте өзін білікті ұйымдастырушы, кәсіби деңгейі жоғары және мемлекет мүддесіне адал қызмет ететін маман ретінде көрсете білді. Дәл оның басшылығы кезеңінде Қазақстан Республикасының әскери прокуратура органдары іс жүзінде қайта қалыптастырылып, олардың толыққанды қызметін қамтамасыз ету бағытында ауқымды ұйымдастырушылық және тәжірибелік жұмыстар жүргізілді. Осы мақсатта Ю.А. Хитрин республика аумағын түгелге жуық аралап шығып, әрбір әскери прокуратураның қызметімен жеке танысып, туындаған мәселелердің мән-жайына терең үңіле отырып, оларды шешудің тиімді жолдарын айқындауға ерекше назар аударды. Көрсеткен кәсібилігі мен мемлекет алдындағы еңбегі үшін, соның ішінде Бас әскери прокурор қызметіндегі еңбегі үшін 1997 жылғы қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Ю.А. Хитринге Бас Прокурор лауазымын сеніп тапсырды. Елдің жоғары қадағалау органын басқара отырып, Юрий Александрович бұл міндеттерді абыроймен атқарды. Мемлекеттің Бас Прокуроры бола отырып, ол бір мезгілде Қазақстан Республикасы Жоғары сот кеңесінің мүшесі болды. 2000 жылғы желтоқсанда ел Президенті Юрий Хитринді жоғары мемлекеттік қызметке — Конституциялық кеңестің төрағасы лауазымына тағайындады. Мемлекет алдындағы зор еңбегі мен елдің дамуына қосқан қомақты үлесі үшін Тәуелсіздіктің 10 жылдығы қарсаңында мемлекет басшысы оны «Парасат» орденімен марапаттады. Сондай-ақ ол «Прокуратураның құрметті қызметкері» белгісіне ие болды. Өкінішке орай Юрий Александрович зейнеткерлік демалыста жүрген кезінде 2004 жылы мезгілсіз өмірден өтті. Оның есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Алматы қаласында өзі тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылды.

«ҮЗДІК ПЕДАГОГ» КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

27.08.2026

Павлодар облысының білім беру басқармасы 2026 жылы «Үздік педагог» конкурсын өткізу бойынша төмендегіні хабарлайды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Үздік педагог» атағын беру қағидаларына сәйкес: Аудандық кезең — 27 тамыз — 11 қыркүйек аралығы: 27 тамыз — 3 қыркүйек — конкурсқа қатысу үшін құжаттарды жүктеу; 4 — 11 қыркүйек — өңірлік комиссияның конкурс материалдарын қарауы және шешім қабылдауы. Облыстық кезең — 14 — 21 қыркүйек аралығы: 14 — 16 қыркүйек — конкурсқа қатысу үшін құжаттарды жүктеу; 17 — 21 қыркүйек — өңірлік комиссияның конкурс материалдарын қарауы және шешім қабылдауы. Республикалық кезең — 22 қыркүйек — 15 қазан аралығы: 22 қыркүйек — 2 қазан — конкурсқа қатысушылардың құжаттарын жүктеу; 5 — 15 қазан — Республикалық комиссия мүшелерінің конкурсқа қатысушылардың материалдарын қарауы, сондай-ақ білім беру ұйымында күндізгі форматта конкурсқа қатысушы өткізетін сабақтарды/оқуларды бағалауы. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды жүктеу «Үздік педагог» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады: https://uzdikustaz-nobd.edu.kz/#/sign-in

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ: ОҚУЛЫҚТАР ЖЕТКІЗІЛУДЕ

Бөкей ордасы ауданының білім беру ұйымдарында 2026—2027 жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде. Соның ішінде оқушыларды қажетті оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жұмыстарына ерекше назар аударылуда. Жаңа оқу жылына жаңадан басылып шыққан 3-сыныптың «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу» («Атамұра» баспасы), «Математика», «Дүниетану», «Музыка» («Алматыкітап» баспасы) және 7-сыныптың «Дүние жүзі тарихы» («Мектеп» баспасы) оқулықтары жеткізілді. Сонымен қатар мектепалды даярлық тобы мен 1-сыныпқа арналған жұмыс дәптерлері, мектепке дейінгі ұйымдарға қажетті дәптерлер де білім беру ұйымдарына таратылуда. Жеткізілген оқулықтар белгіленген тәртіппен мектептерге таратылып, жаңа оқу жылы басталғанға дейін оқушыларды толық қамтамасыз ету жоспарлануда

31.08.2026

<iframe src="https://www.facebook.com/plugins/video.php?height=476&href=https%3A%2F%2Fwww.facebook.com%2Freel%2F2618167458605122%2F&show_text=true&width=267&t=0" width="267" height="591" style="border:none;overflow:hidden" scrolling="no" frameborder="0" allowfullscreen="true" allow="autoplay; clipboard-write; encrypted-media; picture-in-picture; web-share" allowFullScreen="true"></iframe>



Жаңа Конституция жобасы бойынша кездесу өтті

01.09.2026

Жаңасемей ауданында Жаңа Конституция жобасы талқыланды Жаңасемей ауданында Жаңа Конституция жобасын талқылауға арналған мазмұнды кездесу өтті. Ашық форматта ұйымдастырылған іс-шараға Озерки ауылының ұстаздары қатысып, маңызды бастамалар төңірегінде өзара пікір алмасты. Кездесу барысында Жаңа Конституция жобасында адами капиталды дамытуға, білім, ғылым және инновация салаларына басымдық берілгені кеңінен түсіндірілді. Қазіргі жаһандық өзгерістер мен жаңа мүмкіндіктер кезеңінде мемлекеттің басты құндылығы — адам капиталы екені атап өтілді. Осыған орай білім экономикасын қалыптастыру, қоғамның зияткерлік әлеуетін арттыру, жастарға сапалы білім алуға және өз мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруға тең жағдай жасау — ел дамуының маңызды стратегиялық бағыттарының бірі екені айтылды. Кездесуде экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселесіне де ерекше назар аударылды. Қатысушылар «Таза Қазақстан» бастамасының қоғам үшін маңызын талқылап, қоршаған ортаны қорғау тек заң талаптарын орындаумен шектелмей, ең алдымен әр адамның санасы мен күнделікті мәдениетінен басталатынын атап өтті. Сонымен қатар жастардың экологиялық акциялар мен қоғамдық бастамаларға белсенді қатысуы — туған жерге деген сүйіспеншілік пен жауапкершіліктің нақты көрінісі екені айтылды. Іс-шараны Жаңасемей ауданы Жастар орталығы директорының міндетін атқарушы Еркеназ Айтқожа жүргізіп, ұстаздармен ашық форматта пікір алмасты. Кездесу соңында қатысушылар өз ұсыныстары мен ой-пікірлерін ортаға салып, ел болашағы, білімді ұрпақ тәрбиесі және қоршаған ортаны қорғау бағытындағы өзекті мәселелер бойынша пікір бөлісті.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ — БАСТЫ НАЗАРДА

09.09.2026

https://www.facebook.com/share/r/1HnFgNvQng/ Бөкей ордасы ауданының білім беру ұйымдарында алдағы 2026—2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық жұмыстары пысықталуда. Осыған байланысты білім беру ұйымының басшысы және бір топ сала мамандары Хан Ордасы ауылында орналасқан «Ақбота» бөбекжайына, Жәңгір хан атындағы жалпы білім беретін мектебіне және мектеп жанындағы интернатқа арнайы барып, нысандардың жылыту маусымына дайындығын тексерді. Жұмыс барысында ғимараттардың жылыту жүйелерінің жай-күйі, қазандықтардың дайындығы, жылу желілерінің техникалық жағдайы, электр жүйелері, қауіпсіздік талаптарының сақталуы және қысқы кезеңге қажетті құрал-жабдықтардың қамтамасыз етілуі назарға алынды. Сонымен қатар, білім алушылар мен тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз әрі қолайлы жағдай жасау, жылыту маусымын үздіксіз және тұрақты өткізу мақсатында атқарылған жұмыстар сараланды. Тексеру барысында анықталған мәселелер бойынша жауапты тұлғаларға тиісті тапсырмалар беріліп, оларды белгіленген мерзімде орындау қажеттілігі айтылды. Білім беру нысандарының жылыту маусымына сапалы әрі қауіпсіз дайындалуы — басты міндеттердің бірі. Бұл бағыттағы жұмыстар білім беру бөлімі тарапынан тұрақты бақылауда болад



ҚАЗАҚСТАНДА АЛҒАШ РЕТ «ОҚИТЫН ҰЛТ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАП ОҚУ МАРАФОНЫНА ТІРКЕЛУ БАСТАЛДЫ

14.09.2026

ҚАЗАҚСТАНДА АЛҒАШ РЕТ «ОҚИТЫН ҰЛТ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАП ОҚУ МАРАФОНЫНА ТІРКЕЛУ БАСТАЛДЫ Қазақстанда «Оқитын ұлт» атты алғашқы республикалық кітап оқу марафонына тіркелу басталды. Жоба еліміздің барлық өңірінен қатысушыларды біріктіріп, кітап оқуды насихаттау және кітап мәдениетін дамытуға бағытталған ірі ұлттық бастамалардың біріне айналмақ. Марафон 2026 жылдың қыркүйегінен 2027 жылдың сәуір айына дейін қазақ және орыс тілдеріндегі екі тілдік лигада өтеді. Жоба 7 арнайы бағытты қамтиды: «Оқитын мектеп» — 6—10 сынып оқушылары үшін; «Оқитын колледж» — колледж студенттері үшін; «Оқитын университет» — жоғары оқу орындарының студенттері үшін; «Оқитын педагог» — мектеп мұғалімдері мен колледж оқытушылары үшін; «Оқитын әулет» — отбасылық командалар үшін; «Оқитын мемлекеттік қызметші» — мемлекеттік қызметшілер үшін; «Оқитын зияткер» — жас ерекшелігі мен қызмет түріне шектеу қойылмайтын барлық азаматтар үшін. Әр қатысушы өз бағыты бойынша арнайы іріктелген 330


шығарманың ішінен 15 кітап оқуы тиіс. Оның 165-і қазақ тілінде, 165-і орыс тілінде ұсынылған. Кітаптар тізіміне отандық авторлардың шығармалары, әлемдік классика және заманауи туындылар енгізілген. Сондай-ақ кітаптарды іріктеу барысында жалпыұлттық дауыс беру қорытындысы бойынша «100 кітап» тізіміне енген шығармалар мен әлемдік бестселлерлер, соның ішінде әдебиет саласындағы Нобель сыйлығының лауреаттары шығармалары да ескерілген. Негізгі оқу кезеңі ағымдағы жылдың қыркүйек айында басталып, 2027 жылдың наурыз айына дейін жалғасады. Қатысушылар кітаптарды оқып, жеке кабинетінде қысқаша пікірлерін жариялайды. 2027 жылдың наурыз-сәуір айларында қорытынды тестілеу және зияткерлік викториналар өткізіледі. Өңірлік кезеңдердің жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне ақшалай сыйлықтар табысталады: 1-орын — 600 000 теңге; 2-орын — 450 000 теңге; 3-орын — 300 000 теңге. Барлық финалистер дипломдармен және электронды сертификаттармен марапатталады. «Кітап оқитын ұлт — Читающая нация» қоғамдық қорының төрағасы Бақытжан Тұрлыбековтің айтуынша, жобаның басты мақсаты тек байқау аясымен шектелмейді. Қатысу үшін: reading-nation.kz цифрлық платформасына өтіп, тіркеліңіз. Ұсынылған кітаптар тізімімен танысыңыз. Кітаптарды оқып, тест тапсырыңыз. Кітап оқыған сайын ой-өрісіңіз өсіп, біліміңіз толығып, көкжиегіңіз кеңейе түседі! Іске сәт! Кітаптарды қайдан алуға және қалай оқуға болады? Ұлттық электронды кітапхана — kazneb.kz Серіктестердің цифрлық платформалары — Яндекс Книги және Kitap.kz Кітапханалар мен кітап дүкендерінен алуға болады.



Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

15.09.2026

«Алматы қаласының Жол қозғалысын және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы» КММ (бұдан әрі — Басқарма) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы «Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес 2026 жылғы 15 қыркүйек пен 27 қазан аралығында басқарманың қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізу жоспарланғанын хабарлайды: 1) Басқарманың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау; 2) Басқарманың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен әкімшілік кедергілер туралы мәліметтер, сондай-ақ талданатын саланы жетілдіру бойынша ұсыныстар болған жағдайда, 2026 жылғы 14 қыркүйекке дейін (қоса алғанда) ақпаратты o_transport2020@mail.ru электрондық поштасына жіберуді немесе «Алматы қаласының Жол қозғалысын және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы» КММ Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4 мекенжайы бойынша қағаз түрінде ұсынуды сұраймыз. Келіп түскен ақпарат сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін пайдаланылатын болады. Құпиялылық пен анонимділікке кепілдік беріледі. Сұрақтар туындаған жағдайда 8 777 115 65 05 телефон арқылы хабарласуыңызды сұраймыз.



ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ҰШТАСТЫРҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ ДӘРІС

18.09.2026

Б.Жаникешев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде Бақытжан Сиықұлының туғанына 95 жыл толуына арналған «Ұстазы жақсы қандай-ды» іс-шаралар бағдарламасы аясында аудан мұғалімдеріне арналған тағылымды дәріс ұйымдастырылды. Физика-математика ғылымдарының докторы Мирболат Сиыхов аудан педагогтеріне «Математиканың негізгі ұғымдарының қаржылық есептерде қолданылуы» тақырыбында дәріс өткізіп, математикалық білімнің күнделікті өмірдегі, соның ішінде қаржылық есептерді шешудегі маңыздылығына кеңінен тоқталды. Дәріс барысында математиканы оқытуда теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру, қаржылық және математикалық сауаттылықты қалыптастыру, есептерді тиімді шешудің әдіс-тәсілдері жөнінде құнды ақпараттар мен тәжірибелік бағыт-бағдар берілді. Тағылымды кездесу аудан мұғалімдері үшін өзара тәжірибе алмасуға, кәсіби білімдерін толықтыруға және математика пәнін өмірмен байланыстыра оқытудың тиімді жолдарын талқылауға мүмкіндік берген мазмұнды алаң болды. Осындай ғылыми-әдістемелік кездесулер педагогтердің кәсіби шеберлігін шыңдап, білім беру сапасын арттыруға және ұстаздар арасындағы тәжірибе сабақтастығын нығайтуға ықпал етеді.



ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢНІҢ ЖҮЛДЕГЕРІ!

18.09.2026

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері» байқауының облыстық кезеңінде «Салтанат» бөбекжайының әдіскері, педагог-сарапшы Суйналиева Нургуль Оразаевна жүлделі III орын иеленді. Облыстық деңгейдегі кәсіби байқауда Нұргүл Оразаевна өзінің әдістемелік шеберлігін, шығармашылық ізденісін, заманауи педагогикалық тәсілдерді тиімді қолдану тәжірибесін жоғары деңгейде көрсете білді. Әдіскер — педагогке бағыт-бағдар беріп, білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін маңызды тұлға. Нұргүл Оразаевна осы жауапты бағыттағы кәсіби біліктілігі мен ізденісін байқау барысында лайықты таныта білді. Жүлделі III орын құтты болсын! Кәсіби жолыңызда жаңа белестерді бағындырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласының дамуына қосар үлесіңіз арта берсін!



БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ — РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРИСТІК ФЕСТИВАЛЬ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ!

22.09.2026

Халықаралық туризм күніне орай білім қызметкерлері арасында ұйымдастырылған «Европа — Азия» республикалық туристік фестивалінде ауданымыздың білім саласының өкілдері белсенділік танытып, спорттық туризм бағытындағы жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетті. Фестиваль барысында қатысушылар туристік шеберлік, ептілік, төзімділік пен командалық үйлесімділікті талап ететін бірнеше бағыт бойынша бақ сынады. Нәтижесінде: «Түнгі бағдарлау» қашықтығы, ерлер арасында: Гумаров Алмас — I орын; Рахметуллин Естөре — III орын. «Түнгі бағдарлау» қашықтығы, әйелдер арасында: Насиева Тәттігүл — III орын. Волейбол ойыны, командалық есеп — I орын. «Өткелдер» қашықтығы, командалық есеп — I орын. «Фрироуп» қашықтығы: Қарағойшин Берік — III орын. Жүлделі орындарға ие болған білім қызметкерлерін шын жүректен құттықтаймыз! Бұл жетістік — қатысушылардың спорттық дайындығының, табандылығының, ұйымшылдығы мен командалық рухының нәтижесі. Жеңістеріңіз еселеніп, жаңа белестерді бағындыра беріңіздер!

Саяси партияларға және қоғамдық бірлестіктеріне!

24.09.2026

Саяси партияларға және қоғамдық бірлестіктеріне! Қарасу аудандық мәслихаты учаскелік сайлау комиссиялары құрамындағы бос жұмыс орындары туралы хабарлайды. Бос: Округтік сайлау комиссияларына: № 1-2, №7-1, №11-1, учаскелік сайлау комиссияларында: №485-1, №499—1. Жарияланған күнінен бастап 15 күн ішінде кандидатураларды ұсыну. Мекен - жайы: индексі 111000, Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Қарасу ауылы, Исаков көшесі, 68-үй.

Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының Іле аудандық округтік және учаскелік сайлау комиссияларының құрамына өзгерістер енгізу туралы ХАБАРЛАМАСЫ

25.09.2026

Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының Іле аудандық округтік және учаскелік сайлау комиссияларының құрамына өзгерістер енгізу туралы ХАБАРЛАМАСЫ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының (бұдан әрі - сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына Алматы облысы Іле ауданының мәслихаты № 1, 18, 21, 15, 13, 10, 11, 4, 12 бірмандаттық округтік және № 339, 343, 344, 345, 1015, 351, 354, 3569, 357, 358, 1007, 1045, 1046, 1062, 1063, 1017, 362, 1008, 358, 387, 389, 400, 401, 996, 1059, 403, 404, 405, 407, 408, 409, 410, 412, 413, 970, 1009, 1047, 1055, 1058, 414, 415, 417, 418 учаскелік сайлау комиссияларының құрамына өзгерістер енгізу туралы хабарлайды. Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына аталған саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы. Саяси партиялардан ұсыныстар түспеген жағдайда мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды. Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылатындарға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2026 жылғы 25 қыркүйектен 9 қазанға дейін мәслихатқа келесі құжаттарды ұсынады: 1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы белгіленген нысандағы электронды және қағаз түрінде мәліметтер; 2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттар ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің), жоғары тұрған сайлау комиссияларының шешімдерінен үзінді; 3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі; 4) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына белгіленген нысан бойынша қатысуға келісімі туралы өтініштері. Сайлау комиссиялары құрамына кандидатуралар туралы мәліметтердің, кандидаттардың сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісім беруі туралы өтініштерінің нысаны мәслихаттың сайтына орналастырылған. Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын тұлға сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сай болуы тиіс. Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс. Сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның жұмыскерлері болмауға тиіс. Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа ұсынылатын барлық қағаз нұсқадағы құжаттарда басшының қолы қойылған, мөрмен бекітілген және орындалу датасы, орындаушының фамилиясы, аты-жөні мен телефон нөмірі көрсетілген болуы тиіс. Сайлау комиссиясының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2026 жылғы 9 қазанға дейін дүйсенбі мен жұма аралығында сағ. 08:00-ден 17:30-ға дейін, үзіліс сағ.12:30-ден 14:00-ға дейін. Іле аудандық мәслихаты Іле аудандық мәслихатының төрағасы — М.Б.Карибаев Мәслихаттың орналасқан жері: Іле ауданы,

Өтеген батыр ауылы, З.Батталханов көшесі, 8. Жауапты тұлғалар — Мусаев Бахыт Жармағанбетұлы, Еркін Ұлжан Еркінқызы. № 214, 215 каб., қызметтік телефондарының нөмірі: (8727)2517037, (872752)20027, электрондық пошта мекенжайы: ile-maslihat@mail.ru. Іле аудандық мәслихаты 96 кандидатты - округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлайды № р/с Сайлау учаскесінің нөмірі Сайлау комиссиясының орналасқан жері Сайлау комиссиясы мүшелерінің саны 1 2 3 4 Округтік сайлау комиссиялары — 13 1. 1 Боралдай кенті, Водник-1 ы/а, Қ. Әзірбаев көшесі, 2, № 15 орта мектеп 1 2. 18 Өтеген батыр ауылы, Титова к-сі 16, №7 орта мектеп 1 3. 21 Байсерке ауылы, Арқабай көшесі, 271, № 12 орта мектеп 1 4. 15 Қараой ауылы, Дауылбаев көшесі, 1, №18 орта мектеп 1 5. 13 Н.Тілендиев ауылы, Алматы көшесі, 32, №26 орта мектеп 1 6. 10 Екпінді ауылы, Наурызбай батыр көшесі 24 2 7. 11 Ақсай ауылы, М. Жұмабаев көшесі №11 1 8. 4 М. Түймебаев ауылы, Молдағұлов к-сі, 14, №19 орта мектеп 1 9. 12 Ақши ауылы, Д. Қонаев көшесі, 31, Ақши ауылдық мәдениет үйі 4 Учаскелік сайлау комиссиялары — 83 1. 339 Боралдай кенті, Бостанов к-сі 1, №17 орта мектебі 1 2. 343 Боралдай кенті, Водник-2 ы/а, 66 А, «Алматыгазсервис Холдинг » АҚ 2 3. 344 Боралдай кент, Водник-3 ы/а, «Әдемі» бөбекжай балабақшасы 2 4. 345 Боралдай кенті, К. Әзірбаев к-сі №1, №15 орта мектебі 4 5. 1015 Боралдай кенті, К. Әзірбаев к-сі 1А, Боралдай кентінің аудандық ауруханасы 1 6. 351 Өтеген батыр ауылы, Титов к-сі №16, №7 орта мектебі 9 7. 354 Өтеген батыр ауылы, Титов к-сі №24, «Алматы облысы білім басқармасының Іле ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі 9 8. 356 Кенен Әзірбаев ауылы, Егемендік к-сі №103«А», «Волковгеология» АҚ ғимараты 1 9. 357 Кенен Әзірбаев ауылы, Алматы к-сі №84, Іле ауданының құрылыс бөлімі 1 10. 358 Өтеген батыр ауылы, Қ.Рысқұлбеков к-сі №38, №24 лицейі 1 11. 1007 Өтеген батыр ауылы, Қ.Рысқұлбеков к-сі №38, №24 лицейі 1 12. 1045 Өтеген батыр ауылы, Қ. Рысқұлбеков к-сі №38, №24 лицейі 1 13. 1046 Өтеген батыр ауылы, Титов к-сі №6«Б», «Қуат» балабақшасы 2 14. 1061 Өтеген батыр ауылы, Титов к-сі №16, №7 орта мектебі 1 15. 1063 Өтеген батыр ауылы, Тәуелсіздіктің 10 жылдығы к-сі №32/1, Нұрғиса Тілендиев атындағы аудандық мәдениет үйі 3 16. 1017 Өтеген батыр ауылы, Рахымбаев к-сі №35, Облыстық балалар клиникалық ауруханасы 1 17. 362 Байсерке ауылы, Бейбітшілік к-сі №14«Б», №9 орта мектебі 1 18. 1008 Байсерке ауылы, Бейбітшілік к-сі №14«В», №28 мектеп-гимназиясы 1 19. 385 Н.Тілендиев ауылы, Алматы к-сі №32, №26 орта мектебі 1 20. 387 Қараой ауылы, Бейбітшілік к-сі №10, Қараой ауылдық мәдениет үйі 2 21. 389 Ақсай ауылы, Достық к-сі №12, №16 орта мектебі 1 22. 400 Асқар Тоқпанов ауылы, Аитов к-сі №44, «Балбөбек» балабақшасы 1 23. 401 Асқар Тоқпанов ауылы, Балта Сейдалиев к-сі №117, № 42 орта мектебі 2 24. 996 Асқар Тоқпанов ауылы, Балта Сейдалиев к-сі №117, № 42 орта мектебі 3 25. 1059 Асқар Тоқпанов ауылы, Балта Сейдалиев к-сі № 117, №42 орта мектебі 2 26. 403 Мұхаметжан Түймебаев ауылы, Ә. Молдағұлова к-сі №14, №19 орта мектебі 1 27. 404 Мұхаметжан Түймебаев ауылы, Алматинская к-сі № 189«А», №20 орта мектебі 1 28. 405 Мұхаметжан Түймебаев ауылы, Әсскери қалашығы 313/8«Б», «Первомайские пруды» әскери қалашығы № 8 Б/1 2 29. 407 Жәпек батыр ауылы, Абай к-сі №17«Г», № 4 орта мектебі 1 30. 408 Жәпек батыр ауылы, Абай к-сі №17«Г», № 4 орта мектебі 3 31. 409 Төле би ауылы, Абдолла Қарсақбаев к-сі №16«А», № 37 орта мектебі 1 32. 410 Мұхаметжан Түймебаев ауылы, 2-линия №17, «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы 3 33. 412 Жәпек батыр ауылы, Қ. Алтаев к-сі №138«А», №36 орта мектебі 1 34. 413 Көккайнар ауылы, Бәйтерек к-сі № 97«А», №44 орта мектебі 2 35. 970 Жәпек батыр ауылы, М.Өтемісұлы к-сі №703 ғимарат, №51 орта мектебі 1 36. 1009 Көккайнар ауылы, Бөгенбай батыр к-сі №3156, «Менің мектебім» ЖШС 1 37. 1047 Жәпек батыр ауылы, Қ.Алтаев к-сі №138«А», №36 орта мектебі 1 38. 1055 Көккайнар ауылы, Бәйтерек к-сі №97«А», №44 орта мектебі 2 39. 1058 М.Түймебаев ауылы, Қадырғали Жалайри к-сі №24/1, «Жайлы мектеп» МКМ 2 40. 414 Байкент ауылы, № 3 шағын ауданы, №13 ғимарат, Байкент ауылдық мәдениет үйі 2 41. 415 Байкент ауылы, № 2 шағын ауданы, Құрылыс к-сі №1, №10 орта мектебі 1 42. 417 Ақши ауылы, Дінмұхамед Қонаев к-сі №13«А», №8 орта мектебі 2 43. 418 Ақши ауылы, Дінмұхамед Қонаев к-сі №11, №41 Т.Бокин атындағы орта мектебі 2 Іле аудандық мәслихаты



САЯСИ ПАРТИЯЛАР, ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ТҰРҒАН САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

25.09.2026


САЯСИ ПАРТИЯЛАР, ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ТҰРҒАН САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Жалағаш аудандық мәслихаты «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес №377 (Мекен-жайы: кенті, Нефтебаза көшесі №1 «А», Жалағаш аудандық ішкі істер бөлімінің уақытша ұстау изоляторының ғимараты) учаскелік сайлау комиссияларының (әрі қарай — сайлау комиссия) құрамынан шығып қалған мүшелерінің орнына сайлау өтетіндігін хабарлайды. Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партиялар сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда сайлау комиссиясына өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша мәслихат сайлайды. Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және қалыптастырылушы комиссияларға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2026 жылғы 25 қыркүйек мен 09 қазан аралығында мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады: 1) белгіленген нысан бойынша сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы электрондық және қағаз форматтағы мәліметтер; 2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімі, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме; 3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі; 4) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісім беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері. Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтердің нысандары, сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-zhalagash?lang=kk сайтының “Сайлау” атты парақшасында орналастырылған. Көру, көшіріп алу : prilozhenie kaz .rar (55,0 кб). Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс. Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөр басылуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2026 жылғы 10 қазанға дейін дүйсенбі - жұма күндері 09:00-19:00 сағат аралығында жүргізіледі, үзіліс сағат 13: 00-ден 15: 00-ге дейін. Жалағаш аудандық мәслихаты Жалағаш аудандық мәслихаттың төрағасы — Ө.Елеусінов Мәслихаттың орналасқан жері: Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі 14 үй. Жауапты маман — Досмагамбетов Рустем Тулебаевич, каб. н/с, 2 қабатта, байланыс телефоны (872431)32389, ұялы телефоны 8-777-680-34-50. Жалағаш аудандық мәслихат төрағасы Ө.Елеусінов

Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің филиалдарына хабарлама

25.09.2026

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 10-бабының 3-тармағына, 19-бабының 6-тармағына және Бурабай аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 25 қыркүйектегі № 23 "Учаскелік сайлау комиссияларының кейбір мүшелерін міндеттерінен босату туралы", 2026 жылғы 25 қыркүйектегі № 24 "Округтік сайлау комиссияларының кейбір мүшелерін міндеттерінен босату туралы" қаулыларына сәйкес Бурабай аудандық мәслихаты келесі құрамдардағы бос орындар туралы хабарлайды: учаскелік сайлау комиссиясы: № 315-1, 321-1, 323-1, 334-1, 337-1, 340-5, 346-1, 347-1, 371-1, 375-1, 806-5.округтік сайлау комиссиясы: № 1-1, 7-2, 9-1. Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы. Саяси партиялардан ұсыныстар болмаған жағдайда, мәслихаттар өзге қоғамдық бірлестіктер мен жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлау комиссиясын сайлайды. Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және Бурабай аудандық аумақтық сайлау комиссиясына қатысты жоғары тұрған органдар 2026 жылғы 25 қыркүйектен 2026 жылғы 10 қазанға дейін мәслихатқа келесі құжаттарды ұсынады: 1) белгіленген нысан бойынша электронды және қағаз форматтағы сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтер; 2) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің), жоғары тұрған сайлау комиссиясының тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы шешімінен үзінді; 3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі; 4) кандидаттардың белгіленген нысан бойынша сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы өтініштері. Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтердің, кандидаттардың сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы өтініштердің нысандары мәслихаттың сайтында орналастырылған. Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын тұлға сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес болуы тиіс. Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы тиіс. Сайлау туралы Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағында көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан астамы бір ұйымның қызметкерлері болмауы тиіс. Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстар (ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандар, толыққанды және толыққанды емес аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, тегі, аты-жөні және телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгі болуы тиіс. Бурабай аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2026 жылғы 25 қыркүйекке дейін дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін, үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін жүзеге асырылады. Мәслихаттың орналасқан жері: Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Абылайхан көшесі, 32/13. Жауапты тұлға — Мәжкеев Жасұлан Сүлейменұлы, тел.: 8 (71636) 79-104, mas010107@mail.ru



САЯСИ ПАРТИЯЛАР, ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ТҰРҒАН САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

25.09.2026


САЯСИ ПАРТИЯЛАР, ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ТҰРҒАН САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Жалағаш аудандық мәслихаты «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес №377 (Мекен-жайы: кенті, Нефтебаза көшесі №1 «А», Жалағаш аудандық ішкі істер бөлімінің уақытша ұстау изоляторының ғимараты) учаскелік сайлау комиссиясының (әрі қарай — сайлау комиссия) құрамынан шығып қалған мүшесінің орнына сайлау өтетіндігін хабарлайды. Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партиялар сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда сайлау комиссиясына өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша мәслихат сайлайды. Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және қалыптастырылушы комиссияларға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2026 жылғы 25 қыркүйек мен 09 қазан аралығында мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады: 1) белгіленген нысан бойынша сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы электрондық және қағаз форматтағы мәліметтер; 2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімі, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме; 3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі; 4) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісім беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері. Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтердің нысандары, сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-zhalagash?lang=kk сайтының “Сайлау" атты парақшасында орналастырылған. Көру, көшіріп алу : prilozhenie kaz .rar (55,0 кб). Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс. Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөр басылуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2026 жылғы 10 қазанға дейін дүйсенбі - жұма күндері 09:00-19:00 сағат аралығында жүргізіледі, үзіліс сағат 13: 00-ден 15: 00-ге дейін. Жалағаш аудандық мәслихаты Жалағаш аудандық мәслихаттың төрағасы — Ө.Елеусінов Мәслихаттың орналасқан жері: Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі 14 үй. Жауапты маман — Досмагамбетов Рустем Тулебаевич, каб. н/с, 2 қабатта, байланыс телефоны (872431)32389, ұялы телефоны 8-777-680-34-50. Жалағаш аудандық мәслихат төрағасы Ө.Елеусінов

Хабарландыру Көзделіп отырған қызметтің әсеріне скрининг жүргізу туралы

28.09.2026

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 55-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне стратегиялық экологиялық бағалаудың (СЭБ) - (әсер ету скринингі) 1-кезеңін жүргізу үшін мынадай құжаттар (әрі — қарай материалдар) келіп түсті: - түсіндірме жазба «Алматы облысы Қарасай ауданы Қаскелен қаласының бас жоспары. Түзету» үшін көзделіп отырған қызметтің әсер ету скринингі - графикалық материалдар (сипатталатын аумақтың орналасқан жері, тірек жоспары); СЭБ материалдарын әзірлеуші: "ГРАДО"жобалау фирмасы "ЖШС СЭБ материалдарына тапсырыс беруші: Бастамашы -« Алматы облысының, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Скрининг нәтижелері туралы қорытындылар бергені үшін уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Жұртшылықты (барлық мүдделі азаматтар мен заңды тұлғаларды) мынадай мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын айтуға шақырамыз: 1) Сіздің пікіріңізше, Жобаны іске асыру қоршаған ортаға елеулі әсер ете ала ма және егер солай болса, онда бұл қандай әсерлер және Сіз оларды неге елеулі деп есептейсіз? 2) Сіз СЭБ-тың одан арғы кезеңдерін өткізу қажет деп санайсыз ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неліктен? 3) Сізде әзірленіп жатқан Жобаға, оның ішінде Жобаны іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты ескертулер мен ұсыныстар бар ма? Ескертпелер мен ұсыныстарды қабылдау бойынша іс-шаралар мерзімі: 2026 жылғы 30 қыркүйектен 14 қазанға дейін (ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні — 2026 жылғы 14 қазан). Байланыс деректері: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Астана қаласы, Мәңгілік Ел, 8 Экологиялық саясат департаменті Тел. 8 (7172) 74-08-90, 74-02-83 e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz, n.kunanbayeva@ecogeo.gov.kz Ескертулер мен ұсыныстарды: - Экология министрлігі Кеңсесінің эл.адресіне: k.kense@ecogeo.gov.kz (сіздің құжаттарыңызды Кеңседен мына телефон арқылы алғанын міндетті түрде нақтылау қажет: +7 7172 74-08-44); - e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz, n.kunanbayeva@ecogeo.gov.kz СЭБ бойынша материалдар орналастырылған: Экология министрлігінің сайтында («Қызмет» бөлімі - «Негізгі құжаттар» бөлімі - «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі) Әкімшілік сайтында: Опорный план Каскелен.pdf Поянительная записка Каскелен.pdf СКРИНИНГ_Каскелен.pdf Газета.pdf



Шиелі ауданындағы округтік және учаскелік сайлау комиссияларының шығып қалған мүшелерінің бос орнына конкурс

28.09.2026

Шиелі аудандық сайлау комиссиясының «№2 округтік сайлау комиссиясы мүшесін орнынан босату туралы» 2026 жылғы 10 шілдедегі №АСК-26/117 қаулысымен №2 округтік сайлау комиссиясының мүшесі Әлтаев Ғалымжан Халықбекұлы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конститутциялық заңының 19-бабының 6-тармағының екінші бөлігінің 6) тармақшасында белгіленген тәртіппен және «№267 және №397 учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерін орнынан босату туралы» 2026 жылғы 13 шілдедегі №АСК-26/121 қаулысымен №267 учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі Оразбеков Үсен Нұрғазыұлы және №397 учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі Сарсембаев Ашим Агыбаевич өз өтініштеріне сәйкес учаскелік сайлау комиссияларының мүшесі міндетінен босатылған. Шиелі аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» №2464 Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес мүшесі шығарылған №2 округтік және №267,№397 учаскелік сайлау комиссиясының құрамын толықтыру үшін сайлау өткізуге конкурс жариялайды. Конкурс мерзімі 2026 жылдың 28 қыркүйектен 2026 жылдың 16 қазан. Конкурсқа мүшесі шығарылған округтік және учаскелік сайлау комиссияларында өкілдері жоқ саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар және округтік және учаскелік сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары қатыса алады. Құжаттарды қабылдау уақыты және мекен жайы: 120700, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №6 Б. Аудандық мәслихат. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау дүйсенбі - жұма күндері 09:00-19:00 сағат аралығында жүргізіледі, үзіліс сағат 13: 00-ден 15: 00-ге дейін. Жауапты маман — Базарбаева Майгүл Мәлкәждарқызы, ауданаралық телефон коды (8-724-32-4-25-42), қызметтік телефон ұялы телефоны: 8-702-5408512, электрондық пошта мекенжайы: shieli_maslihat@mail.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ сайлау өткізу туралы

29.09.2026

Қазалы аудандық мәслихатының округтік және учаскелік сайлау комиссияларының босаған мүшелерінің орындарына сайлау өткізу туралы ХАБАРЫ «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты Қазалы ауданының округтік №2 (2-орын), №3 (1-орын), №5 (1-орын), №7 (1-орын) №8 (1-орын), №11 (1-орын), №13 (1-орын) және №68 (1-орын), №86 (1-орын) учаскелік сайлау комиссияларының құрамынан шығып қалған 10 (он) мүшелерінің орындарына сайлау өтетіндігін хабарлайды. Барлығы: 10 (он) орын. №2 округтік сайлау комиссиясының құрамында «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, «Қазақстан халық партиясынан», «Сауал әлеуметтік зерттеу және ақпараттық талдау орталығы» қоғамдық бірлестігінен; №3 округтік сайлау комиссиясының құрамында «Ақжол» партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, «Қазақстан халық партиясынан», «Сауал әлеуметтік зерттеу және ақпараттық талдау орталығы» қоғамдық бірлестігінен; №5 округтік сайлау комиссиясының құрамында «AMANAT» партиясы, «Ақжол» партиясы, «Қазақстан халық партиясынан», «Сауал әлеуметтік зерттеу және ақпараттық талдау орталығы» қоғамдық бірлестігінен; №7 округтік сайлау комиссиясының құрамында «Ақжол» партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, «Қазақстан халық партиясынан», «Сауал әлеуметтік зерттеу және ақпараттық талдау орталығы» қоғамдық бірлестігінен; №8 округтік сайлау комиссиясының құрамында «AMANAT» партиясы, «Ақжол» партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, «Қазақстан халық партиясынан», «Сауал әлеуметтік зерттеу және ақпараттық талдау орталығы» қоғамдық бірлестігінен; №11 округтік сайлау комиссиясының құрамында «Ақжол» партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, «Қазақстан халық партиясынан», «Сауал әлеуметтік зерттеу және ақпараттық талдау орталығы» қоғамдық бірлестігінен; №13 округтік сайлау комиссиясының құрамында «AMANAT» партиясы, «Ақжол» партиясы, «Қазақстан халық партиясынан», «Сауал әлеуметтік зерттеу және ақпараттық талдау орталығы» қоғамдық бірлестігінен; №68 учаскелік сайлау комиссиясының құрамында «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, «Қазақстан халық партиясынан», «Байтақ» партиясынан және Қазалы аудандық «Әйелдер кеңесі», «Қазалы-Жомарт», «Ардагерлер одағы» қоғамдық бірлестіктерінен; №86 учаскелік сайлау комиссиясының құрамында «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, «Қазақстан халық партиясынан», «Байтақ» партиясынан және Қазалы аудандық «Әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестіктерінен; Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы. Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және қалыптастырылушы комиссияларға қатысты

жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2026 жылғы 29 қыркүйектен бастап, 14 қазанға дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады: 1) белгіленген нысан бойынша сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы электрондық және қағаз форматтағы мәліметтер; 2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімі, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме; 3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі; 4) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісім беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері. Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтердің нысандары, сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері мәслихаттың gov.kz сайтында орналастырылған. Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс. Сайлау туралы Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағында көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі сол ұйымның қызметкерлері болмауға тиіс. Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөр басылуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2026 жылғы 14 қазанға дейін дүйсенбі - жұма күндері 09:00-19:00 сағат аралығында жүргізіледі, үзіліс сағат 13: 00-ден 15: 00-ге дейін. Қазалы аудандық мәслихаты Әліш Фазиз Әлмәмбетұлы Қазалы аудандық мәслихатының төрағасы. Мәслихаттың орналасқан жері: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №130 үй. Жауапты адам — Орынбаев Еркін Суханұлы, ауданаралық телефон коды (8-724-38-79-2-80), қызметтік телефон 32-11; 32-53; ұялы телефоны: 8-702-477-15-27, электрондық пошта мекенжайы: kazaly-maslihat@mail.kz Қазалы аудандық мәслихаты.



«Мен бейнелейтін әлем» көрмесі

29.09.2026



АНОНС

01.10.2026

2026 жылдың қазан айынан бастап Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Шымкент бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді бастайды.



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫНЫҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНДАҒЫ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

01.10.2026

Азаматтарды қабылдау

01.10.2026



Бикен Римова атындағы академиялық драма театрының қазан айына арналған репертуары

02.10.2026

Бикен Римова атындағы академиялық драма театрының қазан айына арналған репертуары

Депутаттар мен қала халқының назарына

02.10.2026

Мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2026 жылғы 15 қазанда сағат 15.00-де әкімдіктің конференц-залында өтеді. Күн тәртібі: Лисаков қаласында бойынша оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы.



Депутаттар мен қала халқының назарына

02.10.2026

VIII шақырылымдағы Лисаков қалалық мәслихатының кезектен тыс сессиясы 2026 жылғы 7 қазанда сағат 15.00-де әкімдіктің конференц-залында Facebook әлеуметтік желісі арқылы онлайн трансляциямен өтеді. Күн тәртібі: 1. Мәслихаттың 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 215 «Лисаков қаласының 2026-2028 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Аудандық мәслихат депутаттары мен аудан тұрғындарының назарына

06.10.2026

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-шы бабына сәйкес 2026 жылғы 09 қазанда сағат 10.00-да аудан әкімдігінің кіші залында, сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың XLIX (кезектен тыс) сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібі: «Бурабай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 7С-34/17 «Аудандық мәслихат депутаттарын сайлау бойынша округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы»; «Бурабай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 8С-13/1 «Бурабай аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшелерін сайлау туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы»; «Бурабай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 8С-13/2 «Бурабай ауданының учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы».

«Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру туралы» интернет-конференция

07.10.2026

«Ашық диалог» порталында 2026 жылғы 07 қазанда "Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру туралы" тақырыбы бойынша интернет-конференция өтеді. Қатысуға шақырамыз! Интернет конференция сілтемесі: https://dialog.egov.kz/conference/5822

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының XXIV отырысы

07.10.2026

2026 жылғы 7 қазанда Бейбітшілік және келісім сарайында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының XXIV отырысы өтеді. Диалог алаңында әлемдік және дәстүрлі діндер — ислам, христиан, иудаизм, индуизм, буддизм, даосизм, синтоизм және бахаи діндерінің лидерлері, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың басшылары, мемлекет қайраткерлері және әлемнің 20 елінен жетекші сарапшылар жиналады. Хатшылықтың XXIV отырысы ҚР Вице-Президенті, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі Хатшылығының Төрағасы Ерлан Тынымбайұлы Қариннің төрағалығымен өтеді. XXIV Хатшылық отырысының күн тәртібіндегі негізгі мәселе Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII Съезінде бастамашылық еткен және қатысушылар қолдаған екі халықаралық құжатты қарау және қабылдау. Олар: «Жасанды интеллектті діни салада пайдаланудың этикалық кодексі» және «Діндердің климаттың өзгеруіне қарсы күрестегі рөлі». Жеке мәселе ретінде, Қазақстан-Ватикан бастамасы - жазылмайтын дертке шалдыққан балалардың құқықтар хартиясы таныстырылады. Құжатта баланың қадір-қасиетін қорғауға, оған ізгілікпен қарауға басымдық беріліп, сондай-ақ қажетті медициналық және психологиялық көмек алу құқығы бекітіледі. Сонымен қатар, тиісті сұраныс болған жағдайда баланың діни және дүниетанымдық қажеттіліктерін ескере отырып қолдау көрсету көзделген.



Horizon Europe: Астанада өтетін ақпараттық және нетворкинг сессиясы

07.10.2026

Астанада өтетін Horizon Europe бағдарламасының ақпараттық және нетворкинг сессиясына шақырамыз! ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Еуропалық комиссияның Global Service Facility ұйымымен бірлесіп халықаралық ынтымақтастыққа қызығушылық танытқан қазақстандық ғалымдар, инноваторлар және ғылыми ұйымдардың басшылары үшін ауқымды іс-шара өткізеді. Күні: 7 қазан 2026 жыл Уақыты: 09:00-17:15 (Астана уақыты) Өтетін орны: QAIRU (Qazaq AI Research University), Мәңгілік Ел даңғылы, 55/1, EXPO, B 2.2 блогы Іс-шара барысында Horizon Europe бағдарламасының 2027 жылға арналған жұмыс бағдарламалары шеңберіндегі қаржыландыру мүмкіндіктері туралы өзекті ақпарат ұсынылады. Бағдарлама екі негізгі бөлімнен тұрады: Таңғы сессия (09:00-13:00) Сессия Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы ынтымақтастық жобаларының портфелін қалыптастыруға бағытталады. Сарапшылар негізгі тақырыптық бағыттар бойынша ақпарат береді:— критикалық маңызды шикізат материалдары (CRM);— жасанды интеллект (AI);— ауыл шаруашылығы. Сонымен қатар қазақстандық ұйымдардың еуропалық консорциумдарға COST, MSCA және EUREKA бағдарламалары арқылы интеграциялану мүмкіндіктері қарастырылады. Күндізгі сессия (14:00-17:15) 2027 жылға арналған жобалық өтінімдерін әзірлеп жатқан командаларға арналған практикалық семинар. Іс-шара сарапшылардың жетекшілігімен екі шағын топта интерактивті форматта өткізіледі. Қатысушылар:— жобалық өтінімнің конкурс талаптарына

сәйкестігі; — консорциум құрамын қалыптастыру; — бюджетті жоспарлау; — Excellence / Impact бағалау критерийлері бойынша практикалық кері байланыс алады. Іс-шараға зерттеушілер, жоғары оқу орындарының, ғылыми-зерттеу институттарының, мемлекеттік және жеке сектордың өкілдері қатыса алады. Қатысу үшін міндетті түрде тіркелу қажет. Тіркелу формасы: https://forms.gle/nJ6EZQFVLEKqMdnH8 #HorizonEurope



Аудан тұрғындарының назарына!

07.10.2026

Аудан тұрғындарының назарына! Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен тұрақты кездесулерін өткізу туралы» 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, Т.Рысқұлов ауданының әкімі Ернар Есіркепов 2026 жылдың 7 қазаны сағат 10.00-де Қайыңды ауылдық округі, Қайыңды ауылындағы ауылдық клуб ғимаратында, 2026 жылдың 8 қазаны сағат 10.00-де Тереңөзек ауылдық округі, Тереңөзек ауылындағы ауылдық клуб ғимаратында халықпен кездесу өткізеді.



Азаматтарды жеке қабылдау (4 тоқсан)

07.10.2026

Солтүстік Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысы Таласбаева Гульнар Темирбулатовна білім беру ұйымдары мен білім беру саласы қызметінің мәселелері бойынша азаматтарды жеке қабылдау жүргізеді

2026 жылғы қазанда Қонаев қаласы мәслихаты депутаттарының азаматтарды қабылдау кестесі

07.10.2026

Қонаев қаласы мәслихаты депутаттарының азаматтарды қабылдау кестесі 2026 жылғы қазанда азаматтарды қабылдау кестесі. Кестеде өзгертулер орын алған жағдайда қосымша хабарландырамыз.



Азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдау

07.10.2026

Қонаев қаласы мәслихаты депутаттарының азаматтарды қабылдау кестесіне сәйкес 2026 жылғы 7 қазанда қалалық мәслихаттың депутаттық бөлмесінде (Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13, 309-каб.) сағат 10.00-нан 11.30-ға дейін қалалық мәслихаттың депутаты Алмагүл Төлеуханқызы Қамбарова азаматтардың жеке сұрақтары бойынша қабылдау жүргізеді. Қабылдау 41283, +7 708 459 37 13 телефондары бойынша міндетті түрде алдын ала хабарласу арқылы жүзеге асырылады.



Азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдау

07.10.2026


Қонаев қаласы мәслихаты депутаттарының азаматтарды қабылдау кестесіне сәйкес 2026 жылғы 7 қазанда қалалық мәслихаттың депутаттық бөлмесінде (Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13, 309-каб.) сағат 15.00-ден 16.30-ға дейін қалалық мәслихаттың депутаты Бахыт Найманұлы Алтаев азаматтардың жеке сұрақтары бойынша қабылдау жүргізеді. Қабылдау 41283, +7 708 459 37 13 телефондары бойынша міндетті түрде алдын ала хабарласу арқылы жүзеге асырылады.



Аудандық мәслихат депутаттарының, кенттер және ауылдық округтерінің әкімдері, дербес бөлімдердің және басқа да ұйымдардың басшылары, сонымен қатар аудан тұрғындарының назарына


07.10.2026

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес, 2026 жылғы 07 қазанда сағат 11.00-де сегізінші шақырылған Аршалы аудандық мәслихатының LX кезектен тыс сессиясы өтеді. Сессияның қарауына келесі мәселе енгізіледі: 1) Аршалы аудандық мәслихатының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 46/2 «2026-2028 жылдарға арналған Аршалы ауданының кенттерінің, ауылдық округтерінің бюджеттері туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.



ONLINE ЖӘРМЕҢКЕ

07.10.2026



ONLINE ЖӘРМЕҢКЕ

07.10.2026



Ұзынкөл ауданының тұрғындарымен кездесу

07.10.2026

Ағымдағы жылдың 7 қазанында Қостанай облысының әкімі Қ.І. Ақсақаловтың Ұзынкөл ауданының тұрғындарымен кездесуі өтеді. Өтетін орны: аудандық Мәдениет үйі, Ұзынкөл ауылы. Халықпен өтетін алдағы кездесуге дайындық аясында 8-706-627-31-91, 8-708-727-31-91 нөмірлері бойынша сұрақтар мен ұсыныстар WhatsApp чаттары арқылы қабылданады



Хабарландыру!

07.10.2026

2026 жылғы 7 қазанда сағат 10:00-де Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінің «Instagram» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында «Онлайн-жәрмеңке» форматында мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша тікелей эфир өткізіледі. Тікелей эфир барысында мынадай салалар бойынша ақпарат беріледі:- азаматтық хал актілерін тіркеу;- жылжымайтын мүлікті тіркеу;- коммерциялық емес заңды тұлғаларды тіркеу;- ресми құжаттарға апостиль қою;- нотариаттық және адвокаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер тұлғаларды аттестаттау.



2026 жылғы 07 қазанда сағат 11:00-де Узынкөл ауданы мәслихатының кезектен тыс сессиясы ZOOM режимінде өтеді

07.10.2026

2026 жылғы 07 қазанда сағат 11:00-де Узынкөл ауданы мәслихатының кезектен тыс сессиясы ZOOM режимінде өтеді, мекенжайы: Узынкөл ауылы, Г.Мүсрепов көшесі 14, 2-қабат, 210-кабинет. Сессияның күн тәртібінің негізгі мәселесі: «2025 жылғы 29 желтоқсандағы №207 аудандық маслихат шешіміне «2026 — 2028 жылдарға арналған Узынкөл ауданының ауылдарының, ауылдық округтерінің бюджеттері туралы» өзгерістер енгізу туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы" негізгі мәселе қаралатын болады. Анықтама телефоны: 87144421509, 87144421073.



ХАБАРЛАНДЫРУ!

07.10.2026

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ! ЕГЕРДЕ СІЗГЕ: — Еңбек демалысыңыз кестеге сәйкес берілмесе; — Жалақыңыз (зейнетақы жарналарыңыз бен тиісті әлеуметтік төлемдеріңіз) уақытылы немесе толық төленбесе; — Негізсіз тәртіптік жаза қолданылса; — Мереке, демалыс күндері заңсыз жұмысқа тартылсаңыз; — Үстеме жұмыстарға қосымша ақы төленбесе; — Жұмыс берушіңіз жазатайым оқиғадан сақтандыру шартымен келісім-шартқа тұрмаса; — Жазатайым жағдайларды жасыру фактілері орын алған болса; — Жұмыста қорғану құралдары берілмесе; — Жұмыс берушіңіз еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде (ЕШЕАБЖ) еңбек шарттарын электронды рәсімдеу тәртібін жүргізбесе немесе басқа да еңбек құқығыңыз бұзылды деп есептесеңіз — Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті Түркістан облысы бойынша департаменті қызмет көрсетуге дайын!



Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Балтабеков Қанат Жолтаевич өткен өңірлік инвестициялық штабтың кезекті отырысына қатысты.

07.10.2026

Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Балтабеков Қанат Жолтаевич Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиевтің төрағалығымен өткен өңірлік инвестициялық штабтың кезекті отырысына қатысты.Отырыста жалпы құны 150 млрд теңгеге жуық 8 инвестициялық жобаның іске асырылу барысы қаралды.Жиын барысында жобаларды қаржыландыру, инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу және құрылыс жұмыстарын жүргізу мәселелері талқыланды.Сонымен қатар өңірдің өндірістік әлеуетін арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған жаңа инвестициялық жобалар таныстырылды. Мемлекеттік органдар мен инвесторлардың өзара іс-қимылы, туындаған мәселелерді жедел шешу және қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударылды.ДГД ЗКО-ның инвестициялық штаб жұмысына қатысуы бизнес өкілдерімен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге және мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне кіретін мәселелерді шешуге бағытталған.



Орманға қонақта: оқушылар орман шаруашылығы мамандарының жұмысымен танысты

07.10.2026

Экологиялық ағарту іс — шараларын өткізу шеңберінде "Орман мектебі" форматында жалпы орта білім беретін мектептердің оқушылары үшін үш тақырыптық іс — шара өткізілді: "Орман-біздің байлығымыз", "Орманды өрттен сақта" және "Питомник-тұқымнан көшетке дейін". Іс-шаралар барысында оқушылар "Сергеевка орман шаруашылығы" КММ қызметімен, мекеме жұмысының негізгі бағыттарымен және кәсіптің ерекшеліктерімен танысты. Мамандар оқушыларға ормандарды сақтау үнемі еңбекті және барлық кәсіпқойлар — орманшылар, орман шеберлері,инженерлер мен басқа да қызметкерлердің қатысуын талап ететіндігін айтты. Іс-шаралар аясында ормандарды өрттен қорғау

мәселелеріне ерекше назар аударылды. Оқушыларға орман өрттерінің пайда болуының негізгі себептері, өрт қауіпті кезеңде орман алқаптарына барған кезде сақталуы қажет ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелері түсіндірілді. Орман шаруашылығы қызметкерлері орман өрттерін анықтау, оқшаулау және сөндіру кезінде пайдаланатын өрт техникасымен, жабдықтармен және құралдармен танысу балалардың үлкен қызығушылығын тудырды. Мамандар өртке қарсы жабдықтың мүмкіндіктерін көрсетті, оның мақсаты менпайдалану принциптері туралы айтты. Іс-шаралардың жеке бөлігі жануарлар әлемін және биологиялық әртүрлілікті сақтау мәселелеріне арналды. Оқушыларға жануарлар дүниесі объектілерінің санын сақтау, өсімін молайту және қолдау үшін мекеме өткізетін биотехникалық іс-шаралар туралы айтылды. Бағдарламаның танымдық бөлігі орман питомнигіне экскурсия болды. Мұнда студенттер тұқым себуден бастап көшет алуға дейін отырғызу материалының қалай өсірілетінін көре алды. Мамандар балаларды жас өсімдіктерге күтім жасау ерекшеліктерімен таныстырып, ормандарды қалпына келтіруге және көбейтуге қандай еңбек жұмсалатыны туралы айтып берді. Экологиялық ағарту жұмысын жалғастыру және оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында орта буын оқушылары арасында орман шаруашылығы қызметкерлерінің күніне конкурс өткізу жоспарлануда. Конкурс балалардың орман туралы білімін, оның мәні мен оны сақтаутәсілдерін кеңейтуге, сондай-ақ орманшы мамандығымен және орман ресурстарын қорғау, қорғау және молықтыру саласындағы орман шаруашылығы мамандарының маңызды рөлімен танысуға бағытталатын болады. Мұндай іс-шаралар оқушылардың экологиялық мәдениетін дамытуға және олардың табиғатқа ұқыпты және жауапты көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. "Орман мектебін" өткізу балаларды орман шаруашылығының қызметімен қол жетімді және көрнекі түрде таныстыруға ғана емес, сонымен бірге өскелең ұрпақтың табиғатқа деген жауапкершілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Сергеев орман шаруашылығы» КММ

Алматы облыстық мәслихатының кезектен тыс LVII сессия отырысын өткізу туралы хабарландыру

07.10.2026

Алматы облыстық мәслихатының кезектен тыс LVII сессия отырысының КҮН ТӘРТІБІ 1. Алматы облыстық мәслихатының 2025 жылғы 15 желтоқсандағы № 44-248 «Алматы облысының 2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы. 2. Алматы облыстық мәслихатының 2026 жылғы 17 маусымдағы №51-299 «Алматы облысының «толық бітіріп берілетін» құрылыс жобаларының тізбесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімінің жобасы. 3. Алматы облыстық мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы «Алматы облыстық мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» №34-155 шешіміне өзгерістер енгізу туралы. 4. Учаскелік комиссиялар туралы ережені келісу туралы.



Шығыс Қазақстанда ұлттық спорт түрі — құсбегіліктен I Азия кубогы «Шығыс Салбурыны — 2026» өтеді

08.10.2026

2026 жылғы 8—10 қазан аралығында Шығыс Қазақстан облысында ауқымды халықаралық спорттық-мәдени іс-шара — құсбегіліктен I Азия кубогы «Шығыс Салбурыны — 2026» өтеді. Іс-шара Ұлан ауданындағы Бозанбай ауылдық округінің аумағында ұйымдастырылады («Бүркіт төбе» алаңы). Турнир көшпелі өркениеттің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерін жаңғыртуға, сақтауға және кеңінен насихаттауға, сондай-ақ ұлттық спорт түрлерін халықаралық деңгейде дамытуға бағытталған. Жарысқа кәсіби бүркітшілер мен сұңқаршылар қатысып, жыртқыш құстарды баптау және басқару шеберліктерін көрсетеді. Жарысқа Қазақстан, Мажарстан, Испания, Грузия, Қытай, Моңғолия, Ресей, Түркия, Қырғызстан және Өзбекстаннан кәсіби бүркітшілер мен сұңқаршылар қатысып, жыртқыш құстарды баптау және басқару шеберлігін көрсетіп, өз елдерінің саятшылық дәстүрлерін таныстырады. Іс-шараның бағдарламасы үш күнге жоспарланған және спорттық жарыстармен қатар, көрермендерге арналған мәдени-танымдық бағдарламаны қамтиды: - 8 қазан — ұйымдастыру күні: этноауылды абаттандыру (киіз үйлерді орнату), қатысушыларды қарсы алу және тіркеу, мандаттық комиссия отырысы және жеребе тарту рәсімі. - 9 қазан — сағат 10:00-де турнирдің салтанатты ашылуы өтеді. Бұл күні іріктеу кезеңдері мен жартылай финалдық жарыстар ұйымдастырылады: жабдықтарды тексеру, бүркітті 700 метр қашықтықтан қолға шақыру, тұлыпқа (шыраға) құс салу, сондай-ақ сұңқарлар мен қаршығалар арасындағы сайыстар. - 10 қазан (Негізгі күн) — сағат 10:30-дан бастап финалдық жарыстар өтеді. Бағдарлама аясында еркін аңшылық ұйымдастырылып, бүркіттер түлкіге, ал қаршығалар мен сұңқарлар қоян мен көгершінге салынады. Құсбегілік бойынша жарыстардан бөлек, қонақтар мен қатысушылар үшін Ұлы даланың дәстүрлі спорт түрлерінен арнайы бағдарлама ұйымдастырылады. Жарыс бағдарламасы аясында: · садақ атудан жарыс; · арқан тарту; · ұлттық тұқымды тазы иттерінің жарысы. Көрсетілім бағдарламасы: · асау үйрету; · жамбы ату; · теңге ілу; · «Толағай» ұлттық сайыстары. Турнирдің жабылу салтанаты және I Азия кубогының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі 10 қазан күні сағат 16:30-да өтеді. Ұйымдастырушылар республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін турнирді ақпараттық сүйемелдеуге шақырады. «Шығыс Салбурыны — 2026» Қазақстанның бай мәдени мұрасын, саятшылық дәстүрін және Шығыс Қазақстан өңірінің жоғары туристік әлеуетін танытатын халықаралық ақпараттық алаңға айналады. Өтетін орны: Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Бозанбай ауылдық округі, «Бүркіт төбе» жері. Өтетін күндері: 2026 жылғы 8—10 қазан. БАҚ өкілдері үшін байланыс:

Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы басшысы Бақыт Бетбаевтың қатысуымен «Ветеринария саласында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы» тақырыбында брифинг өтеді.

08.10.2026

Баспасөз- парағы 2026 жылға арналған Ауыл шаруашылығы жануарларының төлдерін бірдейлендіру жұмыстары облыс әкімінің орынбасарымен бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес жүргізіліп 1 217 427 бас төл бірдейлендірудің деректер қорына енгізілі. Облыс бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорында барлығы 4,5 млн. бас ауыл шаруашылығы жануарлары (496 065 бас ірі қара, 3 810 851 бас ұсақ мал, 4 319 бас шошқа, 223 738 бас жылқы, 9 718 бас түйе малы, 4 556 бас тақ тұяқтылар) тіркелген. Мемлекеттік тапсырыс бойынша 2026 жылға бекітілген жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы бағытталған ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралары жоспарға сәйкес өз деңгейінде орындалуда. Аса қауіпті ауруларға қарсы егу жұмыстарына 10,3 млн. манипуляция, диагностика бойынша 4,2 млн. манипуляция жүргізілді.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ОРТАЛЫҒЫ» РМК ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ БАҒАЛАРЫН БЕКІТУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

09.10.2026

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі арнайы құқық субъектісі болып табылатын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» ШЖҚ РМК көрсететін қызметтердің бағаларын жоспарлы бекіту мәселесі бойынша жария тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Жария тыңдауларда мынадай қызмет түрлерінің бағалары қаралатын болады: 1. «Электрондық денсаулық сақтау» цифрлық платформасын сүйемелдеу жөніндегі қызметтер;2. «Электрондық денсаулық сақтау» цифрлық платформасын құру жөніндегі қызметтер;3. «Электрондық денсаулық сақтау» цифрлық платформасын дамыту жөніндегі қызметтер. Өткізілетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 9 қазан, сағат 10:00. Өткізілетін орны: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 17, 7-қабат, № 714 конференц-зал. Байланыс ақпараты: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі:тел.: 8 (7172) 74-34-32электрондық пошта: minzdrav@dsm.gov.kz «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» ШЖҚ РМК:тел.: 8 (7172) 57-44-40электрондық пошта: office@ezdrav.kz



Құрметті Новодолинский кентінің тұрғындары!

09.10.2026

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» №826 Жарлығына сәйкес, облыстың барлық деңгейдегі әкімдерінің 2026 жылға арналған халықпен кездесулерінің икемді күнтізбесі әзірленді, оған сәйкес 2026 жылғы 9 қазанда сағат 16.00-де Новодолинский кентінің мәдениет үйінде Шахтинск қаласының әкімі Қыдырғанбеков Мұрат Есетұлының Новодолинский кентінің тұрғындарымен кездесуі өтеді. Қала әкіміне жеке сұрақ немесе шағым беруге ниет білдірген барлық адамдар үшін кездесу аяқталғаннан кейін тікелей азаматтарды қабылдау ұйымдастырылады. Қабылдауға алдын ала жазылу Новодолинский кентінің әкімі аппаратының қабылдау және 59514 телефоны бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар, арнайы орнатылған жәшіктер немесе «жедел желі» телефоны арқылы қала әкіміне өз ұсыныстарыңызды білдіріп, сұрақтарыңызды қоюға болады. Шахтинск қаласы әкімінің аппараты Елді мекен Жәшіктердің орналастырылған жері Мекенжайы «Жедел желі» телефоны Новодолинский кенті Новодолинский кенті әкімінің аппараты Центральная көшесі, 4 59514 Кентттің МҰ Школьная көшесі, 3 Кенттің отбасылық денсаулық орталығы Школьная көшесі, 9 Кенттің пошта байланысы бөлімшесі Центральная көшесі, 1а




Құрметті Новодолинский кентінің тұрғындары!

09.10.2026

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» №826 Жарлығына сәйкес, облыстың барлық деңгейдегі әкімдерінің 2026 жылға арналған халықпен кездесулерінің икемді күнтізбесі әзірленді, оған сәйкес 2026 жылғы 9 қазанда сағат 16.00-де Новодолинский кентінің мәдениет үйінде Шахтинск қаласының әкімі Қыдырғанбеков Мұрат Есетұлының Новодолинский кентінің тұрғындарымен кездесуі өтеді. Қала әкіміне жеке сұрақ немесе шағым беруге ниет білдірген барлық адамдар үшін кездесу аяқталғаннан кейін тікелей азаматтарды қабылдау ұйымдастырылады. Қабылдауға алдын ала жазылу Новодолинский кентінің әкімі аппаратының қабылдау

бөлмесінде және 59514 телефоны бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар, арнайы орнатылған жәшіктер немесе «жедел желі» телефоны арқылы қала әкіміне өз ұсыныстарыңызды білдіріп, сұрақтарыңызды қоюға болады. Шахтинск қаласы әкімінің аппараты Елді мекен Жәшіктердің орналастырылған жері Мекенжайы «Жедел желі» телефоны Новодолинский кенті Новодолинский кенті әкімінің аппараты Центральная көшесі, 4 59514 Кентттің МУ Школьная көшесі, 3 Кенттің отбасылық денсаулық орталығы Школьная көшесі, 9 Кенттің пошта байланысы бөлімшесі Центральная көшесі, 1а



Тоғыз елдің саятшылары Шығыс Қазақстанда бас қосады: «Шығыс Салбұрыны — 2026» Азия кубогі өтеді


09.10.2026

Нақтырақ осы жерде

Қарасу аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымының кезектен тыс сессиясы 2026 жылғы 9 қазанда сағат 11:00-де ZOOM режимінде өтеді.

09.10.2026

Қарасу аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымының кезектен тыс сессиясы 2026 жылғы 9 қазанда сағат 11:00-де ZOOM режимінде өтеді. Негізгі мәселе: Қарасу ауданы әкімдігі жанындағы тұрғын үй комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы.



«Жаңа үйлер» ауданында жергілікті қоғамдастық бөлек жиыны туралы

10.10.2026

Құрметті «Жаңа үйлер» ауданының тұрғындары! «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңына сәйкес «Атамекен кенті әкімінің аппараты» ММ 2026 жылғы 10 қазан сағат 11.00-де Мақажанов көшесінің басында бұл аудан тұрғындары үшін қосымша бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны өткізіледі. Бұл аудан тұрғындарын жиынға қатысып, өз азаматтық белсенділігін танытуларыңызды сұраймыз!

ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ

12.10.2026

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Абай облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті 2026 жылғы 12 қазанда сағат 15:00-де Абай, Ақсут, Аягөз және Бесқарағай санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау өтетінін хабарлайды. Абай облысы, Семей қаласы, Мәңгілік Ел көшесі, 44.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы сұрақтарды (НҚА, жұмыс процестері, санитариялық ережелер, Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде т. б.) ағымдағы жылдың 12 маусымына дейін.электрондық мекенжайға жіберуге болады: s.akimzhanova@dsm.gov.kz. Сұрақтар туындаған жағдайда 8 (7222) 63-71-08 телефоны бойынша хабарласу қажет.



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

12.10.2026

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев 2026 жылғы 12 қазанда сағат 11.00-де Ақсу ауданы әкімдігі ғимаратының 2-қабатында (Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5) аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдайды. Қабылдауға облыс әкімі аппаратының азаматтар өтініштерінің қаралуын бақылау бөліміне 8 (7282) 40-25-06 телефон нөміріне хабарласу арқылы алдын ала жазыла аласыз. Сондай-ақ сағат 11.30-да облыс әкімі М. Байсақұлы атындағы аудандық мәдениет үйінің ғимаратында (Жансүгіров ауылы, Мұратбаев көшесі, 1) аудан тұрғындарымен кездесу өткізеді. Кездесудің тікелей көрсетілімі облыс әкімдігінің «Instagram» әлеуметтік желісіндегі «jetisu_akimdigi» парақшасында https://instagram.com/jetisu_akimdigi?igshid=YmMyMTA2M2Y= сілтемесі бойынша жүргізіледі.



Құрметті Қапал ауылдық округі тұрғындары!

12.10.2026

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев 2026 жылғы 12 қазанда сағат 11.00-де Ақсу ауданы әкімдігі ғимаратының 2-қабатында (Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5) аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдайды. Қабылдауға облыс әкімі аппаратының азаматтар өтініштерінің қаралуын бақылау бөліміне 8 (7282) 40-25-06 телефон нөміріне хабарласу арқылы алдын ала жазыла аласыз. Сондай-ақ сағат 11.30-да облыс әкімі М. Байсақұлы атындағы аудандық мәдениет үйінің ғимаратында (Жансүгіров ауылы, Мұратбаев көшесі, 1) аудан тұрғындарымен кездесу өткізеді. Кездесудің тікелей көрсетілімі облыс әкімдігінің «Instagram» әлеуметтік желісіндегі «jetisu_akimdigi» парақшасында https://instagram.com/jetisu_akimdigi?igshid=YmMyMTA2M2Y= сілтемесі бойынша жүргізіледі.

VIII сайланған Алатау қалалық мәслихатының кезектен тыс XXXVI сессия отырысын өткізу туралы хабарландыру

12.10.2026

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес 2026 жылдың 12 қазанында сағат 09:00 да VIII сайланған Алатау қалалық мәслихатының кезектен тыс XXXVI сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде: 1. Алатау қаласы мәслихатының 2025 жылдың 25 желтоқсанындағы №26-68 «Алатау қаласының 2026-2028 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы 2. Алматы облысы Алатау қаласының округтік және учаскелік сайлау комиссияларының құрамына өзгеріс енгізу туралы 3. Басқа сұрақтар.



ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫНЫҢ 2026 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАН АЙЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

13.10.2026



Тұрғындар назарына!

14.10.2026

Тұрғындар назарына!2026 жылғы 14 қазанда сағат 11:00-де Құлан ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында жергілікті қоғамдық мүшелері мен Құлан ауылының Арай тұрғын алқабының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12-көше тұрғындарының қатысуымен жиналыс өтеді.Жиналыста атауы жоқ 12 жаңа көшеге атау беру мәселесі қаралады.Аталған көшелердің тұрғындары мен жергілікті қоғамдық мүшелерін жиналысқа қатысуға шақырамыз.Құлан ауылдық округі аппараты.



Қостанай ауданының тұрғындарымен кездесу

14.10.2026

Ағымдағы жылдың 14 қазанында Қостанай облысының әкімі Қ.І. Ақсақаловтың Қостанай ауданы тұрғындарымен кездесуі өтеді. Халықпен өтетін алдағы кездесуге дайындық аясында 8-714-55-2-30-39, 8-747-687-55-81 нөмірлері бойынша сұрақтар мен ұсыныстар WhatsApp чаттары арқылы қабылданады



Аудан тұрғындарының назарына!

15.10.2026

Аудан тұрғындарының назарына! Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен тұрақты кездесулерін өткізу туралы» 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес ауылдық округ әкімдері тұрғындармен кездесу өткізеді Қарақыстақ ауылдық округінің әкімі 15.10.2026 ж. сағ.:10.00 Тасшолақ а. Қорағаты ауылдық округінің әкімі 15.10.2026 ж. сағ.:10.00 Қорағаты ст. Өрнек ауылдық округінің әкімі 15.10.2026 ж. сағ.:10.00 Өрнек а.



Қарабылық ауданының тұрғындарымен кездесу

15.10.2026

Ағымдағы жылдың 15 қазанында Қостанай облысының әкімі Қ.І. Ақсақаловтың Қарабылық ауданы тұрғындарымен кездесуі өтеді. Халықпен өтетін алдағы кездесуге дайындық аясында 8-707-710-74-31 нөмірлері бойынша сұрақтар мен ұсыныстар WhatsApp чаттары арқылы қабылданады

ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ

16.10.2026

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Абай облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті 2026 жылғы 16 қазанда сағат 15:00-де Семей, Жарма, Бородулиха және Үржар аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау өтетінін хабарлайды. Абай облысы, Семей қаласы, Мәңгілік Ел көшесі, 44.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы сұрақтарды (НҚА, жұмыс процестері, санитариялық ережелер, Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде т. б.) ағымдағы жылдың 12 маусымына дейін.электрондық мекенжайға жіберуге болады: s.akimzhanova@dsm.gov.kz. Сұрақтар туындаған жағдайда 8 (7222) 63-71-08 телефоны бойынша хабарласу қажет.



Құрметті Долинка кентінің тұрғындары!

16.10.2026


Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес, облыстың барлық деңгейдегі әкімдерінің 2026 жылға арналған халықпен кездесулерінің икемді күнтізбесі әзірленді, оған сәйкес 2026 жылғы 16 қазанда сағат 16.00-де Долинка кентіндегі Шахтинск қаласының Кеншілер мәдениет сарайының филиалында Шахтинск қаласының әкімі Қыдырғанбеков Мұрат Есетұлының Долинка кентінің тұрғындарымен кездесуі өтеді. Қала әкіміне жеке сұрақ немесе шағым беруге ниет білдірген барлық адамдар үшін кездесу аяқталғаннан кейін тікелей азаматтарды қабылдау ұйымдастырылады. Қабылдауға алдын-ала жазылу Долинка кенті әкімі аппаратының қабылдау бөлмесінде және 58252 телефоны бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар, арнайы орнатылған жәшіктер немесе «жедел желі» телефоны арқылы қала әкіміне өз ұсыныстарыңызды білдіріп, сұрақтарыңызды

қоюға болады. Шахтинск қаласы әкімінің аппараты Елді мекен Жәшіктердің орналастырылған жері Мекенжайы «Жедел желі» телефоны Северо-Западный және Долинка кенттері Северо-Западный кентінің «Продукты» дүкені Бурцев көшесі, 4 58252 Долинка кентінің пошта байланысы бөлімшесі Садовая көшесі, 58 Долинка кенті әкімінің аппараты Садовая көшесі, 58 Сангородок кентіндегі «Ксюша» дүкені Сангародок кенті, Лесная көшесі, 9



Қазақстан Республикасының құтқарушылар күні

19.10.2026



Ерейментау ауданы әкімінің және Сілеті ауылы әкімінің есептік кездесуі

20.10.2026

Құрметті Сілеті ауылының тұрғындары! Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру мақсатында бекітілген кестеге сәйкес: 20 қазан күні сағат 15:00-де Сілеті ауылы әкімдігінің ғимаратында Ерейментау ауданының әкімі Мұқатов Н.З. және Сілеті ауылының әкімі Құсман Жарқынгүлдің 2026 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша есептік кездесуі өтеді. Кездесу аяқталғаннан кейін аудан әкімі азаматтарды жеке қабылдайды. Тұрғындардың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлерін білдіру үшін әкімдік ғимаратында өтініштерге арналған жәшік орнатылған.